

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ: 008:303.446.2

Қолжазба құқығында

САУДАНБЕКОВА ШЫНАР ТУРҒАНБЕКҚЫЗЫ

**Қазақтар мен жапондардың ғұрыптық мәдениетіндегі ұқсастықтар
мен ерекшеліктер: семиотикалық аспект**

6D020900- Шығыстану

Философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
тарих ғылымдарының докторы
Камалов А.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
София университетінің (Болгария)
және Томск мемлекеттік
университетінің профессоры
Христо Кафтанджиев

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 МӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	23
1.1 Мәдени дәстүрлерді зерттеудің семиотикалық аспектілері.....	23
1.2 Мәдени дәстүрлердің Қазақстандық ғылымда зерттелуі.....	33
1.3 Мәдени дәстүрлердің жапондық ғылымда зерттелуі.....	40
2 ЕКІ ЕЛ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ САЛТ- ДӘСТҮРЛЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ЗАМАНАУИ КӨРІНІСТЕРІ	49
2.1 Екі елдің ежелгі қоғамындағы мәдени дәстүрлердің ерекшеліктері мен ұқсастықтары.....	49
2.2 Екі елдің тұрмыстық мәдениетіндегі салт-дәстүрлердің даму сипаты.....	58
3 ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЕКІ ЕЛ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ САҚТАЛУ СИПАТЫ.....	99
3.1 Қазіргі заманғы жапон халқының қоғамындағы дәстүрлердің заманауи көріністері	99
3.2 Қазақ халқының ұлттық бірегейлігіндегі дәстүрлердің заманауи сипаты.....	123
ҚОРЫТЫНДЫ.....	133
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	138
ҚОСЫМШАЛАР.....	152

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлері семиотикалық тұрғыда салыстырмалы түрде сарапталып талданды. Екі ел халықтарының мәдениетіндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ерекшеліктері мен ұқсастықтары, заманауи көріністері мен даму сипаты, қазіргі заманғы жапон және қазақ қоғамдарындағы мәдени дәстүрлердің сабақтастығы мен ұлттық бірегейлігінің сақталу сипаты зерделенді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі заманда ұлттық мәдениетті жаңғырту және болашақ ұрпақты тәрбиелеуде оның рөлін нығайтуға деген сұраныстың қайта жандану үрдісімен айқындалған. Қазіргі замандағы қоғам ұлттық бірегейлік негізінде рухани, этномәдени және жеке тұлғаның өнегелік дамуына деген жаңа парадигманы іздестірумен ерекшеленеді. Дәстүрлі құндылықтар дағдарысы жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу аса өзекті мәселелердің біріне айналуда. Осы тұрғыда мәдени дәстүрлер және оған қатысты барлық ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар қоғамның тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылады, сол себепті ұлттық мәдени код пен ұлттық дәстүрді сақтау мәселесі ерекше маңызға ие.

Бүгінгі таңда мемлекет тәуелсіздігін нық ұстау мақсатында жүргізіліп жатқан рухани шараларға қатысты ұлттық философия мен мәдениеттің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туып, кеңінен жол ашылуда. Оған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Тарихи құндылықтарымызды барынша зерттеу мен қайта қалпына келтіру, сақтауға, зерттеуге мән беріп, өткен тарихымызды ұрпаққа жеткізуіміз керек. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу – бұл әрине оң процесс. Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр, – деген сөзі айғақ [1].

Ұрпақтар сабақтастығын сақтап қалудың бірден-бір жолы мәдени дәстүрлер мен ұлттық бірегейлікті қалпына келтіріп барынша жандандыру болып табылады, өйткені, мәдени дәстүрлер қандай да болмасын халықтың көпғасырлық рухани тәжірибесін жинақтап, ұлттың дүниетанымдық және рухани ерекшеліктерін айқындайды. Осы ретте, жалпы күнделікті мәдени тәжірибе аясында орын алатын мәдени дәстүрлер мен оның құрамдас бөліктері болып табылатын ұлттық салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер кешенін семиотикалық тұрғыдан талдау әр халықтың ұлттық құндылықтары мен дүниетанымдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мәдени дәстүрлер жапон халқы үшін де, қазақ халқы үшін де ерекше маңызды әлеуметтік мәдени ұғым болып табылады. Олар күнделікті өмірде арнайы салт-дәстүрлер, ұлттық нанымдар мен сенімдер, әдет-ғұрыптар, символдар арқылы көрініс табады. Мәдени дәстүрлерді әлеуметтік мәдени феномен ретінде талдау жалпы қазіргі заманғы қоғамның тұрақты дамуына қажетті мәдени ресурстарды табуға мүмкіндік береді. Мәдени дәстүрлерде ұлттың басты мәдени құндылықтары мен жалпы халықтың әрбір мүшесінің

өмірлік циклін реттейтін салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар көрініс табады. Сол себепті жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлерін зерттеу ғылыми тұрғыдан үлкен қызығушылық тудыруда.

Осылайша, мәдени дәстүрлердің қазіргі заманда ерекше маңызға ие болуы бірқатар себептерге негізделген, біріншіден, мәдени дәстүрлер, оның ішінде отбасылық ғұрыптық салт-дәстүрлерде қоғамдық қатынастарды реттейтін, нормалық құндылықтар шоғырланған; екіншіден, онда өскелең ұрпақтың этномәдени бірегейлікті бойына сіңірген жауапты тұлға ретінде қалыптасуына қажетті ұлттық құндылықтар мен қатар жалпы адамзатқа тән адамгершілік құндылықтар бар; үшіншіден, мәдени дәстүрлер белгілі бір дәрежеде ұлттық құндылықтардан тыс мәдени, атап айтқанда, батыстық мәдениеттің кейбір теріс элементтерінің енуінен сақтайтын қорғаушы қызметін атқарады десек артық болмас.

Зерттеу жұмысының өзектілігіне қатысты тағы да айта кетерлік жайт, отандық және әлемдік тарихнамада жапон және қазақ халқының мәдени дәстүрін салыстырмалы түрде талдауға арналған жұмыс бұрын-соңды жазылмаған. Осы ретте екі халықтың мәдениетіндегі ұлттық салт-дәстүрлерді талдау арқылы мәселенің негізгі аспектілері бойынша жалпы адамзатқа тән ортақ тұстар мен ұлттық ерекшеліктерді анықтау көзделуде.

Жалпы мәдени және тарихи даму барысында жапондар мен қазақ халықтарының ұлттық этногенезі территориялық орналасуы, қоршаған ортаға негізделген әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық типі, тұрмысы, өзара және сырт елдермен қарым-қатынастарының әсері, т.б. факторларға байланысты әрқайсысы жергілікті этномәдени даму негізінде өзіндік бірегей әдет-ғұрыптар жүйесін қалыптастырған.

Бұл ретте, әрине, аталмыш халықтардың мәдени дәстүрлерінде жалпы адамзатқа тән ортақ дүниетанымдық тұстар көптеп кездеседі. Өйткені, қай халықтың мәдени дәстүрінде болмасын жалпы өмір мен өлім, болмыс пен таным сынды философиялық дүниетаным заңдылықтары ұқсас болып келеді. Сол себептен, жапон және қазақ халықтарының адамның дүниеге келіп, ер жетіп, отбасын құрып, қайтыс болып о дүниеге аттанар шағында орындалатын ұлттық салт-дәстүрлерінде кездесетін ұқсастықтарды жалпы адамзатқа тән ортақ құндылықтармен түсіндіруге болады.

Алайда, екі ел халықтарының мәдени дәстүрлеріндегі кездесетін ұқсастықтарды тек жоғарыда аталған жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар негізінде қабылдасақ, бұл әрине жеткіліксіз болмақ. Өйткені, жапон және қазақ халықтары, бір-бірінен шалғай орналасып, түрлі мәдени-өркениеттік типке қарасты болғанымен, екі халықтың тілдерінің ортақ Алтай тілдері әулетіне жататындығын назардан тыс қалдырмаған жөн. Бұл, өз кезегінде көптеген ғалымдардың көне заманда екі елдің ортақ прототегі болуы мүмкін деген гипотезаны алға тартуына негіз болуда.

Ғылыми деректерге сүйенсек, шамамен 1300-1600 жыл бұрын, қазіргі жапондардың арғы тегі ретінде саналатын алтай тайпалары жапон архипелагын жаулап алған [2]. Олар Моңғолия немесе Маньчжурия арқылы келген деген пікірлер айтылуда.

Бұған қоса, жапондықтардың ұлт ретінде қалыптасуында түбірі үндіеуропалық халықтардың ықпалы зор деген тұжырымдар да алға тартылуда. Жапонтану ғылымында дәстүрлі қабылданған гипотезаға сәйкес, жапон ұлты негізінен біздің дәуіріміздің бірінші ғасырларында Жапон аралдарында австронезиялық (малайлық-полинезиялық) тайпалар мен сол елді мекенге көшіп келген алтай тайпаларының өзара араласуынан пайда болған [3]. Жапон тілі, жоғарыда аталып кеткендей, генетикалық тұрғыдан алтай тілі әулетіне өте жақын болып келуінің бірден-бір себебі осы тұжырыммен түсіндіріледі.

Алайда, жапон тілінің шығу тегін зерттеген ғалым С.А. Старостин ұсынған ностратикалық теорияға сәйкес, алтай тілдері, оның ішінде ежелгі жапон тілі үндіеуропалық тілдермен қатар үлкен ортақ ностратикалық тілдердің макроәулетіне бірігеді. Осы ретте, Жапон аралдарының көне тайпалары алтай тілдері және үндіеуропалық тілдер әулетімен генетикалық тұрғыдан тығыз байланыста болғанын аңғаруға болады [4].

Жапон этногенезін зерттеген ғалым К.Е. Черевконың пайымдауынша, жапон аралдарын мекендей бастаған ең алғаш тайпалар болып саналатын айнулар үндіеуропалықтармен генетикалық байланыстары болғаны ғылымда негізделген [2, 2 б.].

Жапондық ғалым Намио Эгами жапондықтар этнос ретінде Жапон аралдарына алтай тілдік әулетке жататын көшпелі тайпалардың қоныстануы нәтижесінде пайда болған деген маңызды тұжырымды алға тартады [3, 2 б.].

Археолог Юкио Кобаясидің айтарлықтай негізделген пікіріне сәйкес жапондық этностың толыққанды қалыптасуы біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда аяқталған. Жапонияда дәл осы тұстан бастап ат-саймандары мен ертұрмандар кездесе бастаған. Бұл дерек өз кезегінде Ю. Кобаяси және М.Иноуэнің көшпелі халықтардың континенттен Корея арқылы Жапонияға қоныстануы туралы көзқарасын растай түседі. Біздің дәуіріміздің II-III ғасырларында Ұлы далада үлкен құрғақшылық орын алып бұл аймақ шөлейтті жерге айналғандығы тарихтан белгілі, бұл жағдай өз кезегінде онда мекендеген тайпаларды шалғай аудандарға, оның ішінде Шығыс теңізі, Корея және де Жапония бағытында көшуге итермелеген [5].

Жапон аралдарына Корей түбегінен көшпенділердің қоныстануын Жапониядағы біздің дәуірімізге дейінгі II ғасыр мен VII ғасырларға жататын мола қорғандардың құрылысы дәлел болады. М.В. Воробьевтың зерттеулеріне сүйенсек, Жапонияда кездесетін қорғандар өзінің құрылымы бойынша Корея, Маньчжурия, Қытай және Орталық Азиядағы қорғандарға ұқсас болып келеді [6]. Аталған зерттеуші бұл қорғандар зороастризмнің ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді, ұқсас қорғандарды скифтер, моңғолдар мен сібір татарлары да салған.

Осындай материалды мәдениет деректерін салыстырмалы зерттеу нәтижесінде М.Зийюд-Нарагхи ежелгі Жапониямен ұқсастықтардың болуы Орталық Азия аумағынан Яёи дәуірі кезінде көшпелі тайпалардың қоныстануымен байланыстырады [7].

Сонымен бірге Жапон аралдарында «аң стилі» мен зергерлік әшекейленген айналардың кездесуі де осыған айғақ болып табылады [8, 9]. Айнаның жапон

мифологиясында Күн құдайы Аматэрасудың символы екендігі белгілі, осындай айналар Орталық Азияда кеңінен тараған [10, 11, 12].

Қазіргі таңда қазақстандық және жапондық ғалымдар тарапынан өзара тарихи және мәдени байланыстарды зерттеуге деген қызығушылық айтарлықтай ұлғаюда. Осы ретте, Қазақстанның «Бабалар ізімен» ғылыми-зерттеу тобының қосқан үлесі зор. Аталмыш жоба аясында жүргізілген зерттеу нәтижесінде Дешті Қыпшақтан шыққан қазақ батырлары туралы тың деректер табылып, 1274 жылы Шыңғыс ханның немересі Құбылай ханның Күншығыс еліне жасаған жорығында қазақ жауынгерлерінің қатысқаны анықталды. Бұл ғылыми экспедицияның жетекшісі Сапар Ысқақовтың пікірінше «Жапон және түрік халықтары арасында физиологиялық және тілдік жағынан, бала тәрбиесінде, ұлттық дәстүрлерінде жақындықтар өте көп» [13]. Бұған қоса, ғалым екі ел халықтары арасындағы жақындастықты дәстүрлі музыкалық аспаптардан да байқайды, мысалға, қазақтың домбырасы, жетігені мен жапондықтардың котосы мен шямисенімен орындалатын дәстүрлі әуендердің бес негізгі дыбыстан тұратындығы өзара ұқсастықты күшейте түседі. Бұл жапондық музыкалық аспаптар жапон аралдарында Дзёмон дәуірінде пайда болған, оларды негізінен айну халықтары пайдаланған. Айну мен қазақтардың ұлттық киімдерді безендіру үлгілері де өте сәйкес келеді. Сапар Ысқақов қарастырып отырған халықтар арасында туыстық байланыстарды сонымен бірге табиғатқа, жер-су, күн мен айға және де ата-бабалардың аруақтарына табынудан, үлкендерге құрмет, кішілерге ізет көрсетуден аңғарады. Зерттеушінің пайымдауынша бұл ұқсастықтар ежелгі шумер дәуірінен бастау алуы мүмкін. Ежелгі түріктер де Күнге табынған, мысалы үшін, ғұндар өздерін Күннің ұрпағымыз деп таныған. Бұл жапондықтар мен қазақтар арасындағы дүниетанымдық жақындастықтың бар екенінің анық белгісі деп білеміз.

Сонымен бірге, Риккё университеті тарих факультетінің профессоры Йоккаичи Ясухируның айтуынша, қазіргі таңда Құбылай ханның жорығына қатысты тың деректер анықталуда. Атап айтқанда, табылған жаңа мәліметтерге сәйкес жорық барысында орын алған теңіздегі дүлей дауылдың себебінен «100 мыңдық моңғол әскерінің 30 мыңы Жапонияның бір аралына келіп бекінген. Олар туралы бұған дейін дерек жоқ болатын. Бұрынғы тұжырымға қарамастан қазір олардың ішінен аман қалғандар да болған деген болжам бар» [14]. Бұл деректер қазақтар мен жапондықтар арасында ертеде байланыстардың болғанын растай түседі. Сондай-ақ, қазақ және жапон халықтарының сөздік қорында ортақ мағынаға ие сөздер бар екендігі де анықтала түсті. Мысалға, жапон тіліндегі «карасу» деген сөз қазақша «қарға» деп аударылады, яғни сөздер ортақ түбір «қара» деген сөзден шыққан. Тағы мысалдар келтірер болсақ, қазақ тіліндегі «ата» сөзі ежелгі түрік тілінде «дада, ада» деп аталған, ал «ана» деген сөз «ама, аба» деп аталған, жапон тілінде де осы сөздердің аталуы өте ұқсас келеді. Тіптен, «бір», «екі», «төрт», «мың» деген сандардың аталуында да ұқсастық бар. Профессор Йоккаичи Ясухируның айтуынша, жапон және қазақ халқының тағы бір ұқсас тұсы «екі елде де «қандас бауыр» деген ортақ түсініктің болуы, бұл Жапонияның самурайлар кезіндегі жазба деректермен дәлелденеді» [15].

Соңғы жылдары өткізілген әлемдік деңгейдегі генетикалық талдау да жапондықтардың барлық халықтардың ішінде қазақ халқымен генетикалық тұрғыдан жақын екендігін дәлелдеді. Токио университетінің генетик профессоры Сайто Норайа қазіргі уақытта Алтай аймағында мекендеген ежелгі адамдардың ДНК-сын зерттей келе жапон халқының түптамасы Алтайдан бастау алуы мүмкін деген тұжырымды мүлдем жоққа шығаруға болмайды, керісінше, бұл мәселені әлі де терең зерттей түсу қажет деген ойды алға тартады [16].

Кюсю университетінің профессоры Морикава Татсуяның пікірінше, жапондықтар мен түрік халықтары, оның ішінде қазақтармен жақындығы сөзсіз. Бұған дәлел ретінде тек ортақ мағыналы сөздердің болуы ғана емес, сондай-ақ сөйлемдерді құрастыру ретінің дәлме-дәл келуі айғақ. Сонымен бірге, ғалымның пайымдауынша, ең басты дәлелдердің бірі, жапон халқында жаңа туған нәрестенің денесінде қазақтарға ұқсас «моңғол дағының» болуында. Бұған қоса, Осака қаласында орналасқан өлкетану мұражайында сақ дәуіріндегі қорғандарға ұқсас жетінші ғасырда Жапония аумағында табылған тарихи ескерткіштер мен балбал тастарды көруге болады [17].

Тарихшы, «Бабалар ізімен» ғылыми экспедициясының мүшесі Жақсылық Сабитовтың мәліметіне сәйкес, жапондықтар C3d гаплогруппасына жатады, ал оның M407 мутациялық тобы қазақ халқының, оның ішінде қоңырат еліне өте жақын келеді, ал бұл гаплогруппа бұдан 4 мың жыл бұрын бөлініп шыққан [18]. Бұл ежелгі жапондықтардың қазіргі Қазақстан аймағынан жапон аралдарына қоныстанған деген тұжырымға негіз болады.

Тарихшы Жұмажан Байжуминнің «Тұран» адамзат қоғамының тарихына көзқарас» атты ғылыми еңбегінде танымал жапондық ғалымдардың, оның ішінде Эгами Намионың зерттеулеріне негізделі отырып, ең алғашқы жапондық мемлекет Ямато арғы тегі Алтайлық ақсүйектер тобынан шыққан аттылармен құрылған деген ойды алға тартады [19]. Ғалымның пікірінше, самурайларға тән мәдениет осы кезеңнен бастау алған.

Осылайша, Корей түбегі арқылы Жапонияға алтай және үндіеуропалық мәдени факторлардың ықпалының зор болғаны, бұл өз кезегінше, материалды әрі рухани мәдениет дәстүрлері арқылы жапондықтардың этномәдени болмысының қалыптасуына ықпал еткен деген жоғарыда аталып кеткен зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлерінде кездесетін ұқсастықтарды жалпы адамзатқа ортақ дүниетанымдық құндылықтармен қатар, алтай және үндіеуропалық әулетке жататын көшпенді тайпалардың жапон аралдарындағы ежелгі тайпалармен өзара байланысы тұрғысынан қарастырып түсіндіреміз.

Жоғарыда аталғандардың барлығы диссертациялық жұмыстың тақырыбын таңдауға негіз болды, осы ретте аталмыш мәселені қарастыру, ең алдымен, теоретикалық және тәжірибелік тұрғыдан қазіргі заманғы Қазақстан қоғамының алдында тұрған өзекті мәселе – халықтың рухани және мәдени жаңғыруын қамтамасыз етуге бағытталған аса күрделі міндетімен айқындалады. Сонымен қатар, аталмыш мәселені ғылыми тұрғыдан қарастыру Жапония мен Қазақстан халықтары арасындағы ортақтастықтарды анықтау негізінде, екі ел

халықтарының өзара түсіністігін арттыруға және де мемлекетаралық байланысты нығайтуға өзіндік септігін тигізеді деген ойдамыз.

Зерттеу жұмысының нысаны жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлері.

Зерттеудің пәні: жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлері, оның ішінде ғұрыптық мәдениеттің негізін құрайтын ұлттық салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер. Атап айтқанда, отбасын құру, адамның дүниеге келуі мен о дүниеге озуын рәсімдейтін салт-дәстүрлердің семиотикалық негізі.

Зерттеудің мақсаты – екі ел халықтарының ғұрыптық мәдениетін семиотикалық тұрғыдан салыстыру негізінде ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- мәдени дәстүрлерді зерттеудің теориялық аспектілерін қарастыру;
- Қазақстандық және жапондық ғалымдардың мәдени дәстүрлерді зерттеу саласындағы, жетістіктерін зерделеу;
- екі ел халықтарының мәдени дәстүріндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қалыптасу тарихы мен заманауи көріністерін зерделеу;
- жапондықтар мен қазақтардың салт-дәстүрлері мен ғұрыптық мәдениетінің негізгі құрылымын анықтап семиотикалық талдау жасау, мәдени дәстүрлердің дүниетанымдық негіздерін айқындау;
- мәдени дәстүрлердің ұлттық бірегейліктің сабақтастығын қамтамасыз ететін маңызды құрал ретінде қарастырып, аталмыш салт-дәстүрлердің семантикалық мән-мағынасын ашу;
- екі елдің мәдени дәстүрлеріндегі ортақтастықтар мен айырмашылықтарын анықтап талдау жасау;
- екі ел халықтарының ғұрыптық рәсімдерінде көрініс табатын мәдени дәстүрлеріндегі ұқсастықтардың түпнегізін анықтау;
- қазіргі замандағы екі ел халықтарының ұлттық бірегейлігіндегі мәдени дәстүрлердің сақталу сипатын анықтап, олардың орны мен ролін анықтау.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері жапон халқының мәдени дәстүрлер туралы VII ғасырдан бастап қазіргі заманды қамтитын материалдармен анықталады. Қазақ халқының мәдени дәстүрі туралы этнографиялық материалдар негізінен XIX ғасыр мен қазіргі кезеңге жатады, алайда барлық дереккөздерде қарыстырылып отырған халықтардың мәдени дәстүрінің даму тарихының ежелгі кезеңдері мен ұлттық салт-дәстүрлердің ежелгі формаларына сілтемелер келтірілген.

Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздері.

Зерттеу жұмысының теориялық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми қорытындылары құрайды. Зерттеу жұмысында мәдени дәстүрлер және ғұрыптық мәдениеттің түрлі құрылымдық жүйесін анықтау, талдау мен сараптау әдістері қолданылды. Сонымен қатар кеңінен қолданылатын тарихи-салыстырмалы, контент-талдау және жүйелеу әдістері де зерттеу жұмысына арқау болды. Бұл әдістер екі ел халықтарының мәдени дәстүрінде орын алатын ортақтастықтар мен ерекшеліктерді жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік береді.

Мәселен, жалпы ғылыми таным әдістерінің негізін құрайтын жүйелік талдау әдісі жапон және қазақ халықтарының ғұрыптық мәдениетін құрылымдық тұрғыдан жан-жақты талдауға мүмкіндік берді, тарихи-теориялық әдіс екі елдің дәстүрлі мәдениетін өзара байланыста, динамикалық даму тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді, контент-талдау екі ел халықтарының мәдени дәстүріне қатысты дереккөздерді сапалы талдауда негіз болды. Бұған қоса зерттеу мәселесін заманауи талаптар тұрғысынан жаңа қырдан қарастырып талдауға мүмкіндік беретін семиотикалық әдіс диссертациялық жұмысқа арқау болды.

Зерттеу жұмысының эмпирикалық негізін арнайы жүргізілген сауалнама және әңгімелесу нәтижелері құрады. Сауалнама негізінен Жапонияның түрлі жас өкілдері арасында өткізілді. Әңгімелесу мәдени дәстүр мен оған семиотикалық талдау жүргізу мәселелерімен айналысатын жапондық ғылыми орта өкілдерінің қатысуымен жүргізілді. Эмпирикалық зерттеу әдістері, оның ішінде бақылау және арнайы мамандармен әңгімелесу барысында алынған құнды мәліметтер ғылыми жұмыстың дереккөздік негізін толықтыруға барынша пайдалы болды. Өйткені, мәдени дәстүрді зерттеуде этномәдени артефактілермен қатар қарастырып отырған халықтардың рухани дәстүрін, оның ішінде ғұрыптық мәдениеті мен ұлттық болмысын, дүниетанымын, ұлттық бірегейлігінің руханы негіздерін зерделеу қажеттігі туындайды. Сол себептен, мәдени дәстүрге қатысты маңызды ақпараттың көзі ретінде әрі этномәдени материалдарды жинақтаудың бірден-бір әдісі ретінде ауызша сұхбаттың қарастырып отырған елдің мәдени дәстүрі туралы ақпарат алудың маңызды түрі ретінде белсенді қолданылды.

Мәдени дәстүрлер теориясында зерттеу жұмысын ғылыми негізде жүйелеп, қарастырылатын мәселені нақты бір теоретикалық ұстаным тұрғысынан талдап қарастыру арқылы зерттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін ғалымдар әртүрлі ғылыми тұжырымдарды басшылыққа алады. Мәдени дәстүрлер мен этномәдениет мәселелерін қарастыруда шетелдік зерттеушілер, олардың ішінде ресейлік және батыстық мәдениеттанушы, этнограф ғалымдар өз үлестерін қосқан. Олар мәдени дәстүрлерді дүниетанымдық, діни, әлеуметтік, психологиялық, семиотикалық тұрғыдан зерделеп, ғұрыптық мәдениетті зерттеу мен талдаудың көптеген әдістемелерін дамытып ұсынған.

Осы ретте, диссертациялық жұмыста семиотика ілімінің теоретикалық тұжырымдары басшылыққа алынды. Бұл теоретикалық тұжырымның артықшылығы, семиотикада ғұрыптық мәдениет біртұтас «мәтін» ретінде қарастырылып, ғұрыптық мәдениетті үш қырдан талдауға мүмкіндік береді, яғни синтаксистік, семантикалық және прагматикалық [20]. Бұл әдістемелік негіздің авторы семиотика ғылымының негізін қалаушылардың бірі Чарльз Моррис болып табылады [20, 275–320 б.]. Бұл жердегі «синтактика» дегеніміз, таңбалар жүйесінде пайдаланылатын, мысалы үшін, мәдени дәстүрлерді алар болсақ, сондағы белгілі бір салт-дәстүр немесе ғұрыптық рәсім барысында пайдаланылатын элементтердің жалпы түріне сипаттама береді, ал «семантика» қолданылатын элементтерді мағыналық тұрғыдан ашады, «прагматика» жалпы орындалып отырған салт-дәстүрдің жасалу қажеттілігі мен мақсатын ашады.

Диссертациялық жұмыста, сонымен бірге, мәдени дәстүрді бірегей дербес кеңістік ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін, Ю.Лотманның «семиосфера» теориясы қолданылды. Оның негізінде қандай да бір елдің ғұрыптық мәдениеті өзінің ішкі және сыртқы шекарасы мен айнымас түпнегізі бар біртұтас мәдени кеңістік деген тұжырым жатыр [21].

Сонымен бірге, ғұрыптық мәдениетті «ауысу рәсімдері» теориясы тұрғысынан қарастырған А.Ван Геннептің тұжырымдары зерттеу жұмысына арқау болды. Атап айтқан, ғалымның ауысу рәсімдерін үш рәсімдік кешенге, яғни бөліну, ауысу және қайта қосылу, деп бөліп қарастыруы, жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүріндегі ұлттық салт-дәстүрлерді аталмыш жүйе негізінде зерделеп талдауға мүмкіндік берді [22]. Бұған қоса қандай да болмасын халықтың мәдени дәстүрінің түпнегізін мифологиялық сана құрайды және ол тілдік құбылыста көрініс табады деген А.Потебняның дәстүрлі мәдениетті зерттеудегі мифологиялық теориясы аса маңызды болды [23]. Осы ретте, семиотика ғылымының негізін қалаушылардың бірі Э.Кассирердің мифологиялық дүниетанымның тілдік санада көрініс табады деген тұжырымы да құнды болып табылады [24]. Бұған қоса, Э.Кассирер мәдени дәстүрді зерттеуде «таңба» және «таңбаның қасиеттері» деген ұғымды дамытуға ерекше үлес қосқан ғалым. Ғалымның пікірінше, қандай да болмасын халық өзін қоршаған орта мен құбылыстарды символдар кешенін құру арқылы игеретін болған [24, 104–163 б.]. Бұл теориялық ұстанымдарды біз жапон және қазақ халықтарының ғұрыптық мәдениетінің тілдік бірліктерде көрініс тапқан мәдени кодтардың семантикалық мәнін ашуда қолдандық.

Осылайша, автор диссертациялық жұмыста жапондар мен қазақтардың мәдени дәстүрін семиотикалық әдіс тұрғысынан сараптап, олардың синтаксисы, семантикасы мен прагматикалық тұстарын барынша зерделеп, біртұтас жүйе ретінде зерттеу жүргізуге талпыныс жасады. Қазақстандық шығыстану ғылымында жапон халқының мәдени дәстүрі қазақ халқының салт-дәстүрлерімен салыстырмалы түрде арнайы зерттелмегенін жоғарыда атап өткенбіз. Сол себептен, бұл тақырып қазақстандық және жалпы шығыстану ғылымда жаңа зерттеулерге жол ашып, әрі тәжірибелік құндылығы тұрғысынан пайдалы болады деген сенімдеміз.

Зерттеу жұмысының дерекнамалық негізі

Зерттеу жұмысының дереккөздік негізін үш топқа бөліп көрсетуді жөн санадық, **бірінші тобына** көне жазбаша деректер [25-32], **екінші тобына** экспедициялық сапармен болған саяхатшы-ғалымдардың жапондықтардың мәдени дәстүрлері мен дүниетанымы туралы алғаш қалдырып кеткен жазба естеліктері [33-34], **үшінші тобына** екі елдің мәдени дәстүрлерін сақтап, дәріптеуге қатысты мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар [35-39], **төртінші тобына** мемлекеттік қайраткерлердің сөйлеген сөздері [40-42], **бесінші тобына** мұражайларда келтірілген этнографиялық материалдар [43], **алтыншы тобына** далалық зерттеулер, оның ішінде бақылау, ауызша сұхбат, әңгімелесу негізінде алынған деректер кірді [44-47], **жетінші тобына** қазақстандық және жапондық ақпарат құралдарында елдің мәдени дәстүрлеріне қатысты жарық көрген материалдар кіреді [48-57].

Бірінші топқа кіретін жазбаша деректерді қарастырғанда негізінен екі елдің мәдени дәстүріне қатысты мәліметтерге назар аударылды. Бұл дереккөздерде жапон халқының көне заманда қалыптасқан дәстүрлі мәдениетіндегі салт-дәстүрлер мен дүниетанымдық құндылықтарды сипаттайтын мәліметтер келтірілген. Атап айтқанда, «Кодзики» [25, 1-45 б., «Нихон сёки» [26], «Сёку нихонги» [27], «Манъёсю» [28], «Фудоки» [29], «Гендзи-моногатари» [30], «Мумедзоси» [31], «Эдзосимаки» [32, 10-47 б.] сынды көне жапондық мифологиялық және әдеби мәтіндер. Бұл дереккөздер әлімдік жапонтанушы ғалымдардың үнемі жүгінетін жазба мәтіндер болып табылады. Аталған жазба дереккөздердің ішінде келесі көне мәтіндерге тоқталып өтуді жөн көрдік.

Жапон халқының дүниетанымдық негіздері мен ұлттық болмысының ерекшеліктерін талдауда барлық ғалымдар дерлік «Кодзики», яғни жапондықтардың ең көне жазба деректеріне жүгінеді [25, 1-45 б.]. Бұл ежелгі жазба 712 жылы императордың бұйрығымен сол кезеңнің белгілі тарихшы-аңызшысы Оно Ясумаромен жапон шежірелерінің майталманы көсем Хиэдано Арэнің айтуымен жазылған. Бұл көне жазбада жапон халқының шығу тегі және императордың орны жайлы айтылған. Жазба деректе келтірілген мәліметтер жапон халқының космогониялық дүниетанымы жайлы түсінік қалыптастыруда пайдалы болды. Сонымен бірге, бұл деректе бейнеленген мифологиялық мәліметтерден жапон халқының философиялық көзқарасы, мәдени дәстүрлердегі жекелеген ғұрыптық рәсімдер, оның ішінде дүниеге келу, өтпелі кезеңнен өту, о дүниеге қайту, яғни өмір мен өлім, болмыс пен таным жайлы көптеген құнды ақпараттар келтірілген.

Мурасаки Сикибу жазып қалдырған «Гендзи-моногатари» деген жапондық әдеби мәтінде Хэйан дәуіріндегі жапондықтардың мәдени дәстүрі, ғұрыптық, отбасылық рәсімдердің орындалу тәртібі, бала тәрбиесі мен ұлттық құндылықтар жайында көп мысалдар келтірілген [30, 20-57 б.]. «Мумедзоси» атты авторлары белгісіз алғаш жапондық әдеби трактаттардың жинағында ежелгі жапон халқының тұрмыс-тіршілігі, ұлттық болмысы, салт-дәстүрлері бейнеленген [31, 5-30 б.].

Жапондықтардың ерте жазба деректерінің қатарына «Эдзосимаки» кіреді [32, 10-47 б.]. Бұл көне жазбада Жапон аралдарының ежелгі тұрғындары болып саналатын айнулардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени дәстүрлері туралы мәліметтер сақталған.

Аталмыш дереккөздердің негізінде жапон халқының дәстүрлі мәдениетін ретроспективтік талдау жасап, ғұрыптық мәдениеттің ежелгі көрінісін қалыптастыруға мүмкіндік алынды, бұл өз кезегінде салыстырылып отырған халықтардың дәстүрлі мәдениетіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтауға қажетті бірқатар маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Екінші топтағы деректерді талдағанда Жапон архипелагында болған саяхатшы-ғалымдардың осы халықтың ұлттық болмысы мен дүниетанымдық ерекшеліктері және ұлттық салт-дәстүрлерін алғаш сипаттап қалдырып кеткен естеліктері мен күнделіктерінде келтірілген мәліметтерге назар аударылды. Олардың ішінде, «Вакан сансай дзуэ» атты Гэрадзима Рёанның Хоккайдоға

барған экспедициясынан қалдырған жазба естеліктері [33, 1-36 б.], сонымен бірге Хирао Росэн құрастырған «Мацумаэ кико:» жазбаларын атап өтуге болады [34, 3-49 б.].

Үшінші топтағы деректерде Қазақстан мен Жапонияның ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени дәстүрлерді дәріптеуге бағытталған стратегиялық бағдарламалары талданды. Тәуелсіздік алғаннан кейін отандық ғалымдар тарихи өзін-өзі тануға талпыныс алып, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеп, оның жалпы әлемдік кеңістіктегі алар орнын айғақтауға бағыттанды. Осы ретте, мемлекет тарапынан алға тартылған маңызды бастама – «Мәдени мұра» бағдарламасы [35, 1-10 б.] мен Қазақстан Республикасының мәдени саясатының концепциясын [36, 1-7 б.] атап өту қажет. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын барынша қалпына келтіріп, еліміздің мәдени әлеуетін нығайту арқылы біртұтас мәдени кеңістік қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті дамыту болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық сананы жаңғыртуға қажетті бағыттардың ішінде ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі аса өзекті басымдықтардың қатарында көрсетілген, сонымен бірге өскелең ұрпақты тәрбиелеу барысында ұлттық салт-дәстүрлердің маңыздылығы айқындалған [37, 1-3 б.]. Бұған дейін елімізде қабылданған «Тарих толқынындағы халық» деген арнайы тарихи зерттеулердің бағдарламасы қабылданған. Бағдарламаның алдында ұлттық тарихи зерттеулердің аясын кеңейтіп, ұлттық бірегей дүниетанымын қалыптастыру мақсаты қойылған [38, 1-5 б.]. Жапония мемлекеті өзіндік ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық болмысты сақтау мәселесін үнемі басты назарда ұстайтыны тарихтан белгілі. Сонымен бірге, жапондықтар мемлекет аясында өз ұлттық дәстүрлерінің барынша сақталып сабақтастығын қамтамасыз етумен қатар, шет елдерде түрлі үкіметтік мәдени бағдарламалар арқылы жапондық мәдениетті дәріптеуге бағыт алған. Бұл жапондықтардың мәдени дипломатиясын бір түрі. Осындай мемлекеттік бағдарламаларға «Мәдени байланыстар саясаты» атты стратегиялық құжаттар кіреді [39, 1-17 б.].

Төртінші топтағы деректерде екі елдің мәдени дәстүрлерінің тарихи дамуы және қазіргі замандағы сақталу деңгейі мен сипаты туралы сөйлеген сөздері зерделенді. Осы ретте, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы [40, 1-5 б.] мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын атап өтуге болады [41, 1-3 б.]. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласында «Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз» делінген [34, 1-3 б.]. Осы ретте, Жапонияның Премьер-Министрі Синдзо Абэнің «Рэйва» дәуіріне қатысты сөйлеген сөзінде де ұлттық дәстүрлерге аса құрметпен қарау қажеттігі алған тартылады [42, 1-3 б.].

Бесінші топтағы деректерді талдағанда, негізінен Жапонияның Осака қаласындағы ұлттық этнографиялық мұражайындағы ежелгі айну халқының

тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін жәдігерлер мен материалдардағы екі халықтың мәдени дәстүрлеріндегі ұқсастықтарды табу мақсатында арнайы талдау жасалынды [43, 1-7 б.]. Жапон халқының мәдени дәстүрлерін зерделеп қазақ халқымен ұқсастықтар мен айырмашылықты анықтауда жапондық этномәдени мұражайларда жинақталған материалдар зерттеу жұмысының дереккөздер негізін қосымша құнды мәліметтермен толықтыруға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, Токо Фуджимото ғалым жұмыс жасайтын Жапонияның Осака қаласында орналасқан ең үлкен ұлттық этнографиялық музейінде келтірілген тарихи және мәдени жәдігерлер, оның ішінде Жапонияның ежелгі халқы ретінде қарастырылатын айнулардың тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын жәдігерлер жапондықтар мен қазақтардың дәстүрлі мәдениетіндегі бірқатар дүниетанымдық ұқсастықтарды айғақтауға мүмкіндік берді. Әрине, анықталған ұқсастықтар көп жағдайда жалпы адамзаттық ортақ құндылықтармен түсіндірілгенімен, мұражайда келтірілген этнографиялық жәдігерлерді талдау екі ел арасындағы ұқсастықтардың түп-тамыры әлдеқайда тереңде көне замандардан бастау алатындығын дәлелдей түсті. Кейбір мұражай материалдарын фотосуретке түсіруге тыйым салынғандықтан зерттеу жұмысында фотокүжат ретінде келтіруге мүмкіндік болмады. Дегенмен де, мұражайдың экспонаттарымен онлайн түрінде мұражайдың сайтынан танысуға болады. Мұражайда келтірілген этнографиялық материалдарды талдау барысында негізінен дәстүрлі мәдениеттегі ғұрыптық рәсімдерді орындауда қолданылатын жәдігерлер мен отбасылық рәсімдердің синтактикалық, семантикалық әрі прагматикалық қырларын ашатын мәдени жәдігерлерге көп назар бөлінді.

Алтыншы топтағы дереккөздер респонденттермен сұхбаттасу арқылы алынды, оларды талдауда жапон және қазақ елдерінің мәдени дәстүрлеріндегі өзгешеліктер мен ұқсастықтарды анықтауға назар аударылды [44, 1-5 б.]. Бұл дереккөздер жапон және қазақ халықтарының дәстүрлі мәдениетіндегі өткені мен бүгіндегі салт-дәстүрлердің сабақтастығы мен қалалы және ауылды жерлердегі мәдени дәстүрдің көрінісін анықтауға да мүмкіндік берді. Алынған мәліметтерді жүйелеп талдау барысында жоғарыда аталып өткен Токо Фуджимото ханым [45, 1 б.] мен Васэда университетінде ғылыми кеңесші ретінде қолғабыс берген Атцуши Огихара мырза Қазақстанда көп болғанын, сол кездерде байқағаны қазақтар мен жапондардың кішіпейілдігі мен үлкенді сыйлайтындығы, қонақты қадірлейтіндігі екі елдің ұқсас тұстары екенін айтты [46, 1-2 б.]. Қазақстандағы адам ресурстарын дамыту Жапон орталығының маманы он жылдан астам уақыт бойы Қазақстанда тұрып жатқан жапондық азамат Масуджима Шигенобу мырзаның – «Ең алдымен, қазақтар мен жапондардың сыртқы келбеті бір-біріне өте ұқсас [47, 1 б.]. Кейде әрқилы кездесулерде кімнің жапон, кімнің қазақ екенін ажырату қиын. Екіншіден, ғалымдар екі ұлттың генін зерттей келе, қазақтар мен жапондардың гендік сәйкестігінің сексен пайыздан артық екенін анықтаған. Жалпы, басқа халықтарға қарағанда, геніміз өте ұқсас болғандықтан, тілдік құрылымымыз да өзара жақын. Үшіншіден, ұлттық мінез-құлқымыз ұқсас. Жапондар да қазақтар сияқты сыпайы, ұстамды, сабырлы келеді. Оның үстіне, тұрмыстық өмір сүру

салты да ұқсас. Қазақтар да, жапондар да атам заманнан жерде дастарқан жайып отырады. Жерге төсек салып жатады. Әйелдер ерлерін сыйлап, құрметтейді. Келген қонақты жылы қарсы алады. Қонаққа артын көрсетпейтін тұстары ұқсас», деген ой-пікірлері аса құнды болды.

Жетінші топтағы деректерде екі елдің мәдени дәстүрінің заманауи сипаты жайында қазақстандық және жапондық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар кіреді. Бұл деректердің тобына Жапония мен Қазақстанның ресми БАҚ материалдары жатады. Мұндай ақпараттардың қатарында Қазақстанның «Егемен Қазақстан» [48-52], Жапонияның «Асахи шимбун» [53-57] ресми басылымдары бар. БАҚ материалдары, негізінен, интернет желісінен алынған.

Зерттеу жұмысында қолданылған барлық ауызша, жазбаша деректер мен далалық зерттеулер барысында зерттеушімен жинақталған этнографиялық мәліметтер және мұражай материалдарын талдау барысында жапон және қазақ халықтарының дәстүрлі мәдениетін жүйелі толыққанды зерделеу қажеттігі анықталды.

Далалық зерттеулерді диссертант 2017 жылы Жапонияда болған ғылыми-зерттеу тағылымдамасы аясында жүргізді. Респонденттер қатарына Жапонияның Васэда, Цукуба университетінің оқытушылары мен студенттері, жергілікті қарапайым тұрғындар, сонымен бірге қазақ және жапон халықтарының дәстүрлі мәдениетімен айналысатын жапондық ғалымдар кірді. Соңғылардың қатарында атап өтерлік ғалымдар – Осака мұражайының зерттеуші ғалымы Токо Фуджимото, бұл зерттеуші Қазақстанның Павлодар аймағына арнайы келіп екі жылдай шеңберінде жергілікті отбасында тұрып, қазақ халқының отбасылық ғұрыптық мәдениетін зерттеген ғалым. Осындай ауызша сұхбаттар барысында алынған мәліметтер зерттеу жұмысына қатысты талдауларды жүргізіп мәселені толыққанды ашуға мүмкіндік берді [Қосымша А].

Далалық зерттеулер барысында автор жапон халқының дәстүрлі мәдениетіндегі кейбір ғұрыптық рәсімдер мен салт-дәстүрлердің орындалу барысында тікелей бақылауға мүмкіндік алды, атап айтқанда, баланың дүниеге келуі барысында жасалатын рәсімдер, синтоистік храмдарға барып ғибадат ету, жапондықтардың дәстүрлі үйлену той рәсімі. Бақылау нәтижесінде алынған мәліметтер фотокүжат ретінде зерттеу жұмысының соңындағы қосымшада келтірілген [Қосымша Ә].

Аталмыш дереккөздердің зерттеу жұмысы үшін маңыздылығы, біріншіден, жапон халқының ежелгі тұрмыс-тіршілігінде көрініс тапқан ғұрыптық салт-дәстүрлерді анықтауға мүмкіндік береді, екіншіден, жапон халқының дәстүрлі мәдениетінің түпнегізін құрайтын ұлттық дүниетанымдық көзқарасты түсінуге жол ашады, және де үшіншіден, көне жазба дереккөздеріндегі мәліметтер негізінде қазіргі замандағы жапон қоғамындағы дәстүрлі мәдениеттің сақталу деңгейін, көріну аясын зерделеуге мүмкіндік берді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Мәдени дәстүр, оның рөлі мен маңыздылығы көптеген ғылымдардың тоғысында қарастырылатын пәнаралық мәселе болып табылады. Атап айтқанта, бұл тақырып этнология, этномәдениет, әлеуметтану, философия, тарих,

әлеуметтік психология, этномәдени педагогика, мәдениеттану ғылымдарының аясында қарастырылуда. Мәдени дәстүрдің көптеген қырлары отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеңінен талқыланып келе жатқан өзекті мәселелердің қатарында.

Екі ел халықтарының мәдени дәстүріндегі өзгешеліктер мен ұқсастықтарды талдау барысында автор жарық көрген еңбектерді шартты түрде отандық, жапондық және шетелдік деп үш топқа бөлді.

Отандық зерттеулердегі мәдени дәстүрдің қарастырылу деңгейіне тоқталар болсақ, жалпы қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы көп жылдар бойы кеңес мәдениеті аясында қарастырылып келді. Сонымен бірге көшпенділік өмір салтын ұстанған қазақ халқы мен жалпы Шығыс елдерінің тарихи және мәдени дамуы еуропацентризм теориясы тұрғысынан қарастырылып, көшпенділер мәдениеті еуропалық мәдениеттен эволюциалық тұрғыдан кейін тұратын мәдениет ретінде қарастырылды.

Дегенмен, ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын зерттеуде құнды еңбектер жарық көрді, оның ішінде М.Ә. Әуезовтың [58] қазақ халқының эпостық шығармашылығына арналған туындылары, С.Сейфуллиннің [59] қазақ халқының дәстүрлі фольклоры және А.В. Затаевичтің [60] қазақ халқының ұлттық күйлері және де А.Байтұрсыновтың [61] еліміздің көпғасырлық болмысы мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты құнды еңбектерін атап өтуге болады. Алайда, айта кетерлік жайт, кеңес дәуіріндегі ғылымда негізінен тарихи материализмнің басшылық етуіне байланысты тарихи және мәдени мұраны зерттеп сақтау мәселесі негізінен тарихи дамудың материалдық тұжырымдамасына сәйкес болған жағдайда ғана қарастырылатын болған.

Сол себепті, қазақ халқының мәдени дәстүрінде зерттелмеген «ақ таңбалар» көптеп кездескен. Негізінен бұл кезеңде мәдени дәстүр аясында отансүйгіштік, қарапайым шаруалардың қиын жағдайы, отанды отаршылдықтан азат етуге бағытталған ұлт-азаттық көтерілістерді бейнелейтін эпикалық шығармалар көптеп қарастырылған. Ал, қазақ халқының ғұрыптық мәдениетінің кейбір қырлары, дәстүрлі наным-сенімдері мен ұлттық мейрамдарының мән-мағынасы, ұлттық дүниетаным мен рухани сенімге қатысты көптеген мәселелер зерттеушілердің назарынан тыс қалып отырған.

Отандық ғылымда жапон және қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін салыстырмалы талдауға арналған зерттеу жұмыстары бұған дейін жүргізілмеген. Дегенмен де, Б.Құрмансейіт, У.Сәйпілұлы, Ш.Жылқыбаева [62-64] сынды отандық жапонтану ғалымдар жапондықтардың салт-дәстүрінің жекелеген қырларын ашуға бағытталған бірқатар еңбектерді бұқаралық ақпарат көздерінде және арнайы ғылыми мақала ретінде жазып шығарған.

90-шы жылдары тәуелсіз Қазақстанда дамыған шетелдік мемлекеттердің тәжірибесінен оқып-үйренуге бағыт алынады. Осы ретте, Жапонияның жаңғырудағы тәжірибесі, ұлттық болмысының мемлекеттік даму жолындағы ықпалы тақырыптарындағы жұмыстар көптеп жарық көреді, олардың қатарына Л.Т. Балақаева, Ж.Е.Ашинова, Н.Шаймарданованың еңбектерін жатқызуға болады [65-67].

Қазақстанда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қабылданданғаннан кейін жапонтану саласындағы ғылыми ізденістердің зерттеу тақырыптары біршама өзгеріп, жаңаша көзқарастың туындауына алып келді. Ендігі ретте отандық ғалымдардың қызығушылық аясы жапон халқының ұлттық бірегейлігінің сабақтастығының негізі, ұлттық кодтарының сақталу жолдары сынды тақырыптармен айқындалуда.

Қазақ халқының ғұрыптық мәдениетін зерттеуде ерекше үлес қосқан отандық ғалым Х.А. Арғынбаевтың [68] еңбектерін жеке атап өткенді жөн көрдік. Ғалымның «Қазақ халқындағы отбасы мен неке» атты құнды еңбегі кеңес заманында жарық көрген. Бұл жұмыста халқымыздың отбасылық ғұрыптары толыққанды қарастырылған. Сонымен бірге этнограф-ғалымдар С.Кенжеахметұлы [69], А. Жүнісұлының [70] «Пәниден бақиға дейін» атты еңбегінде баланың дүниеге келіп, адамның дүниеден озуына қатысты қазақ халқының ғұрыптық мәдениеті жан-жақты зерделенген.

Сонымен бірге, отандық этнограф, археолог ғалымдар, атап айтқанда С.Е. Әжіғали [71], К.М Төлеубаева [72] жазған ғылыми еңбектерінде қазақ халқының ғұрыптық мәдениеті, оның ішінде отбасылық салт-дәстүрлер, олардың қолдану аясы мен түрлері, ұлттық наным-сенімдер мен түрлі жөн-жоралғылары ұлттық дүниетаным негізінде жан-жақтан сипатталып, талданған.

Атап айтқанда, С.Е. Әжіғалидың [71, 5-25 б.] басшылығымен басылып шыққан «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты бірнеше томдық еңбегінде халқымыздың отбасылық салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері барынша жан-жақты талданып, түрлі жағдайларда орындалатын ғұрыптар мен жөн-жоралғылардың мән-мағынасы мен түрлеріне сипаттама берілген. Аталмыш жинақта келтірілген деректер диссертациялық жұмысты жазуда айтарлықтай негіз болды.

Н.Ж. Шаханова [73, 74] мен Ж. Ерназаров [75] сынды отандық ғалымдарымыздың еңбектері аталмыш диссертациялық жұмысты жазуда айтарлықтай бағыт-бағдар болды. Бұл ғалымдардың жұмысы терең теоретикалық талдаулармен қатар, халқымыздың ғұрыптық мәдениетін семиотикалық-құрылымдық тұрғыдан қарастырған бірден-бір ғылыми еңбек ретінде келтірілген отбасылық ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге қатысты мәліметтердің семантикалық мағынасы мен сипатын талдау тұрғысынан айтарлықтай құнды әдебиет көзі болып табылды.

Халқымыздың ғұрыптық мәдениетінің жекелеген тұстары мен орындалатын жөн-жоралғылардың түрлері, сонымен бірге еліміздің түрлі аймақтарында қолдану ерекшеліктері турасындағы мәліметтер бірқатар отандық ғалымдардың ғылыми ізденістерінде жарық көрді. Олардың ішінде Г.Ж. Нұрышева, Е.Тұрсынов, Р.Мустафина, А.Е. Бижанова, Ш.Уәлиханов, М.С. Турсынова, У.Х. Шалекенов, А.Т.Құлсариева, Ә.Диваев [76-84] және басқа ғалымдардың ғылыми зерттеулері жұмыстың негізін құрады.

Сонымен бірге А.К. Камаловтың [85, 86] Қытайдағы Тан империясы кезеңіндегі солтүстік және шекаралық аймақтарды мекендеген түркілер туралы жазған ғылыми жұмысы жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлеріндегі ежелгі байланыстарды анықтау барысында пайдалы болды.

Жапондық авторлардың қатарында ұлттық мәдени дәстүрдің жекелеген тұстары Ацуко Кураиши, Миямото Тсунейчи, Шинья Ямада, Ямаори Тецуо, Томоко Нагаи [87-91] сынды зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды. Сонымен бірге, жапондықтардың ұлттық салт-дәстүрлері мен ғұрыптық мәдениеті Ивата Шоин [92], ауылдық және қалалық елді-мекендердегі дәстүрлі мерекелік фестивальдарды қарастырған Цукаса Мацуфудзи [93], діни дәстүрлерді егжей-тегжейлі зерделеген ғалым Сакурай Токутаро [94], Жапонияның жекелеген аймақтарындағы ғұрыптық рәсімдердің орындалу ерекшеліктерін қарастырған ғалым Юи Мэй Хуан [95], жапондықтардың ұлттық әдептері мен ұстанымдарын зерделеген ғалым Гошозоно Масанобу [96], айнулардың мәдени дәстүрінің негіздері мен ерекшеліктерін сараптаған Осами Гидзо, К.Вада, И.Исида, С. Тамура [97-100], Токио аймағындағы ғұрыптық мәдениеттің заманауи сипатын қарастырған ғалым Осаму Тойя [101], жапон халқының тәңіршілдік және діни дүниетанымын зерттеген Кенши Исии [102] сынды зерттеушілердің жұмыстары зерттеу жұмысына айтарлықтай арқау болды.

Бұған қоса, жапон халқының мәдени дәстүрлерінің заманауи сипаты мен ұлттық бірегейліктің қазіргі таңда сақталу мәселесіне арналған бірқатар жапондық авторлардың еңбектері диссертациялық жұмыстың үшінші тарауындағы зерттеу міндеттерін саралауда айтарлықтай негіз болды. Олардың ішінде Йоко Мияджи, Шимонака Кунихико, Накамура Итцуканың [103-105] ғылыми жұмыстарын атап өткен жөн.

Жалпы жапон халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен ғұрыптық мәдениетінің құрылымдық негізін, олардың семантикалық мағынасын ашуда танымал жапондық этнограф-ғалым Янагита Кунионың [106] бастамасымен жасалған ғылыми еңбектер ерекше құнды болды.

Сонымен бірге, жапондықтардың ұлт ретінде пайда болуы Жапонияға Алтай тілдік әулетке жататын атты көшпелі халықтардың қоныстануының нәтижесінде болған деген тұжырымды археологиялық қазба жұмыстарымен негіздеген танымал ғалым Намио Эгамидің еңбектері жапон және қазақ халықтарының арасындағы ортақтастықтардың пайда болуының түптамасын қарастыруда аса құнды болды [107].

Шетелдік авторлардың ішінде жапон халқының салт-дәстүрлерін зерттеуге арналған ғылыми еңбектердің ауқымы айтарлықтай кең.

Жетекші ресейлік жапонтанушы ғалым А.Н.Мещеряковтың [108] еңбектерінде бірқатар құнды ой-пікірлер айтылған. Сонымен бірге, орыс ғалымдары М.В. Воробьев [109] мен Р.С. Васильевский бастаған ғалымдардың [110] археологиялық еңбектерінде Дзёмон және Яёй дәуірлерінде қалыптасқан ғұрыптық мәдениеттің кейбір мысалдары, атап айтқанда жерлеу рәсімдері туралы мәліметтер бар. Жапондықтардың отбасылық ғұрыптық мәдениетінің кейбір ерекшеліктері А. Арутюнов пен Д.А. Сергеев [111], Е.С. Бакшеевтің [112] еңбектерінде көрініс тапқан. Айнулар туралы алғаш деректер қалдырған ресейлік ғалым Осипова М.В., Окладников А. П., С.П. Крашенинников, Д.Н. Анучинның [113-116] еңбектері құнды мәліметтерімен жапон және қазақ халықтарының арасындағы ұқсас тұстарды талдауда негіз болды.

Аталмыш еңбектердегі мәдени дәстүрге қатысты ежелгі Жапонияның тарихы мен мәдениетінің қалыптасу тарихы, мәдени және филологиялық аспектілерде қарастырылған, атап айтқанда, ерте жапондық мемлекеттіліктің қалыптасуы, синтоистік және буддистік діни кешендер мен рәсімдердің қызметі және олардың өзара байналысы талданған. Мәдени дәстүрлер бұл еңбектерде ата-бабаларға табыну салтымен байланыстырылып, ежелгі жапондық дереккөздердің бірі «Кодзикиде» баяндалған алғашқы мифтік және шежірелік деректер аясында қарастырылған.

Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен ғұрыптық мәдениетін қарастырған шетелдік, оның ішінде орыс ғалымдарының еңбектерін атап айтар болсақ, А.И. Левшин [117], В.В. Бартольд [118] сынды танымал ғалымдардың ғылыми жұмыстарында халқымыздың отбасылық ғұрыптарының негізгі сипаты, ерекшеліктері мен түрлері жөнінде айтарлықтай маңызды деректер келтірген.

Батыстық зерттеулердегі Жапонияның мәдени дәстүріне қатысты алғашқы ғылыми зерттеулердің қатарына Д. Холлтомның [119] еңбегін жатқызуға болады. П.Меткальф пен Р.Хантингтон [120], Сиссель Шредер [121] сынды ғалымдардың еңбектерінде бірқатар маңызды мәліметтер келтірілген. Р.Смиттің [122] арнайы зерттеуінде жапондықтардың ата-бабаларға табыну мәселесі қарастырылған. Бұл мәселе сонымен бірге Эрика Канеко [123], В. Лебра [124] сынды батыс ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазіргі заманғы жапон халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеуге арналған еңбектер негізінен Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дами түсті. Көптеген шетелдік ғалымдар жапондықтардың ұлттық болмысы мен дүниетанымын және де дәстүрлі мәдениеттің жапондықтардың заманауи даму ерекшеліктеріне ықпалын зерделеуге бағытталған. Олардың қатарында жапондықтардың ұлттық болмысының негіздерін зерттеген ғалым Р.Бенедикт [125], жапондықтардың ұлтшылдық мәселесін талдаған М.Б.Дэлмер [126], жапон халқының мәдени ерекшеліктерін қарастырған Сингер К. [127], Самсон Г.Б. [128], конфуций ілімінің жапондықтардың мәдениетіндегі рөлін зерделеген Армстронг Р.С. [129] сынды ғалымдардың еңбектері зерттеу жұмысын жүргізуде негіз болды. Аталмыш зерттеушілердің еңбектеріне көптеген елдердің жапонтанушылары жүгінеді.

Бұған қоса, шетелдік зерттеулердегі теоретикалық еңбектер, оның ішінде мәселенің семиотикалық тұрғыдан қарастырылу деңгейін арттыруға бағытталған ғылыми жұмыстар аса құнды болды. Атап айтқанда, семиотика ілімінің теоретикалық негіздерін дамытуға үлес қосқан ғалым Э. Кассирердің еңбегі [24, 104-163 б.]. Аталмыш ғалымның ізденістері негізінен таңба түсінігі мен таңбаның қасиеттерін қарастыруға арналған. Э.Кассирер жоғарыда аталып өткен танымал ғалым Ч.Морриске ұқсас, «адам өміріндегі барлық қызметте рәміздік мағына бар» деп пайымдаған [20, 275–320 б.]. Өйткені, ғалымның түсінігі бойынша, адам белгілі бір символдарды қалыптастыру арқылы қоршаған ортаны түсіндіруге тырысады делінген. Ғалым өзінің «Символикалық формалардың философиясы» атты монографиясында дін мен мифологиялық аңыз-әңгімелер, мәдениет пен символдар жүйесін зерделеген. Аталмыш ғалымдардың теоретикалық тұжырымдары ғұрыптық мәдениетті семиотикалық

тұрғыдан талдауға үлкен бағыт-бағдар беріп, жұмыстың нәтижелерін талдауда үлкен негіз болды.

Мәдениет пен тілдің тығыз байланысы мен, жалпы мәдениетті, оның ішінде ғұрыптық мәдениетті семиотикалық тұрғыда зерттеудің теоретикалық негізін қалаған Юрий Лотманды [21, 60-85 б.] ерекше атап өту қажет. Аталмыш ғалымның бастауымен дүниежүзіне танымал арнайы Мәскеу-Тарту семиотикалық мектебі ашылған. Юрий Лотман Чарльз Морристің «семиозис» деген ұғымына ұқсас «семиосфера» деген арнайы ұғым енгізеді. Лотманның «семиосферасы» мәдениет аясындағы барлық таңбалар кешенін біріктіріп, жалпылама ұғымды түзеді. Бұған қоса, Юрий Лотманның «семиосфера» ұғымы «семиотикалық сыртқы және ішкі шекара» деген ұғымды біріктіреді, яғни бұл дегеніміз әрбір мәдениеттің, өркениеттің «семиосферасы», яғни таңбалық кешенінің ішкі бірлігін қамтамасыз етеді өзіндік шекара мен сол кешеннің «тетігі», яғни «негізі» болады. Кез-келген халықтың мәдениеті, сол халықтың даму барысында жинақталған бүкіл дүниетанымдық, мәдени құндылықтары, тарихи, әлеуметтік тәжірибесінің көрінісі осы «семиосфера» ұғымына негізделіп, сол халықтың рухани мәдениеті жайлы толыққанды түсінік береді.

Жалпы мәдени дәстүр мәселесі этнограф, фольклорист, лингвист, тарихшылар мен дін және мифологияны зерттеуші ғалымдар тарапынан кеңінен сипатталып жүйеленген, сонымен бірге ғылымда мәдени дәстүрді генетикалық және типологиялық тұрғыдан да қарастыру талпыныстары жасалған. Осы ретте, Б.Малиновский, М.Элиаде [130, 131] сынды танымал зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары сенімді бағдар болды.

Шетелдік жапонтануда жапондықтардың мәдениетінің кейбір жекелеген халықтардың дәстүрлі мәдениетімен салыстырмалы түрде талдаған ғылыми жұмыстар болғанымен, қазақ халқының мысалында қарастырылған еңбектер жоқтың қасы.

Аталмыш авторлардың ғылыми ізденістерінің нәтижелері қазақ және жапон халқының дәстүрлі мәдениетін салыстырмалы зерттеу барысында айқындалған ортақ тұстарды талдауға, оларға түсініктеме беруде біршама маңызды болды. Алайда, бұл жұмыстарда халықтардың дәстүрлі мәдениетіндегі ортақтастықтардың пайда болу себептері көрініс таппаған. Дегенмен де, бұл еңбектер зерттеу жұмысына қажетті мәдени мәліметтердің толыққанды қамтылуына барынша мүмкіндік берді.

Жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүріне қатысты жазылған еңбектердің ғылыми және тәжірибелік маңызын атай отырып, қазіргі таңдағы ұлттық бірегейлікті сақтап қалу және ұлттық салт-дәстүрлердің өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі мәдени әлеуетін нығайтып, рухани жаңғыру мақсатында мәдени дәстүр мәселесін қарастыруда жаңа теоретикалық бағыттар мен әдістер қажет екендігіне назар аударамыз. Сонымен бірге қазіргі таңда ұлттық бірегейлікті қалыптастыру барысында дәстүрлі мәдениеттің орны мен рөлі әлі де жеткілікті деңгейде ғылыми тұрғыдан зерделенбеген мәселе екендігін атап өткіміз келеді.

Сол себепті дәстүрлі мәдениетті ұлттық кодтың тұғырнамасы ретінде қарастырып, екі елдің дәстүрлі мәдениетінің сақталу деңгейі мен заманауи көрінісіндегі күрделі мәселелерге жаңа қырдан қарау қажет.

Бұған дейінгі жасалған зерттеу жұмыстарын талдау негізінде, жалпы мәдени дәстүрдің кеңінен қарастырылған мәселе екендігін атап өткен жөн. Дегенмен де, бүгінгі күнде ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтау және де мемлекетаралық байланыстарды одан әрі нығайту мақсаттары аясында екі елдің мәдени дәстүрін ұлттық бірегейліктің түптамасы ретінде және қазіргі заманғы қоғам үшін мәдени ресурс ретінде олардың мән-мағынасын ашып зерттеуде жаңаша әдістемелер мен ұстанымдарды пайдалану қажеттілігі артуда. Осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының бұрын-соңды болмауы себепті, осыған дейінгі жүргізілген ғылыми еңбектер жаңа мақсаттар тұрғысынан қайта қарастырып бағалауды қажет етеді.

Автор диссертация жұмысын кешенді түрде зерттеу барысында **жаңашылдық мәртебесіне** ие бірқатар нәтижелерге қол жеткізді, олардың негізгілері мыналар:

- Жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрі алғаш рет шығыстану ғылымында өзара салыстырмалы түрде сипатталды;

- мәдени дәстүрлерге қатысты жапондық дереккөздер алғаш рет қазақ этнографиясын зерттеу контекстінде қарастырылды;

- қазақ және жапон халықтарының мәдени дәстүріндегі этнографиялық материалдарды талдау негізінде анықталған ұқсастықтар алғаш рет Алтай және үндіеуропалық теориялары негізінде түсіндірілді;

- алғаш рет екі елдің халықтарының мәдени дәстүрлерінің семиотикалық аспектілерін талдау негізінде жапон және қазақ халықтарының өмірлік циклге қатысты мәдени дәстүрлерінің семантикалық және прагматикалық ұқсастықтары анықталды;

- екі елдің халықтарының мәдени дәстүрлерін салыстырмалы талдау негізінде салт-дәстүрлердің жапон және қазақ халықтарының ұлттық бірегейлігінің қалыптасып дамуының ажырамас маңызды бөлігі болып табылатындығын анықтауға мүмкіндік берді;

- Жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлеріндегі заманауи процестерді талдау негізінде технологиялардың дамуына және осы елдердегі урбанизацияның кең етек жаюына байланысты кейбір мәдени дәстүрлердің құрылымының түрленіп, синтактикасының өзгеру үрдістері анықталды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Жапон халқының мәдени дәстүрлеріне қатысты дереккөздерді талдау оларды қазақ халқының мәдени дәстүрімен салыстырмалы тұрғыдан қарастырып, екі елдің халықтарының мәдени дәстүріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

2. Жапон және қазақ халықтарының дәстүрлі мәдениетінде анықталған ұқсастықтар мен айырмашылықтар негізінен екі елдің шаруашылық-мәдени типіне, дүниетанымдық, өркениеттік ерекшеліктеріне, сондай-ақ географиялық жағдайларымен негізделеді;

3. Жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлерін салыстырмалы түрде зерттеу ғұрыптық мәдениеттің негізгі құрылымын құрайтын баланың дүниеге келуі, тәрбиесі, инициациядан өткізу, үйлену той, қайтыс болған адамды о дүниеге шығарып салуға қатысты рәсімдер мен ата-бабаларға тағзым

ету рәсімдерінде ұқсас тұстардың бар екендігін аңғартады. Бұл ұқсастықтар екі елдің халықтарының ортақ Алтай және үндіеуропалық тілдік отбасы тобына жататындығымен түсіндіріледі, бұл екі елдің өзара лингвистикалық жақындығымен және жапон және қазақ халықтарының ортақ прототілінің болуымен байланыстырылады;

4. Екі елдің халықтарының ғұрыптық рәсімдерінде көрініс табатын мәдени дәстүрлеріндегі айырмашылықтар негізінен олардың шаруашылық-экономикалық құрылымындағы өзгешеліктерге, атап айтқанда, жапондықтарға отырықшы егіншілік, балық шаруашылығы тән болса, қазақтарға көшпенді өмір салты тән болған; діни наным-сенімдерінің айырмашылықтары – жапондықтарда негізінен синтоизм мен буддизм, ал қазақ халқында тәңіршілдік пен ислам ислам дінінің басым болғандығымен, сонымен бірге аталмыш халықтардың көршілес халықтармен байланысы мен табиғи жағдайларының ерекшеліктеріне негізделетіндігі айқындалды;

5. Екі халықтың мәдени дәстүрлерін семиотикалық талдау негізінде анықталған ұқсастықтар мен айырмашылықтар, жапон және қазақ халықтарының ғұрыптық рәсімдерінің мәндік-семантикалық және прагматикалық мазмұнының жақын болуымен (бала тәрбиесі, кәмелетке толу, үйлену, ата-бабаларға тағзым ету, жерлеу рәсімдері), және де кейбір ғұрыптық рәсімдердің (кәмелетке толу, неке қию, жерлеу және т.с.с.) құрылымындағы синтаксистік айырмашылықтармен түсіндіріледі;

6. Ғаламдану үрдісінің күшеюімен жапон және қазақ қоғамдарында ғұрыптық мәдениеттің біршама әлсіреп жаңа заманауи элементтер қосылып байырғы әдет-ғұрыптардың семантикалық мән-мағынасының әлсіреуі жалпы ғұрыптық мәдениеттің тәрбиелік мәнінің құлдырау қаупін тудыруда;

7. Қарастырылып отырған халықтардың мәдени дәстүрлері күні бүгінге дейін аталмыш елдердің ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда ортақ жүйе құрушы механизм болып табылатындығы және жапон және қазақ қоғамдарында ортақ дүниетанымдық негіздер мен бірегей символикалық кешенінің қалыптасуына ықпал етуші негізгі құрал болып табылатындығы анықталды;

8. Жапондықтар мен қазақтардың, әсіресе, көне дәуірлердегі өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктерін салыстырмалы зерттеу, тек қана осы халықтардың мәдени дәстүрі мен тіліне қатысты емес, жалпы Еуразия елдеріне байланысты көшпелі халықтардың көне дәуіріндегі мәдениеті мен олардың өзге халықтармен арадағы байланысы, көшпелі халықтардың мәдениетінің таралуы мен ықпалын анықтауға негіз болады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы

Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен қорытындыларын шығыстанудың арнайы тарих, мәдениет, этнографияға арналған курстардың оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, курсты оқыту туралы әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасағанда пайдалануға болады.

Жаһандану заманында бөгде мәдениеттердің ықпалына мойынсұнбай ежелден бері ата-бабалармен қалыптасқан тәрбиелік маңызы зор ғұрыптық мәдениет пен салт-дәстүрлерді семантикалық тұрғыдан қайта жаңғыртуға

болады. Бұл жұмыстың қолданбалық жағының бір тұсы. Осы тұста жапон халқының мысалында мәдени дәстүрді зерттеудің жалпы ұлттық тәрбие мен мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі маңыздылығын айқындауға болады.

Зерттеуді апробациялау

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, тұжырымдары жалпы 8 ғылыми мақалада жарияланды, оның 3 мақаласы ҚР Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне енген басылымдарда жарық көріп, халықаралық ғылыми-практикалық, республикалық конференциялар материалдарында - 3 мақала жарияланған. «Scopus» ғылыми басылымдар дерекқорында индекстелген шетелдік басылымдарда – 2 мақала жарық көрді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері, сонымен бірге, ізденушінің халықаралық конференцияларда жасаған баяндамалары арқылы, ҚазҰУ-дың Шығыстану факультетінің студенттері, магистранттарына оқыған жалпы және арнаулы курстарында, Қазақстан мен Жапония халықтарының дәстүрлі әдет-ғұрыптары жөнінде оқылған дәрістер арқылы да бірқатар сыннан өтті.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі – 166 бет.

1 МӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

1.1 Мәдени дәстүрлерді зерттеудің семиотикалық аспектілері

Бұл тарауда мәдени дәстүрлер ұғымына түсінік беріп, оның маңызды сипаттамаларына тоқталу және мәдени дәстүрлердің қарастырудың семиотикалық аспектілерін зерделеу мақсаты көзделген.

Жалпы мәдени дәстүрлер мәселесі этнограф, фольклорист, лингвист, тарихшылар мен дін және мифологияны зерттеуші ғалымдар тарапынан кеңінен сипатталып жүйеленген, сонымен бірге ғылымда мәдени дәстүрлерді генетикалық және типологиялық тұрғыдан да қарастыру талпыныстары жасалған.

Мәдени дәстүрлерді ең көне семиотикалық жүйе деп қарастыруға болады. Өйткені, мәдени дәстүрлер – бұл ғарыштың жандануын, хаостың тәртіпке ауысуын қамтамасыз ететін салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер мен ырымдардың кешенін құрайды. Тәртіптің өзгеруі жыл мезгілдерінің өзгеруімен, өмірдің бір кезеңнен екінші кезеңіне және әлеуметтік кеңістіктегі қозғалыстармен қатар жүреді. Осындай ауысу рәсімдері үш ритуалдық кешенге бөлінеді: бөліну рәсімі, ауысу рәсімі, қайта қосылу, яғни бірігу рәсімдері [22, 21 б.]. Бұл теорияны 1909 жылы А.Ван Геннеп ашқан, ол инициация процесін үш этапқа бөлген: бұрынғы тобынан ажыраумен жүзеге асатын, балалық дәрежеден өту ритуалы, ауыспалы – баланы жаңа статусқа дайындайтын, ұзақ мерзімге созылатын кезең, және оны үлкендер қоғамына қабылдануы [22, 120 б.].

Қандай да болмасын халықтың мәдени дәстүрі мифологиялық санадан бастау алады. А.Потебня мәдени дәстүрдің мифологияға негізделетініне тоқтала отырып, ол өз кезегінде тілдік құбылыста көрініс табады деп таныған [23, 28 б.], сол себепті мәдени дәстүр, тіл мен миф бір-бірімен тығыз байланыста.

Осы ретте, семиотика ғылымының негізін қалаушылардың бірі Э.Кассирердің мифологиялық дүниетанымның тілдік санада көрініс табады деген тұжырымы да құнды болып табылады. Тілдік бірліктер арқылы ұлттық дүниетаным мен мәдени дәстүрлердің құрылымдық жүйесі айқындалады [24, 129 б.]. Бұған қоса, Э.Кассирер мәдени дәстүрді зерттеуде «таңба» және «таңбаның қасиеттері» деген ұғымды дамытуға ерекше үлес қосқан ғалым.

Ол қандай да халықтың болмасын «өміріндегі барлық қызметте рәміздік мағына бар» деп пайымдаған [25, 104-163 б.]. Ғалымның пікіріне сүйенсек, халықтар өзін қоршаған орта мен түрлі құбылыстарды символдар кешенін құру арқылы игеретін болған.

Сонымен бірге мәдени дәстүрлер мен тілдің тығыз байланысы туралы және ұлттық салт-дәстүрлерді семиотикалық талдаулардың нысаны ретінде қарастырған ғалымдардың ішінде Ю.Лотманның теоретикалық тұжырымдарын атап өткен жөн [21, 10-35 б.]. Юрий Лотман Мәскеу-Тарту семиотикалық мектебінің негізін қалаушысы болып табылады. Оның басты теориялық тұжырымы «семиосфера» ұғымымен байланысты. Ғалымның енгізіп кеткен

«семиосфера» ұғымы мәдени дәстүрді құрайтын барлық бірегей таңбалар кешенін құрайды. Сонымен бірге, Юрий Лотман «семиотикалық сыртқы және ішкі шекара» деген ұғымдарды енгізген, яғни бұл дегеніміз әрбір мәдениеттің, өркениеттің өзіндік бірегей «семиосферасы», яғни таңбалық кешенінің ішкі бірлігін қамтамасыз ететін өзіндік шекарасы мен сол кешеннің «тетігі», яғни «негізі» болады. Осылайша, кез-келген халықтың мәдениеті, сол халықтың даму барысында жинақталған бүкіл дүниетанымдық, мәдени құндылықтары, тарихи, әлеуметтік тәжірибесінің көрінісі осы «семиосфера» ұғымына негізделіп, сол халықтың рухани мәдениеті жайлы толыққанды түсінік береді.

Осындай мәдени дәстүр ұрпақтан ұрпаққа ауызша ұлттың жадында сақталған мәдени ақпарат ретінде сақталып отырған. Бұл реттегі мәдени дәстүрдің сабақтастығын қамтамасыз ететін бірден-бір құрал – ол ұлттың коллективті жады болып табылады. Осы ретте, Ю.М. Лотманның «Альтернативті вариант: жазуы жоқ мәдениет немесе мәдениетке дейінгі мәдениет?» [132, 344-345 б.] атты еңбегінде негізделген келесідей тұжырымдамасын келтіруді жөн санадық, яғни мәдени дәстүрге өзіндік еш жерде жазба түрінде сақталмаған, жазуы жоқ толыққанды мәдениеттің болуы. Шынымен де, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде негізінен жазба деректерден гөрі ауызша беріліп отырған жазуы жоқ мәдениет түрі басым болып келеді. Алайда, біз бұл жерде қазақ халқының мәдениеті мен тарихын зерттеуге негіз боларлық жазба деректер жоқ деген пікірден мүлдем аулақ екендігімізді де атап өткеніміз жөн.

Қазақ және жапон халықтарының мәдени дәстүрін зерттеуде ауызша ұлттық мәдениет, археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері, тұрмыс-тіршілікте пайдаланылған жәдігерлер, ұлттық сенім мен дүниетанымға қатысты құндылықтар аса маңызды болып табылады. Негізінен екі елдің мәдени дәстүрін зерттеуде этнография ғылымының алар орны маңызды, көптеген этнограф ғалымдардың еңбектерінде ұлттық салт-дәстүрлер, рәсімдер, ұлттық киім-кешек, наным-сенімдер, ұлттық дүниетанымға қатысты мәселелер кеңінен қарастырылған. Алайда, екі елдің мәдени тарихын салыстырмалы түрде талдап, ортақ тұстар мен ерекшеліктерді анықтауға бағытталған ғылыми ізденістер болмаған.

Мәдени дәстүрлердің басым бөлігін отбасылық рәсімдер, яғни адамның дүниеге келуіне, үйлену, қайтыс болуына байланысты ғұрыптарды біріктіріліп, баланың туылу, үйлену және жерлеу рәсімдерінің кешенін қамтиды. Осындай салт-жоралғылардың мән-мағынасы келесі жолдармен ашылады: 1) әлемдегі әртүрлі халықтар арасындағы ұқсас рәсімдерді салыстыру арқылы, өйткені, кейбір халықтардың мәдениетінде түсініксіз болған құбылыстар көбіне фрагменталды күйінде қолданылып, сақталуына байланысты, басқа халықтардың ең жақсы сақталған материалы негізінде айқындала түседі; 2) жеке-жеке орындалатын жөн-жоралғыларды оларды орындаудың түпкі мақсаты негізінде рәсімдер кешеніне біріктіру, мысалы, жаңа туылған нәрестені қорғау мақсатында орындалатын жөн-жоралғылар; 3) бала туылған кезде, үйлену тойларында және жерлеу рәсімдерінде орындалатын рәсімдерді салыстыру арқылы, мысалы, кәметке толу рәсімі.

Ұлттық салт-дәстүрлер кешендері бір уақытта қалыптаспаған. Ең алдымен пайда болып қалыптасқан ғұрыптық рәсім адамның дүниеге келіп, қайтыс болуымен байланысты болған. Үйленуге байланысты рәсімдерге келер болсақ, олар қыз баланың бой жетіп, ер баланың бозбала атанып, отбасын құру рәсімдерінен бастау алады деп қабылданған. Отбасылық салт-дәстүрлер кешенінің негізін – «өлімнен жаңа өмірге келу» деген адамзатқа жалпы ортақ тұжырымдама құрайды [133]. Жеке ритуалдық кешендердің дамып, қалыптасуына байланысты олардың мазмұны қайта қарастырылып, ырымдар оқшауланған күйде қолданылып түсіндіріле бастайды.

Ұлттық салт-дәстүр – мәдени құндылықтар мен мағыналарды ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырудың ең көне түрі болып табылады, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің киелі негізін сезініп, түсінудің бірден-бір жолы болып саналады. Осылайша, мәдени дәстүрлер – бұл аса терең мағынасы бар қандай да болмасын халықтың даму барысында қалыптасқан дүниетанымдық өзгешеліктерін белгілейтін ұжымдық тәжірибенің кешені болып табылады, оның астарында жатқан мағынаны тек сол қоғамның мүшелері жетік түсінеді. Сол себепті, бұл қай халықтың болмасын қоғам мүшелері үшін маңызды әлеуметтік құндылықтар мен өлшемдерді айғақтап, арнайы салт-дәстүрлер кешенін қатаң сақтап, орындауды талап етеді.

Ежелгі діндерде ұлттық салт-дәстүрлер жоғарғы биліктің негізгі көрінісі болған, яғни оған тағзым ету, ғибадат ету, құрбандық шалуды қамтыған [134]. Ең ежелгі рәсімдердің негізгі тақырыптары – хаосты өткеріп тәртіпке негізделген өмірді құру, өмір мен өлімнің табиғи айналымын, қыс пен жаз, күн мен күннің ауысуын бейнелеу.

Осылайша, мәдени дәстүрлердің түп-тамыры терең тарихта жатыр, оған қатысты салт-дәстүрлер ежелгі дәуірден бері қалыптасқан ұлттық болмыс жайында терең мағлұмат береді. Ежелден қалыптасқан мәдени дәстүрлер халықтардың мифологиялық дүниетанымымен тығыз байланысты. Сол себепті, жалпы мәдени дәстүрлерге тән ұлттық салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғылар белгілі бір халықтың өмірге деген көзқарасын айғақтап, жалпы өмір пайда болғанда ең алғаш рет көрініс тапқан құбылыстарды мәдени дәстүрлер мен рәсімдер арқылы белгілеген. Мысалы үшін, үйлену тойын әлемді құру актісінің үлгісі ретінде қарастыруға болады, яғни Көк пен Жердің бірлігі деп қарауға болады [135]. Жаңа жылды қарсы алу мерекесін алар болсақ, бұл ағымдағы жыл барысында орын алған күнелар мен жамандықтан тазарып, арылу және жалпы уақыттың қайта жанғыруының символикалық бейнесі болып табылады. Осылайша, мәдени дәстүрлер мифологиялық санадан бастау алады. Сол себепті, мәдени дәстүрлер аясында орындалатын барлық жоралғылар мен салт-дәстүрлер өмірдің жандануы, жаңа өмірдің бастауы, бір маңызды кезеңнен келесі маңызды кезеңге символикалық өту, осы дүниеден озып о дүниеге өту және тағы басқа ұқсас адам өміріндегі маңызды белестерді бейнелейтін ғұрыптар кешенін біріктіреді [135, 25-43 б.]. Бұл ретте, тек қана адам өміріне байланысты ғана емес, сонымен бірге ауыл-шаруашылық пен егістік, табиғат күштері, ауру-сырқаттан арылу, құрбандық шалу, жаңа жылды қарсы алу деген сияқты көптеген маңызды оқиғалар мен кезеңдердің де әрбір халықтың

өмірінде алар орны ерекше, әрі олардың семиотикалық мағынасы аса жоғары болып табылады. Сондықтан да, мәдени дәстүрлерді сақтай отырып, адамзат өзінің Жаратушымен, ғарышпен және қоршаған орта және табиғатпен тығыз байланысын мойындап, Жаратушыға арнайы рәсімдерді орындау арқылы өз ықыласын білдіріп отырған. Екінші жағынан, мәдени дәстүрлердің жас өсіп келе жатқан өрескел жастарды қоғамға әлеуметтендіріп, олардың отбасы, әулет, қоғам, халық жалпы адамзат алдындағы жауапкершілігін сезінуге мүмкіндік беретін бірден-бір құрал ретінде қарастырылған.

Бұл ең алдымен табиғат құбылыстарымен - жыл мезгілдерінің өзгеруі, сонымен қатар күн, ай мен жұлдыздардың ерекше жағдайына байланысты, мысалы үшін күннің тұтылуы, айдың тууы және т.б. маңызды күнтізбелік рәсімдермен байланысты болған. Бұл құбылыстардың барлығы ежелгі адамдардың мифологиялық санасында маңызды орын алған, сол себепті адамдар өз өмірлерін ғарыштық құбылыстармен сәйкестендіріп, бұл ғұрыптарға ғарыштық өлшем мен жалпыға ортақ мағына беріп отырған [136]. Адамдар табиғат өміріне белсенді қатысқан және олар мәдени дәстүрлерді сақтамайтын болса апатты оқиғалар орын алады деп сенген, сол себепті салт-дәстүрлерді барынша сақтап, олардың тиісті тәртіпте орындалуына ерекше мән берген. Сондықтан, дәстүрді сақтамау қатал жазаланады деп сенген, яғни табиғат тәртібін сақтауда мәдени дәстүрлер маңызды рөл атқарады деп сенілген, ал салт-дәстүрді орындамай бұл тәртіпті бұзу, ежелгі адамдардың пікірінше, болжанбайтын салдарға, оның ішінде бүкіл қоғамның құлдырауына әкелуі мүмкін болған.

Айта кетерлік жайт, салт-дәстүр адамның мінез-құлқын әлеуметтік тұрғыда реттеудің өте қатаң және күрделі жүйелері болып табылады. Оларды орындамау өлім жазасына әкелетін болған. Мысалы, қазақ халқында қонақжайлылық дәстүрі әлі күнге дейін сақталған, бұл ерекше терең семиотикалық мәнге ие.

Осылайша, барлық халықтардың мәдени дәстүрлері ұлттық дүниетанымға негізделген және адамның негізгі міндеттері мен өмірлік құндылықтары мәдени құндылықтар мен діни қағидаттармен қатаң бекітіліп, осының барлығы отбасылық өмір мен шаруашылық қызметті бір тәртіпке келтіріп, хаостан арылып, адамның жеке өмірі мен қоғамдық ортада ортақ құндылықтарға негізделген бірыңғай дүниетаным ерекше үйлесімді орта тудыруға септігін тигізген [137]. Сонымен бірге, мәдени дәстүрлер адамның жеке өмірін жалпыадамзатқа ортақ құндылықтармен толықтырып қана қоймай, өзінің қоршаған ортасы мен өмір сүріп жатқан қоғамымен терең байланысты оңтайландыру қызметін атқарған. Мәдени дәстүрлердің түрлеріне жеке топталар болсақ, жалпы келесідей деп бөліп қарастыруға болады: уақытқа және күнтізбеге байланысты мәдени дәстүрлер, адамның өмірлік цикліне байланысты мәдени дәстүрлер, ұлттық құндылықтарды белгілейтін таңбалық жүйелер арқылы көрініс табатын салт-дәстүрлер және тағы басқалар.

Осылайша, ұлттық мәдениетке ортақтасу барысында адамдар жалпы тіршілік пен өздерінің айналасындағы тылсым дүние жайлы түсінік

калыптастырып, сол ортақ дүниетаным негізінде айналадағы ортамен өзара үйлесімді байланыс орнатуға қолайлы жағдай жасайды.

Түрлі ұлттық салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерге негізделген ұлттық мәдениеттер арасындағы айырмашылықтардың ерекшелігін түсіну әр түрлі мәдениет және өркениеттер өкілдері арасындағы маңызды айырмашылықтар мен бүкіл адамзатқа тән ұқсастықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Мәдени дәстүрлер адам өмірінің маңызды кезеңдерін – бала туу, үйлену, қайтыс болу – біріктіріп, баланың дүниеге келуі, үйлену және жерлеу рәсімдерін қамтиды [137, 28-79 б.]. Осылайша отбасылық әдет-ғұрыптардың архаикалық мағынасын келесі жолмен ашуға болады: 1) әлемдегі әртүрлі халықтар арасындағы ұқсас рәсімдерді салыстыру арқылы, мысалы үшін кейбір халықтардың мәдениетінде түсініксіз болған құбылыстар көбіне бөлшекті күйінде қолданылып, сақталуына байланысты, басқа халықтардың ең жақсы сақталған материалы негізінде айқындала түседі); 2) жеке-жеке орындалатын жөн-жоралғыларды оларды орындаудың түпкі мақсаты негізінде рәсімдер кешеніне біріктіру 3) бала туылған кезде, үйлену тойларында және жерлеу рәсімдерінде орындалатын рәсімдерді салыстыру арқылы.

Мәдени дәстүрлердің белгілі бір ерекшеліктері мен қасиеттерін талқылау оның синтактикалық құрылымы мен семантикалық мәнімен қатар прагматикалық тұсын қарастыруды қажет етеді [138]. Прагматикалық мәселелер тек салт-дәстүрдің ғана емес, сонымен бірге мәдениеттің ерте кездері қалыптасу негіздерін түсінудің бірден-бір жолы деп айтуға болады. Сондықтан мәдени дәстүрлердің прагматикалық тұсына толығырақ тоқталған жөн деп санаймыз.

Архаикалық және дәстүрлі дүниетанымды зерттеуші ғалымдар арасында мәдени дәстүрлерді тәжірибелік және символдық деп бөліп қарастыру тәжірибесі кеңінен таралған. Бұндай үрдіс мәдениеттанушылар мен тарихшыларға белгілі жағдай.

Мысалы үшін, А.К. Байбурин [137, 17-190 б.] адамға тән барлық қажеттіліктердің ішінде оны жануарлардан ерекшелейтін бірден-бір тұс - символизациялық қажеттілік деген тұжырымдаманы негіздеп, алға тартады. Оның пайымдауынша символдаудың негізгі құралдары тіл, миф, салт-дәстүр және мәдениеттің басқа да семиотикалық құралдары болып табылады. Адамзат өзін қоршаған орта мен құбылыстарға символикалық мән беру арқылы өз дүниетанымын тереңдете түскен. Сол себепті, семиотика ілімі ұсынған мәдени дәстүрлердің прагматикалық қызметі екі түрлі қызмет атқарады, біріншіден практикалық мақсатқа, яғни адамның қандай да бір материалдық қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған болса, екіншіден ол терең символдық мәнге ие.

Мәдени дәстүрлердің прагматикалық мәнін түсіну архаикалық мәдениетте қалыптасқан заңдылықтарды қайта қалпына келтіруге қажетті қадам болып табылады [139]. Прагматиканың екі түріне қатысты ереже әмбебап сипатқа ие, өйткені бұл архаикалық ұғымдар қазіргі заманғы кез келген халықтардың дүниетанымында көрініс табады. Сонымен бірге, мәдени дәстүрлер әрдайым сыртқы формасы тұрғысынан белгіленген тәртіпке негізделіп орындалады, әрі бұл көпшіліктің қатысуымен орындалатын шара. Бұндағы ұлттық салт-

дәстүрлер мен рәсімдердің өзіндік орындалу тәртібі бар және де оған қатысушы адамдарға қойылатын талап та өте жоғары болып табылады. Жалпы, рәсімнің қоғам өміріндегі семиотикалық мәні аса жоғары болып келеді.

Дәстүрлі мәдениетте қалыптасқан ұлттық қарым-қатынастардың ерекшелігі әлемді құндылықтар вертикалі бойынша «жоғарғы» және «төменгі» деп бөлетін наным-сенімдермен байланысты. Адам жоғарғы және төменгі әлемдердің ортасында орналасады ден танылған. Аталмыш «аралық жағдай» арнайы рәсімді орындауды қажет етеді.

Осылайша, ұлттық салт-дәстүрлер мен рәсімдердің басым бөлігі адамның бір әлемнен екінші әлемге немесе бір күйден екінші күйге ауысу жағдайларын айқындайды. Бұл тұрғыда баланың дүниеге келуіне және адамның дүниеден озуына қатысты рәсімдер үлгілі рәсім болып табылады. Өйткені, жаңа туылатын нәресте мен қайтыс болған адам екі әлем арасында болады, және осы аралықта әдеттегі әрекет формалары өз мағыналарын жоғалтады. Өмір мен өлімнің арасындағы аралық жағдайда ерекше құпияға толы күрделі тылсым кеңістік туындайды. Осы аралық күйде дүниеге келетін жас сәби мен қайтыс болған адам орналасады, бұл жерде тірілер әлемі мен өлілер әлемі арасында символикалық шекара өтеді, адамдар осы кеңістіктің заңдарына бағынулары шарт.

Аталмыш «аралық жағдай» неғұрлым жақын болса, соғұрлым тыйымдар мен наным-сенімдерге негізделген ырымдар көбірек болады [139, 20-35 б.]. Осылайша, жерлеу кезінде кейбір халықтарда марқұмды жазда қысқы киімге, ал қыста – жазғы киімге кидіретін болған, ал жапондықтар болса қайтыс болған адамға кидіретін кимононы теріс байлайтын болған. Бұл дәстүрлер осындай аралық жағдайды семиотикалық тұрғыдан белгілеп, әдеттен тыс жағдай екендігін салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғыларға қатысушы қауымға айқындап отырған.

Осыған ұқсас, қайтыс болған кісіге кейбір халықтар киім-кешектерін оң жақтан емес, әдеттегі өмірдегіден өзгеше, керісінше түймелейтін болған. Төңіректегі адамдардың әрекеті де сәйкесінше әдеттегі өмірден өзгеше болып келген. Марқұмның туыстары мен достары шаштары мен киімдерін жыртып, тырнақтарымен тырнап, бастарын қабырғаға ұрып, қатты жылайтын болған. Жылау және өзін-өзі азаптау – қайғы-қасіреттің көрінуінің міндетті түрі болған. Бұл дәстүрге негізделген стереотип.

Байқағанымыздай, аза тұту кезінде қайтыс болған адамның жақын адамдарының әрекеті әдеттегіден өзгеше болып келген. Жуынуға болмау, шаш тарамау, үйді жинамау, қоқысты сұртпеу, түймелерді байламау, зергерлік бұйымдарды тақпау және т.с.с. тыйымдар жиі кездеседі. Жесір әйел көйлегін теріс киіп, шаштарын жайып жіберетін болған. Мысалы үшін, аза тұту кезінде марқұмның жақын туыстары дастарқан басында отырмайды, қарапайым тағам жеп, дәмдеуіштерден аулақ болып, ет жемеген.

Осылайша, тіршілік формаларының айналымы туралы қалыптасқан түсінікке сәйкес, адам өмірінің шексіздігі туралы, бір дүниеден екінші дүниеге дейінгі жол туралы ғаламдық идеяларда адамның әртүрлі өмір формаларында қайта тірілу идеясын байқауға болады.

Сонымен бірге, қайтыс болған адамдар қабірде өмір сүруді жалғастырады деген сенім берік болған. Марқұм мәңгі өмір сүру ережелеріне сәйкес қажетті заттармен жабдықталатын болған, оларға тамақ, тұрмыстық керек-жарақтар, көшпелі аймақтарда жылқы және тағы басқа керек-жарақтары берілетін болған. Қайтыс болған адамды шығарып салу шеруінде зираттан шығар алдында табыттың астына арнайы сыйлықтар қойылатын болған [140]. О дүниеде марқұмда барлық қажетті заттары болуы керек деп сенілген. Балаларды жерлеу кезінде кейбір халықтар ер жеткенде киетін кімдерін қоса салып жерлейтін болған.

Ежелгі түсініктерге сәйкес, өлім әрдайым күрделі өзгеріс болып табылады. Адам қайтыс болғаннан кейін оның басқа әлемде жаңа өмірі басталады деп сенілген. Қайтыс болған адам кез-келген түрде жер бетіне қайтып оралуы мүмкін, тіптен өз ұрпағында да туылуы мүмкін деп сенілген. Кез-келген нәресте өмірге қайтып келген қайтыс болған адам болып табылады деп сенілген. Өткен өмір жаңарып, қайтыс болған ата-бабаның мінезі мен іс-әрекеттерін жаңа туылған нәресте қайталайды деп саналған. Сондықтан олардың ата-бабаларының қабірлері мен қорғандары тірі адамдармен қатар орналасқан. Бұл тіпті екі түрлі әлем емес, біртұтас әлем ретінде қарастырылған.

Осылайша, ата-бабалар мен ұрпақтар біртұтас қасиетті қауымдастық құрады. Осы және о дүниедегі өмір бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленбеді. Олар бір-біріне толығымен сәйкес келеді деп сенілген. Марқұм осы дүниеден кетіп, бұрынғы қайтыс болған туыстарын тауып, солармен бірге өмір сүре бастайды деп қабылданған. Кейбір халықтардың дүниетанымына сәйкес өлім өмірге ұқсас болғандықтан, қайтыс болған адамдар жер бетінде қайта өмірге келулері мүмкін деген сенім қалыптасқан.

Кейбір мәліметтерге сәйкес, қайтыс болған жандар о дүниеде ендігәрі өлмейді, басқа сенімдерге сәйкес - адамдар қайтыс болып жер бетінде қайта туылады, сонымен қатар жақсы адам жер бетінде адам болып туылса, ал жаман адам жануар болып туылады деген сенім кездеседі. Адам қайтадан жануар, адам, өсімдік түрінде қайта туылуы мүмкін делінген. Адамнан өзге тіршілік иесі, әсіресе жануар кейпінде туылу ауыр жазалардың бірі болып саналған, өйткені жан сол тіршілік түрінде мәңгі қалады деп қабылданған.

Отбасылық рәсімдердегі адамның мәртебесінің өзгеруі су арқылы өту немесе ондағы өлім ретінде символдық түрде бейнеленеді. Өзен әрқашан о дүние мен бұл дүниені жалғастыратын символикалық асу ретінде қабылданған. Өзен, көбінесе отты өзен - бұл сиқырлы кедергі, өмір мен өлімді ажырататын шекара қызметін атқарған.

Осылайша, қарап отырғанымыздай семиотикада «шекара» деген ұғым кеңінен қолданылады – бұл «өз» және «өзге» әлемді бөлетін кеңістіктік шекара болып қарастырылған. Шекара қызметін шек, қоршау, қақпа, табалдырық, терезе, өзен атқаруы мүмкін. Табалдырық үй мен ауланың шекарасын кесіп өтетін жер ретінде қызмет етеді, ал қақпа аула мен даланың арасындағы шекараны кесіп өтеді. «Өз» әлемі – бұл отбасы, үй, аула, қауымдастық және оның жерлері болуы мүмкін [21, 10-35 б.]. Шекара - бұл қасиетті орын,

сонымен бірге таза емес және белгісіз күштердің кездесуіне байланысты қауіп-қатерге толы келеді.

Шекара жабық және ашық болып келеді. Жабық шекара қасиетті орындарға тән – ғибадатхана, храм қоршауындағы кеңістік, зират, мысалы, онда арам өлген адамдарды жерлеуге әкелуге тыйым салынған, оларды әдетте зираттың сыртында немесе оның шекарасында жерлеген [21, 20-32 б.]. Зұлым рухтар үшін көрінбейтін және қол жетпейтін шекараны құру тәсілі – бұл символикалық элементтерді пайдаланып, дұға оқу арқылы өзін айналдыра аластау болып табылған.

Семиотикалық шекара рәсімнің өткізілетін орны болып саналған, мысалы үшін, адам қайтыс болған жағдайды қарастырсақ, бұндағы шекара қызметін адамды жерлейтін орын атқарған, бұл жер тірілер мен марқұмдар дүниесін бөліп тұрған. Өмір мен өлім төңірегіндегі дүниетанымдық негіздер ерекше рәсімдердің пайда болуына түрткі болды. Осы дүниеден о дүниеге шекараны сәтті кесіп өту үшін қайтыс болған адамды қайыққа салып, кейде оны жағып жіберу ғұрыптары кездеседі.

Мәдени дәстүрлер жүйесі – бұл семиотикалық жүйе, ол белгілі бір мазмұнды, яғни дүниетаным туралы ақпаратты қамтиды және белгілі бір семиосфера аясында осы ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа сақтаудың және жалғастырудың тәсілін білдіреді.

Қорыта айтқанда, мәдени дәстүрлер дегеніміз – бұл жеке адам мен қоғамның арасында өте тығыз және ажырамас байланыстың болуын білдіретін ұжымдық, жаппай орындалатын іс-әрекет. Қазіргі заманғы адамдар үшін салт-дәстүрлер сонымен бірге конфессиялық ұғымдар семиотиканың құрамдас бөлігі болып табылады; діндарлар үшін бұл дәстүр бойынша құнды, жеке эмоционалды ерекшеліктермен безендірілген.

Мәдени дәстүрлер жазба дамымаған ерте кездердегі қоғамда ақпаратты сақтаудың ең көне тәсілі ретінде пайда болған деп есептеледі. Белгілі бір этникалық топтың рәсімдік жүйесінде жинақталған және сақталған ақпарат, біріншіден, ұлттық дүниетанымның нақты бейнесін, екіншіден, ерекше маңызды жағдайларда адамдардың әрекеттерінің белгілі бір моделін қамтыды. Ғұрыптың рәсімнің мағынасы дәл қайталануда, ұлттық дүниетанымын, халықтың жауапты және сынақ жағдайларда дұрыс әрекет қабылдау туралы тұжырымдарды бейнелейді. Мәдени дәстүрлерді сақтауды архаикалық қоғам өкілдері қауіпсіздік пен өркендеудің кепілі ретінде қабылдаған.

Ұлттық салт-дәстүрлердің генезисі туралы мәселені көтерген бірқатар зерттеушілер рәсімдік әрекет мифологиялық бейнелер мен тілдердің пайда болуының алғышартын тудырған семиотикалық жүйе деген тұжырымға келеді.

Сонымен, мәдени дәстүрлер белгі жүйесі ретінде өзінің діни немесе зайырлы формаларында әлеуметтік қарым-қатынас құралы ретінде әрекет етеді. Ұлттық салт-дәстүрлердің құрамдас бөліктері қатаң белгіленбеген, салт-жоралғыда кез-келген белгіні пайдалану әрқашан уәжделеді. Бұл дегеніміз, бұл жағдайда белгі шартты емес, демек, кездейсоқ емес.

Белгі мен берілген ақпараттың арасындағы байланыс ұлттық салт-дәстүрлерге қатысушылардың қарапайым келісімімен анықталмайды. Мәдени

дәстүрлер пен оның мағынасы арасында белгілі бір байланыс орныққан. Салт-дәстүрлер мен оған қатысты орындалатын рәсімдердің мағынасы осы мағынаны жеткізуге қолданылатын белгілердің сапасына әсер етеді.

Белгі ретінде таңдалған материалдық объект бір уақытта ақпарат беріп, белгілі бір ұжымдық, әлеуметтік тәжірибе туғызады. Үйдің құрылысы әлемді құруға, үйлену тойын қасиетті некеге, ауруды жақсылық пен зұлым рухтардың күресімен, жерлеу рәсімін басқа тіршілік үшін басқа әлемге кетуге теңеген.

Осылайша, семиотика ақпарат беру әдістерін, адам қоғамындағы белгілер мен белгі жүйелерінің қасиеттерін, негізінен табиғи және жасанды тілдермен, сондай-ақ кейбір мәдени құбылыстармен, әдет-ғұрыптармен, жоралғылармен, ырымдармен зерттейтін ғылым ретінде анықталады.

Семиотика ілімі аясында мәдени дәстүрлер, жалпы қандай да болмасын белгілер кешені әдетте үш өлшемде қарастырылады – синтаксистік, семантикалық және прагматикалық. Семиозистің үш өлшемі туралы ұғымды, сонымен қатар семиотиканың үш бөліктен тұратын құрылымын С.Пирстің ізбасары, американдық философ Чарльз Моррис [20, 275-320 б.] негіздеді. Ол өзіне коммуникацияның иконикалық теориясының ең жалпы принциптерін анықтау міндетін қойды. Морристің пікірінше, адам коммуникация барысында белгілерді қолданады, және қолданылған белгі жүйесінің деңгейі адамды жануарлар әлемінен түбегейлі ажыратады.

Моррис бойынша семиотиканы шартты түрде үш объективті бөлек бағытқа бөлуге болады – синтаксистік белгілер арасындағы қатынастарды, олардың тілдік құрылымдағы үйлесімі мен құрамын зерттеуге бағытталған; белгілер мен олардың белгіленген объектілері арасындағы байланысты және белгілердің мағынасы мен мәнін талдайтын семантика; «адам-белгі» қарым-қатынасын зерттейтін және байланыс процесінде белгілерді, белгілер жүйесін, тілдерді қолданудың практикалық аспектілеріне назар аударатын прагматика болып табылады [20, 275-320 б.].

Синтаксис белгілер жүйесінің құрылу заңдылықтарын, олардың синтаксисін, яғни белгілер құрылымын, мағыналарына қарамай осы құрылымдық бөлшектердің қалыптасуы мен өзгеру ережелерін зерттеуге арналған. Табиғи тілдерді және логика мен математиканың жасанды тілдерін зерттеуде синтаксис тілдің грамматикасымен, яғни сөздер, сөйлемдер және символдық өрнектер сияқты символдық кешендердің қалыптасуы мен қайта құрылу ережелерімен байланысты.

Семантика белгілер әлемінің объектілік әлемімен, олардың мағынасымен, қолданылатын объектілермен байланысын қарастырады. Ол белгілермен делдал болған әлеуметтік өзара әрекеттесулерде мағыналардың қалыптасуы мен қызмет ету заңдылықтарын зерттейді. Семиоздың мағыналық өлшемінің маңызды міндеті – тиісті атауды қолдана отырып, объектінің дұрыс мағынасын жеткізу. Логикалық семантика тұжырымының ақиқатын зерттеумен байланысты. Семантика тілдің белгілерін номинация объектісімен байланыстырады, тілдік белгіге денотат немесе сөйлеу белгісіне референт жатады.

Прагматика белгілер мен оларды пайдаланушылар – адамдар мен әлеуметтік қауымдастықтар арасындағы қатынасты зерттеуге бағытталған. Прагматикалық ережелер символдық бірліктер қабылданатын және белгілер ретінде қызмет ететін жағдайларды анықтайды. Бұл семиоздың прагматикалық өлшемі, белгілі бір жағдайда адам қарым-қатынасының ерекшеліктерін түсіну және түсіндіру үшін жетекші рөл атқарады. Ол байланыс субъектілерінің белгілерді қалай түсіндіретінін, әртүрлі жағдайларда семиотикалық құралдарды қалай қолданатындығын, олардың қарым-қатынасы, бағалауы және эмоционалды күйі тілдік құрылысты таңдау мен қолдануға қалай әсер ететінін көрсетеді.

Белгілер теориясының үш компоненттік құрылымын қарастыра отырып, сипатталған Ч. Моррис [20, 280 б.] тұжырымдамасына сәйкес біртұтас жүйе – байланыс тілі болатындығын атап өтеміз. Ол былай деп жазады: «Тіл терминнің толық семиологиялық мағынасында кез-келген тұлға аралық символдық құралдар жиынтығы болып табылады, оларды қолдану синтаксистік, семантикалық және прагматикалық ережелермен анықталады».

Сондай-ақ, семиотиканың үш өлшемінің арасындағы айырмашылық шартты және аналитикалық және танымдық есептерді шешу үшін қажет екенін түсіну керек. Функционалды және қолданбалы коммуникативті жазықтықта семантикалық, синтаксистік және прагматикалық сипаттамалар бір-бірінен ажыратылмайды және тек осы біртұтастықта адами қарым-қатынасты жеткілікті түрде сипаттайды. Табысты және тиімді қарым-қатынас жасау үшін оның субъектілері осы қоғамда (қауымдастық, әлеуметтік қоғамда) қабылданған синтаксистік, семантикалық және прагматикалық ережелерді қолдана алуы қажет.

1984 жылдан бастап Дж.Лотманның [21, 10 б.] «Семиосфера туралы» мақаласы жарияланғаннан кейін бұл тұжырымдама бір терминологиялық өрістен екіншісіне өтті. Тарту - Мәскеу мәдениетінің семиотика мектебінің пәндік терминологиялық саласында «семиосфера» «тіл – екінші модельдеу жүйесі – мәтін – мәдениет» терминдерімен байланысты. Пәнаралық терминологиялық өрістерден биосфера мен ноосферамен, немесе логосферамен байланыс әлдеқайда маңызды. Метадисциплинарлық тұжырымдама ретінде семиосфера мәдениеттану әдіснамасына жатады және холизм, бөлік және тұтастық ұғымдарымен байланысты [132, 344-345 б.]. Бұл тұрғыда семиосфера мәдениетті зерттейтін пәндердің бір-біріне сәйкестігін, жалпы мәдениеттану мен «түсіну әдістемесін» құруға бағытталған бетбұрысты білдіреді.

Қазіргі ғылымның беталысы аясында семиосфера объект пен метаконцепция екендігін есте ұстаған жөн. Зерттеу нысаны ретіндегі мәдениеттің динамикасы ғылымды жаңа сипаттама тілдерін іздеуге мәжбүр етеді, бірақ жаңа сипаттау тілдері өз кезегінде мәдени динамикаға әсер етеді, өйткені олар өзіндік түсіндірудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Сонымен, семиосфера термині мәдениеттің семиотикасына қатысты және мәдениеттің даму динамикасы аясында жаңа өзектілікке ие болған бірнеше ұғымдарды біріктіреді. Семиосфера түсінігі мәдениеттің семиотикасын оның тарихымен қайта байланыстырады, сонымен қатар қолданбалы мәдени

талдауды мәдениеттің тарихымен және мәдениеттегі жаңа құбылыстармен байланыстырады. Бұл байланыстар мәдениеттің семиотикасының мәдениетті зерттейтін ғылымдар арасындағы орнын анықтайды.

1.2 Мәдени дәстүрлердің қазақстандық ғылымда зерттелуі

Қайсыбір ұлттық мәдениетті алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесі ерекше семиотикалық жүйені құрайды. Бұл ретте мәдени дәстүрлердің алар орны зор. Г.Ж. Нұрышеваның [76, 1-28 б.] пайымдауынша, «отбасы ұлттың және ұлттық мәдениеттің тарихи даму субъектісі» болып табылады. Осылайша, отбасы бір жағынан өткенмен байланысып, әулеттік сананы құрап, болашаққа ұмтылысты білдіреді, мәдени және рухани құндылықтардың сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Ежелгі заманнан бері Қазақстан халқына тән мәдени-құндылық сәйкестігі дәл отбасымен байланысты болды, бұл негізгі әлеуметтік-мәдени құндылықтардан алынған отбасылық тәрбие құндылықтарының жалпыұлттық бірлігінде көрінеді. Қазақстандық отбасының құндылық басымдылықтарындағы өзгерістер ғана емес, сонымен бірге отбасының өзі әлеуметтік институт ретінде ХІХ-ХХ және ХХ-ХХІ ғасырлар тоғысында әлеуметтік-мәдени жағдайдың өзгеруінің әсерінен орын алды.

ХХ ғасырда қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті кеңестік мәдениет контекстінде зерттелді [77, 10 б.]. Көшпелілер мәдениеті еуроцентризм теориясы тұрғысынан қарастырылды, бұл кезде Шығыстың тарихи-мәдени дамуы еуроцентризм тұжырымдамасы тұрғысынан зерттелді. Жоғарыда аталған тұжырымдаманың негізгі идеясына сәйкес, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті бұрынғы ескірген мәдениет, Ресейдің араласуынсыз, әрі қарай тәуелсіз дамуға мүмкіндіктері жоқ елдің мәдениеті ретінде ұсынылды.

Сонымен қатар, еуропалық мәдениетті зерттеу тарихында ұзақ уақыт кезеңдік, прогрессивті, тарихи процестің эволюциялық дамуы тұжырымдамасы басым болды, мәдени және еуроцентризм шеңберіне сәйкес келмейтін мәдениеттер экономикалық және мәдениет жағынан даму тұрғысында олардан төмен тұрды [77, 15-29 б.]. Осыған сәйкес, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті еуропалық мәдениетке қатысты дамудың төменгі сатысында деп саналды және белгілі бір уақыттан кейін технологиялық прогрестің нәтижесінде дәстүрлі көшпелілер мәдениеті мәдени дамудың жоғары сатысына жетуі керек деп есептелді.

Алайда, тарих ғылымында дәстүрлі мәдениеттің өзіндік жазба тарихы жоқ деген пікір қалыптасқан, өйткені дәстүрлі мәдениет алдыңғы ұрпақтарда қалыптасқан құндылықтар мен ой-сана негізінде қалыптасады деп саналған. Барлық дерлік ақпарат ұрпақтан-ұрпаққа адам жадынан, ауыз әдебиеті арқылы жеткізілген. Негізінен бұл тұжырымдаманы жақтаушылар жазбаша мәдениет бұл қоғамға тән құрылымды, мінез-құлық түрін, ой-сана ерекшеліктерін ұжымдық жадты сақтау арқылы жүзеге асырған деп санайды. Ю.М.Лотман [21, 34-50 б.] өзінің «Балама вариант: мәдениетке дейінгі жазба мәдениет, әлде мәдениетке дейінгі мәдениет?» атты еңбегінде дәстүрлі мәдениетке тән өзіндік, тәуелсіз, жазылмаған мәдениеттің бар екендігін дәлелдейді. Жазбаша мәдениет,

ақпараттың ауызша берілуі бүкіл Қазақстан тарихына тән. Қазақстан тарихы ғылымында ешқандай зерттеу негізі – тарихи дереккөздер жоқ деп айтуға еш негіз жоқ. Қазақ халқының тарихына қатысты дереккөздердің ішінде ауызша халықтық өнер, археологиялық қазбалар, тұрмыстық заттар, нанымдар және т.б. маңызды орын алады [78, 14-26 б.]. Шынында да, 19 ғасырдан бастап этнография дәстүрлі қоғамдардың тарихы мен мәдениетін зерттеумен айналысты: салт-дәстүрлерді, ырым-жырымдарды, ұлттық киімдер мен тағамдарды, дүниетаным мен ұлттық ой-сананы зерттеді.

Жалпы этнография ғылымы түрлі халықтардың тұрмыс-тіршілігінің сипатын, олардың негізін, ұлттық санасы мен болмысының дүниетанымдық ерекшеліктерін, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерін, ұлттық әдебиетін, ауызекі сөзін және тағы басқа көптеген ұлттық қырларын зеттейді. Қазақстанның этнографиялық саласындағы құнды мәліметтерді қамтитын дереккөздер негізінен VI–VIII ғасырлардағы ежелгі түркі жазбаларын, атап айтқанда Орхон-Енисей жазбалары, кейінгі ғасырға дейінгі жазба деректерін біріктіреді. Олардың қатарында бүкіл әлемге танымал екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Ж. Баласағұни, Мұхамед Хайдар дулати, Асан Қайғы, Бұхар жырау сынды қазақ халқы мен бүкіл түркі елінің маңдайына біткен танымал ойшыл, ғалымдар, жыраулар мен жазушыларымыздің қайталанбас еңбектерінің алар орны ерекше екендігін атап өткен абзал [80, 2 б.].

Революциядан кейінгі елдегі мәдени жағдайды (XX ғасырдың 20-шы жылдарының ортасына дейін) Тұрар Рысқұлов зерттеді. Мәселені талдауға Т.Жүргенов, С.Нұрпейісов және басқалар айтарлықтай үлес қосты. Олар қазақ ұлттық салт-дәстүрлер мен әдебиетін зерттеудің негізін қалады, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан қазақтардың неше ғасыр бойғы халықтық даналығын зерделеуге ерекше назар аударды. Жалпы, ғалымдар ауызша поэзияның жазбаша әдебиетпен, қазақ халқының мәдени мұрасымен байланысын дұрыс қарастырды. Қазақ мәдениеті тарихы жүйелі түрде Е.Исмаилов пен С.Мұқановтардың еңбектерінде қарастырылды.

Қазақ халқы ұзақ жылдар бойы Кеңес өкіметінің қоластында болуы себепті, сол кездері арнайы қазақ халқының мәдениеті мен болмысына қатысты ізденістер жасау айтарлықтай қиынға соқты. Егемендікке қол жеткізген тәуелсіз елімізде бүгінгі күні ұлттық салт-дәстүрлер мен тарихымызды зерттеуге барынша жағдай жасалуда, тіптен өз алдына дербес ғылыми-зерттеу бағытының дамуына еліміздің ғалымдары тарапынан үлкен үлес қосылуда. Жылдан-жылға халқымыздың рухани жаңғыруын ілгерілетуге бағытталған түрлі тақырыптардағы арнайы зерттеу жұмыстары жүргізіліп, арнайы ізденістер қолға алынуда, оның ішінде монографиялар мен қатар жылда қорғалып жатқан диссертацияларды атап өтуге болады.

Қазақ халқының мәдени дәстүрлерін зерттеуде ерекше үлес қосқан отандық ғалым Х.А. Арғынбаевтың [68, 15-67 б.] еңбектерін жеке атап өткенді жөн көрдік. Ғалымның «Қазақ халқындағы отбасы мен неке» атты құнды еңбегі кеңес заманында жарық көрген. Бұл жұмыста халқымыздың отбасылық ғұрыптары толыққанды қарастырылған. Сонымен бірге этнограф-ғалымдар С.Кенжеахметұлы [69, 20-57 б.], А. Жүнісұлының [70, 3-50 б.] «Пәниден бақиға

дейін» атты еңбегінде баланың дүниеге келіп, адамның дүниеден озуына қатысты қазақ халқының мәдени дәстүрлері жан-жақты зерделенген. Аталған еңбектерде мәдени дәстүрлер аясында қазақ халқының түрлі жөн-жоралғылары, оның ішінде, мысалы үшін, қонақтарды қабылдаған кездегі ұлттық құндылықтарын сипатталып, беташар рәсімін орындау кезінде қалыңдыққа қатысты орындалатын рәсімдер қарастырылған.

Сонымен бірге, отандық этнограф, археолог ғалымдар, атап айтқанда С.Е. Әжіғали [71, 143–190 б.], К.М. Төлеубаев [72, 1-5 б.] жазған ғылыми еңбектерінде қазақ халқының ұлттық мәдениеті, сондай-ақ, отбасылық салт-дәстүрлер, олардың қолдану аясы мен түрлері, ұлттық наным-сенімдер мен түрлі жөн-жоралғылары ұлттық дүниетаным негізінде жан-жақтан сипатталып, талданған. Мысалға, С.Е. Әжіғалидың [71, 143–190 б.] басшылығымен басылып шыққан «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» деген бірнеше томдық еңбегінде халқымыздың ұлттық салт-дәстүрлері барынша жан-жақты талданып, түрлі жағдайларда орындалатын ғұрыптар мен жөн-жоралғылардың мән-мағынасы мен түрлеріне сипатта берілген. Аталмыш жинақта келтірілген деректер диссертациялық жұмысты жазуда айтарлықтай негіз болды.

Салт-дәстүрлердің сипаты мен ерекшеліктері бірқатар жұмыстарда көрініс тапты. Қарастырылып отырған мәселе бойынша қызықты әрі құнды мәліметтер Н.Ж. Шаханова [73, 18-49 б.] мен Ж. Ерназаров [75, 3-70 б.] сынды отандық ғалымдарымыздың еңбектерінде көрініс тапты. Бұл ғалымдардың жұмысы терең теоретикалық талдаулармен қатар, халқымыздың ұлттық мәдениетін семиотикалық-құрылымдық тұрғыдан қарастырған бірден-бір ғылыми еңбек ретінде келтірілген отбасылық ғұрыптар мен наным-сенімдерге қатысты мәліметтердің семантикалық мағынасы мен сипатын талдау тұрғысынан айтарлықтай құнды әдебиет көзі болып табылды.

XIX ғасырдағы қазақ шындығында наным-сенімдер мен ырымдардың рөліне Шоқан Уәлиханов ерекше назар аударып зерттеген. Ол ырым тұжырымдамасының негізін анықтай отырып, бұл ұғым бір мезгілде киелі (қасиетті күш) және құт-береке (өркендеу, бақыт) және жұтпен (зұлымдық) байланысты деп атап өткен [80, 10-37 б.]. Кие – бұл табиғи элементтер, тірі жандар және заттарда кедесетін қасиетті күш деп саналған. Киесі бар заттарды салт-дәстүрлерде қолдану, ұлттық нанымдарға сәйкес құтқа қол жеткізуге мүмкіндік берді, яғни байлықпен үйлескен бақыт идеясы негізінде, ал рәсімдерді орындамағандар жазаланды: кие зұлымдыққа айналды – кесір - киенің жазалау күші болып табылды.

Н.Ж.Шаханова зерттеулерінде қазақтардың дәстүрлі материалдық және рухани мәдениетінің құрылымдық элементтеріне: тұрғын үй, тамақтану жүйелері және т.б. салт-дәстүрлер мен символдық қызметтеріне байланысты семантикалық талдау жасалған [74, 150-174 б.]. Н.Ж.Шаханова еңбектерінде ұлттық тағамдардың семантикасы әлеуметтік символизмнің ерекше бөлігі ретінде қарастырылған. Жас ерекшеліктері жүйесінің белгілі бір ырым-жырымдар негізінде, соның ішінде тағам семиотикасы негізінде ресімделді. Осылайша, Н.Ж.Шаханова ұлттық тағамдардың семиотикалық жіктелуін анықтады:

Баланың туылуы кезіндегі ең маңызды рәсімдер барысында орындалатын жоралғылардың ерекшелігі, олар баланың жынысына қарамай орындалды: «шілдехана» (баланың туылу мерекесі), «бесікке салу», «Қырқынан шығару» (алғашқы қырық күн өткеннен кейін орындалатын рәсім), «тұсау кесу» (жол ашу). Әлеуметтенудің белгілі бір кезеңдерін белгілейтін мерекелердің түрлері:

а) ер адамдар қауымы үшін: Атқа мінгізу (баланы алғаш рет атқа отырғызу), сүндет той (мұсылмандық сүндеттеу рәсімі), жора боза (құрдастармен бас қосып дәм тату);

б) қоғамның әйелдер бөлігі үшін: кимешек (тұрмысқа шыққан қыз баланың бас киімін киюге арналған ас), құрсақ той (алғашқы жүктілікке арналған ас), белшалғыш кигізу (ас алжапқышын киюге арналған тағам).

Қазақтардың қайтыс болған адамды жерлеу және еске алуына байланысты салт-дәстүрлер кешені келесідей негізгі қағидаттарынан тұрды: қайтыс болғаннан кейін қырық күн ішінде марқұмның рухы қайтыс болған жеріне киіз үйге келеді деген сенім, оған қымыз тостаған қою; адам қайтыс болған киіз үйге тамақ қоюға тыйым салу; марқұмның киіз үйінде үш күнге тамақ дайындауға тыйым салу; жесір әйелге тамақ дайындауға тыйым салуы (әсіресе алғашқы үш күнде); қайтыс болған адамнан тамақ өнімдеріне бақытты ауыстыру дәстүрі; үйдегі бақытты «сақтау»; марқұмның жылқысын бір жылдығында құрбан ету; марқұмның рухына ас беру рәсімі.

Отбасы, отбасылық құндылықтар, ұлттық дәстүрлер сияқты зерттеу мәселелерін, отбасының тарихи-этнографиялық зерттеулеріне қазақ ғалымы Х.А.Арғынбаевтың [68, 197-250 б.] «Қазақтар арасындағы отбасы мен неке» атты докторлық диссертациясы қазақ отбасының қалыптасуы мен даму тарихын сипаттауға ерекше үлес қосты.

А.Т. Төлеубаев [72, 1-5 б.] қазақ халқының отбасылық рәсіміндегі исламға дейінгі наным-сенімдерді қарастырған. Қ.Ш. Шүлембаев [141] балгерлер, құдайлар және шындық тақырыбында ұлттық дүниетанымға талдау жасаған. Н.Шаханова [73, 18-49 б.] баланың туылуына байланысты қазақ рәсімдерін семиотикалық тұрғыдан зерделеген. Ә.Диваев [84, 110-127 б.] ертедегі қазақтардың жерлеу рәсімдері мен салт-дәстүрлерін зерттеген. А.Т. Құлсариева, Ж.Н. Шайгозова, М.Е. Сұлтанова [83, 58-63 б.] қазақ көшпенділерінің дәстүрлі салт-жоралары мен ондағы анимизмнің рөлін талдаған.

Қазақ киіз үйінің символикасы киіз үйдің рухани, мәдени және ғылыми-философиялық мағынасын ашатын еңбектер де үлкен назар аударуға тұрарлық. Көшпелі мәдениеттің символизмі дүниетанымдық философиялық негіз болып, көшпенді қазақ халқының өмір сүру қағидаларын қалыптастырды. А.Төлеубаева қазақтардың түрлі аймақтардағы жерлеу салтын, қазақтардың үйлену тойлары, ана мен балалар циклінің салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын зерттеді [72, 1-5 б.]. Олардың ішінде: «кіндік шеше» – яғни. ана немесе босанған ана, «ат қою» - балаға есім беру, «шілдехана» – баланың дүниеге келуіне арналған мереке, «бесікке салу», «қырқынан шығару», «тұсау кесу», «сүндетке отырғызу» сияқты салт-дәстүрлерді жан-жақты қарастырған.

Қазақстан ғылымында отбасын әлеуметтанулық және этикалық-философиялық зерттеулер тұрғысынан көбірек қарастырылады. Бұларға, ең

алдымен, Х.А. Арғынбаев [68, 15-67 б.], Н.Шаханованың [74, 18-49 б.] еңбектері жатады.

Осы ретте, тарихи-этнографиялық еңбектердің ішінде көрнекті қазақстандық ғалым Х.А. Арғынбаевтың [68, 15-89 б.] еңбектерін ерекше атап өту қажет. Оның «Қазақтар арасындағы отбасы мен неке» атты докторлық диссертациясы қазақ отбасының қалыптасуы мен даму тарихына арналған. Онда автор әртүрлі тарихи кезеңдерде қазақтардың отбасы мен үйленуіне жан-жақты және терең этнографиялық талдау жасайды. Бұл әсіресе неке нысандары, үйлену тойлары мен рәсімдерге қатысты мәселелерді қамтиды.

Р.Мустафина [78, 25-70 б.] мәдени сәйкестендірудің дәстүрлі жолын талдаудың әлеуметтік-философиялық аспектісі әсер етудің нақты факторларын көрсете отырып, әлеуметтік болмыс пен қоғамдық сананың арақатынасын анықтаумен байланысты екенін айтады. Қазақтарды мәдени сәйкестендірудің маңызды факторларына – шаруашылық түрі, тілі, мифтері, дәстүрлерін жатқызады.

Табиғатпен бірліктегі шаруашылық түрі қазақтардың ұлттық болмысы мен салт-санасының ерекшеліктерін анықтады. Тіл қазақ көшпелілерінің мәдени бірегейлігінің герменевтикалық өрісін құрайды. Ол қазақтардың ойлау стилін білдіреді. Мифтер – қазақ тарихының дүниетанымының көрінісі. Қазақтардың мәдени дәстүрінде олардың қызметі мен қарым-қатынасының бағдарламасы бекітілген.

Зерттеуші дәстүрлі қазақтардың материалдық және рухани мәдениетіне мәдени артефактілер мен көшпелілердің өмір сүру деңгейін жатқызады; қазақтарды мәдени сәйкестендірудің дәстүрлі тәсілі – бұл Дешті Қыпшақтан алынған көшпелілер мәдениетіне, мәдени мұраға деген адалдығын анықтайтын тарихи процесс деп атап өткен [80, 25-70 б.].

Қазақстан тарихы туралы еңбектерде діннің қазақ қоғамындағы өміріндегі рөліне қатысты мәселелер, әдетте, көп қарастырылмаған. Дін мәселелерін қозғауға бел буған бірнеше қазақ тарихшыларының бірі Е.Б.Бекмаханов. Көрнекті қазақ тарихшысы діни фактор мен негізгі ұлттық құндылықтардың байланысы мәселелерін қарастырды.

70-80 жж. ХХ ғасыр философтар мен этнографтардың қаламына тиесілі Қазақстандағы ислам мәселелеріне арналған арнайы еңбектер де шыға бастады. К.Ш.Шүлембаевтың [141, 35 б.] және Ш.Б. Амантурлинаның еңбектерінде [142] діни көзқарастар қазақ халқының салт-дәстүрлерін, олардың көпшілігінің синкретизмі мен исламға дейінгі шығу тегі туралы зерттеу жүргізді. К.Мұқанов [143] пен М.Искаков [144] ислам дінінің идеялары мен олардың тасымалдаушылары туралы қарастырды.

Зерттеу тақырыбын қарастыруда сонымен бірге, А.Е. Бижанова [79, 1-24 б.], М.С. Тұрсынова [77, 25-48 б.], У.Х. Шалекеновтың [82, 10-55 б.], С.К. Камалов [85, 17-60 б.] еңбектерінің қазақ халқының наным-сенімдерін зерттеу үшін маңызы зор.

Посткеңестік кезеңде әлеуметтік ғылымдарда, соның ішінде исламды зерттеуде күрт өзгерістер болды. Ресей империясында да, Қазақстанда да көптеген қызықты, ғылыми маңызды еңбектер жарық көрді. Солардың ішінде

А.Сұлтанғалиеваның [146] «Қазақстандағы исламның эволюциясы» еңбегін атап өтуге болады. Сонымен бірге Сейіт Кенжеахметұлының «Қазақ халқының күнделікті өмірі мен мәдениеті» атты еңбегі қазақ халқының отбасылық мәдениетін қарастыруда маңызы зор. Аталған еңбектерде қазақ қоғамының этно-конфессиялық санасының қалыптасуының күрделі және нәзік көрінісі сипатталған. Қазақтардың ұлттық наным-сенімдерінің табиғатын қарастыру барысында философ Б.Қанарбаеваның [146] зерттеулеріне жүгіну өте нәтижелі болады.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін отандық ғалымда халқымыздың тарихын, мәдениетін, ұлттық болмысын жаңғыртуға барынша үлес қосылуда. Көптеген отандық ғалымдар еліміздің тарихы мен мәдениетіне қатысты бірқатар құнды еңбектер жазып, көптеген бұрын-соңды толыққанды зерттелмеген мәселелерге арнайы ізденістер жүргізіп, құнды мәліметтер ұсынуда.

Соңғы жылдары ғылыми этнографиялық баспа қызметі едәуір жанданды. Бұған көптеген ірі басылымдар дәлел бола алады: жоғарыда аталған «Қазақтардың салт-дәстүрлері», «Арал-Каспий тарихы мен мәдениеті», «Алтай Қазақтары», «Көшпенділер сәулеті – Еуразия тарихы мен мәдениетінің феномені», сонымен қатар Ш.Ж. Тоқтабайдың «Қазақ шеберлерінің күміс жолы» [147], Р.А. Бекназаровтың «Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері» [148], О. Исмағұлов, К. Сихымбаева, А. Исмағұлованың «Қазақтардың этникалық дерматоглификасы» [149], А.У. Тоқталайын «Түркі халықтарының этномедениеті» [150], және Г.М. Төлеубаеваның [151] «Қазақтар мен Орталық Азия халықтарының отбасылық салт-дәстүрлері» атты еңбектерді, сонымен бірге «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында этнология бөлімі қазақтардың дәстүрлі мәдениеті туралы «Қазақ халқының дәстүрлерін мен әдет-ғұрыптары» атты екі томдық кітабын [35, 1-5 б.] ерекше атап өтуді жөн санадық.

Жалпы мәдени дәстүрлер мәселесі пәнаралық сипатқа ие екендігін ескере отырып біз тарихи, этнографиялық және мәдени әдебиетке жан-жақты (пәнаралық) талдау, сонымен қатар психологиялық және социологиялық ғылымдардағы эмпирикалық зерттеулерге де сүйендік.

Қазіргі мәдениеттану ғылымында мәдени дәстүрге келесі анықтама беріледі: «қоғамды тұрақтандыратын, өткеннің қазіргі кезеңдегі бейнесін қамтамасыз ететін, бүгінгі ұрпаққа өткен тәжірибеге сүйенуге мүмкіндік беретін негіз. Біртұтас бірлікте ұрпақтар сабақтастығы негізінде берілетін қызметтің дәйекті ережелерінің жүйелері мәдениеттің мәні болып табылатын қызмет технологиясын құрайды» [145, 5 б.].

Халықтың басынан өткерген тарихи жолы оның ұлттық жадында сақталады, ол болашақта белгілі бір көзқарастарға тұрақтылық береді, құндылық бағдарлары ұзақ уақытқа созылып ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, белгілі бір өмір салты мен ой-сана негізін құрайтын дәстүрлі мәдениет халықтың ұлттық мінезін, ұлттық болмысын айғақтайды.

Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстан Республикасы тарихи өзін-өзі тану процесінде, қазақтардың этникалық генезисін және оның әлемде қалыптасуын қарастыруда. Осы міндеттерді жүзеге асыруда мәдени сабақтастық мәселесін шешу ерекше рөл ойнайды, сондықтан мәдени және мәдени мұра мәселелері үлкен назармен зерттеліп, қолда бар деректер барынша қайта талдануда. Қазақстан Республикасының Президенті 2004 жылғы 13 қаңтарда бекіткен, 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, тарихи-мәдени ескерткіштердің сақталуын, тиімді пайдаланылуын және қазақстандық қоғамның әлеуметтік секторларын қол жетімді етуге бағытталған.

Еліміздің өткерген тарихи кезеңдері мәдени әлеуетін қалыптастыруда өзіндік із қалдырды. Мұндай ерекше бағдарламаның міндеттері әртүрлі. Олар мәдениеттің барлық дерлік салаларына қатысты, бірақ бір мақсатпен біріктірілген – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын сақтауды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, республиканың әртүрлі аймақтарындағы әртүрлі топтардың мәдени элементтері мен ақпараттық ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін біртұтас мәдени кеңістікті қалыптастыру.

Тарих ғылымындағы бұл бағыт қазіргі кезде Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар мұрағаттарда, кітапханаларда, мұражайларда және шет елдерде кездесетін материалдарды зерттеуді қамтиды. Ол үшін осы бірегей материалдарды, құжаттарды зерделеу, олардың сақталуын қамтамасыз ету, оларды электронды тасымалдағыштарға беру, қол жетімділігін қамтамасыз ету, қолжазбалардың көшірмелерін жасау, тарихи маңызы бар басылымдар, сонымен қатар алыс және жақын шетелдерге экспедициялар ұйымдастыру бойынша жұмыстар кеңінен атқарылуда.

Республиканың тарихи және мәдени ескерткіштерін қайта қарастыру, қазақ халқының мәдени мұрасы туралы іргелі еңбектер жасауға, оларды ғылыми тұрғыдан зерделеуге, мәдени ескерткіштер мен Қазақстанның тарихи кодтарын жариялауға ерекше көңіл бөлінеді. Енді, ХХІ ғасырдың басында елдің мәдени өткенін зерделеу, қазақ жұртшылығын белгілі мәдени мұраның ескерткіштерімен, әдебиет пен фольклордың әйгілі үлгілерімен, қазақ халқының философиялық ойларымен таныстыру үшін барлық қажетті әлеуметтік-экономикалық, саяси, идеологиялық алғышарттар жасалуда.

Олардың қатарына философиялық, саяси және тарихи ойдың бай қазынасын құрайтын ауқымды жұмыстар кіреді. Тарихи-мәдени мұраның осы мысалдарының ерекшелігі сол, олар ғасырлар бойы қалыптасып, адамдардың жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, қазіргі адамдардың бойына сіңірілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәдени саясатында Қазақстан тарихы, қазақ ұлтының қалыптасу тарихы, атақты шетелдік тарихшылардың еңбектерін, сондай-ақ қазақ мәдениеті шедеврлерін әлемнің негізгі тілдеріне аудару мәселелеріне арналған материалдарды мемлекеттік тілге аударуға көп көңіл бөлінеді. Осылайша, өзіндік мәдени алмасу және әлемдік мәдени кеңістікке интеграция процесі жүзеге асырылуа.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы тарих пен этнография жаңа өркендеген Қазақстанда тұруға және өмір сүретін жас қазақстандықтардың тәрбиесі мен

санасына әсер етудің тиімді құралына айналды. Қазіргі Қазақстан ұлттық жаңғыру кезеңін бастан кешуде. Ұлттық-мәдени жаңғыру процесі мәдени парадигманың өзгеруін білдіреді.

Бұрынғы тұжырымдамаларды қайта қарау, ұмытылған немесе тыйым салынған атауларды қайтару қазіргі Қазақстанның мәдени өміріне тән белгілер. Ұлттық жаңғыру процесі тек қазақ тарихына деген қызығушылықтың артуымен ғана емес, сонымен бірге ұлттық дәстүрлер мен жоралғылардың қайта жандануымен де қатар жүреді. Қазақ дәстүрлерінің жандануы бүгінде Қазақстанда тарихи сабақтастықты қалпына келтіру ретінде қабылданады.

1.3 Мәдени дәстүрлердің жапондық ғылымда зерттелуі

Жапон халқының мәдени дәстүрлерін семиотикалық тұрғыдан қарастыруға негіз болатын мәдениет, дін, эстетика және философия салаларындағы мазмұнды және құнды ғылыми еңбектер көптеп кездеседі. Олар жапондықтардың ұлттық салт-дәстүрлері мен дүниетанымына семиотика тұрғысынан жан-жақты мәлімет беріп, диссертациялық жұмысқа айтарлықтай негіз болды.

Дәстүрлі мәдениеттерде, отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері аса маңызды рөл атқарады. Мәдени дәстүрлер арқылы жапон халқы ұлттық мәдени құндылықтар мен ұлттық тәрбие негіздерін ғасырлар бойы сақтап жапон қоғамының тұрақты дамуына зор ықпал етуде.

Жапондық ғылымдағы этнологиялық зерттеудің бір ерекшелігі, олар тек жапон халқының ұлттық дәстүрлерін ғана емес, сонымен қатар жапон халқы өмірінің барлық салаларын да қамтиды. Осы ретте, жапон фольклор қоғамының ресми журналы Нихон-Минзокугакудың рөлін ерекше атап өткен жөн, жалпы құрылған жылдан бері бұл басылым ұлттық салт-дәстүрлердің түрлі тақырыптарына арналған 1500-ден астам мақала жариялады.

Жапон мәдени антропология қоғамының ынтымақтастығымен мәдени антропологияның жапондық шолуы атты журналында (JRCA) қоғамның зерттеу бағыттарын келесі бағыттар бойынша таныстырады: (1) отбасы, туыстық және жергілікті қауымдастықтар; (2) қоршаған орта және өмір сүру деңгейі; (3) дін мен салт-жоралар; (4) ұлттық мейрамдар мен орындаушылық өнер; (5) ауызша әдебиет дәстүрі; (6) материалдық мәдениет; (7) мұражайлар мен халықтық фольклор. Кіріспе бөлімде Янагита Кунионың фольклорлық зерттеулерінің дамуы, әсіресе батыс этнологиясы мен антропологиясының жапон фольклорлық зерттеулерін сипаттауға әрекеті қарастырылады [99, 345-346 б.].

Жапон ғалымдарының жапон этнологиясын зерттеу саласындағы өзіндік мәдениеті мен қоғамы туралы жасаған жұмыстарының құнды жинағы қалыптасқан. Алайда, ұлттық мәдениетті зерттеудің практик мамандары негізінен Жапонияны зерттеудің жалғыз пәні ретінде қарастырады және мақсатты аудитория ретінде басқа жапон зерттеушілерімен ортақ мақалалар жазады. Осы саланың дамуында Янагита Кунио мен Екінші дүниежүзілік соғыстың әсері зор.

1949 жылы Жапон фольклор қоғамы құрылғаннан кейін де, жапон ұлттық мәдениетін зерттеушілер өз жұмыстарын шетелде жариялауды сирек қарастырды. Жапон фольклортану саласы ежелден оқшаулану күйінде дамыды.

Алайда, жапон фольклорлық зерттеулерінің ауқымы тек фольклорды ғана емес, сонымен бірге ұлттық дүниетаным, мәдени дәстүрлер, босану және бала күтімі, қайтыс болу және жерлеу, ауылдық, отбасылық және туыстық қатынастар, жыл сайынғы іс-шаралар, халықтың ұлттық наным-сенімдері, ауыз әдебиеті, ұлттық салт-дәстүрлері мен халықтық өнерді қамтыды. Сонымен қатар мәдени құндылықтар мен табиғатпен өзара әрекеттесу сияқты мәселелер өз көрінісін тапқан. Іс жүзінде, жапон фольклортану мәдени және әлеуметтік антропология сияқты кең ауқымды салаларды қамтыды.

Бұл ұлттық дәстүрді немесе этнологияны зерттеуге көп көңіл бөлетін басқа елдердегі зерттеулермен салыстырғанда жапон этнологиялық зерттеулерінің басты ерекшелігі болып табылады.

Жапон этнологиясының тарихы сабақтас пәндермен академиялық алмасу арқылы дамыды. Оның зерттеу нәтижелері Жапониядағы мәдени және әлеуметтік антропологиялық зерттеулерге жақсы сілтеме болып қана қоймайды, сонымен бірге маңызды зерттеулер ретінде қарастырылуы керек. Мысалы, жапон этнологиясы Окинавада мәдени және әлеуметтік антропологиямен тең дәрежеде зерттеулер жүргізді және екі тарап арасында қызу академиялық алмасулар болды [116, 58-67] 80-ші жылдары кегарэ, яғни символикалық ластану, мәселесі бойынша мәдени антропология мен фольклортану арасында қызу теориялық пікірталастар болды.

Мәдени және әлеуметтік антропология сияқты жапондық этнология саласындағы зерттеулер далалық жұмыстарға негізделген [152]. Алайда, фольклортану антропологиялық тәсілдерден басқа этникалық топтарды зерттейтіндігімен ерекшеленеді, өйткені бұл жерде тек жапон халқы мен мәдениетін зерттейтін жапон зерттеушілерді қатысады [153]. Бұл тұрғыда жапон фольклорлық зерттеулері жапон халқының өзіндік мәдениетін өз бетінше зерттеуді білдіреді. Негізінен шетелдік мәдениеттерді зерттейтін жапондық мәдени және әлеуметтік антропология жағдайында ұзақ мерзімді далалық жұмыстарды немесе басқа мәдениеттерді алдын-ала зерделеудің академиялық әдістері, сондай-ақ тұжырымдардың теориялық талдауы қажет [154]. Сонымен қатар, мұндай зерттеулер белгілі бір мәдениетті түсінумен тоқтап қалмайды, бірақ, адамзат қоғамы немесе мәдениеті туралы жан-жақты түсінік алуға тырысады. 1920-30 жылдары Бронислав Малиновскийдің [130, 7-16 б.] функционализмі Ұлыбританияда басталған эволюциялық антропологияға күрт теориялық және әдіснамалық өзгерістер әкелді. Кейінірек, 1950-1960 жж. Клод Леви-Стросстың [155] теориялары басқа гуманитарлық пәндерге де қатты әсер етті. Бұл өз кезегінде жапон ғалымдарының мәдени дәстүрлерді зерттеу әдістеріне де өз ықпалын тигізе бастады.

1970-1980 жылдары Клиффорд Герц [156] мәдени ғұрыптардың мағыналарына назар аударып, түсіндірме антропология мектебін құрды. Соңында «Жазу мәдениеті: Этнографияның поэтикасы мен саясаты» мәдени өкілдіктердегі билік мәселесін, сонымен қатар мәдени сынның түсінігін

антропологиялық аудиторияға енгізе отырып, басқаларға мағынаны қалай тиімді жеткізуге болатындығын қарастырды [157]. Бұл теориялар тіпті сыйлық алмасу, тектілік және диаспора сияқты ұғымдармен байланысты болды. Мәдени және әлеуметтік антропология әлем үшін жалпы теориялық негіз құруға дәйекті түрде үлес қосты.

Екінші жағынан, жапон фольклорын зерттеудің негізгі мақсаты белгілі бір құбылысты зерттеу, оны жазып алу және оның жергілікті контексттегі маңыздылығын қарастыру болды. Алынған зерттеу қорытындылары мен тұжырымдары пән аясында талқыланғанмен, халықаралық академиялық қауымдастық үшін ортақ теориялар жасауға аз талпыныс болды. Этнология мен фольклортану жапон тілінде де «минзокугаку» деп аталады, дегенмен бұл терминдердегі канджи, яғни жазылу реті әр түрлі. Бұл факт жапон фольклорын зерттеудің ерекшелігін айқын көрсетеді.

Жапон халқының мәдени дәстүрінің қалыптасу ерекшеліктерін археологиялық тұрғыдан зерделеген ғалымдардың еңбектері де аса құнды болып табылады. Осы ретте, жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлерінде орын алатын ұқсастықтардың пайда болу негіздерін түсінуге мүмкіндік берген жапондық танымал археолог ғалым Намио Эгамидің теоретикалық ізденістеріне жеке тоқталу қажет. Жапондық ғалым жапондықтардың ұлт ретінде пайда болуы Жапонияға Алтай тілдік әулетке жататын атты көшпелі халықтарының қоныстануының нәтижесінде болған деген гипотезаның ең танымал авторларының бірі болып табылады [107, 2 б.]. Бұл теория жөніндегі толық мәлімен зерттеу жұмысының екінші тарауында толық қарастырылған.

Бұған қоса, археолог ғалым Юкио Кобаясидің қазба жұмыстары нәтижесінде алынған мәліметтері де екі ел халықтарының ортасындағы ұқсастықтардың түптамасын анықтауға айтарлықтай маңызды болды. Юкио Кобаясиге сәйкес, біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда Жапония аралдарында ат-саймандар мен ер-тұрмандар қолданыла бастаған. Бұл деректі Ю. Кобаяси мен М.Иноуэнің көшпелі халықтардың континенттен Корея арқылы Жапонияға қоныстанған деген тұжырымы растайды. Сонымен бірге, тарихтан белгілі болғандай, біздің дәуіріміздің II-III ғасырларында Ұлы далада үлкен құрғақшылық болуы себепті, осы жерлерде мекендеген тайпалар Шығыс теңізі, Корея мен Жапония аралдарына қоныстануға бағыт алған [2, 2-7 б.].

Жапон этнологиясының негізін қалаушысы ретінде танымал ғалым Янагита Кунио болып саналады (1875-1962) [106, 345-346 б.]. Янагита өзінің негізгі идеяларын соғысқа дейінгі кезеңде тұжырымдады, алайда, оның «халық», «император», «тарих» сияқты негізгі ұғымдарды түсінуі ресми идеологияға сәйкес келмейтіндіктен, алғашқыда кең танымалдыққа ие болмады. Соғыстан кейін, демократиялық идеялардың таралуымен және «халықты» тарихи тақырып ретінде танумен бірге Янагита мемлекет тарапынан мойындалды. Янагита Кунио соғыстан кейінгі әлемнің жапондық бейнесін қалыптастыруда өте маңызды рөл атқарды. Ол жапон этнологиясының негізін қалаушы болып саналады, ал этнология соғыстан кейін ерекше қолданысқа ие болды, бұл «жапондар туралы ойлар», яғни «нихонджинрон» үшін негіз болды.

Жапондардың ұлттық қасиеттері мен олардың «ұлттық сипатын» суреттейтін осы дискурстың көмегімен Екінші дүниежүзілік соғыста қатыгез жеңіліс негізінде әлсіреген этномәдени бірегейлік қалпына келтірілді. Осылайша, Янагитаның басшылығымен соғысқа дейінгі кезеңдегі фольклор мен ұлттық салт-дәстүрлерді зерттеуде үлкен жұмыс атқарылды.

Этнология ғылымы соғысқа дейінгі Жапонияда институционалды түрде қалыптаспаған, қарапайым адамдар жапондардың өздеріне қарағанда шетелдіктерге көбірек қызығушылық танытты. Жапонияның өзінде, көзі ашық адамдардың фольклор мен әдет-ғұрыптармен айналысуына аса қызығушылығы болмады, олар шаруалардың және тұтас Жапонияның «артта қалуының» дәлелі болып саналды. Сондықтан Янагита азшылық қатарында болды. Янагита өзінің 1909 жылы жарық көрген «Тас құдайлар туралы сұрақтар мен жауаптар» (Ишигами монто) кітабында [106, 1-19 б.] Жапонияның әр жеріне шашыраған тас мүсіндері туралы жұмысының мотиві туралы былай деп жазды: автор үшін мұндай мәселелер тек батыстық ғалымдардың қызығушылығын тудыратыны ол үшін үлкен ұят құбылыс, сол себепті ол осы зерттеулерде батыстық ғалымдардан ілгері озғысы келетіндігін алға тартқан.

1925 жылы Янагита «Минзоку» атты журнал шығарды. «Минзоку» - бұл «адамдар», «этникалық топ», «ұлт» және жалпы қауымды білдіретін көп мағыналы ұғым, ол Жапонияда этнологияны неге «минзокугаку» деп атайтынын түсіндіреді [106, 35-48 б.]. Алайда, Янагитаның ниеті анағұрлым күрделі болды, өйткені, журнал жай этнологияға арналмаған, Минзокугакудың алғашқы саны шынымен де «Этнологияның мақсаттары» тақырыбына арналды. Янагита фольклорды зерттеуде этнологиялық әдістерді қолданғысы келді, сол арқылы Жапонияда осы ғылымның жаңа өрісін дамытуға ұмтылды.

Янагитаның ойы бірнеше негізгі идеяларға негізделді. Ол өзінің қызмет саласын Жапонияны түсінетін «бір елдің этнологиясы» деп атады. Ол мұны тек мәдениеттің иесі ғана түсіне алады деп есептеді, сондықтан, жалпы этникалық зерттеулерден бас тартты. Янагита мүлдем басқа жергілікті мәдениеттерді зерттеді, бірақ ол жергілікті ерекшеліктер басты нәрсені жасырмауы керек деп есептеді: жапондар - біртұтас халық. Бұл - «аралдық» халық деп таныды.

Соғысқа дейінгі кезеңде жапон фольклортану зерттеулері атты университеттерде академиялық пән болған жоқ. Кейіннен Жапонияда Халықтық дәстүрлер қоғамы құрылды. Аталмыш қоғам ай сайын «Минкан Денши» бюллетенін шығарды, онда бүкіл елдің түкпір-түкпірінен халық мәдениеті туралы баяндамалар жарияланды. Ол кезде толыққанды фольклортанушылардың аз ғана қауымдастығы болғандықтан, бірнеше ғылыми еңбектер жарияланды. Алайда, мезгіл-мезгіл Арнольд ван Геннеп, Роберт Герц, Вильгельм Шмидт және Бронислав Малиновскийдің шығармаларын қоса, еуропалық фольклортану мен этнологияны зерттеуге арналған мақалалар жарық көре бастады.

Жапон этнология қоғамы, Жапон мәдени антропология қоғамының алғышарты ретінде 1934 жылы құрылды және 1935 жылы өзінің ресми журналы «Минзокугаку Кенкю», яғни этнологиялық зерттеулер шығара

бастады. Бұл ұйымның құрамында университеттік ғалымдар басым болды [158, 145-167 б.].

«Минкан Денши» 1946 жылы соғыстан кейін қайта жандандырылды. Фольклорлық зерттеулердің әдістемесі мен тақырыбында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ, оның орнына зерттеушілер өз зерттеулерінде материалдарды бөлісетін жаңа ғылыми ынтымақтастық жүйесін құрды. 1947 жылы фольклортану институты құрылды.

Институт өзінің міндеттерінің қатарына жапон халқының игілігі үшін ұлттық мәдениет пен ауыз әдебиетін зерттеуді алға тартты және тиісті шетел қоғамдарымен тығыз ынтымақтастық орнатуға тырысты. Соғыстан кейінгі Жапониядағы демократияландыру толқыны аясында этнология мен фольклортану қарапайым халықтың өмірін зерттейтін академиялық сала ретінде басты назарға түсті. 1947 жылы «Минкан Денши» «Ниппон» антропологиялық қоғамымен, жапон этнология қоғамымен, жапон әлеуметтану қоғамымен, жапон археологиялық қауымдастығымен және Жапонияның лингвистикалық қоғамымен алты академиялық қоғамдастық құрды. Келесі жылы Жапондық Дінтану Ассоциациясы мен Жапон Географтарының Ассоциациясы қатысып, ақыры Жапондық Психологиялық Ассоциация 1950 жылы қосылды. Сол жылы тоғыз қоғамның бұл бірлестігі жапон қоғамы мен мәдениеті бойынша бірлескен зерттеулер кешенін жүргізе бастады.

1953 жылы «Нихон миндзокугаку» ресми тоқсандық журналы ретінде шығарыла бастады. Оның «Минкан Деншиден» айырмашылығы, басқа академиялық қоғамдармен қатар академиялық стандартқа қол жеткізген ғылыми мақалалар жариялады. Жапон фольклортануы кең мағынада антропологияның бір бөлігі болды.

1957 жылы институттың ыдырауы ұлттық салт-дәстүрлерді зерттеуді баяулатты. Дәл сол жылы Токио білім беру университеті, Цукуба университетінің студенттерін тарихи әдіснамалық курстарға тартуға рұқсат алынды. Бұл Жапон университеттерінде этнология мен фольклортануды оқытудың бастауы болды.

Жапонияда этнология ғана тарихи көзқарастың орнын толтыра алады деген түсінік нығая бастады. Бұл «этнологиялық тарих» сирек кездесетін «тарихи» оқиғаларды ғана емес, күнделікті өмір шындығын, жазбаша дереккөздерде көрсетілмеген салт-дәстүрлер мен рухани мәдениетті қамтиды. Оларға ауыз әдебиеті, күнтізбелік рәсімдер мен ырым-жырымдар, материалдық күнделікті өмірдің артефактілері жатады, яғни ұлттық «жан-дүниені» қалпына келтіріп, сақтауға мүмкіндік береді. Соғысқа дейін жапондықтар өздерін «кокутай» деп аталатын біртұтас құрылымның бөлігі деп санағаны белгілі. Біраз уақыт бойы жапондар біртұтас халық болудан бас тартты, дегенмен олар біртұтастыққа қайтудың басқа жолын іздеуге талпыныс жасады.

Бұрынғы жапондық ұлттық бірегейлік ұғымы негізінен империялық мифке негізделгені белгілі: императормен байланыс жапондықтарды жапондық етті деп есептелді [159]. Бұл вертикалды патерналистік байланысқа негізделген ынтымақтастық болды. Енді императордың өзі өзін құдай емес, адам деп жариялады. Американдық сарапшылардың жазуы бойынша 1947 жылғы жаңа

конституция императорды жапон халқының нышаны деп жариялады. Конституция халықты егемен деп атап, осылайша халық пен император арақатынасында «халық» маңызды рөлге ие болды. Соғыстан кейінгі қоғамдық-саяси дискурстың негізгі тұжырымдамасы - «халық күші», демократия болып саналды.

Соғысқа дейін саясатпен байланысы жоқ «адамдар» туралы зерттеу жүргізген ғалымдар оң пікірге ие бола бастады. Мысалы, қолөнершілердің жұмысын алға жылжытатын «халықтық өнер» - «Мингей» қозғалысының үлесі ерекше назарға ие болды. 1948 жылы осы қозғалыстың негізін қалаушы Янаги Мунейоши «Қолөнерлік Жапония» кітабын шығарды, ол ерекше танымал кітапқа айналды. Кітапта жапон халқының керемет еңбек дағдылары бар екендігі туралы айтылды. Мунейошидің арқасында жапондық «қолөнершілер» ұғымы жалпыға бірдей қабылданды.

Бұл кітап жапондарда мақтаныш сезімін оятып, әскери жеңілістен кейін әлсіреген ұлттық сезімдерін қайта жаңғыртуға көмектесті. Кітап жапондарды ұлы күшке емес, экономика саласындағы жетістіктерге бағыттайтын жаңа идеологиялық күшке айналды. 1950 жылы дәстүрлі өнер мен қолөнер саласына қосқан үлестері үшін Жапонияда «адам-қазына» деген беделді ақшалай сыйақы енгізілді. «Халықтық өнер» қозғалысының бастауында тұрған тұлғалар осы сыйлықтың иегері атанды [160].

Осылайша, Жапонияда оқшауланған аралды мемлекет деген тезис қабылданып, нығая түсті, жапондықтар өздерінің географиялық орналасу жағдайында сөзсіз артықшылық тапты, яғни әлемнің басқа бөліктерінен оқшау орналасу негізінде бірегей мәдениеті бар жапон халқын құруға мүмкіндік берді деген көзқарас нығая түсті. Жапон аралының сумен қоршалғанын растай отырып, Янагита бастаған соғыстан кейінгі этнологтар теңізді байланыс үшін емес, кедергі ретінде қабылдады. Бұл тосқауыл негізінен оң мағынада қабылданды - сыртқы әсерден аулақ болу құралы және бірегей жапондық менталитет пен өмір салтын қалыптастыру мүмкіндігі ретінде қарастырылды. «Моноэтникалық ел» деген ұғым жалпыға ортақ болып қабылданды және ұзақ уақыт бойы оң пікірге ие болды.

Соғысқа дейін Синто мифтері қазіргі мен өткенді түсіндіретін негізгі мәтіндер болғаны белгілі. Ендігі ретте мифтерді зерттеу мектеп бағдарламасынан алынып тасталды, мифтер милитаристік және шовинистік идеологияның негізі ретінде таныла бастады. Жапондық ғылыми ортада миф «рационализм» және «ғылыми» өлшемдерге сәйкес келмейді деп танылып, этнология мен этнография «ғылыми» деп санала бастады, бұл олардың тәуелсіз ғылыми бағыт ретінде дамуына үлкен алғышарт тудырды.

Этнологтармен қатар жапондық қоғамда археологтарға деген құрмет аса түсті [161]. Соғысқа дейін археология мемлекет пен ұлттық дискурсқа қатысы жоқ жай ғылыми пән ретінде қарастырылған болса, соғыстан кейін археологтар ерекше назарда болды: этнологтар сынды, олар қазіргі заманғы жапондықтардың ежелгі тарихы мен ұлттық дәстүрін қарастыра бастады, олар осылайша «аты жоқ батырларды», яғни бүгінгі жапондықтардың ата-тегін, оладың мәдени дәстүрлерін зерттеумен айналысты [162].

Осылайша, жапон халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен наным-сенімдер кешенін жан-жақты зерттеп талдауда Янагита Кунио бастаған ғалымдардың алар орны ерекше. Сонымен бірге, осы жұмыстың мақсатына сәйкес жалпы жапон мәдениеті мен оның ішінде жапон халқының мәдени дәстүрлерін зерделеу барысында жапондық ғалымдардың семиотика тұрғысынан жүргізген еңбектері айтарлықтай үлкен маңызға ие. Осы ретте Жапонияда семиотика саласындағы зерттеулер мен оның дамуына қосқан ғалымдар мен институттар жайлы жеке атап өтуді жөн деп санадық.

Семиотикадағы өзіндік жұмыстар мен қозғалыстар осы бағыттағы қазіргі заманғы батыс классикасының енгізілуіне алып келді [163]. 60-жылдары кибернетикаға, жүйелік инженерияға, ақпарат теориясына және лингвистикаға деген қызығушылықтан кейін семиотикаға деген қызығушылық арта түсті.

Бұл семиотикадағы журналистік қызығушылықты жандандырды, кейбір басылымдарда семиотикалық зерттеулердің теориялық негізін қалаушы Фердинанд де Соссюр, Роман Якобсон және Ноам Гомскийге арнап лингвистикалық теория және семиотика бойынша арнайы жарияланымдар шығарылды.

Алайда, Жапонияда семиотикалық зерттеулер біркелкі дамымады. Бұл жалпы ілім туралы оның даму тарихы жайында жапон тілінде жеткілікті ақпараттың болмауымен байланысты. Тағы бір мәселе - университеттерде семиотиканы академиялық зерттеуге арналған факультеттің жоқтығы. Көптеген семиотикалық зерттеулер жеке пәндердің дамуына ықпал етті.

Жапондық семиотикалық зерттеулер қауымдастығы бірқатар академиялық және прагматикалық зерттеушілермен бірлесіп 1980 жылы сәуірде Васеда университетінің Шигео Кавамото және Токио шетелдік зерттеулер университетінің Масао Ямагучидің жетекшілігімен құрылды [163, 46-52 б.]. Оның ашылу салтанатына Индиана штатынан Томас А.Себеок шақырылды және ол бейвербалды қарым-қатынас туралы дәріс оқыды.

Жапонияда семиотикалық ассоциация құрылғанға дейін жапон мәдениетін, оның ішінде мәдени дәстүрлерді пәнаралық зерттеулер негізінде жүргізу бойынша бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылған. Олардың бірі 1977 жылы Токио шетелдік зерттеулер университетінде М.Ямагучи басқарған мәдени семиотика бойынша ғылыми жоба, ал екіншісі – 1975 жылы басталған экологиялық семиотикалық жүйелер бойынша дизайнерлер қауымдастығы Үшіншісі – 1979 жылы Мусашино өнер университетінің Шютаро Мукай негізін қалаған поэзия семантикасын зерттеу тобы болды [154].

Жапонияның семиотикалық ассоциациясы аталмыш саладағы халықаралық алмасуды дамыту үшін барынша жұмыс атқаруда.

Жалпы Жапонияда семиотика әлі де даму үстінде. Жапондық ғалым Кобаяши Хидео [164, 44-49 б.] 1960 жылы семиотиканың эллинизмнен қазіргі теорияларға дейінгі тарихы және оның теориялық құрылымы туралы кітап шығарды. Бұл әлі күнге дейінгі семиотика туралы жапон тілінде жазылған жалғыз оқулық болып табылады.

Миура Тсутому - қазіргі семиотиканың әдіснамалық және философиялық негізін зерттеу үшін Пирс семиотикасына оралуға тырысқан жапон

зерттеушілерінің бірі [165]. Өз жазбаларында ол «аудармашы», «мағына», «әдет» деген ұғымдарын кеңінен пайдаланып прагматизм әдісіне негізінде олардың мағынасы мен қолдану аясын сипаттаған болатын.

Жапондық семиотикалық антропология зерттеушілері семиотикалық модель негізінде жапон мәдениетін зерттеп талдау жүргізді: мысалы, Масао Ямагучидің құрылымдық антропология әдісі негізінде жапондық классикалық романдарды семиотикалық тұрғыдан талданды; Кавамото Шигео жапон фольклорын семиотикалық талдады [163, 46-52 б.]. Жапондық мәдени дәстүрлерді семиотикалық тұрғыдан қарастыруға көптеген қызығушылық тудырады.

Жапондық лингвистер мен философтар мәдениет семиотикасының дамуына зор үлес қосты. Осы ретте Хидео Кобаяшидің [164, 44-49 б.] «Соссюррдың курстарын» енгізуі айтулы жетістік болды. Жапонияда соңғы жылдары мәдени дәстүрлерді зерттеуде семиотикаға деген қызығушылық артуда. Бұл жаңа үрдіс тіл ғылыми лингвистика мен семиотика арасындағы байланысты нығайтуға септігін тигізуде. Жапондық ғалымдардың пайымдауынша мәдени дәстүрлерді зерттеудегі семиотиканың келесідей негізгі тәсілдерді қолдануға болады: біріншісі - тіл білімі туралы түсініктерді лингвистикалық семиотикаға тарату, үшіншісі мәдениет семиотикасын дамыту.

Цутому Миура [165] тіл білімі семиотикаға қабілетті болу үшін дискурсты талдауды қарастыру қажеттігін алға тартады. Кондо Коуджин [166] мәдени дәстүрлерді зерттеуде лингвистика мен мәдениет семиотикасымен байланыста қарастыру шарт деп атап өткен. Шындығында, тілдің функционалдық жағын маңызды деп санайтын Токидеде лингвистиканың әдебиетке де, тілдің әлеуметтік аспектілеріне де ықпал ететіндігіне назар аударады.

1960 жылы жапон жазуының ертедегі ескерткіштерін зерттеу негізінде көптеген еңбектер мен сөздіктер жарық көрді - Кодзики, Нихоносеки, Фудоки, Шинсен Седзироку сияқты ерте ескерткіштер мифология, география, тарих туралы ақпараттан басқа, жапон халқының отбасылық салт-дәстүрі туралы материалдардан тұрады.

Жапонияда бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіне қатысты салт-жоралар Кондоның [166, 46-52 б.] еңбектерінде талқыланған, сонымен бірге қазіргі заманғы мәдени дәстүрлерді сақтап орындауда баспасөз құралдары мен теледидардың ықпалы зор деп аталып өтілген.

Осы тұрғыдан алғанда, Кавамото Ацуоның еңбектерінде ерте жастағы балалық кезде орындалатын салт-дәстүрлер бала мен қоғам арасындағы байланыстарды символдық түрде нығайтуға бағытталған делінген [167]. Отоның айтуынша бұл жоралғылардың тағы бір маңызды рөлі баланы қоғамның жаңа мүшесі ретінде қабылдау арқылы жергілікті құдаймен, яғни «уджигами», байланыс орнатуға арналған [167, 9-57 б.]. Идзиманың еңбегінле екінші жағынан, балалар сонымен қатар отбасының ықтимал мұрагерлері ретінде қарастырылғандығы алға тартылады, бұл соғысқа дейінгі Жапонияға тән үй шаруашылығының кеңейтілген типіне негізделеді делінген.

Жапония мен әлемдегі жаһандану және аймақтандыру мәселелері, сондай-ақ жаһанданудың әлеуметтік және ұлттық санаға әсері И.Сакамотоның

еңбектерінде сипатталады [168]. Жапон халқының мәдени дәстүрінің жалпы этнопсихологиялық сипаты туралы теориялық материалдар мен жапондық ұлттық құндылықтарға арналған мәліметтерді талдауда К.Янагита [99, 10-35 б.], М.Минору [169], У.Хироши [170] сынды жапондық ғалымдардың еңбектері айтулы негіз болды.

Жапонияның мәдениет пен дін мәселелерін зерттеген көрнекті ғалым Горай Сигеру «жапондық діни мәдениеттің бастауы жерлеу рәсімдерінде жатыр» деп атап өтсе, Иногучи Седжидің пайымдауы бойынша, Жапонияда қайтыс болу және жерлеу рәсімдерін зерттеуде шешілмеген мәселелер көптеп кездеседі, ал жапондықтардың Могари рәсімі – сондай мәселелердің бірі болып табылады деп атап өткен [123, 45 б.]. Осылайша, Жапон халқының мәдени дәстүрлерін зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан ғалымдардың ішінен келесілерді адап өтуге болады: этнографиялық және антропологиялық тұрғыда зерттеген ғалымдар Оригучи Синобу, Горай Сигэру, тарихи тұрғыдан – Ацуму, Мори Коичи, археологиялық - Вакаматсу Ройчи, мамандандырылған зерттеулер жүргізген Хага Нобору, Иногучи Седзи, Иваваки Шин, Дои Такужи, Танака Хисо, Синтани Таканори, әдеби тұрғыдан – Икеда Гента, Уено Макото, мифологиялық – Уеда Масааки, Акима Тошио, салыстырмалы зерттеулер – Обаяши Таре, философиялық және мәдени тұрғыдан қарастырған ғалым Ямаори Тетсуо. Сонымен бірге жапон мемлекеттілігінің қалыптасуы барысындағы ұлттық салт-дәстүрлердің ерекшеліктері Цукаса Мацуфудзи, Жапония және Окинавадағы шаманизм - Сакурай Токутаро, Жапонияның рухани мәдениеті мен діні – Гошозоно Масанобу сынды ғалымдар зерттеді. Жапон ғылымында Жапонияның жерлеу рәсімдерінің басқа да түрлері мен нысандары белсенді түрде зерттелді, атап айтқанда «екі қабірлер жүйесі», осы тақырып Могами Такайоши, Синтани Таканори еңбектерінде көрініс тапты, Танака Хисао мен Ямаори Тетсуо будда ғибадатханаларында қайтыс болған адамның өртелген қалдықтарына табыну ғұрпын талдады [90, 35-48 б.]. Жапон тілінде «этнография» терминіне сәйкес келетін екі негізгі ұғым бар: біреуі жапондардың этнографиясына қатысты қолданса, ал екіншісі әлем халықтарының этнографиясын білдіреді. Терминдер әр түрлі иероглифтік орфографияға ие, бірақ бірдей аталынады – Миндзокугаку. Жапон ғалымдарының пікірі бойынша, екі терминнің арасындағы айырмашылық, ең алдымен, жеке халықтар мен басқа халықтарды зерттеудің нақты әдістері мүлдем бірдей бола алмайтындығына байланысты, өйткені екінші жағдайда этнограф «ұлттаралық кедергіні» жеңу үшін арнайы құралдарды қажет етеді. Сонымен бірге, әлемдегі кез-келген халықтың этнографиялық зерттеулері біртұтас теориялық негіздерден бастау алуы керек екені анық. Диссертациялық жұмыстың тақырыбын ашуда жалпы жапондардың этнографиясына арналған зерттеулер айтарлықтай негіз болды.

Осылайша, мәдени дәстүрлерге арналған зерттеулер түрлі басылым көздерінде тарихи, этнографиялық, мәдени, философиялық тұрғыдан қарастырылуда, оның ішінде ұлттық салт-дәстүрлер әрдайым қызығушылық тудырады.

2 ЕКІ ЕЛ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫШТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ЗАМАНАУИ КӨРІНІСТЕРІ

2.1 Екі елдің ежелгі қоғамындағы мәдени дәстүрлердің ерекшеліктері мен ұқсастықтары

Диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімінде жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлерінде бірегей ұлттық дүниетанымға негізделген ерекшеліктер мен жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар тән екендігін атап өткенбіз. Бұған қоса, екі елдің ұлттық салт-дәстүрлерінде орын алатын ұқсастықтар тек жалпы адамзатқа ортақ құндылықтармен шектелмейтініне де назар аудардық. Өйткені, екі халықтың тілдері ортақ Алтай тілдері әулетіне, сонымен бірге ежелгі жапон тілі үндіеуропалық тілдермен қатар үлкен ортақ ностратикалық тілдердің макроәулетіне бірігеді.

Бұл ғылымда егжей-тегжейлі қарастырылып, барынша негізделген тұжырым, сол себепті, аталмыш тұжырымды алға тартқан зерттеушілердің ғылыми көзқарасына ортақтаса отырып, көне заманда екі елдің ортақ прототегі болуы мүмкін деген гипотезамен келісеміз. Осы ретте, екі елдің мәдени дәстүрлеріндегі ерекшеліктер мен ұқсастықтарды толыққанды анықтау үшін жапон және қазақ халықтарының ежелгі қоғамындағы салт-дәстүрлерге жеке тараушада тоқталып, анықталған ұқсастықтардың пайда болу себебіне талдау жасауды жөн көрдік.

Бүгінде ұлттардың пайда болуы және де әлем халықтары арасындағы ерте кездердергі байланыстардың дамуы туралы мәселені бірнеше аспектілерде бөліп қарастыруға болады, олардың қатарына ең алдымен ұлттың пайда болу мәселесі және этногенез, екіншіден, мәселенің археологиялық тұсы, үшіншіден, этнографиялық және тілдік қырлары.

Махмуд Зийюд-Нарагхи ежелгі Жапонияның мәдени деректеріне жататын археологиялық материалдарды Орталық Азия елдерінің мәдени деректерімен салыстыру негізінде анықталған ұқсастықтардың болуын Орталық Азия аумағынан Яёи дәуірінде Жапония аралдарына көшпелі тайпалардың қоныстануымен байланыстырады [7, 126-127 б.].

Жапондық танымал археолог және мәдениет орденінің иегері, атақты ғалым Намио Эгами жапондықтардың ұлт ретінде пайда болуы Жапонияға Алтай тілдік әулетке жататын атты көшпелі халықтарының қоныстануының нәтижесінде болған деген гипотезаның ең танымал авторларының бірі болып табылады [107, 3. б.]. Ғалым жапондықтар «атты көшпелі халықтардың жаулап алуы» нәтижесінде қалыптасқан деген теорияның негізін қалаушы ретінде танымал.

Намио Эгами өз теориясын Солтүстік Еуразияда жүргізген далалық зерттеулеріне сүйене отырып, 1948 жылы «аттылардың жаулап алу теориясын» жариялады, бұл жапондықтардың археологиялық және тарихи қоғамдастығында үлкен дау тудырды.

«Жапонияны аттылар жаулар алуы» теориясы жарық көргеннен кейін жапондық ғылыми ортада Жапонияның ежелгі тарихина және жапондықтардың

этногенезіне қатысты мәселелер қайта қарала бастады. Дегенмен, бұл теорияның жақтаушылары мен қатар мүлдем қарсы келген ғалымдар да баршылық. Бұл теорияның басты негіздемелінің бірі Жапонияда атты көшпелі халықтардың келуі Жапонияда индустриалды төңкеріске алып келген және де оның дамуына ерекше ықпал еткен. Бұған дәлел ретінде ғалымдар IV ғасырдың аяғынан V ғасырдың басына дейін Жапонияда қабірлердің салыну тәртібі мен оның ішіне қойылатын заттардың мазмұнында өзгеріс пайда болған. Алайда, Жапон аралдарында осы уақытта қорғандардың салына бастап елде индустриалды өзгерістің болғандығын жапондық ғалымдардың көпшілігі мойындамайды. Олардың көзқарасы бойынша Жапондықтардың этногенезі мен мемлекеттік дамуы сырттан ықпалсыз табиғи түрде дамыған.

Алайда, қазба жұмыстарының соңғы нәтижелері ежелгі Жапонияда индустриалды төңкеріс деп атауға болатын үлкен өзгеріс бесінші ғасырдың бірінші жартысында орын алды деген жорамал тудырады. Атап айтқанда, осы тұста Жапонияда металдан жасалған жеке бұйымдар өндірісі дамып, күріш өсіру технологиясы енгізіле бастаған.

Намио Эгами өзінің юечжылар, яғни үндіеуропалық (ирандық) әулетке жататын тайпалар туралы мақаласында Орталық Азияда Хотана аймағында ең алғаш қытайлықтардың пайда болуына дейін, яғни біздің дәуірімізге дейінгі 130-115 жж., юечжылар ирандық Батыс пен қытайлықтар арасында Ұлы Жібек жолында оларды өзара байланыстырып тұрған деген пікірге келеді [107, 3 б.]. Бұл Жапониядағы Яйой және Кофун кезеңімен сәйкес.

Намио Эгами ұсынған «аттылардың жаулап алу» теориясы жапондық ғылымда күні бүгінге дейін дәйекті түрде дамып келеді. Бұл теория жапондық ғалымдардың бірқатар еңбектерінде одан әрі дамытылып, оның негізделу аясы кеңейе түскен. Атап айтқанда, Коичи Мори мен Чуко Шиншоның еңбектерінде атты көшпелі тайпалар және Жапонияның ежелгі тарихына көзқарас, Еуразияда ат дәстүрінің пайда болуы, жылқының жапондықтардың ұлт ретінде қалыптасуына ықпалы қандай болған сынды күрделі мәселелер қозғалады [98, 4 б.].

Намио Эгамидің «аттылардың жаулап алу теориясы» жапондық ғалымдардың бір бөлігінің пайымдауынша, «әлеуметтік эволюция» теориясына қарсы келетін теория және көптеген зерттеушілер тарапынан сынға ұшырауда. Олардың ішінде Юкио Кобаяши мен Макото Сахара аталған теорияны қатаң сынға алады. Дегенмен де, жапондық археологтардың басым бөлігі ежелгі заманда Жапон аралдарына континенттік аймақтардан үлкен мөлшерде халықтардың қоныстануы болғанын жоққа шығармайды. Сондай-ақ, Кофун кезеңі мен Яйой кезеңі арасында орын алған индустриалдық өзгеріс Жапон архипелагында өздігінен табиғи жолмен дамыған мәдениет болуы екіталай екендігін мойындайды.

Сол себепті, Жапон аралдарына атты көшпелі халықтардың қоныстанып, жапон мәдениетіне үлкен әсер етуі археологиялық деректермен негізделуде. Алайда, олардың жапондықтарды жаулап алуы не болмаса жаулап алмауы әлі де тарихта өз шешімін таппаған мәселе. Тіптен, Намио Эгами қазіргі императорлық отбасы осындай атты көшпелі халықтардың ұрпағы болуы әбден

мүмкін деген пікірді ортаға салады. Алайда, бұл тұжырымның күні бүгінге дейін дәйекті дәлелі жоқ. Қазіргі Жапониядағы ғалымдар мен қарапайым қауым «аттылар теориясын» қабылдады деп айту қиынға соғады.

Дегенмен, ежелгі жапон қоғамына атты көшпелілердің келіп қоныстанғандығы туралы теорияны ешбір ғалым жоққа да шығара алмайды. Өйткені, археологиялық қазба жұмыстарының деректері көшпенді халықтар мен Жапон аралдарында Кофун дәуірінде пайда болған қорғандармен олардың ішінде табылған жәдігерлердің ұқсастығын айғақтауда.

Юечжыларды көшпелі халықтар деп сипаттаған мәліметтер Қытай деректерінде біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырдан бастап кездеседі. Л.Н. Гумилевтың пікіріне сүйенсек, бұл халықтың отаны Жоңғария болған [2, 3 б.]. Жапондықтардың ұлт ретінде пайда болуын үндіеуропалық теориямен түсіндірген К.Е.Черевконың ойынша, юечжы хеттар, фракиялықтар және киммерлықтармен бірге ежелгі үндіеуропалық халықтардың үлкен әулетін құраған, бұл халықтар далалық жерлердің солтүстік аймақтарын мекендеп көшпелі үндіеуропалықтардың ең шығыс тобын құраған болуы мүмкін [2, 3 б.].

Археолог Юкио Кобаясидің мәліметіне сәйкес, біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда Жапония аралдарында ат-саймандар мен ер-тұрмандар қолданыла бастаған. Бұл деректі Ю. Кобаяси мен М.Иноуэнің көшпелі халықтардың континенттен Корея арқылы Жапонияға қоныстанған деген тұжырымы растайды [4, 100-105 б.]. Сонымен бірге, тарихтан белгілі болғандай, біздің дәуіріміздің II-III ғасырларында Ұлы далада үлкен құрғақшылық болуы себепті, осы жерлерде мекендеген тайпалар Шығыс теңізі, Корея мен Жапония аралдарына қоныстануға бағыт алған [4, 10-11 б.].

Бұл көшпенділер оңтүстік корейлықтармен араласып кеткен юечжылар болуы мүмкін, сонымен бірге 346 жылы сяньбийлықтармен қақтығыстан кейін Жапония жаққа қоныстануға бағыт алған корейлықтарға туыстас болып келетін тунгус-манчжуриялық пуё тайпаларынан шыққан атты көшпенділер болуы мүмкін деген ойлар алға тартылуда [2, 4 б.].

Жоғарыда атап өткеніміздей, Жапон аралдарына Корей түбегінен көшпенділердің қоныстануын Жапониядағы біздің дәуірімізге дейінгі II ғасыр мен VII ғасырларға жататын қорғандардың құрылысы дәлел болады. М.В. Воробьевтың зерттеулеріне сүйенсек, Жапонияда кездесетін қорғандар өзінің құрылымы бойынша Корея, Маньчжурия, Қытай және Орталық Азиядағы қорғандарға ұқсас болып келеді [6, 99 б.]. Аталған зерттеуші бұл қорғандар зороастризмнің ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді, ұқсас қорғандарды скифтер, моңғолдар мен сібір татарлары да салған.

Қорған пайда болғанға дейін жерлеудің тағы бір түрі қайтыс болған адамның денесін қайыққа салып теңізге жіберу болған. Қорған кезеңінің басында саркофақтың өзі қайық түрінде кездескен. Кюсюдегі қорғандардың біріне қазба жұмыстарын жүргізу барысында онда гондола тәрізді қайықта ескек ұстаған ер адамның бейнесі табылған. Қайықтың жоғарғы жағында Күнге ұқсайтын дөңгелек диск, ал сол жағында кішірек – ай бейнеленген. Төмен жағында бақаның мүсіні бейнеленген. Ай, Күн, бақа мен құстың бейнелері

Қытай мен Кореяда кездеседі және, бәлкім, адам жанының өлілер мекеніне саяхатын бейнелейді.

Ежелгі мәтіндерге сүйенсек, қабірдің өзі көбінесе фуне («қайық») деп аталған, ал оған кіре беріс «фунейри» деп аталған («қайыққа кіру»). «Марэбитогами», «эбилерге» деген архаикалық сенімдер теңіз жағасына қайықпен келетін қасиетті «бөтен құдай» туралы ұғыммен байланысты [6, 99 б.].

Біздің дәуірімізге дейінгі 300 ж. Жапонияда пайда болған қорғандар көбінесе билеушілерді жерлеу үшін қолданыла бастады. Бұл молалар «кофун» деп аталды («қорғандар»), сондықтан Жапония тарихында 250 (300) жылдан 538 жылға дейінгі кезең – Кофун кезеңі деген атауға ие болған. Жалпы қорған мәдениеті Қытайда және Кореяда бастау алған деген түсінік дәстүрге айналды, ал Яёй кезеңінің мола төбелері олардың алғышарттары деп саналған. Жапонияда жерлеулердің осындай түрлері көптеп кездеседі. Олардың ең үлкені – Осака префектурасындағы Сакаи елдімекеніндегі Император Нинтокудың қорғаны, ұзындығы 486 метр және көлемі 300 000 шаршы метрді алып жатыр. Алайда, қорған салу дәстүрінің жойылуын 552 жылы Жапонияда буддизмнің пайда болуымен және де 710 жылы ханшайым Геммейдің Нараға астана мәртебесін беруімен байланыстырады. Орнына отбасылық қабірлер салына бастайды [110, 98-139 б.].

Сонымен бірге, Жапон аралдарында «аң стилі» мен зергерлік әшекейленген айналардың кездесуі де жапондықтардың ежелден көшпелі халықтармен байланысының болуына айғақ болып табылады [111, 83-98 б.]. Айнаның жапон мифологиясында Күн құдайы Аматаэрасудың символы екендігі белгілі, осындай айналар Орталық Азияда кеңінен таралған.

Жапон этногенезін зерттеген ғалым К.Е. Черевконың пайымдауынша, жапон аралдарын мекендей бастаған ең алғашқы тайпалар болып саналатын айнулар үндіеуропалықтармен генетикалық байланыстары болғаны да ғылымда барынша негізделген [2, 2 б.].

Жапондықтардың ерте жазба деректерінің қатарына «Эдзосимаки» кіреді. Бұл көне жазбада Жапон аралдарының ежелгі тұрғындары болып саналатын айнулардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени дәстүрлері туралы мәліметтер сақталған.

Жапонияда этногенез және жапон халқының пайда болу мәселелеріне арналған зерттеулер Мейдзи заманынан бері қарастырыла бастаған. Танымал жапондық зерттеуші-ғалым Шогоро Цубои айнулардың мифологиясына сүйене отырып жапондық аралдардың ең алғашқы халқы «коропокгуру» болуы мүмкін деген тұжырым айтқан [106, 55-58 б.]. Алайда, Ёшико Коганеи, танымал анатом ғалым, антропологиялық зерттеулер нәтижесінде неолит дәуіріндегі Жапония «айнулардың мемлекеті» болған деген қорытындыға келеді. Ол айнулар қандай да бір расаның өкіліне кірмейді деп, оларға қатысты арнайы термин қолданған «Rasseninsel» – «аралдық раса», яғни аборигендік, шектеулі раса деген ұғымды білдіреді [107, 11-33 б.]. Алайда, осындай зерттеулердің мақсаты жапон халқының ежелгі халық екенін дәлелдеуге бағытталып, нақты этногенез мәселесін ашуға бағытталмағанын аңғаруға болады [171].

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін айнулықтардың монғолоидтық әулетке жататындығын негіздеуге арналған бірқатар жапондық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстары жарық көре бастады. Олар монғолоидтықтарды екі түрге бөледі: суық аймақтарға көшкендер және бұрынғы орындарында қалып тіршілік еткендер. Бірінші топты олар неомонғолоидтар, ал екіншіні – палеомонғолоидтар деп атаған. Осылайша, екінші топқа айнуларды жатқызған. С. Ватанабе, С.Кондо, Э.Мацунага айнуларды монғолоидтық нәсілдің ұрпақтары деп санап, олардың жапондармен, эскимостармен және Американың аборигендерімен ортақ ата-бабалары бар деп қарастырған [172, 198-201 б.].

Р.С. Васильевский Р.В.Козырева мен А.П. Окладниковтың экспедицияларынан алған археологиялық деректерді талдау негізінде «Охотск мәдениетіне» жататын керамиканың негізгі бөлігі Жапония аралдарына материктен келді. Сонымен бірге, «Охотск мәдениетінің» таралуымен арал тұрғындары арасында ассимиляциялық процестер орын алуы мүмкін болған деген қорытындыға келеді [173]. И.Накамура Р.С. Васильевскийдің тұжырымын растайтын мәліметтер келтіреді. Ол «х» әрпі түріндегі «Охотск мәдениеті» керамикасындағы өрнектердің, оның ішінде сызықтар, нүктелер мен ою-өрнектердің үлгілерін, Манчжурияның оңтүстігіндегі керамика үлгілеріне ұқсайтынына назар аударды [173]. Бұл Сахалин аралы мен Маньчжурияның оңтүстік аймақтарында жапондықтармен мәдени байланыстардың болғандығы туралы ойға итермелейді, бұл тұжырымды 1962 жылы М. Ёшизаки талқылаған, ол айнулардың ата-бабалары Ресейдің жағалаулық аймақтарынан, Монғолия мен қазіргі солтүстік Қытай аумағынан шыққан деген тұжырымды алға тартады. XIII ғасырдағы қытай дерекнамаларында 1263-1320 жылдар аралығында гилемалар (нивхылар) және кугилар (айнулар) деп аталған халықтардың монғолдардың отарлау процесіне байланысты араларында болған өзара қақтығыстар жайлы айтылған [174, 2-48 б.].

Қ. Вада айнулардың «сама» деген морфемасы, тунгустардың «сама/саман» деген сөзімен бірдей келетінін атап өткен, бұл «шаман» деген мағынаны білдіреді [98, 262 б.]. Айнулардың дүниетанымына сәйкес шамандар баланың бесігінде өзге өмірге саяхат жасаған, ал сібір халықтарында барабанда, қазақ халқын айтар болсақ, ол, әрине, қасиетті қобыз болмақ. Бұған қоса, белгілі бір адамды шаман ретінде тану дәстүрі де ұқсас болып келеді. Атап айтқанда, шаман өте ауыр дерттен аман қалып сауыққан адам болуы керек, осылайша, құдайдың таңдаулы тұлғасы болуы шарт болған.

Айну тілінің өзге тілдермен генетикалық байланысын зерттеген ғалымдар Аустерлиц, Ш. Хаттори, К. Киндаичи, С. Оно, А. Стрит өз зерттеулерінде корей, жапон және айну тілдерінің ортақ ұқсастықтары болуы себепті олар белгілі бір протоалтайлық туыстас тілдерден шығуы мүмкін деген тұжырым жасаған [176].

Осы ретте О.Тэйердің палеоуразиялық теориясы да қызығушылық тудырады, ғалымның пікіріне сүйенсек, айну тілі ежелгі заманда ұлттық және демографиялық процесстердің әсерінен тарап кеткен үлкен бір тілдер әулетіне кірген [4, с. 100-105 б.]. Сонымен бірге, ғалымдардың басым бөлігі жапондықтардың және айнулардың қалыптасуына континенттік Азия

аудандарынан қоныстанған елдердің ықпалы басым болған деген қорытындыға келеді.

Ғылымның түрлі салаларында зерттеу жүргізген жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулерінен жапондықтар, оның ішінде айнулар өздерінің антропологиялық типі, тілі мен мәдениеті және рухани дүниетанымы тұрғысынан көшпелі елдермен байланысы болғанын көптеген мысалдар арқылы негізделгенін аңғаруға болады. Бұл өз кезегінде жапондар мен қазақ халқының мәдени дәстүрінде анықталған ортақтастықтарды түсіндіруге мүмкіндік береді. Өйткені, түрлі ұлттық бірліктер ежелде үнемі байланыста болып, ұлтаралық интеграция, мәдени байланыс болып тұрған. Әрине, әр халықтың өзіне ғана тән бірегей мәдениеті бар, дегенмен, тарихи даму барысында осындай тілдік, мәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси байланыс негізінде халықтар бір-бірінің мәдениетінің дамуына ықпал етіп отырған. Сол себептен де жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлеріндегі ортақ ұқсастықтарының түптамасын аталмыш елдердің ежелгі тарихынан іздеп талдауды жөн санадық.

Ендігі ретте, екі ел халықтарының ежелгі мәдени дәстүріндегі ұқсастықтардың пайда болуына негіз боларлық бірқатар мысалдарды қарастырамыз.

Біріншіден, археологиялық деректердің негізінде ғалымдар жапондықтар материктен көшпенді халықтардың қоныстануы негізінде пайда болған деген қорытындыға келеді.

Археологиялық деректерде кездесетін тұрмыстық және керамикалық бұйымдардан басқа, адамдардың мекендеген үй құрылыстарындағы ұқсастықты аңғаруға болады. Ежелгі қазақтар мен жапондықтардың материалдық мәдениетіндегі ұқсастықтар көптеп кездеседі. Бұл материалдық және рухани мәдениет тек жекелеген тайпалардың дербес ойлап тапқан мәдени жетістіктері емес, көптеген ұлттардың бір-бірімен араласып, бір-біріне әсер етуі арқылы қол жеткізген жетістік екенін де ескеру қажет.

Іс жүзінде, материалдық мәдениет рухани мәдениетпен тығыз байланысты сол себептен де екі ел халықтарының арасында мәдени дәстүрдегі ортақтастықтардың болуы орынды.

Мысалы үшін, айнулардың үйлері, қазақ халқының қазақ үйіне ұқсас сфералық пішінде болған. Бұған қоса, айнулардың ұлттық киім үлгілері, теріні өңдеу тәсілдері мен тұрмыс-тіршілікте қолданылатын ою-өрнектері қазақ халқына өте ұқсас болып келеді. Айнулардың ерте кездегі киім-кешектері көптеген ою-өрнектермен безендірілетін болған. Бұл қарастырылып отырған халықтардың арасында ерте заманнан байланыс болғанын аңғартады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, материалдық мәдениет рухани мәдениетпен тығыз байланыста дамиды. Сол себепті, жапон және қазақ халықтарының ежелгі қоғамындағы ортақтастықтар тек материалдық мәдениетте ғана емес, сонымен бірге рухани мәдениет және мәдени дәстүрлердің кейбір түрлерінде көрініс табады.

Мысалы үшін, ежелгі жапондықтар, олардың ішінде айнулар өздерінің дүниетанымдық көзқарастары бойынша анимистер мен тәңіршілдер болып

табылады. Олардың көзқарасы бойынша қоршаған ортадағы барлық өсімдіктер, жануарлардың жаны бар. Бұған қоса өзен-сулар, тау-тастар, тұрмыста қолданатын заттардың да жаны бар. Олардың барлығының өз қожайындары бар, және де адамдар аталған заттарды өз пайдасына қолдану үшін міндетті түрде олардың рухтарына тағзым етіп рұқсат сұрауы керек болған. Сол себепті адамдар ең алдымен осы рухтарға сый-сыйапат жасап тағзым ету арқылы ғана, рухтардың қолдауы мен шапағатына ие болған. Түрлі құдайларға сыйыну міндетті түрде адамдардың рухтарға деген өтініштерін білдіретін арнайы дұғалардың оқылуымен, рәсімдің таяқша болып табылатын – икунисиді пайдалану арқылы жүргізілген. Бұндай құрбандық рәсімдер жапондықтар мен айнулардың күнделікті өмірінде көптеп көрініс тапқан.

Осы ретте, жапон және қазақ халықтарындағы нақты ұқсастықтың мысалы, екі ел халықтарындағы өздері мекендейтін жер-су, тау мен тасқа құрбан шалып, тасаттық жасау дәстүрі, сонымен бірге егін басында, болмаса аң ауламас бұрын сол жердің рухтарына арнайы тағзым етіп құрбан шалу болып табылады. Бұл халықтар сонымен бірге аталған рухтарға тек құрбан шалып қоймай, От Анаға міндетті түрде рәсімдік ас тарту еткен.

Екі елдің ежелгі мәдени дәстүрінде кездесетін ұқсастықтар сонымен бірге кейбір сөздерді айтуға қойылатын тыйымдар, мысалы үшін, қайтыс болған адамның атын атамау, әйел адамдардың кейбір шараларға қатыспауы, жүкті әйелдерге қойылатын тыйымдарда көрініс табады. Дегенмен, бұл ұқсастықтарды жалпы адамзаттық құндылықтарда кездесетін ұқсастықтар деп те қарастыруға болады.

Ежелгі заманда жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрінде кездесетін тағы бір ұқсастықтың мысалы, құдалықтың бірнеше түрі болуында. Олардың ішінде ұқсас тұстары алдын-ала келісіп құда түсу, қалым беру және де левираттық, яғни әулетте қайтыс болған ағайынның жолдасын өз еліне қайтармай, оның туған інісіне, болмаса қайтыс болған күйеуінің туысқанына аманат ету дәстүрі.

Үйлену той барысында құрбан шалынып, жастарға бақыт тіленіп, ұрпақ сүйулерін ел болып тілеген. Өйткені, ұрпақ бүкіл тайпаның өмірінің жалғасы болып саналған. Сонымен бірге, некеге отырудың бірден-бір талабы тайпалық қағидаларды ұстану болып табылған. Халық арасында қабылданған қандай да бір қағидат бұзылған жағдайда сол адамға қатысты бүкіл қауым тарапынан қатаң түрдегі жаза орындалатын болған. Бұл тіптен әулеттен, бүкіл рулық тайпадан шектетіп шығару түрінде де көрініс тапқан.

Ежелгі жапон және қазақ мәдениетінде дүниеге келетін баланы қорғау мақсатында, бесіктің жанына арнайы тұмарлар ілініп қоятын болған, олар теріден, жануарлардың тісі мен сүйектерінен жасалатын болған. Бұл да екі елдің ежелгі мәдени дәстүрлеріндегі ұқсастықтардың көрінісі болып табылады. Жапон және қазақ халықтары арасындағы ұқсастықтарды айғақтайтын мәдени жәдігерлер Жапонияның Осака қаласындағы ұлттық этнографиялық мұражайында көптеп келтірілген.

Тағы бір ұқсастықтың мысалы ретінде екі ел халықтарының ежелден бері отқа табыну дәстүрін атап өтуге болады. Екі елде де «От Ана» деген ұғым

кездеседі. Мысалы үшін, айнуларда оттың құдайы ретінде үлкен әже болып саналған, ол «Фучи» деп аталған. Айнулықтар да қазақтарға ұқсас отқа құрбан шалу дәстүрі барысында қолдарымен жанып тұрған отқа май шашатын болған.

Сонымен бірге, екі ел халықтары арасындағы ұқсастықтардың ежелден тамыр алғандығын жоғарыда атап өткеніміздей Жапонияда көне заманнан кездесетін жерлеу рәсімдері мен қорғандардың үлгілерінен аңғаруға болады.

Ежелгі заманда жапон халқы қазақтарға ұқсас қайтыс болған адамға о дүниеге өткенде қажет болатын құрал-жабдықтар, тағамдар, киім-кешек, қару-жарақтарын қоса көметін болған. Бұл, әрине, әлемнің көптеген халықтарында кездесетін дәстүр. Дегенмен, қайтыс болған адамға салынған қорған мен жерлеу тәртібінің ұқсастығы ежелде жапондықтар мен көшпенді халықтар арасында тығыз байланыс болғанын айғақтайды.

Жапон және қазақ халқының ұқсастықтарының ең негізгісі ретінде ата-баба рухтарына тағзым ету дәстүрін жатқызуға болады. Қарастырып отырған екі елдің халықтарының ежелгі дүниетанымы бойынша қоғамның негізін әулет, тайпа құраған. Ал әулетті халыққа сыйлы адам басқаратын болған. Сонымен бірге, ол қоғамда орын алған күрделі мәселелер бойынша шешім қабылдап, үкім шығарып отырған. Бұған қоса, жапондықтар мен қазақтарда «ақсақалдар кеңесі» институты ерте заманнан бері маңызды рөл атқарады.

Айта кетерлік жайт, қазақ халқы балаларға ерте жастарынан бастап өздерінің ата-тегін, жеті атасын білуді талап етіп, шежіресін үйретуге аса назар бөлген. Осылайша, қазақтар шежіре үйретуге ерекше назар аударған. Қазақ халқының пайымдауынша ер жігіттің үш жұрты бар, барлық туысқандарын білу ол үшін шарт болып есептелінген. Ата-бабаларын, шыққан тегін, әулетінің шежіресін, халқының тарихы мен мәдениетін біліп құрметтеп өскен бала отаншыл, өз халқына қамқор болып өседі деп танылған.

Жапон және қазақ халықтарында көпшілік ырымдар мен жөн-жоралғылар баланың дүниеге келуімен байланысты жасалған. Өйткені баланың анасының құрсағынан физикалық дүниеге келуі аса маңызды кезең болып саналған, бала мифологиялық тұрғыдан бір дүниеден екінші дүниеге өтеді деп қабылданған. Осы тұрғыда орындалатын жөн-жоралғылардың семиотикалық мәні аса жоғары болған, олар әсіресе жапон және қазақ халықтарында баланы босанатын жердің тазалығына, сондай-ақ баланы дүниеге әкелуге көмектесетін адамдарға деген жоғары талап пен жас босанған ана мен нәрестенің алғашқы күндеріндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Мысалы үшін, жапон халқының ұлттық наным-сенімдеріне сәйкес, екі қабат әйел босанатын жер таза емес, яғни «лас» жер деп қабылданған. Сол себепті, босанар алдында және де босанғаннан кейін бірнеше ай бойы жас босанған әйел жекеленген бөлек жерге тұрғызылып, оған тек жақын адамдары ғана баруға рұқсат болған. Осындай арнайы босанатын үйлер «убуя» деп аталған. Жапондықтардың III ғасырға жатқызылатын ең танымал мифологиялық ескерткіштерінің бірі «Кодзикиде» осындай арнайы «босану үйлері» болған деген дерек кездеседі. Осы дереккөзге сәйкес, Идзанаги құдай-ханшайым жұбайы Идзанами құдаймен сөзі келіспей отырып былай деген екен:

«Егер де солай жасайтын болсаң, мен күніне бес жүс босанатын үй – «убуя» салдыратын боламын [25, 48 б.].

Сонымен бірге XI ғасырдағы сарай маңындағы ханшайымдардың күнделіктерінде император әйел көне дәстүрге сәйкес өзінің ата-анасының үйіне босануға баратын болған. Босанар күн жақындаған шақта және де мифологиялық әлемнің белсенділігінің арту қаупі күшейген тұста, босанушы әйелдің жанын сақтап қалуға бағытталған шаралар қабылданатын болған. Атап айтқанда, адамдар түрлі зұлымдық күштерін қорқытып жолатпау үшін қатты айғайлайтын болатын, ал храмдарда арнайы хабаршылар жөнелтіліп дуа оқуға тапсырыс берілетін болған [171, 213-226 б.].

Босанатын әйелді оқшаулап оңаша жерде ұстау белгілі бір мерзім аяқталғаннан кейін бітетін болған. XI ғасырға сәйкес келетін мәліметтер бойынша босанған әйел 50 күндей оңаша тұрып, аталмыш мерзім аяқталғаннан кейін өз шаңырағына қайтатын болған.

Сонымен бірге этнографиялық мәліметтерде ертеде жапондық жас босанушы әйелдер буылған күріш шөбінің үстінде де босанатын кездері жиі кездескен делінеді. Жалпы Жапонияда барлық синтоистік храмдарда күріш шөбінен жасалған арқандар мен жіптерді көруге болады, бұл жапондықтар үшін күріш шөбінің ерекше семиотикалық мәртебесімен байланысты деп білеміз. Қарастырып отырған мәселеге қатысты күріш шөбінің сакралдық қызметі оның қорғаныштық сипатымен негізделеді. Сонымен бірге жалпы күріш жапондықтар үшін ырыс, несібенің, молшылдықтың белгісі.

Қазақ халқында да жас босанатын әйелді қорғау мақсатында түрлі жоралғылар орындалады, атап айтар болсақ, оның басына пышақ, балта сынды заттар жасталып қойылады, сонымен бірге дүниеге келетін «сәби ырысты болып тусын» деп қазанның қақпағын ашып, сүт пісіріп қою, зұлымдық күштерінің «көзі қызылға түседі» деп қызыл және түрлі-түсті заттардың бетін жауып тығып қоятын болған. Сонымен бірге, егер де жүкті әйел босана алмай қиналған болса жамандықтан қорғау мақсатында ол жатқан орынды аластап, ыдыстарды соғып, даңғырлатып түрлі ырымдар орындайтын болған. Сәби дүниеге келгенде қарттардың ішінен арнайы жасы үлкен құрметті адам таңдалып, нәрестені ақ матамен ораған, содан кейін кіндігін кестіретін болған. Бұл жерде дүниеге келген нәресте ұзақ өмір сүрсін, жолы ашық болсын деген сенім болған. Ерте заманда, көшпелі қазақ қоғамында жас нәрестелердің шетінеп кету жағдайлары жиілеп кездескен, сол себепті, халық арасында түрлі қорғаныш мақсатында ырымдар көптеп қалыптасқан.

Елімізде ер бала туылған жағдайда ерекше қуанышқа бөленген, өйткені халықта келесідей сөз қалған «ұл туғанға күн туған». Өйткені, қазақ халқының ұлттық дәстүріне сәйкес ұл бала шаңырақтың иесі қызметін атқарған. Тіптен, үнемі қыз бала дүниеге әкеліп, ұл сүйсем деген ниетпен отбасылар қыздарына ұлдардың есімдерін ырымдап беріп жатады, мысалы үшін, халық арасында «Ұлжан», «Ұлбосын», «Ұлбала» сынды есімдерді жиі кездестіруге болады.

Екі халық та бала тәрбиесіне ежелден аса назар аударған, өйткені адамның одан әрі қоғамдағы өмірі оның тәрбиесімен тікелей байланысты болған. Сол

себепті, жапондықтар үшін қазақтың «болар бала бесіктен» деген сөзі ұлттық маңызды қағидалардың бірі саналған.

Осылайша, екі ел халықтарының ежелгі мәдени дәстүрінде, оның ішінде ғұрыптық мәдениетінде көптеген ұқсастықтарды байқауға болады. Олар келесі тараушада егжей-тегжейлі салыстырмалы түрде қарастырылатын болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, екі ел халықтарының мәдени дәстүрінде орын алатын ұқсастықтар ежелгі уақытта жапон және қазақ халықтарының ортақ тілдік әулетке жататындығымен, олардың мәдени кеңістігінің бірлігін көрсетеді деп тұжырымдауға болады. Корей түбегі арқылы Жапонияға алтай және үндіеуропалық мәдени факторлардың ықпалы зор болған. Сол себепті, жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлерінде кездесетін ұқсастықтар жалпы адамзатқа ортақ дүниетанымдық құндылықтармен қатар, алтай және үндіеуропалық әулетке жататын көшпенді тайпалардың жапон аралдарындағы ежелгі тайпалармен өзара байланысынан бастау алған.

2.2 Екі елдің тұрмыстық мәдениетіндегі салт-дәстүрлердің даму сипаты

Бұл тараушада жапон және қазақ халықтарының тұрмыстық мәдениетіндегі салт-дәстүрлер мен ұлттық наным-сенімдердің құрылымдық жүйесі семиотикалық тұрғыдан талданып, мәдени дәстүрлердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар зерделенеді. Осы ретте екі елдің ұлттық дәстүріндегі баланың дүниеге келіп, өсіп, ер-жетіп, шаңырақ көтеріп, адамның о дүниеден озғанына дейін, сонымен бірге қайтыс болған аруақтардың жандарына тағзым етуге байланысты салт-дәстүрлер кешені толыққанды қарастырылады.

Жапон және қазақ халықтары отбасының бала көріп, ұрпақ жалғастыру мәселесіне ежелден аса жоғары мән берген. Сол себепті баланың дүниеге келуі жалғыз отбасы үшін емес, сонымен бірге бүкіл әулет пен ел үшін маңызды оқиға болып табылған. Жапондықтардың дүниетанымдық сенімдеріне сәйкес баланың физикалық дүниеге келуіне дейінгі тоғыз ай оның мифологиялық өмірден адамзат қауымдастығына өту кезеңімен теңестірілген [104, 267-268 б.].

Жапондықтардың баланың өмірге келуіне байланысты наным-сенімдерін зерделер болсақ, баланың жаны, жапон тілінде *тамаши*, оның дүниеге келуінен бұрын пайда болады делінген. Әдетте, жапондықтар бұл кезең баланың анасының құрсағындағы төрт айлық мерзіммен тең деп қабылдаған. Сонымен бірге, құрсақтағы нәрестеге жан біту кезеңі жапондықтардың дәстүрлі мәдениетінде жүкті әйелге «аналық белбеу» - ивата-оби, яғни ақ түсті жібек матасынан жасалған ұзын матаны байлауға байланысты салтты орындаумен ерекшеленетін болған, аталмыш салт баланың дүниеге келер уақытына екі, үш, төрт немесе жеті ай қалғанда орындалған. Осы әдет-ғұрыптың атауындағы сөздің семантикалық мағынасын талдар болсақ, «ивата» деген сөз «тау, төбе» деген мағына береді, ал прагматикалық тұрғыда қорғаныш қызметін атқарып, осы салт арқылы жапондықтар болашақ нәрестеге өмірлік күш-қуат және қайраттылық тілеген [101, 1-10 б.]. Жапон тілінде аталмыш салттың тағы бір атауы бар, ол – «сируси-но-обий», яғни «таңбалы белбеу» дегенді білдіреді,

және де белбеуде «ұзақ ғұмыр» тілектерін бейнелейтін иероглифтер жазылатын болған, «таңбалы белбеу» деген атаудың қолданылуы осымен түсіндіріледі.

Әдетте «аналық белбеу» салтын орындау мақсатында жапондықтар арасында ай күнтізбесі бойынша ит күнін таңдау дәстүрге айналған, өйткені ит жалпы жүкті әйел мен ананың денсаулығын қорғайтын, әрі жеңіл толғақты қамтамасыз ететін қасиетті тотемдік жануар деп саналған. Қазақ халқында да жас келін мен оның құрсағындағы баланы қорғау мақсатында тотемдік жануарларға табыну дәстүрі кеңінен кездеседі. Мысалы үшін, ғалым К.М. Төлеубаеваның этнографиялық еңбегінде келесідей ақпарат келтірілген, яғни белгілі бір отбасында нәресте жиі шетінеп кететін жағдайларда, қазақ халқы әдетте қарақұс ұстайтын болған, сол себепті жаңа туылған баланың жанын сақтап қалу үшін халық арасында түрлі наным-сенімдер мен рәсімдер қолданылатын болған [151, 21 б.]. Жалпы қарақұсты халқымыз тек қана бала өмірін ғана емес, жаудан қорғаушы ретінде де қастерлеген.

Ғалымдардың пікірінше, жаңа кезеңдегі Жапонияда «аналық белбеу», яғни ивата-оби мақтадан жасалған ақ, қызыл және сары түсті маталар түрінде де кездесіп тұрған. Бұл жерде белбеу болашақ нәресте мен оның анасын қорғауға арналған бойтұмар қызметін атқарған.

Осылайша, жапон қоғамында жүкті әйелдер ерекше құрметке бөленген, өйткені дүниеге келетін сәби сол әулеттің ұрпағының жалғасы болмақ. Қазақ халқы да осы тұрғыда сәбидің дүниеге келуі мен оның тәрбиесіне аса жоғары мән берген.

Өйткені, тұңғыш баланың саулығы, одан кейінгі балалардың амандығының да кепілі деп қабылданған. Сол себепті, қазақ халқында болашақ ананың жүктілік болған кезеңінен бастап, оған арнайы көңіл бөлініп, барынша дұрыс күтімі мен денінің саулығына жағдай жасалынатын болған.

Жаңа кезеңде пайда болған дәстүрлерге сәйкес Жапонияда дүниеге келген сәбиді салтанатты киіндіріп дүниеге келгеніне 120 күн толғанда туысқандарды қонаққа шақырып көрсететін болған [104, 35 б.]. Осылайша, жас босанған әйелді оқшаулау салты «ең алғаш ас беру» рәсімімен аяқталатын болған, яғни нәрестенің анасы немесе апасы барлық жиналған ағайын туыстардың алдында сәбидің аузына арнайы таяқшамен күріш не болмаса күріштен пісірілген дәмнен ауыз тигізіп беретін болған. Бұл рәсімнің семантикалық мәнін ашар болсақ, дүниеге келген нәресте мифологиялық және физикалық өмір арасындағы қауіпті белестен аман-есен өтіп, бұдан әрі адамдардың тағамын жей алады деп қабылданған.

Жапонияда жаңа туған сәби өзінің ата-аналарына да әлі де толығымен қарасты болмаған, сондықтан да құдай камилер баланың ширап, өсуін бақылап оның әрекеттерін басқарып отырған. Жеті жасқа жетпеген сәби Жапонияда «Құдайдың елшісі» деп танылған, бұған айғақ ретінде жапондықтардың келесі мақал-мәтелін келтіруге болады: «нанацу маэ еа ками но ути, яғни сөзбе-сөз аударатын болсақ, бала «Жеті жасқа дейін Құдайлардың арасында» делінген.

Қазақ халқында да нәрестенің дүниеге келген күндеріне байланысты өзіне тән наным-сенімдері болған. Мысалы, жас нәрестені, жас босанған әйелді үш күн бойы жын-пері жағалап жүреді. Сол себепті осы күндерде жас босанған әйел

мен сәбиді ерекше қорғауға алу қажет деген түсінік қалыптасқан. Осылайша, ерте заманда кештен таңға дейін жас босанған әйел жаңа туылған жас сәбиді ұйықтамай күзетіп отыру үшін үш күндей түнімен өлең айтып, ән мен жыр, күй мен би, ойын-сауықпен өткізген. Осы күндері бұл дәстүр баланың дүниеге келуін тойлау деп қабылданады.

Бұған қоса, халқымызда жүкті әйелдің жеңіл толғағын қамтамасыз ету үшін арнайы «құрсақ шашу», сонымен бірге «жарысқазан» сынды ғұрыптары кеңінен тараған. Әйел босанар шақта, енесі жабулы қаптарды ашып, тігулі киімдерді етектерін сөгетін болған. Сонымен бірге, арнайы ас пісіретін болған. Бұл ғұрыптық рәсім толғақ жеңіл өтіп, нәресте ас дайын болғанша дүниеге келсін деген ниетпен орындалатын болған. Ал егер де осындай ырымдарды орындағаннан кейін толғақ басталмаса, онда әйелге арнайы «оң-теріс» рәсімі орындалатын болған. Егер толғақ ауыр болған жағдайда, арнайы ер адам шақыртылып, үстіндегі шапанының етегімен «түс», «түс» деп толғақ үстіндегі әйелді қағатын болған [68, 15-67 б]. Сондай-ақ қазақтар әдіраспан шөбіне отқа май салып, «От Ана, май Ана жарылқа», деп ырымдаған, бұл қазақ халқының ата-баба аруағына сиынуының көрінісі.

Жапондықтар мен қазақтар жас ананы босандыратын адамдарға ерекше талғаммен қараған, сол себепті толғақ басталғанда көпбалалы, көнекөз аналарды шақыртатын болған. Осы жөнінде жапондықтар мен қазақтардың ерекше ұқсас тұсы толғау үстіне еркектер, бала көтермеген не жалғыз басты әйелдердің қатысуына тыйым салуында. Бала туылғанда оның кіндігін арнайы шақыртылған адам кесетін болған. Ол көп балалы, елге сыйлы, құрметті адам болуы шарт. Жас сәбидің жолдасын негізінен адам аяғы баспайтын жерге көметін болған. Қазақ халқында әдетте жаңа туылған нәрестенің кіндігін қырық судан шығару рәсіміне дейін оның жанына, не болмаса бесігінің тұсына қоятын болған. Жапондықтар да баланың кіндігіне ерекше қастерлікпен қараған, олар кіндіктің бір бөлігін арнайы ағаштан жасалған қорапқа салып, сақтайтын болған. Бұл ғұрып жапондықтар үшін жас туған нәрестенің маңына жындар мен зұлымдықты жолатпайтын қорғаныш ретінде қабылданған, осылайша баланың кіндігі арнайы орында сақталатын болған.

Жапондықтар мен қазақтардың тағы бір ұқсас тұсы баланың «кіндік шешесінің» болуында. Жапондықтарда кіндік шеше баланың ержетіп, оның тәрбиесінде ерекше рөл атқарған. Қазақтарда «кіндік шеше қалтасымен, қазан – адамымен» деген түсінік бар. Осыған байланысты, жапондықтар мен қазақтар баланың кіндік шешелерінің елге сыйлы, қадір-қасиеті мол адам болғандығын қалаған.

Жапонияда жаңа туылған нәрестенің өмірінің алғашқы аптасы, әсіресе тақ күндері – дүниеге келген күні, үшінші, бесінші және жетінші күндері аса маңызды болып саналған. Осы күндердің кештері арнайы жөн-жоралғылар мен салт-дәстүрлер орындалатын болған, атап айтқанда оларға кіндік кесу, тазалап жуындыру, сәбидің жолдасын көму, яғни оны мифологиялық әлемге қайтару, ең алғаш киім кідіру, ең алғаш шашын алу рәсімдері кірген.

Осы орайда жапон және қазақ халықтарының баланың дүниеге келуіне байланысты әдет-ғұрыптарының семиотикалық мағынасын қарастырар болсақ,

барлық ғұрыпты жөн-жоралғыларда бір маңызды тұсты байқауға болады, яғни қорғаныш және тазалау рәсімдерінің орындалуы. Бұл ғұрып босанған ана мен нәрестенің мифологиялық кеңістікпен байланыс үзіп, адамдар дүниесіне өту дегенді білдіреді.

Қарастырылып отырған халықтар үшін жас нәрестенің, әсіресе ұл баланың өмірге келуі отбасы мүшелеріне үлкен қуаныш әкелген. Қазақ халқы жас нәресте дүниеге келісімен сүйінші сұрап ат шаптырып алыс жақындарымен қуаныштарымен бөлісетін болған. Сонымен бірге, дүниеге келген сәби ұл немесе қыз болса, сәйкесінше «ат ұстар» және де «қырық жеті» деген ұғымдарды қолдану арқылы сүйінші сұраушы қуанышты жаңалықты жеткізетін болған. Бұндағы «қырық жеті» деген түсінік жалпы қыз баланың жат жұрттық екендігін аңғартатын халықтық көзқараспен байланысты.

Жапон халқында баланың дүниеге келуіне байланысты салт-дәстүрлерде «жетінші күн» – о-сития, яғни нәрестенің дүниеге келген күнінен бастап жетінші күні кешке тойланатын ғұрып ең маңызды салт-дәстүрлердің бірі болып табылған [183, 6-15 б.]. Бұл салт-дәстүр «надзукэ-но иваи» деп де аталады, мағынасы: нәрестеге ат беру мерекесі. Бұл күні баланы туғандықтары мен жақындарына ресми түрде алғаш рет таныстырып көрсетіп ат қойып не болмаса таңдалған атты хабарлайтын болған. Балаға ат қою күні қытай күнтізбесімен байланысты болған, осы күнтізбеге сәйкес тақ күндер бақытты болып саналған, ал жеті саны болса, барлық сандардың ішіндегі ең қасиетті деп танылған. Сонымен бірге айта кетерлік жайт, баланы таныстыру рәсімінде оның анасы қатыспаған, ал сәбиді әдемі киіндіріп әдетте апасы не болсама баланың күтушісі ортаға алып шығатын болған. Жалпы, О-ситияны мерекелеу дәстүрі жапондықтардың әрбір отбасы үшін өте үлкен әрі қуанышты шара болып саналады.

Жапондықтар үшін баланың дүниеге келуіне байланысты мерекелерде дайындалатын ас-тағамдардың да семиотикалық мәні өте жоғары. Арнайы тағамдардың ең бастысы - сәкихан болып табылады, бұл тағамды жапондықтар үнемі аса қуанышты мерекелерде әзірлейді. Дастарханның басты асы алабұғадан жасалатын мәзір болған. Бұл балық тұтастай әзірленіп басымен тартылады, өйткені жапон халқында басы жоқ алабұға бақытсыздыққа душар қылады деген сенім болған. Аталмыш балықтан әзірленген тағаммен қоса дастарханға жеміс-жидектер, көкөністер мен міндетті түрде күріштен жасалған ішімдік – сакэ қойылатын болған.

Семиотикалық тұрғыдан балаға берілген ат оның адамдар қауымдастығындағы алғашқы дәрежесін айқындап, баланы аруақтар дүниесінен бөліп тұратын аса маңызды белгі ретінде қабылданған. Сондықтан да болар, балаға ат берілген күннен бастап жапондықтар нәрестені үйлерінен еш қорқынышсыз алып шығатын болған. Осылайша, нәресте өзінің дүниеге келген бірінші аптасынан бастап біртіндеп әлеуметтік қоғамға қарастылығын айқындайтын белгілерге ие бола бастайды, яғни ең алғаш киім, алғашқы есім және арнайы сыйлықтарға ие болады. Жаңа туылған балаға арнайы жоғары семиотикалық мәні бар тағамдар әзірленеді, арнайы өлеңдер айтылып, би

биленеді, бір сөзбен айтқанда жапондықтар дүниеге келген жас сәбиді Құдайдай құрметтеген.

Қазақ халқы үшін де бала және оның тәрбиесі аса маңызды болған. Халық арасында «Отбасы оңалмай отан оңалмайды», «Бала бақытты болмай ата-ана бақытты болмайды» деген түсініктер кеңінен тараған.

Баланың дүиеге келуіне байланысты жапондықтардың маңызды ғұрыптарының тағы бірі ең алғаш рет храмға барып ғибадат етіп, тұңғыш рет «ас беру» болып табылады [5, 10-19 б.]. Ғибадатханаға барып тағзым ету рәсімі әдетте бала туылғаннан жүз күн өткен соң, ал «ең алғаш тағам беру» рәсімі – табэ-дзомэ, 120 күннен кейін өткізілетін болған.

Жапондықтар ғибадат ету рәсімін «мия-маири» деп атаған, сөзбе сөз аударғанда «храмға бару» деген мағынаны береді. Осы күндері балаларды ең алғаш рет қасиетті жер – храмға алып келеді. Баланың ата-анасы жаңа туылған нәрестені қолдап-қоршап жүруді сұрап храмның құдайына арнайы символикалық тартулар ұсынады. Аталмыш тартулар арнайы безендірілген сөмкелерге салынып, лентамен және симэнавамен байланады. Қаптың үстіне осы рәсімге арналған арнайы жазу жазылады [113, 7-10 б.]. Храмның дін қызметшісі ғибадатхананың жанында тұрып баланы тазалауға арналған рәсімді орындап оған жақсы тілектер арнап ақ батасын береді. Дін қызметшісі баланың үстінен кесілген қағаздың жолақтарымен безендірілген «гохэй» деп аталатын темір асатаяқпен бұлғап жындарды қорқытып балаға удзигамидің мейірімін шақырады. Жапондықтарда осындай символикалық тазартудан кейін жас туылған нәресте өмірге нық қадам баса алады деп қабылданған. Рәсім аяқталғаннан кейін нәрестені туған-туысқандары мен таныстардың үйлеріне апарып көрсетуге болған.

Әдетте жас нәрестенің анасы бала туылғаннан кейін бірнеше ай бойы ешкіммен араласпаған. Бұл дәстүрдің жалпы прагматикалық мәні бар, яғни жас босанған әйел мен нәрестені түрлі ауру-сырқаттардан сақтау мақсатында ұстанылған болатын. Баланың анасы «табэ-дзомэ», яғни алғаш ас беру рәсімін жасау барысында ғана өзгелермен араласатын болған. Бұл рәсім бала туылғаннан 120 күн өткеннен кейін, яғни бала барынша әл жинап ширағаннан кейін жасалады [104, 267-268 б.]. Осы мерзімнен бастап жапондықтар нәресте ана сүтімен қоса өзге де тағамды жей алады деп есептеген. Сол себепті дәстүр бойынша табэ-дзомэ барысында дастархан жайылып, нәрестеге де арнайы жеке дастархан дайындалатын болған. Баланың анасы болмаса апасы әдемі киіндірілген сәбиді ортаға шығарып хасимен күріш алып нәрестені тамақтандыратын болған. Жалпы бұл рәсім нәрестенің өмірінің жаңа кезеңінің басталуы деп қарастырылады.

Сонымен бірге қазақтар да ана мен баланы қорғау мақсатында «шілдехана» деп аталатын салт-дәстүрді орындайды. Шілдеhana рәсімін қазақ халқы күні бүгінге дейін орындап келеді. Бала дүниеге келіп, шираған соң, сол әулет арнайы дастархан жайып жас нәрестенің құрметіне той жасайтын болған.

Бала дүниеге келген соң шамамен бір аптадан соң қазақтар бесікке салу рәсімін орындайды. Баланы бесікке салудың да өзіндік жөн-жоралғысы бар. Оларға, баланы жатқызатын бесікті арнайы қасиетті шөптермен аластау ырымы

жатады, сонымен бірге баланың бесігіне жеті түрлі зат салу ғұрпы. Мысалға, нәресте елінің қорғанышы абыройлы азаматы болсын деген ниетпен бесікке тон мен шапан салынатын болған, сонымен бірге ер-жігіт мықты батыр болсын деген тілекпен кебеген жыбалытын болған.

Сәйкесінше қазақтарда да дүниеге келген нәрестені 40 күнді тосып, ең жақын туыстарынан өзге адамдарға көрсетпеген. Қырық күн өткеннен кейін ғана қырық қасық суға шомылдырып, қырық күн шілдесінен шығаратын болған. Осы тұрғыда қазақтар мен жапондықтардың тотемдік жануар - итке қатысты тағы бір айтарлықтай ұқсастықтары бар. Мысалы үшін, қазақтар «баланың ит көйлегіне түрлі тәтті дәмдер салып иттің мойнына байлап балаларға қудыратын болған». Ит көйлекті итке байлау – ит қорғаушы деген сенімнен туған. Жапондықтар үшін де ит екі қабат әйел мен жас нәрестенің қорғаушысы деп танылған. Қазақ халқы әдетте ұл баланы қырық күнге толдырмай қырқынан шығаратын болған. Бұл жерде қазақтар мен жапондықтар арасында ұқсастықты байқаймыз, атап айтқанда жапондықтардың ғұрыптарына сәйкес, туған-туысқандармен таныстырғаннан кейін жас сәбиді сол әулеттің қамқоршысы – удзиками не болмаса қазан-ошақтың қолдаушысы – убусо-но камимен таныстыру рәсімін өткізу дәстүрі орындалады. Бұл ғұрыпты әдетте ұл балалар үшін туылғандарынан 32-ші күні, ал қыз балалар үшін 33-ші күні ұйымдастырып отырған. Осылайша, жапон және қазақ халықтарының жаңа туылған сәбиді алғаш рет барша қауым мен әулет өкілдеріне таныстыру барысында дүниетанымдық ұқсастықтарын аңғаруға болады.

Өйткені жапон және қазақ халықтарында бала қырқынан шыққанға дейінгі мезгіл бала үшін де, ана үшін де қауіпті кезең деп саналып, әр түрлі діни-магиялық ырымдармен қорғауға тырысқан. Баланы тіл көзден сақтау ырымдары да қазақ және жапон халықтары арасында әлі де көптеп кездеседі. Оған жапондықтар мен қазақтардың нәрестенің жатар орнының тұсына түрлі қорғаушы қызметін атқаратын бойтұмарларды тығып қою ырымдары дәлел болады. Осы мақсатпен қазақтар бесіктің бас жағына қасқыр тұяғы, кейде бүркіт немесе аю тұяғын іліп қоятын болған [151, 150-160 б.].

Қазақтар баланың қырқынан шығару рәсімінде көп адам шақырмай, көршілер, туысқан әйелдерді шақырып, ішіндегі сыйлы, жасы үлкен кісіге шомылдыртады. Бала жуындыратын суға күміс білезік, сақина не қасық салынады, сонымен бірге бала ауқатты болсын деген ниетпен қойдың қырық құмалағын салатын жағдайларды да байқауға болады. Баланың ең алғаш шашын алу рәсіміне де аса жауапкершілікпен дайындалып, арнайы адамды алдын ала шақыртады. Бұл шашты қазақтар «қарын шаш» деп атаған және де оны арнайы матаға орап, тұмар ретінде қабылдаған. Аталмыш салт жас нәрестені көзден сақтау мақсатында жасалатын болған. Осындай ырымдар жапон халқында да көптеп кездеседі, жапондықтар да баланың шашын, тырнағын аса қасиетті деп қадірлеп, бала өскенге дейін сақтап қояды. Осылайша бала қырқынан шыққанша ешкімге көрсетпеу қазақ пен жапон халықтарында ұқсас болып келеді.

Сонымен бірге жапон және қазақ халықтарында баланың туылғанына 12-14 ай толғанда орындалатын арнайы рәсімдер бар. Олар негізінен бала

енді-енді аяқ басып жүре берер шағында орындалады. Осы ретте жапондықтар жүрейін деп талпынып жүрген баланың арқасына күріш салынған сөмке іліп қоятын болған, бұл баланы тепе-теңдік сақтауға үйреніп, бойын тік ұстап тезірек жүріп кетуіне ықпал етеді деп сенілген. Ал, қазақ халқында орындалатын салт-дәстүр – «тұсау кесу». Бұл бала қаз тұрып, енді аяғын басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүр. Тұсау кесу рәсімінде падаланылатын негізгі заттар ала жіп, қайшы немесе пышақтан тұрады. Әдетте тұсау кесетін адамдар да сол әулеттің немесе жақын жолдастарының арасынан арнайы таңдалады. Бұл рәсімнен кейін түрлі ұлттық ойын-сауықтар ұйымдастырылып дастархан жайылады. Мерекелік тойдан кейін той дәмі ретінде арнайы сарқыт таратылады. Ал тұсау кескен адамға арнайы сый тартылады.

Осылайша, жапондықтар мен қазақтардың бала туу, сәбидің дүниеге алғашқы келген күндерінен бастап тәрбиелеуге байланысты салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері, ырымдарының ұсқастығы байқалады. Бүгінде аталған елдердегі бала туу, өсіруге байланысты жасалатын дәстүрлерде олардың орналасқан тіршілік еткен ортасына заманның жаңғыруына байланысты ұлттық дәстүрлердің кейбір элементтерінде кездесетін өзгешеліктерді байқау қиын емес.

Жапонияда балаларды ұлттық салт-дәстүрлерге баулып, тәрбиелеу туылған күнді тойлау мерекесінен басталады. Осы ретте орындалатын салт-дәстүрлердің түрі өте көп, және ол кішкентай және есейіп келе жатқан балалардың бүкіл өміріне жалғасады. Бала-бақшаларда, мысалы үшін, буддистік храмдарда міндетті түрде Хана мацури немесе Камбуцу-э, яғни Будданың туылған күні аталып өткізіледі. Бұл мерекелер өзінің діни реңкін жоғалтып балаларға арналған мерекеге айналды. Мектептің бастауыш сыныптарында, әсіресе қыз балалар арасында Танабата мерекесі ерекше аталып өтіледі.

Жапон халқына тән тағы бір ерекшелік, бұнда туған күндердің жалпыға ортақ тойлануы, яғни арнайы күндері белгілі бір жасқа келген жапондықтар үшін мерекелік рәсімдер өткізіледі. Атап айтқанда, «Жеті - бес - үш» фестивалі – «Сити-го-сан» – ағымдағы жылы осы жастарға жеткен барлық балалардың туылған күндерін елмен бірге ортақ тойлау ең танымал ұлттық мерекелердің бірі. Бұл мерекелік дәстүр үш жүз жылдан астам уақыттан бері қалыптасқан. Бастапқыда ол 11-ші айдың 15-і күні тойланатын болған. Бұл күннің таңдалуы кездейсоқ емес, 11-ші ай күннің оралу мерзімі болып саналған – «итиё райфуку», ал 15-ші күн – ай толған күн болып есептелген. Сонымен қатар, 11-ші айдың 15-ші күні егістік мейрамы болған, және де бұл күні Құдайларға арнайы дұға бағышталатын болған.

Сити-го-сан мейрамының негізгі элементі – «мия-маири» мейрамы. Жалпы, «мия-маири» мейрамының маңызы жайлы алдыңғы параграфта да айтып өтілген. Бұл күні синтоистік ғибадатханаларға үш-бес жастағы ұлдар мен үш-жеті жастағы қыз балаларды әкелетін болған. Ата-аналар бұл күні әулетті қорғап-қоршап жүретін Құдайларға – «удзигамиге» балаларының дені сау және

бақытты болып өскендері үшін алғыс айтып, болашақта оларды назарынан тыс қалдырмауын өтінетін болған.

Қазіргі уақытта бұл мейрам үш, бес және жеті жасқа толған барлық балалардың мерекесі болып саналады. Аталмыш жастардың таңдалуы Қытайдағы тақ сандардың жоғары семиотикалық мәнімен байланысты деп қабылданған. Жапонияда да тақ сандар қасиетті мағынаға ие және аса орайлы деп саналған [171, 213-226 б.].

Сандарға, әсіресе тақ сандарға байланысты ырымдар қазақ халқына да бұрынғы заманнан бері тән салт-дәстүр. Атап айтқанда, қазақтар үшін жеті, тоғыз, он екі, қырық сандары қасиетті, киелі деп есептелген. Қазақ халқы, мысалы үшін, аптаның әр күніне оның реттік санына байланысты да аса мән берген. Әр күннің өзіндік ерекшелігі болған, сол күнге орайластырып тіпті істелетін шаралар да жоспарланатын болған. Атап айтқанда, қазақтар үшін сәрсенбі әрдайым сәтті күн деген ұғым кеңінен тараған, ал жұмы күні болса керісінше ауыр күндердің қатарына жатқан, сол себепті бұл күні аса маңызды шараларды бастамай, Құран бағыштап арнайы садақа тарататын болған. Осы ретте тағы бірқатар наным-сенімдерді атап өтуге болады, мысалы үшін, қазақ халқы жұмы күні қайтыс болған адамды жерлемеуге тырысқан, белгілі бір отбасында қайтыс болған адамдар болса соларды еске алып арнайы жеті нан пісіріп таратқан. Сонымен бірге қазақ халқы үшін тоғыз санының да мағынасы зор. Бұл тұрғыда халқымыздың келесі ұғымдарын келтіруге болады: «тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «тоғыз әйелдің толғағы бір күнде келеді», «тоғыз жолдың торабы» және т.б. [78, 20-45 б.].

Жапонияда үш, бес және жеті жасқа толу балалардың ер жету кезеңдерін көрсеткен. Ерте күндерде бұл жастарға толған балалар өздерінің орталарын - топтарын ұйымдастырған. Ауылдарда бұндай топтардың «өзін-өзі басқару» орталықтары, меншігі болған, олар өз еркінше жұмыс істеп осылайша жеке табысқа қол жеткізіп отырған. Сонымен бірге, олар бірге тұрып, тамақ әзірлеп, бірге ойнайтын болған.

Жапондықтар үшін баланың үш жасқа толған кезеңі өте маңызды болып саналады, осы жаспен олар бала өміріндегі жаңа кезеңді байланыстырады. Орта ғасырларда ақсүйектер отбасыларында екі-үш жасқа толған ұл балаларға алғаш рет арнайы ұл балалардың киімі - «хакама» кигізетін болған; бұл салт баланың ер жетуінің маңызды кезеңін білдірген. Самурай отбасыларында аталмыш салт баланың үш жасқа толған шағында орындалған. Кейін хакаманы кию рәсімі баланың бес жасында орындала басталды, дәл осы жаста самурайлар балаларын өздерінің қожайындары - даймёларымен таныстырып, осылайша балаларды үлкендер шеңберіне таныстырып, баулитын болған.

Үш жасқа толған ұл мен қыз балалар үшін «камиоки» рәсімі өте маңызды болып саналған. Ерте кездері кішкентай балалардың шаштарын тақырлап алып тастау дәстүрі қалыптасқан, бұл балалардың шаштары кейіннен мақтаныштың көзі болатын етіп қалың шашқа ие болу үшін жасалынған. «Камиоки» күніне орай ұл балалардың шаштарын бастарының артына буылатындай етіп өсірген болатын. Балаларды шахмат тақтасына отырғызып, бұрындары ересектер ұрыстағы жеңістен кейін орындайтын рәсім – төрт жаққа тағзым етуді

бұйыратын. Бұл ретте шахмат тақтасының қолдануын келесідей түсіндіруге болады, ежелгі Қытайда көріпкел адамдарда шахмат тәріздес күнтізбелік бал ашатын тақталар қолданылған, соған сәйкес адамның тағдыры болжанған және адамның денсаулығының жағдайы анықталатын болған.

«Камиоки» рәсімін орындау үшін аса құрметті адам таңдалатын болған, ол әдетте қарт әрі көп балалы болуы шарт болған. Ол рәсім барысында балаларға бақыт және құт әкелетін заттар жиынтығын табыстаған. Осы заттардың ішінде ең маңыздысы – ұзындығы шамамен бір метрге созылған жібек мата болған, оны үлкен қасық тәрізді етіп байлаған. Бұл жібек мата бумасы ақ шашты бейнелеген, яғни осылайша балаға ұзақ өмір тіленген. Рәсім барысында қыз балалардың шаштары қысқа кесіліп, екі жағына жиналып байланған.

Ал жеті жасқа толған қыз балалар үшін әсіресе сити-го-сан атты мереке аса үлкен маңызға ие болған, өйткені бұл күні олар алғаш рет кимононың, яғни әйел адамдардың киімінің белдігін байлаған, ол «оби» деп аталған. Бұл рәсім «оби-токи» деп аталады, яғни жаңа «белбеу тағу». Бұл қыз баланың бойжетуінің белгісі, өйткені қыз бала өмірінде алғаш рет бойжеткен қыз сияқты киінетін болған.

Қазіргі уақытта сити-го-сан, көптеген басқа мерекелер сынды, шын мәнінде өзінің діни мәнін жоғалтқан. Ата-аналар әлі де болса, Құдайлар балаларына бақыт әкеледі деп шын жүректен сенім білдіріп, көбісі аталмыш дәстүрге үлкен құрметпен қарайды. Ғибадатханаға келуші жас ата-аналар мен балалар әдетте тек діни нанымдармен ғана емес, сонымен бірге ескі әдет-ғұрыптардың күшімен ынталандырылады. Өйткені бұл дәстүр бұрыннан қалыптасқан: бала кездерінде әр жапондық өз ата-аналарынан осы мерекелік күні құрметке бөленген, енді қазір, өз кезегінде, олар өздерінің мұрагерлеріне сондай құрмет көрсетуде» [159, 77-81 б.].

Осылайша, Жапонияда жас балаларды инициациядан өткізу рәсіміне байланысты жоралғылар олардың үш, бес және жеті жасқа (ұлдар үшін 3-5 жыл, қыз балалар үшін 3-7 жас) толуына байланысты өткізіліп тұрған. Тақ сандар, жапондықтардың дәстүрлі наным бойынша бақыт пен құт әкеледі деп сенілген. Баланың үш жасынан бастап және арнайы рәсімдерді орындаған сәттен бастап балалардың өмірінде жаңа кезең басталады деп қабылданған, бұл кезең жаңа киімге киіну, шаш сәнінің өзгеруі, жаңа тағамдардан дәм тату және баланың есімінің өзгеруімен ерекшеленеді.

Орта ғасырларда ақсүйектер отбасында, ұл бала үш жасқа толғанда, оған алдымен кең хакама атты шалбар кигізіліп, алғаш рет балықтың дәмін татуға мүмкіндік берілген. Әдетте баланың есімін өзгерту рәсімі кейінірек, жасөспірім жаста орындалғанымен, XIII ғасырдағы ескерткіштер бойынша баланың есімі оның кішкентай кезінде өзгертілуі мүмкін болған [160, 51-75 б.].

Қазақтардың ұлттық мәдениетімен салыстырар болсақ, қазақтарда ұл балаларға арналған мерекелердің ішінде сүндетке отырғызу ғұрыптары ерекше орын алады. Сүндетке отырғызу VII-VIII ғасырда араб елдерінен шығып, бүкіл мұсылман жұртына тараған. Сүндетке отырғызу мұсылмандықтың белгісі болып саналған. Ер баланы сүндетке 5-7 немесе 9 жасында отырғызған. Баланы неғұрлым ерте сүндетке отырғызса, солғұрлым ауырсынбай, тез жазылып

кетеді, бұл міндет арнайы тәжірибесі бар молдаға жүктеледі. Ол ұстарамен шеткі терісін тіліп кесіп алып, киіз үйдің сыртқы тұсына іліп қояды және ол сонда кеуіп кетеді [151, 115-145 б.]. Баланың мұсылман болғандығына байланысты да жасалынатын көптеген жөн-жоралғылар бар.

Қазақтарда ертеде елді тойға шақыру үшін сүндеттелген баланы сүндет қоржын салынған атқа мінгізіп, елді шақыртқызған. Тойға шақырып келген баланы құрметтеп, қарсы алып, үйге кіргізеді. Ал, әйелдер қауымы сүндет қоржындағы тәттілерді ырым қылып бөліп алатын болған.

Жапондықтар үшін баланың жеті жасы сынақ кезеңі деп саналған. Осы кезеңде құдайлар, егер оларға дұрыс тағзым етілсе, балаға өмір сүру құқығын беретін болған. Осы мақсатта жапондықтар балаларын синто храмына әкелетін болған. Жеті жасар қыздарға алғаш рет кимоно кигізіп, оны қатты обимен байлайтын болған, сонымен бірге «гета» деп аталатын ұлттық аяқ киім кидіріп, шаштарын арнайы сәнмен безендіретін болған. Ұл балаларға «монца» деп аталатын отбасылық таңбалары бар жоғарғы жағы қысқа болып келетін кимоно және «хакама» деп аталатын кең шалбар кидіретін болған [160, 77-81 б.].

Жеті жасқа толғаннан кейін жапондықтар ұлдар мен қыз балаларды бөлек тәрбиелеген. Балалардың жыныстық айырмашылықтары арнайы сыйлықтар арқылы ескеріліп отырған: ұлдарға фундоси, яғни белге оралатын белбеу, ал қыздарға алжапқыш немесе «косимаки» қыздарға арналған тарту етілген.

Ұл бала мен қыз балалардың тәрбиесіне қатысты бұндай салт-дәстүрлер қазақтардың ұлттық мәдениетінде де ерекше көрініс табады. Мысалы үшін, ұл балаларға арналған атқа мінгізу тойын атап өтуге болады. Қазақтарда бала 4-5 жасқа толғанша әке-шешесі арнайы ат, ер-тоқым даярлайды. Ерді кайыңның безінен шаптырып жасатады. Бұл рәсім «ашамай ер» деп аталады. Атқа мінгізу тойы жаз айларында болады. Әдетте баланың нағашы жұрты арнайы ат атап мінгізеді. Тойға жиылған қауым балаға түрлі қамшы, садақ сынды сыйлықтар беру дәстүрі кең тараған. Бұл - бала азамат болуға жарады деген ырымдар.

Бала тәрбиесіне қатысты сандарға байланысты ұлттық наным-сенімдерге сәйкес, жапондықтар мен қазақтар үшін келесі қолайлы жас он үш жас деп саналған, дәл осы жасқа толған шақта неке құруға және жасөспірімдік кезеңнен ересектер қатарына өтуге байланысты ғұрыптар орындалған. Осыған байланысты Жапонияда «дзюсан-маири» атты салт болған, яғни осы мереке күні барлық балалар 3-ші айдың 13-ші күні ғибатаханаларға баратын болған. Қазір мұндай дәстүрлер сақталған жерлерде мереке 13-сәуірде өткізілуде.

Мысалы үшін, Нара кезеңінде (710-794 жж.) некеге тұру жасы қыздар үшін 13 жас, ал ұлдар үшін 15 жас деп есептелінген. IX-XVI ғасырларда ақсүйектер отбасынан шыққан балалар 11-15 жасқа толғанда ересектер қатарына өту рәсімінен өтетін болған. Ертедегі жапондықтардың пайымдауынша, осы жаста бала физикалық және рухани жетілетін болған. Алайда, жапондықтарда белгілі бір жасқа қатысты қатаң ереже сақтау байқалмайды. Мысалы үшін, Монтокудан (850-859) Го-Итидзё (1016-1036) отбасынан шыққан 14 императорлардың балаларының бесеуі 11 жасында, бесеуі 15, қалғандары 14, 16 және 18 жасында ересектер қатарына өткізу рәсімі орындалған [136, 1-4 б.].

Ежелден қазақ халқы он екі санына ерекше мән берген, бұл сан қазақтар үшін қасиетті сандардың бірі танылған. Жыл күнтізбесін қарастыратын болсақ, ол жануарлардың есімімен аталған. Әр жануар қазына ретінде қарастырылған, ал әр он екі жыл сайын қазақтардың пайымдауынша адам мүшел жасына толып отырған, және де осы кезең адам өміріндегі ең «қатерлі жыл» ретінде қарастырылған. Сол себепті ел арасында «Он екі мүшең сау болсын» деген ұғымдар кеңінен тараған. Осы мысалдан, қазақ халқы үшін он екі санының ерекше қасиетті болғанын аңғаруға болады.

Бала тәрбиесінде маңызды рөл атқаратын жапон күнтізбелік рәсімдері мен әдет-ғұрыптарының ішінде қыздар мен ұлдарға арналған арнайы мерекелерді атап өткен абзал.

Жапонияда қыздар мерекесінің бірнеше атауы бар: Дзэси-но сэкку – жыланның бірінші күнінің мерекесі, бұл жердегі дзэси – жыланның бірінші күні; секку – мереке; Хина Мацури – қуыршақтар фестивалі, Хина – қуыршақ дегенді білдіреді; Момо-но сэкку – шабдалы гүлі фестивалі. Қазіргі уақытта Хина Мацури атауы жиі қолданылады.

Бұл мерекенің кем дегенде мың жылдық тарихы бар. Бұл дәстүрдің шығу тегі Гендзи ертегісінде айтылған үй заттарының кішірейтілген бейнелерімен байланыстырылады. Осы кішкене заттардың ішінде қуыршақтар да болған [166, 213-226 б.]. Бастапқыда бұл мереке император ауласында және әскери топтар арасында атап өтілген, кейіннен бүкіл халық арасында кеңінен таралған. Хина Мацуридің негізгі құрамдас элементі ретінде қызмет еткен сол кездегі қуыршақтар формасы мен безендірілуі жағынан өте қарапайым келген.

XVIII ғасырдың екінші ширегінде қуыршақтар фестивалі ұлттық мейрамға айнала бастады. Оның танымалдығы көбінесе Токугава әулетінің сегізінші сёгуны Есимунэмен (1677–1751) байланыстырылады, өйткені бұл императордың қыздары көп болған [166, 213-226 б.]. Аталмыш мейрамның ежелгі дәстүріне сәйкес, қыздар тұрған үйлерде император сарайының өмірі мен әдет-ғұрпы бейнеленген бай киінген қуыршақтар көрмесі ұйымдастырылып тұрған. Бұл қуыршақтар ғұрыптық рәсімде пайдаланылған. Сондай-ақ, тұрмыстық керек-жарақтарды бейнелейтін ойыншықтар да қойылатын болған. Көрме үш, бес және жеті сатыдан тұратын және ашық қызыл матамен қапталған арнайы сөреге орналастырылған. Онда кем дегенде 15 қуыршақ қойылу шарт болған. Ең қымбат және ең әдемісі – паршадан тігілген киімдер киінген, ханшайым мен императорды бейнелейтін «даирисама» (сөзбе сөз, «орынбасар мырза») деп аталған.

Дайрисама қуыршақтары екі жағынан шамдары бар, ал ортасында қағаздан жасалған тақтайшалармен безендірілген қасиетті ағаш салынған науа орналастырылған сөренің ең жоғарғы жағына қойылатын болған. Көрменің осы негізгі қуыршақтары жұптасып, ерлі-зайыптыларды бейнелеген. Бұл әдет ежелгі «хина-асоби» ойынынан, яғни қуыршақтар ойынынан бастау алады. Ойын мың жыл бұрын белгілі болған, балалар ерлер мен әйелдерді бейнелейтін екі әдемі кішкентай қуыршақтармен ойнаған. Ойын неке ұғымымен байланысты болды: қуыршақтар күйеу жігіт пен қалыңдықты бейнеледі. Бұл адамзат ұрпағының жалғасуын бейнелейтін және сонымен бірге ұрпақ

жалғастыру мәдениетінің көрінісі болған. Бүгінде дәстүрлі қуыршақтар жиынтығына әншілер немесе спорт ойыншылары сияқты заманауи тұлғаларды бейнелейтін қуыршақтарды байқауға болады, дегенмен олар әрдайым жүп болады, яғни дәстүр сақталуда. Айта кетерлік жайт, ер адамның бейнесі әйелдің оң жағына қойылады. Бұл жапон халқында оң мен сол жақтың жоғары семиотикалық мағынаға ие екендігін білдіреді, осылайша, жапон мәдениетінде сол жақ – әйел адамға тиесілі болса, сәйкесінше, оң жақ – ер адамға тиесілі болған.

Көрмені шабдалы гүлдерімен безендіру көптеп кездеседі, оның қызғылт түсі көктеммен байланыстырылады. Сонымен қатар, шабдалы гүлдері қыз баланың мінезі мен келбетінің ең жағымды қасиеттерін білдіреді - нәзіктік, момындық, бұл жапондықтардың пайымдауынша неке бақытының кепілі болып табылады. Осындай қуыршақтар мен ойыншықтардың жиынтығы қалыңдыққа берілетін жүктің маңызды бөлігі болған.

Жапондықтар ұлдар мерекесін 5-ші айдың 5-ші күнінде атап өтеді. Ауылды жерлерде бұл ең қауырт кезең болған. Жапонияның көптеген аудандарында бұл күндері шаруалар күріш көшеттерін негізгі алқаптарға ауыстыра бастайтын, топырақты құнарландырып, тары сеуіп, соя мен қызыл бұршақ отырғызған, көкөніс дақылдарына арналған тіреуіштер жасаған, көктемгі жібек құрттарын жинап, жәндіктермен күрескен.

Ұлдар фестивалі Қытайда Хань әулеті кезінде пайда болған деп саналады (біздің дәуірімізге дейінгі III ғасыр). Осы мереке кезінде емдік шөптер жиналып, ауру мен бақытсыздықты болдырмай алдын-алу және дені сау бала тәрбиелеу үшін жусаннан қуыршақтар жасалған. Мереке күні Қытайда да, Жапонияда да белгіленбеген. Тек Тайко реформалары басталғаннан (VII ғасыр) бастап, ол 5-ші айдың 5-ші күні тойлана бастаған. Жапондық жазбаларда бұл туралы ең алғаш рет 839 жылы аталып өтілген [26, 1-25 б.].

Бұл мерекенің қыздар мерекесі сияқты бірнеше атауы бар. Солардың бірі – «танго-но-сэкку», яғни дәлме-дәл аударғанда жылқы мерекесінің алғашқы күні деген мағынаны білдіреді. Жылқы күніне сәйкес келетін бесінші айдың бесінші күнінің мереке ретінде таңдалу себебі бұл жануар батылдықты, мықтылық пен күшті бейнелеген, яғни жауынгер болу үшін ер жігітке лайықты барлық қасиеттерді білдірген. Аталмыш күні арнайы ат жарыстары мен садақ ату ойындары өткізіліп тұрған.

Мерекенің басқа атауы – «Сёбу-но сэкку», яғни жыланқияқ фестивалі. Бұл мереке VIII ғасырда Нара кезеңінде пайда болды. Осы уақытта гүлдейтін жыланқияқ сәттілік пен денсаулықтың белгісі болған.

Бұл мерекенің ежелгі мағынасы егістік алқаптарды табиғи апаттардың барлық түрлерінен қорғауға бағытталған, сондықтан да ол мол өнім алуға, адамдардың өмірін сақтауға және әсіресе балаларды қорғауға бағытталған.

Ұлдар күні мерекесінде жапондықтар үйлерінде арнайы тағам дайындайды – күріштен жасалған дөңгелектер немесе бамбук жапырақтарына оралған күріш дөңгелектері – «тимаки», бұл денсаулық пен шыдамдылықтың белгісі; емен жапырақтарына оралған күріш – «касива-моти», ұзақ өмір сүру символы; қызыл бұршақпен пісірілген күріш – «сэхихан» болса зор денсаулықтың белгісі. Әр

тағамға күріш қосылып пісірілетін осындай ұлттық рәсімдік тағамның жиынтығы балалардың денсаулығы мен ұрпақ жалғастығының бірден-бір сиқырлы құралы деп есептеледі.

Қазақтарда бала ер жетіп, қыз бойжеткен шақта әрбір ата-ана «ұлын ұяға, қызын қияға қондыруы» парыз деп сенеді. Бүгінгі таңда кәмелетке толу жасы ретінде он алды мен он жеті жас қарастырылады. Бұрындары қазақ халқында осы жаста, тіпті одан ертерек отбасын құрып отау иесі атанатын болған. Ислам дінінің түсініктері бойынша бала он үш жасқа толған соң пендешілдікке мойын ұсына бастайды делінген, сол себепті қыз бала бой жетісімен он үш жасы шамасында тұрмысқа беріп, ал ұл балалар болса он бес жас шамасында отау құратын болған. Аталмыш дәстүр қазақ халқында соңғы ғасырға дейін сақталып орындалып келген.

Жалпы, жапондықтар мен қазақтар ұл балаларға болашақ отау иесі деп, ал қыз балаларды болашақ ана ретінде олардың тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қараған.

Жапондықтар жеті жасқа толғаннан кейін ұлдар мен қыз балаларды бөлек тәрбиелейтін болған, оларға арнайы сыйлықтар тарту ететін болған: ұлдарға «фундоси», яғни белге оралатын белбеу, ал қыздарға алжапқыш немесе «косимаки» тарту ететін болған.

Жапонияда қыз бала «балалар есімін» 7 жастан 13 жасқа дейін оған алғаш рет «мо», яғни белбеуге ленталармен көйлегінің арт жағынан байланатын бүрленген шлейф тағылғанша және кең «оби» атты бойжеткен қыздар мен әйелдер тағатын белбеу байланғанға дейін алып жүрген. Ақсүйектер отбасыларынан шыққан қыздар арасындағы кәмелетке толу рәсімі «тякумо» немесе «моги», яғни «моны тағу» деп аталған. Рәсім барысында қызға шлейф тағылып, бұған дейін иығына дейін босатылып жүретін шаштары жиналып байланатын болған. Осыдан кейін қыз бойжеткен саналып тұрмысқа шығуға дайын деп есептелінген [171, 213-226 б.].

«Гемпуку» деп аталатын ұлдардың кәмелетке толу рәсімі олардың шаш үлгісінің және бас киімдерінің өзгеруін қамтыған. Ұлдардың инициациядан өту жоралғылары көпшілік алдында, туыстарының және салтқа қатысушылардың қатысуымен өткізілетін болған. Хэйан дәуіріндегі ақсүйектер қоғамына жататын жастар (794-1185 жж.) гемпукуға қатысты рәсімге дейін «варава» деп аталған және бастарын қалпақпен жаппаған. Мерекелік рәсім кезінде балалардың «мидзура» деп аталатын шаш үлгісі алдымен таратылып, шаш ортасынан бөлініп екі жағынан құлақтың артына жиналған, содан кейін алдыңғы жақтағы шаш кесіліп, төбелеріне түйінмен байланған немесе буылып, шілтермен оралатын болған. Баланың басына «каммури» атты бас киім кигізілетін болған, сондықтан рәсім «басты жауып қою» салты деп те аталатын болған [160, 51-75 б.]. Бұл рәсімнен кейін балаға жаңа «ересек» есім берілетін болған.

Қазіргі күні Жапонияда кәмелетке толу салтанаты немесе «Сэйдзин-но хи» фестивалі қаңтардың екінші дүйсенбісінде барлық 20 жасқа толған жапондықтар үшін ортақ ұйымдастырылады. Бұл күні 20 жасқа толған барлық жастар ересек ретінде танылып, ресми түрде дауыс беру, ішімдік ішу, некеге

тұру құқығына ие болады. Аталмыш кәметке толу күні - бұл демалыс күні болып есептелінеді.

Мерекенің басты іс-шаралары қалалық әкімшілікте өтеді, рәсім «сейжин сики» деп аталады, бұл рәсімнен кейін «момотэ сики», яғни садақ ату салты деп аталатын синто рәсімі өткізіледі. Осылайша, «Сейдзин-но хи» – қазіргі заманда 20 жасқа толған жапондардың кәметке толған күні болып табылады. Ежелгі уақытта ересектерге өту дәстүрі қазіргі заманнан өзгеше түрде өткізілген. Дегенмен, көптеген ежелгі рәсімдер осы күнге дейін сақталып келген. Олардың қатарында жапондықтардың ұлттық садақ ату салтын да атап өткен жөн.

Бұл храмдық рәсім көптеген салт-дәстүрлер түрінде бүгінгі күнге дейін сақталған. Олардың қатарында бейбіт өмір және мол егістік өтінім дұға ету рәсімі, зұлымдық рухтарын қуу, тазарту рәсімі, «ябусама» – атпен садақ ату, «Омато» рәсімі және т.с. әртүрлі нұсқаларда сақталған. «Момоте сики» салты да осы топқа жатады.

«Момоте сики» салт-жорасы жаяу жүріп келе жатып садақ ату дегенді білдіреді. Жапондық ежелгі садақ ату мектептерінің бірі Огасавара әулеті қабылдаған рәсімнің әдістері үлгілі болып саналады. Огасавара әулеті ежелден бері жекпе-жектермен, әсіресе садақ атумен танымал болған. Огасавара әулетінің негізін қалаушысы 12 ғасырдың ортасында өмір сүрген, ал әулеттің өзі 1868 жылға дейін Токугава сегунатына қызмет еткен. Осы уақытқа дейін садақ ату жабық өнер түрі болып есептелген, бұл өнерді оқытатын мектептер ХІХ ғасырдың соңында самурайлар институтының жойылуынан кейін пайда болған.

Рәсімнің басында ақ киінген екі діни қызметкер көкке оқ жаудырады. Рәсім барысында арнайы жебе қолданылады, оның дыбысы ками құдайларды шақыратын және зұлымдықты кетіретін дыбыс шығарады деп сеніледі. Ерте заманда мұндай жебелер шайқас басталар алдында қолданылған.

Содан кейін он садақшы бір уақытта нысанаға екі мәрте жебе атады. Момоте «жүз қол» дегенді білдіреді. Садақшылар нысанаға екі жебе атады – «хайя», яғни ерлерге тән, яғни ұшу барысында сағат тілімен айналу деген мағынаны білдіреді және «отойя», әйелдерге тән, ұшу барысында сағат тіліне қарсы айналатын болған.

Басқа халықтар сияқты, қазақтар мен жапондықтарда екі адамның некелік одақ құруына деген өзіндік дүниетаным қалыптасқан. Халық арасында: «өмірде үш нәрсені болжауға болмайды: кіммен некелік одақ құратыныңды; болашақ сәбидің жынысын және қашан дүниеден өтерінді» деген ұғымды кеңінен кездестіруге болады. Қарастырып отырған екі халықта да жалпы некеге отыру қасиетті шара деп қабылданған, және де бұл Тәңірмен адамның пешенесіне жазылған деген түсінік қалыптасқан. Жапондықтар мен қазақтардың некеге отыруға қатысты ғұрыптық рәсімдері бірнеше маңызды кезеңнен тұрады.

Жалпы алғанда, отбасын құруға байланысты рәсімдердің жекелеген тұстарындағы ерекшеліктерді ескермегенде, үйлену салтының сыртқы, дәстүрлі бітімі сақталды деп айтуға болады. Әр халықтың үйлену тойына қатысты қалыптасқан салт-дәстүрлерінің ерекше және ортақ тұстары сәйкесінше келтірілетін болады

Қай халықта болмасын үйлену той жасалмас бұрын екі жастың туған-туыстарымен таныстық орнатып құда түсу рәсімі өткізіледі. Бұл ретте қазақ халқының құдаласу салты ерекше сипатқа ие, оның түрлері де көптеп кездеседі, атап айтқанда «бел құда», «бесік құда» және «қарсы құда» деп бөлінеді.

Бел құда болу әдетте бұрыннан араласып жүрген таныс дос жарандар арасында көптеп кездеседі, бұр жерде бір отбасында ұл бала, ал екіншісінде қыз бала дүниеге келген болса, өз достастық қарым-қатынастарын туыстық деңгейге ауыстырып одан әрі байланыстарын нығайта түсейік деген ниетпен қазақтар балаларының кішкене жасынан бел құда атасатын болған.

Бесік құда деген өзара құда атануға ниет білдірген отбасылар бесікте жатқан балаларын бір-біріне сәби кезінен атастырып қоятын болған. Бұл құдалықтың түрі әдетте орта ауқатты отбасыларда көптеп кездескен, және де ұзатылатын қызға берілетін қалың малды біртіндеп төлейтін болған. Осындай құдалық әлі де кейбір аймақтарда сақталып келеді.

Бұған қоса, ертеден өзара құда атасып, келін алып, қыз берісіп келе жатқан адамдардың қайталана құда болуы «қарсы құда» болып табылған, сонымен бірге ертеде, мысалы үшін келін түсірген тараптың қалың мал төлейтін мүмкіндігі болмаған жағдайда, оның орнына қыз беретін жағдайлар кездескен.

Жапонияда құда түсу және үйлену той жасау рәсімдері өзгеше болып табылады. XII ғасырға дейін жапондық отбасы полигамды болып табылған – ер адам бірнеше әйел алуға құқылы болған, ол қалауынша әр бір әйелінің үйіне барып тұрған. Қазақтарда да ертеден полигамдық салт қалыптасқан. Кейінірек жапондық отбасыларда моногамия институты пайда болып орнықты. Жапондық отбасы үлкен болған: ерлі-зайыптылар, олардың балалары, сонымен бірге олардың ата-аналары да барлығы бірге тұрған. Көбіне мұндай отбасылардың мөлшері бірнеше ондаған адамдардың басын қосатын болған. Жапондықтар өздерінің ата-бабаларының рухтарына тағзым етіп, олар үшін ғибадатханалар тұрғызған, қазіргі күні бұндай хибадатханалар синто храмдарына айналды, онда отбасылық рух – Құдай мекендейді деп сенілген.

Жапондықтарда келесідей мақала бар: «Соңғы қазанды сат, бірақ жақсы әйел тап», – делінген. Жапонияда тек отбасылардың өзара келісімі бойынша некелер ғана емес, сонымен бірге өзара сүйіспеншілік негізінде қиылатын некелер де, негізінен асыл текті адамдар арасында кездеседі. Дегенмен XIX ғасырдың ортасынан бастап қоғамның барлық салаларында келісім бойынша некеге отыру басым бола бастады.

Бастапқыда жапондық қоғамда қалыңдық іздестіру ісімен делдардар, яғни «накодо», ақылы түрде айналысатын болған. Накодолар жастардың өзара сүйіспеншілік қалауларына қарамастан, олардың қоғамдағы мәртебесі мен әл-ауқаттарына басым көңіл бөліп, қолайлы өзара тең жұп іздейтін болған. Осылайша жапондық қоғамда алдын-ала келісілген өзара тиімді некелер кеңінен таралған. Қазақ дәстүрінде де жастардың басын қосуға арналған «жеңгетайлық» деген ұғым бар.

Накоданың қызметіне жүгіну бүгінгі күнгі Жапонияда да таңсық жағдай емес, алайда, шынайы өзара сүйіспеншілік негізінде үйлену тойларын өткізу де ерекшелік емес.

Танысу барысында алдымен екі отбасы да бір-біріне өздерінің отбасы туралы, балалары туралы айтады. Егер отбасылар арасында келісімге қол жеткізілсе, ер жігіт пен қыз бала бір-бірімен нақодоның қатысуымен жайылған дастархан басында таныстырылады. Осы рәсім кезінде ер адам болашақ жарына бес, жеті немесе тоғыз санды үйлену тойына арналған сыйлықтар тарту ететін болған, ал оның отбасы - ақша мен игіліктің нышандары, мысалы, гүлденуді білдіретін комбу балдырын тарту ететін болған. Қалыңдықтың отбасы да жауапты сыйлықтар ұсынады, алайда олардың құны алынған сыйлықтардың сомасының жартысын құрауы шарт болған. Бүгінгі таңда әдет-ғұрып аздап өзгерді: болашақ жастар бір-бірімен сақина алмасады.

Ерлі-зайыптылардың кездесуінің тағы бір түрі, о-миаи деп аталады. Қыз бала таңдау жасаған жігітпен кездесіп, әдетте бұндай алғашқы танысулар ертеде күннің батуы немесе сакура гүлдеген тұста ұйымдастырылатын болған, үйлену тойының мүмкіндігіне нұсқайды. Егер осыдан кейін жігіт оның қалауын қабылдаса, бұл оның келісім білдіргенін байқатады. Жалпы, Жапонияда тікелей сүйіспеншілікті білдіру бірегей құбылыс.

Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін сақталған, яғни танысуға отбасыларының қолдауын алғаннан кейін жастар бір-бірімен кездесіп танысады, содан кейін ата-аналар олардың таңдаулары туралы пікірлерін сұрайды. Жапонияда ер адамдар да нақодоға жүгініп болашақ жар іздестіруге сұраныс береді, осылайша нақодоның көмегімен үйленіп отбасын құру жағдайлары көптеп кездеседі.

Жоғарыда атап өтілгендей, жапондықтардың үйлену дәстүріне сәйкес, отбасылардың алғашқы жиналысында күйеу жігіттің туыстары қалыңдықтың отбасына бес, жеті немесе тоғыз санды конверт ұсынады. Олардың бірінде үйлену тойын өткізуге қажетті соманың көбі немесе барлығы салынатын болған.

Қазіргі уақатта Жапонияда неке қию және үйлену той рәсімдері синтоистік, буддистік, немесе католиктік түрлерінде өткізіледі. Шын мәнінде, дін бұл мәселеде аса маңызды рөл атқармайды, жапон стиліндегі үйлену тойы екі отбасының бірігуінің мерекесі болып табылады. Діни рәсімдер тек жүз жыл бұрын пайда болды. Сондықтан, бірінші кезекте әрқашан жастардың қалауы маңызды болып табылады. Жапонияда дәстүрлі синто рәсіміндегі үйлену тойы мен Батыста танымал католиктік рәсімдер кеңінен таралған.

Бүгінде Жапонияның үйлену тойы негізінен ежелгі рәсімдерді ескере отырып өткізіледі. Алайда, бұл мерекеге заманауи жаңашылдық әкелетін еуропалық дәстүрлер өз ықпалын жасамай қойған жоқ. Күйеу жігіттің отбасы қалыңдықтың отбасына әдемі тілектер салынған бірнеше конверт беріп, үйлену тойына арналған қаражатты конверттердің біріне жасыру қызықты рәсім болып табылады. Алайда, Жапонияда үйлену той шығындарын тек күйеу бала жақ қана көтермеген, соманың жартысын қалыңдықтың отбасы қамтамасыз етеді.

Осылайша, үйлену күні белгіленгенге дейін жастардың отбасылары өзара сыйлықтармен алмасты. Дәстүр бойынша, сыйлықтар Жапонияда үйлену тойдың алдында беріледі. Мұндай сыйлықтар үйлену той тартулары деп аталады. Өзара тарту етілетін сыйлықтар әр отбасының әл-аухатына қарай

берілетін болған. Осылайша, жапондықтарда отбасылық алғашқы танысу болашақ күйеу жігіт, қалыңдық және олардың ата-аналарының қатысуымен өткізілетін болған. Егер кездесу нәтижелі болса, жастар бір-бірімен жақсы үйлеседі деген шешім қабылданып, содан кейін үйлену тойының күні белгіленетін болған. Егер де жастар біріне бірі лайық болмаса, онда қалыңдық іздеу өз жалғасын табатын болған.

Қазіргі таңда жапондықтар арасында жастардың басым бөлігі алдын-ала келісім арқылы үйленеді. Ер адам үйіне қалыңдық алғанда оған үй ісімен айналысуға және де бала сүйіп әулетінің ұрпақтарының жалғасуына үлкен үміт артады, ал қыз бала болса тұрмыс құру арқылы сенімді берекелі өмірге үміт артады.

Қазақ халқында үйлену тойға дейін орын алатын арнайы рәсімдерді қарастыра берсе, бұндағы тойға дайындық алдын ала келісуге негізделіп дайындық басталады. Болашақ құда қалыңдықтың ата-анасына «жаушы» жіберетін болған. Сонымен бірге, кейбір аймақтарда осындай «жаушылар» «шалбарының бір балағын етігінің қонышының сыртына түсіріп келетін болған». Аталмыш ғұрыпты семиотикалық тұрғыдан талдайтын болсақ, осы әрекет арқылы құдалардың отбасындағы бұрынғы қалыптасқан тәртіптің бұзылғандығын білдіретін болған. Жалпы құдаластық бір отбасының өкілінің басқа отбасының мүшесі аталып, өз әулетінен кетуі салдарынан бұған дейін қалыптасқан белгілі тәртіптің «бұзылғандығын» білдіреді.

Жапондықтарға ұқсас, қазақтар да құда түсуге жаушыларды «сәтті күні» аттандырған. Әдетте мұндай күндер сәрсенбі мен бейсенбі болып саналған, сонымен бірге әр отбасының өзіне тән сәтті күндері болған. Қазақ халқында кей аймақтарда құда түсіп келген қауым жаушы болып келгенде жүздеріне ақ бор жағып кіретін жағадайлар кеңінен кездескен.

Тағы да айта кетерлік жайт, қазақ халқында жеті атаға жетпей қыз алып беріспеген, бұл елдегі қан тазалығына деген үлкен мән берілгендігінің көрінісі. Осылайша, жеті атаға дейін туысқандар арасында некеге отыруға жол берілмеген, жеті атадан асқан жағдайда қариялар қажетті рәсім жасап бұдан былай үйлену той жасасуға болатындығына келісім берген. Ата-бабалардан арнайы рұқсат алу үшін құрбандық шалынатын болған, әдетте бұл боз бие болуы шарт болған. Бұл ғұрыптық рәсімнің мақсаты ата-бабалардың қолдауына ие болып, ұрпақтарының одан әрі өрісінің жалғасуын қамтамасыз ету болған. Қазақтарда үйлену тойға дейінгі және үйлену той барысында орындалатын ғұрыптарының басты мақсаты болашақ отау иелерін түрлі зұлымдықтардан қорғау болып табылады.

Ұлттық наным-сенімдерге сәйкес жапон және қазақ халықтарының үйлену тойды өтзу күніне деген жоғары мән байқалады. Осылайша, екі халық та үйлену той күнінің өткізілу мерзімі, сол күні болған ауа-райының жағдайына көп көңіл бөлген және сол арқылы болашақ отбасының үйлесімді өмір сүруі жайлы да болжамдар жасайтын болған. Халықтық наным-сенімдерге сәйкес, егер де той барысында ауа-райы нашар болса, онда бұған екі жас кінәлі деп саналған.

Осылайша, жапондықтар мен қазақ халқының үйлену тойға дейін жасалатын жөн-жоралғыларынан біршама ұқсастықтар мен ерекшеліктерді байқауға болады. Сондай-ақ қарастырып отырған халықтар құда түсіп, әулеттер арасында байланыс орнатуға ерекше мән берген, жастардың қоршап-қорғауға бағытталған түрлі символикалық ғұрыптар орындаған, сонымен біге молшылықпен, өсіп-өнудің белгісі ретінде өзара сыйлықтармен алмасып отырған.

Бүгінгі таңда қазақ пен жапон халықтарының үйленуге дейінгі әдет-ғұрыптарында ескі дәстүрлер көп жағдайда сақтала бермейді, көбінесе кейіннен енген шарттармен астарласып кеткен.

Күн шығыс елі мен қазақ халқында қалыптасқан дәстүрлі үйлену той ерекше тамаша салтанатты шара болып табылады. Неке қию рәсімі түрлі әдет-ғұрыптар мен жөн-жоралғылардан тұрады, ал қазіргі заманғы үйлену тойларында әрине ұлттық нақыш пен заманауи үйлену той үрдістерін байқауға болады.

Үйлену рәсімі Жапонияда алдын-ала келісілген күні өтеді, оны таңдай білу жапондықтар үшін өте маңызды. Көбінесе «бақытты» күндер жаз мезгілінде көп кездеседі. Жалпы бүгінде жапондықтардың неке қию рәсімі синто дінінің қағидалары мен христиандық тәртіп бойынша да өткізілуі мүмкін [176].

Ежелгі жапон кітаптарында: «Ер адам әйелін үйіне ата-анасына жақсы қызмет етуі үшін алып келеді», – делінген [177]. Сондай-ақ, ене мен келін бір-біріне барынша құрметпен және ықыласпен қарауы керек, ал енесі келінін тым ауыр жұмыс жасауға мәжбүрlemeуі керек. Сонда ғана жас әйел жаңа отбасына үйреніп, бақытты бола алады делінген [178, 275-280 б.]. Сонымен бірге жапондықтар үшін үйлену екі жастың ғана емес, сонымен бірге қос әулеттің қосылуын білдіреді. Бұл тұрғыда қазақтармен өте қатты ұқсастықты байқауға болады, атап айтқанда, қазақ халқындай «күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық» деген нақыл сөз қалыптасқан.

Егер де жапондық жастар некелерін синто рәсімі негізінде өткізуді ұйғарса, онда жас жұбайлар алдымен жапондықтардың дәстүрлі үйлену тойына арналған киімдерін киеді: күйеу жігіт – сол әулеттің белгісі бейнеленген қара хаори, және жолақтары бар сым кисе, қалыңдық – дәстүрлі жапондық үйлену тойға арналған кимоно киеді. Қалыңдықтың көйлегі келесідей болуы мүмкін: «сиромаку» – ақ түсті кимоно, ол қалыңдықтың тазалығы мен адалдығының белгісі; «ироутикакэ» – түрлі түсті кимоно; «куробики фурисодэ» – қара түсті кимоно, бұл кимоно Эдо заманында самурайлар әулетінің үйлену тойында киілетін болған.

Жоғарыда атап өтілгендей жапондық қалыңдықтың көйлегі ақ кимоно – тазалық пен адалдықты бейнелейтін «сиромакудан» тұрады және де болашақ жолдасына бағынуды білдіретін бас киім үйлену той көйлегінің маңызды бөлшегі болып табылады. Сонымен бірге қалыңдықтың шашы арнайы күрделі шаш үлгісі түрінде – «бункин-но такасимада» – жиналып, жүзі арнайы макияж жасалады. Қалыңдықтың беті қызғылт реңктері бар ақ түсте болуы керек. Жапондар әдетте қалыңдықтың келбеті жайлы келесідей айтады: «Қалыңдықтың жүзі Фиджидің бөктеріндегі нәзік қыраудай». Бұл түсінік жапон

халқының тұрмысқа шығатын бойжеткеннің пәктік, сұлулық идеясын көрсетеді.

Сонымен бірге ақ түс қай халықта болмасын ерекше тазалықтың, пәктіктің белгісі болып табылады. Мысалы үшін, еуропалық дәстүр бойынша ақ түс жаңа өмірдің басталуының және жаңа үйге кіруге дайындықтың белгісі. Жапондық халықтың үйлену той киімінің тағы бір маңызды элементі – ақ жұқа матамен жасырылған мүйіздермен безендірілген көлемді парик. Жапондардың сенімі бойынша, барлық әйел затында қызғаныштың ерекше мүйіздері болады, оларды рәсім кезінде әдетте арнайы бас киім – «цуно какусимен» жауып қояды. Жапондықтар үшін мүйіздер қызғанышты білдіреді, сондықтан қалыңдық өзінің арнайы жасалған шаш үлгісімен болашақ жолдасын қызғанбауға уәде етеді. Бұған қоса, үйлену тойына арналған қосымша өзге де керек-жарақтарды байқауға болады, олар кішкентай сөмке, кішкене қынапты қылыш, сондай-ақ, оби белбеуіне салынған бақыттың символы болып табылатын кішкене желдеткіш.

Қазақтарда қалыңдық киетін ұлттық киім үлгісін қарастырар болсақ, ол негізінен ақ жібектен тігілген ұзын көйлек және қызыл түсті түрлі оюлармен әшекейленіп камзолдан тұрады. Қалыңдыққа күміс сақиналы білезік, алқа сынды түрлі әшекейлер тағылады. Тұрмысқа шығатын қазақ қызының үйлену той киімінің басты элементі – сәукеле болып табылады. Ол формасы жағынан конусты болып келеді, және де түрлі тастармен әшекейленіп безендіріледі, және оған ұзын маржанды салпыншақтар тағылады, олар қыздың шыққан тегін көрсетеді. Ал, күйеу бала болса үстіне оюланған шекпен және басына тақия киеді. Жалпы бас киім қазақ халқының ұлттық киімдерінің ішіндегі ең бастысы болып табылған. Қазақтар үнемі бас киімге ерекше мән беріп қараған, шешулі тұрған бас киімді үйдің жоғары жағына шығарып қоятын болған. Осылайша, жаз мезгілінде қазақ ер адамдары тақия киетін болса, ал қысқы суық шақта түрлі аңдардың жүнінен тігілген жылы тымақ киетін болған.

Қазақ халқының қалыңдықтары киген сәукеленің түрлері және олардың қаншалықты қымбат әшекейлерден жасалғандығын қазіргі таңдағы бүгінге дейін сақталып қалған мұражай экспонаттарынан аңғаруға болады. Атап айтқанда, отандық және шетелдік, оның ішінде Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы мұражайда құны жүз жылқыға жететін сәукелелердің түрін тамашалауға болады. Бұл қазақ халқының бас киімге деген құрметін білдіреді, және де жалпы қыз баланы жоғары құрметтеп бағалағандығы аңғарылады.

Осы ретте «сәукеле» сөзінің семантикалық мағынасын ашар болсақ, ол «сау келе жатыр» деген мағынаны береді. Қазақ халқы сәукелені барынша құнды етіп жасатуға тырысқандықтан, ол қымбатқа бағаланған. Сол себепті ерте замандарда сәукелеге жол қарақшыларының көздері де түсетін болған. Сондықтан да басына сәукеле киген қалыңдықтың тұрмысқа шыққан ауылды мекеніне аман-есен жетуі аса маңызды болған. Сол себепті, қалыңдықты жолдан күтіп алушылар қалыңдық аман-есен жеткен жағдайда «сау келеді» деп құдаларға хабарлайтын болған. Осылайша, алыстан қарағанда сәукеленің асыл тастары күнге шағылысып жарқырап қыздың аман-есен келе жатқанын байқатқан. Халық арасында сәукеле атауы осыдан шыққан деседі.

Қазіргі заманғы қазақтар мен жапондықтардың үйлену тойларында киілетін киімдерді қарастырар болсақ, екі елде де күйеу жігіттер көбіне еуропалық үлгідегі костюм-шалбар киетін болса, ал қалыңдықтар алдымен дәстүрлі үлгідегі киім киіп, кейінірек ақ түсті еуропалық үлгідегі үйлену той көйлегіне ауысатындығын аңғаруға болады.

Осылайша, дәстүр бойынша, Жапонияда үйлену тойына қалыңдық негізінен ақ кимоно – «сиромаку» киеді, ал неке қию рәсімінен кейін қалыңдық қызыл түсті көйлек – «утикаку» киеді, бұл оның тұрмысқа шыққан күйін білдіреді. Бүгінгі таңда қалыңдық үйлену той мерекесінде қандай көйлек киетінін өз еркімен тандай алады. Бірақ қазірдің өзінде тұрмысқа шығатын қыздар ең алдымен дәстүрлі кимоно киіп, содан кейін – батыстық үлгідегі көйлектерге ауысады.

Жапондықтардың күйеу жігітке арналған костюмі біршама қарапайым болып келеді, ол «монцуки» деп аталатын ата-бабаларының әулеттік таңбасы бейнеленген қара кимонодан тұрады. Күйеу жігіт қолына желдеткіш немесе күміс тырналар бейнеленген қолшатыр ұстайды. Жалпы, жапондықтар мен қазақтарда үйлену тойы рәсімінен кейін қалыңдық бірнеше рет киім ауыстырады.

Қазақтар мен жапон халықтарының неке қию рәсімі ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл рәсімдерде екі елге тән өзіндік ерекшеліктер мен ұқсастықтар көптеп кездеседі. Алдымен, жапон халқының неке қию дәстүрін қарастырамыз.

Жапондықтардың дәстүрлі үйлену тойы синто храмында өткізіледі. Әдетте, неке қию рәсіміне болашақ ерлі-зайыптылардың тек жақын туыстары ғана қатысады. Үйлену тойы болар күні таңертен жастар ғибадатханаға келіп, тазару рәсімін өткізеді, содан кейін діни қызметкерлерге олардың шешімдері туралы құдайларға «хабарлайды». Айта кетерлік жайт, неке қию рәсімі өткізілетін ғибадатханаға ең алдымен қалыңдық кіреді, және рәсімнің соңында қалыңдық күйеу жігіттен кейін шығады, бұл қалыңдықтың күйеу жігітті отағасы ретінде мойындағандығының белгісі.

Құрбандық үстелінің алдында сол жақта қалыңдық, ал оң жақта күйеу жігіт тұрады. Олардың алдында, құрбандық ошағында пір әйел (мико) және діни қызметкер (каннуси) – сәйкесінше қалыңдық пен күйеу жігітке қарсы тұрады. Ерлі-зайыптылардың артында құдалар, ата-аналары мен күйеу жігіттің жолдастары оң жақта, қалыңдықтың құрбылары сол жақта орналасады. Рәсімнің басында барлығы орындарынан тұрып, ғибадатханаға тағзым етеді, содан кейін жиналған қонақтар мен қалыңдық пен күйеу жігіт те орындарына қайта отырып, «сансан-кудо» деп аталатын рәсім басталады. Діни қызметкер болашақ ерлі-зайыптыларды символикалық тазарту рәсімін өткізіп, синтолық дұға оқиды, ол рәсім «охарай» деп аталады. Осыдан кейін жастар «сан-сан-кудо» рәсімін орындайды, яғни үш рет сакэ құйылған пиаламен алмасады. Жастардың алдына үш пиала қойылады, оған әйел пірі кезек-кезек қасиетті сакэ құяды. Күйеу жігіт пен қалыңдық әр пиаладан үш реттен ішуі керек, осылайша барлығы 9 ұрттам болады. Осы пиаланың әрқайсысынан екі рет ауыздарына тигізіп, ал үшінші ретінде аздап дәм татулары керек. Қалыңдық пен күйеу жігіт

үш рет сәке құйылған пияладан дәм татып, бір-біріне адал болуға ант беріп, «ант-су» ішеді. Бұл рәсім отбасын берік және бақытты етуге арналған. Осыған ұқсас рәсім қазақтарда да бар, ол ислам дінімен енген «неке су» рәсімі деп аталады [90, 17-78 б.]. Рәсім күйеу жігіт пен отбасына адалдықпен ант берумен аяқталады, оны қалыңдық салтанатты түрде жариялайды. Кейіннен христиандық діннен енген дәстүр бойынша жастар бір-бірімен сақиналармен алмасу рәсімін орындайды. Рәсімнің соңында жас жұбайлар бір-біріне құрмет білдіріп, тағзым етеді. Сақинамен алмасу дәстүрі қазіргі заманғы қазақ халқында да кеңінен қабылданған.

Барлық рәсімдерден кейін жиналған қонақтар да сәкәден дәм татулары шарт, алайда олар сәкәні тек үш ұрттап ішулері керек. Неке қию рәсімі ғибадатханаға қасиетті сақаи ағашының бұтақтарын тарту етумен аяқталады.

Неке қию рәсімінен кейін діни қызметкер жас ерлі-зайыптыларды ғибадатханадан шығарып, олар ортақ суретке түседі. Рәсімнен кейін қалыңдыққа жоғарыда аталып өткен арнайы бас киім «учикаке» кигізіліп, шашы түзетіліп, тағы бір фотосурет түсіріледі.

Жапонияда неке қию рәсімдеріне тек жақын туыстары мен жақын достары ғана қатыса алады, ал барлық өзге қауым той салтанатында бас қосады. Қазақ халқында да неке қию рәсіміне негізінен ең жақын туыстар мен жолдастар қатысады. Жапонияда үйлену тойын өткізу өте қымбат шара, сондықтан көптеген қазіргі заманғы жұптар ортақ суретке түсіп қарапайым той өткізумен шектеледі. Ерлі-зайыптылардың неке қию рәсімінен кейін үйлену той салтанаты жасалады немесе жастар христиан дәстүріне сәйкес қосымша рәсім өткізуге ерікті.

Тойға жиналған барлық қонақтар аттары жазылған арнайы түрде байланған конвертпен ақшалай сұлық – «осуги» – сыйлайды. Жалпы Жапонияда конверттер тек үйлену тойларында ғана емес, сонымен қатар жерлеу рәсімдеріне де арналып сатылады, сондықтан үйлену тойына конверт алғанда аса назар аудару шарт, өйткені оларды байлайтын жіптердің түсі және оларда бейнеленген белгілер сәйкесінше түрлі болып келеді [167, 1-3 б.]. Ал тойға тарту етілетін ақша жаңа әрі ірі сомалардан тұруы керек және оның мөлшері міндетті түрде тақ болуы шарт. Үйлену тойына ақшадан басқа, практикалық, бірақ тез сынып бүлінбейтін заттар ұсынылады. Әдетте жастарға ыдыс-аяқтар, вазалар және басқа да оңай бұзылатын заттар сыйланбайды, өйткені олар некенің нәзіктігін білдіреді.

Сонымен бірге заман талабына сәйкес қалыптасқан жаңаша дәстүрлерді де байқауға болады. Атап айтқанда, жапондықтарда үйлену той мерекесін екі жақ бірлесіп, той шығындарын бөлісіп өткізеді, бұл неке құруға екі жақтың да келісім беруін білдіреді. Қазақтарда да той шығындарын ортақтасып, не болмаса тек күйеу жігіт жақ өткізіп жататын кездер болады. Бұл, әрине, әр отбасының шама-шарқына байланысты.

Қазақ халқының дәстүрлі үйлену тойы, жапон халқымен салыстырғанда күрделірек болып келеді және көптеген жөн-жоралғылар мен наным-сенімдерден тұрады.

Қазақ халқы үйлену той рәсімін бірінші қыз жақта өткізеді, содан кейін күйеу жігіт жақта той салтанаты өз жалғасын табады. Екі жас үшін қазақтар арнайы жас отау тігетін болған. Бұл жас отау тұрмысқа шығатын қыз баланың жасауының бір бөлігі болып табылған. Осындай отау тұрмысқа шығатын қыздың аулында тігілген. Отау тігу рәсіміне қазақтар негізінен елге сыйлы көп бала сүйген әйел адамдарды шақырған болатын. Қазақтар үшін отаудағы ең қасиетті бөліктің бірі шаңырақ болып табылған. Осы ретте шаңырақ түсінігінің қазақ халқы үшін отбасы деген ұғымымен пара-пар екендігін атап өткен жөн. Сол себепті, отаудың шаңырағын ұстап көтеру үшін қазақтар негізінен арнайы әйелді таңдауға тырысқан. Бұл жауапты міндетті атқаруға шақырылған әйел адамға қойылатын талап аса жоғары болған, оның бірі аяулы ана, бақытты әйел болуы шарт болған. Өйткені, қазақтардың бұл ырымы жастардың болашақ өмірінің бақытты болуы, көп бала сүйіп, ұрпақ жалғастырып, бақытты да баянды ұзақ ғұмыр тілеу ниетімен байланысты болған. Отау көтеруге қатысқан адамдарға арнайы шаңырақ көтеру кәделері табысталады болған, олар негізінен мал немесе қаражат түріндегі түрлі сыйлықтар берілген.

Жас отауға ең алдымен ұзатылған қыз бала оң аяғымен аттап кіретін болған, қалыңдықтың артынан күйеу бала кіріп, екеуі сол босағаны аяқтарымен тебулері керек болған. Х.А. Арғынбаевтың түсіндіруінше [68, 15-67 б.] бұл дәстүр жас отау иелерінің бір-біріне өзара түсіністік, сыйластық негізінде жақсы тұрмыс құруға берген анттары болып табылған.

Бұған қоса, аталмыш дәстүрдің қазақтардың дүниетанымында тағы бір маңызды мағынасы бар. Бұл жас отау иелерінің ата-бабаларына қоршап-қолдап жүрулерін сұрап, тағзым етудің белгісі болып табылған.

Жастардың отауы тігілгеннен кейін арнайы құрбандық шалынып, оны шаңырақ көтерісуге қатысқан әйел адамдарға жастардың отауында дастархан жайып ұсынған. Бұл дастарханға күйеу бала мен оның достары қатысқан. Осы асылған еттің мойын омыртқасы ырымдалып күйеу балаға тарту етілетін болған. Күйеу бала болса, оны арнайы жібек матаға салып шаңырақтан далаға лақтыруы шарт болған. Осы рәсімнің кәдесі ретінде аталған жібек орамал, кәдені орындаған әйелге тарту етілетін болған.

Бұл рәсімнің семантикалық мағынасын ашар болсақ, шаңырақтан мойын омыртқасын далаға лақтыру деген ырым жастар бақытты болсын, көтеріп отырған шаңырақтарының түтіні өшпесін, түзу жансын деген ырыммен байланысты болған.

Қазақ халқы жас отаудың ішіне жүк жинауға да аса жоғары мән берген. Отаудың ішіне қалыңдықтың жүгі жиналып, шымылдық құрылатын болған. Қазақтар қалыңдықтың төсегін салуға көп жасаған бала сүйген ақ жаулықты аналарды таңдап шақырған. Жас отау құрған екі жастың төсегін салу аса жауапкершілікпен қабылданған, сол себепті қазақтар жастарды қандай да зұлымдықтан қорғауға тырысқан, екі жастың бақытты болып бала сүйулерін тілеген. Осыған байланысты жастардың шымылдығын құрып неке төсегін әзірлеуге сенімді туысқандардың бірі таңдалатын болған.

Сонымен бірге ислам дінінің ықпалымен енген қорғаныш рәсімдерін де атап өтуді қажет етеді. Мысалы үшін, жас отауға қазақтар жылқының жалы

пайдаланып жасалған жебе пайдаланған. Бұл реттегі жебе қорғаушы қызметін атқарған. Осылайша, ғұрыптық рәсімдерде, оның ішінде үйлену той барысында түрлі қару-жарақтарды пайдалану негізінен апотропикалық мақсатта пайдаланылатын болған.

Қазақ халқының ғұрыптық дәстүріндегі үйлену салтын еліміздің «Қыз Жібек» туындысынан тамашалауға болады. Бұл фильмде жебенің қолданысы айқын көрсетілген. Күйеу жігіт садақ атып, жебе қай жерге түскен болса, сол жерде болашақ шаңырақтарын көтеретін болған.

Неке құру рәсімінің маңызды бөліктерінің бірі ұзатылған жас келіннің бұрымын тарқатып, екіге бөліп өру болып табылады. Негізінен бұл ғұрыптың қалыңдықтың өз аулынан кетер шақта, немесе тұрмыс құрған аулына барғаннан кейін орындалуы бойынша қандай да бір нақты мәлімет жоқ. Дегенмен, қазақтарда қыз балалар шаштарын бір бұрым қылып жинаған, ал некеге отырғаннан кейін шаштарын екіге бөліп екі бұрым қылып өре бастаған. Алайда, уақыт өте өзге елдердің әсерімен қазақтардың кейбір аймақтарында қыз балалар шаштарын екіге бөліп өрген. Жалпы, шаштың екіге бөліп өрілуі, семантикалық жағынан қыз баланың отбасын құрғандығының белгісі деп қабылданған.

Келіннің ата-енесінің мекенінен көшіп баруы аса маңызды кезең болып саналған. Осыған байланысты, қалыңдықтың жаңа отбасына жақсы қабылданып тез сіңіп кетуі үшін қазақта түрлі жөн-жоралғылар жасалатын болған. Мысалы үшін, екі жас ата-енесінің үйіне жолға шығар кезде қыздың әкесінің үйіне келіп Ақ бата алған. Қыз өз туғандарымен, аулымен қоштасып «сыңсу» айтатын болған.

Қоштасар алдында ұзатылып бара жатқан қыз бала құрбылары мен жеңгелерін ертіп ауылдағы ағайын-жұрттың үйіне кіріп қоштасып сыңсу айтқан болатын. Тарихта көптеген ақын қыздардың айтып қалдырған сыңсу өлеңдері күні бүгінге дейін ел жадында сақталған. Қоштасар алдында ауылдағы туыс-жақындары арнайы дастархан жайып ұзатылған қызға тарту етеді.

Осылайша, тұрмысқа шығып, жаңа өмірге бастау алған қыз бала өз ата-анасымен, құрбыларымен, туысқандарымен және де бүкіл ауылдастарымен қоштасып, оларға ризашылығын айтып, сый-тартуларын қабыл алып қоштасатын.

Ұзатылған қыздың туған үйінен шығар кезде орындалатын тағы бір ғұрыптық рәсімнің бір түрі бар. Бұл, қыз бала шығар кезде оның туысқандарынан бір әйел адам арнайы дайындалған тағамды оның басынан үш қайтара айналдырған екен. Бұл дәмдерге ет, нан және тұз жатқан. Аталмыш рәсімнің семантикалық мәніне келер болсақ, қызды тәрбиелеп өсірген үйдің құт-берекесі мен дәулеті ұзатылып бара жатқан қызбен бірге ілесіп кетпесін деген мақсатпен жасалатын көрінеді. Бұған қоса, ұзатылған қыз шығып бара жатып артына бұрылып қарамауы шарт болған. Бұл бақытсыздықтан сақ болу үшін істелетін шара болған.

Кейбір әрекеттер үйленген жастардың керуенін арамниетті адамдар мен баласы жоқ әйелдердің тарапынан болуы мүмкін зиянды істерден қорғауға бағытталған. Осы мақсатта керуеннің алдында бірнеше шолушылар жүріп

отырған. Олар күйеудің ауылына бірінші келіп, жақсы хабарлары үшін сыйлық – сүйінші алған.

Егер күйеудің ауылы алыста болса үйленген жастар өткен ауылдардың тұрғындары арқан тартып, кәде сұраған. Е.Г.Кагаров бұл дәстүрдің апотропикалық маңызын көрсетеді. Сонымен қатар, мұнда түрлі түсті арқанның магиялық күшінің сакралды маңызы заттардан аттап өтпеуге байланысты тыйыммен астасып жатыр. Көптеген деректерде қалыңдыққа арналған атқа оның жеңгесі мініп, қалыңдықтың сәукелесін киіп отырған. Бұл да қорғаушы магияның экзопатиялық (алдау) нышаны болса керек.

Ауылдың жанында қалыңдықты жастар қарсы алып ауылдың әйелдері оған бөгде көзқарастардан қорғайтын бетперде жауып, үйге кіргізеді. Келесі немесе бір күннен соң қалыңдықты енесінің үйіне апарды. Үйге кірмес бұрын қалыңдық киіз үйдің маңдайшасына шекесін тигізуі тиіс. Бұл дәстүрлерден біз ата – бабаларға табыну белгісін көреміз.

Қазақтарда қалыңдық киіз үйдің есігіне маңдайын тигізу арқылы күйеудің ата – бабалары рухына тағзым еткені. Содан соң қалыңдық табалдырықты оң аяғымен аттап үш рет иіліп сәлемдеседі. Алғашқысы аруақтар құрметіне, ал екінші мен үшіншісі – қайын атасы мен енесіне құрмет жасағаны. Осыдан соң енесі қалыңдыққа ыдысқа құйылған май береді де, оны келін отқа тамызған. Көптеген зерттеушілер мұндай ғұрыпты ата – бабаларға табынумен байланысты түсіндірсе, кейбіреулері отқа табынуды білдіреді дейді, өйткені ошақ отау беріктігінің белгісі болып табылады.

Негізінен бұл қазақи дәстүрдің тамыры тереңде жатқан сияқты, ата – бабаларға табынудан бұрын алғашында отбасылық әулиелер мен ошақтың қорғаушыларымен байланысты. Бұл туралы дәстүрді орындау барысындағы айтылатын сөз дәлел: «От – ана, Май – ана, жарылқа». Сібір мен Солтүстіктің көптеген халықтарында ошақ «ана - от», «от иесі» образында суреттеледі, құрбан шалынады.

Ата – енесінің үйіне алғаш келгенде қалыңдықтың астына жұмсақ қой терісін төсеген. Бұл келінге «терідей жұмсақ бол» деген тілек болып табылған. Әдетте, осындай тері отаудың есік жағында, отаудың сол жақ тұсында, және де ошақтың маңында орналастырылған. Бұл ырымның мәні жалып келіп түскен келін ата-енесіне барынша мейірімді болып, жеңіл босансын дегенді білдіреді. Сонымен бірге аталмыш тері қойдың терісінен жасалатын болған, ал қой бұл қазақ халқы үшін тотемдік жануар болып табылған.

Үйлену рәсіміне келесі ғұрыптарының бірі келінді таныстыру – «беташар». Бұл әдеттер орындалған соң келін шымылдық ішіне енгізіледі де, қонақтарға ет тартылады. Келінге бөлек табақ даярланады. Ақсақалдар өз табағынан келінге сыбаға жібереді. Оларды да келін сәлем етіп қабылдайды. Бұдан соң жас келінің бетін ашу яғни күйеу жұртының үлкендерімен келінді таныстыру, оларға келінді көрсетіп көрімдік алу үшін «беташар» дәстүрі басталады.

Беташар әрдайым өлеңмен айтылады. Мұның да халық арасына кең тараған тамаша үлгілері бар. Беташар айтуға әбден машықтанған ақын жігіттер жаттанды үлгілерге өз лебізін қоса айтады. Беташардың мазмұны әзіл-шыны

аралас қайын ағалардың жетістігі мен кешшілігін сипаттаумен бірге, келінге толып жатқан ескертулерден тұрады.

Беташарда қалыңдықты екі жағынан екі жас, жақсы аталатын және міндетті түрде ана болған әйелдер ұстап тұрады. Беташар айтушы ақын қалыңдықты күйеуінің үлкен-кіші туыстарымен жеке-жеке әндете таныстырып шығады. Әрбір сәлем беру рәсімін жасағанда бетін жапқан желектің ұшына байланған жас бұтақпен қалыңдықтың бетін ашып отырады. Жас бұтақтың жеміс ағашынан болуын зерттеушілер өсіп – өну магиясымен байланыстырады.

Келін мен күйеуге арналған ғұрыптық тағамдардың бірі қойдың немесе басқа да малдық төстік. Негізінен малдың төсі майлы, ең бір шұрайлы бөлігі болып саналғандықтан байлықты, молшылықты бейнелейді, әрі өсіп-өнуге табынушылықпен байланысты түсіндіріледі. Қазақ халқының ертегісінде баласы жоқ адамдардың ащы тағдыры әңгімеленеді. Бір күні кемпір жылқының төстігін жеген соң, жүкті болады. Сөйтіп, ертегінің бас кейіпкері атанған Ер төстік өмірге келеді.

Жас жұбайларды магиялық күштерге сенімін күшейту үшін той рәсіміне қатысқандарға жасаудың кейбір заттарын тарату дәстүрі болған. Оны негізінен игі тілек белгісі ретінде – жастардың балалары жақсы өсіп, отбасылық өмірлерінің бақытын тілеп алатын болған. Бұл «жыртыс» деп аталатын дәстүрмен бірге «сырқып» дәстүрі де орын алған. Келін өзінің әшекей заттары мен сырға-сақиналарын күйеуінің інілерімен қарындастарына таратады. Тойға келгендер де осы мақсатпен той рәсімінен сарқыт алатын болған.

Қазақтардың үйлену әдет – ғұрыптарында 9 саны бірнеше рет кездеседі. Бұл магиялық санмен жасаудың және толып жатқан сыйлықтар, тартулар, кәделердің көлемі байланысты. Тағы бір таңқаларлығы 9 санының магиялық маңызы Орта Азия халықтарының үйлену әдет ғұрыптарында сақталған. Жоғарыда атап өткеніміздей, 9 саны жапон халқының да неке қию рәсімінің негізгі элементі болып табылады.

Аталған магиялық сан көне дәуірден әлемнің көптеген елдерінде қасиетті саналды. 9 саны 3 санымен тікелей, әрі бағынышты байланысты болады, оны гректердің ғұрыптық триадаларынан, кельт, герман, үнді, семит, иран және египет, скиф және монғол триадаларынан да кездестіреміз. Оның пайымдауынша, егер 3 саны қасиетті болса, онда 9 саны үш еселенген қасиетті, әрі еселенген шамадағы триада.

Бұған қоса, үйлену салтында жеті санының көптеп кездесетінін аңғаруға болады. Әдетте, қалыңдыққа берілетін қалың мал саны жеті санынан тұруы шарт болған, мысалы үлін жеті, он жеті, жиырма жеті, отыз жеті, қырық жеті, елу жеті, алпыс жеті және де жетпіс жеті. Әрине, бұл қалыңдықтың шыққан жеріне, отбасының әл-ауқатына байланысты болған.

Үйлену той салтанаты барысында міндетті түрде орындалатын рәсімдердің бірі шашу шашу болып табылады. Шашу негізінен үйлену тойға қатысты орындалатын барлық ғұрыптық рәсімдерді бастамас бұрын жасалып отырған. Мысалы үшін, келін алған күйеу жігіттің жағына келгенде шашу шашылады, жаңа «ақ отауға» алғаш кіргенде де шашу шашылып, некелесу рәсіміне қатысты барлық шараларда қайтадан орындалып отырған. Шашуға негізінен

тәтті кәмпиттер, дәндер мен құрттар мен жемістер қолданылған. Аталмыш салттың семантикалық мәніне келер болсақ, бұл отау құрып отырған екі жастың шаңырағына құт-береке, байлық, молшылық тілеу ниетімен орындалатын дәстүр болған. Сонымен бірге, кейбір ғалымдардың пайымдауынша, шашу салтында жастарға өсіп-өну тілегін білдіру аңғарылады [77, 130-145 б.].

Қазақ халқының үйлену той барысында жасалатын ғұрыптық рәсімдердің барлығы дерлік ақ түспен байланысты. Ақ түсті жасалатын барлық ырымдар мен рәсімдерден байқауға болады. Атап айтқанда, өзара құдаластық туралы шешім қабылдағанда қазақтар ақ бие сойып құрбандық шалған; кейбір аймақтарда қазақтар құдаларының беттеріне ақ жаққан; күйеу жігіт қалыңдығының үйіне бірінші рет келгенінде оған сүт әлде қымыздан дәм татқызған, қалыңдықтың бас киімі – «сәукеле» ақ түсті болған; жас отаудың түсі де ақ түсті болған; ұзатылған қыз бала өз жұртымен қоштасқанда ақ киізге салып алып жүрген.

Осылайша, қазақ халқының үйлену тойға қатысты дәстүрлі ғұрыптарынан мұсылмандық ықпалына дейін қалыптасқан магиялық сипаттағы, құнарлыққа табыну мен ата-бабаларға табыну нанымдарымен қатар, ислам ықпалымен енген рәсімдерді байқауға болады. Сонымен бірге екі жастың бас қосып, отбасын құрғаннан кейінгі жұбайлық өмірінің жарасып кетуі, ең алдымен баланың тууылуына және ұрпақ өрбуімен етене байланысты.

Қорыта айтқанда, жапондықтар мен қазақ халқының үйлену тойы шартты түрде екіге бөлінеді. Біріншісі – ұлттық және заманауи еуропалық үлгідегі той. Бүгінде Жапонияда неке қию рәсімінің ресми бөлігінде ежелден қалыптасқан дәстүрге құрметпен қарайды, алайда жапондықтардың қазіргі заманғы үйлену салтанаттары көбінесе еуропалық стильде өтеді, дегенмен олар үшін еуропалық үлгідегі үйлену той салтанатының романтикалық тұсы тартымды болып табылады.

Бүгінгі күнде ежелден қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлер сол заманның ерекшеліктері мен талабына сәйкес біртіндеп өзгеріске ұшырауда, сонымен бірге некеге отыру рәсімдерінің көп жағдайларда ішкі мазмұны ұмытылып, ресми орындалатын шара ретінде қарастырылатын тұстарын да байқауға болады. Жалпы, бұндай құбылыс қазіргі заманғы барлық халықтарда орын алуда, бұндай бетбұрыс қазақ халқы мен жапондықтар да кездеседі. Осылайша, қазақ халқы мен Күн шығыс елінде қалыптасқан дәстүрлі үйлену той ерекше тамаша салтанатты шара болып табылады. Неке қию рәсімі мағынасы терең, тәрбиелік мәні бар, әрі жас жұбайларға қатысты қорғаныш қызметін атқаратын түрлі әдет-ғұрыптар мен жөн-жоралғылардан тұрады.

Жапонияда адам үшін өмірді лайықты аяқтау рухани даму ретінде қабылданады. Адамның қайтыс болып, аруақтар әлеміне өтуін барлық халықтар ерекше маңыздылықпен қабылдайды.

Жапонияда жерлеу рәсіміне жуындыру, киіндіру және адамға қайтыс болғаннан кейінгі есімін беру ғұрыптары кірді. Бір жағынан, бұл ғұрыптар бала дүниеге келгенде жасалатын ғұрыптарды қайталайды. Егер жаңа туылған балаға берілген аттың негізгі функциясы нәрестені адамдар әлемімен байланыстыру болса, онда қайтыс болған адамның жаны о дүниелік болған соң

осы дүниеде алған есімінен арылуы шарт болған. Өмірдегі есімі адамның тағдырына маңызды ықпал етеді деп қарастырылған. Марқұмға тиесілі барлық заттар, соның ішінде есімі бұдан былай басқа әлемге өтіп ендігәрі тірі адамдар арасында қолданыла алмайды деп есептелінген. Сондықтан, қайтыс болған адамдардың есімдері жапондықтардың отбасының жаңа туған мүшелеріне берілмейді, олар тіпті сөз барысында да айтылмауы шарт болған. Қайтыс болған адамдар туралы айтқанда, олармен туыстық қатынастары бар болған жағдайда «марқұм» деп айтатын болған, ал егер ол император немесе асыл текті адамдар болған жағдайда, оларды атар алдында «марқұм» деген сөзге олардың өмірден өткеннен кейін қойылған аттарын қосып айтқан.

Қайтыс болғаннан кейін қойылатын аттар – «окурина» алғашқы император Джиммудан (б.з.д. 660-585 жж.) бастап жапон билеушілерінің барлығында болған. Нара кезеңіне дейін (710-794 жж.) жапон құдайларының ежелгі атаулары сияқты «жапондық үлгідегі» қайтыс болғанда қойылатын аттар көптеген есімдерден тұратын болған. Көп компонентті жапондық үлгідегі аттар императорға дейін барлық билеушілерге берілетін болған [123, 34-75 б.].

Жапонияда қайтыс болған адамның рухы жаңа өмірге өтеді деген сенімге қарамастан жақын адамдарының қайтыс болуы ауыр қасірет ретінде қабылданады. Сондықтан аза тұту, оның ішінде көпшілік алдында, тіпті жылау да әдеттегі жағдай болып саналады. Алайда, жапондықтар әлі күнге дейін ұлттық мәдени кодтар талап еткен шектеулердің салдарынан туыстарының қайтыс болуына байланысты қатты сезім білдірмейді.

Жапондықтар марқұмды арнайы киіндіреді. Көбінесе бұл үшін дәстүрлі кимоно – «кекатабира» таңдалады. Бұрын бұл киім әрдайым ақ түсте болатын, яғни буддистік ілім бойынша қайғы түсін білдірген, сонымен бірге оған сутралар жазылатын болған. Бүгінгі күнде ақ түсті қайтыс болған әйелдер мен балалардың жерлеу киімдері үшін қолданады, ал ер адамды ақ түсті жейделі кара костюм немесе түрлі-түсті кимономен жерлеу дәстүрі кеңінен кездеседі.

Жапондықтар марқұмға арналған киімдерді «сакигото» дәстүрі бойынша орындайды, яғни тірі адамдарға қарағанда басқаша (дәлірек айтқанда, кері) тәртіпте кидіреді. Мысалы, түймелерді төменнен жоғарыға қарай түймелейді, кимононы оң жақтан солға қарай орайды және с.с. Мұның бәрі өлілер әлемін тірілер әлемінен символикалық түрде бөлу үшін жасалады. Әдетте қайтыс болған адамның аяғына гетра (тек кимоно болған жағдайда, ал костюмге шұлық) және сабан аяқ киім кидіреді. Осылайша, қайтыс болған адамды алдын ала ақ мата жайылған табытқа салады. Қайтыс болған әйел адамдарды орамалмен және ақ көрпемен жабады, ал ер адамның денесіне сыртына теріс аударылған жамылғысы бар көрпе жабады. Марқұмның бетін бояп, ақ шүберекпен жабады, ал қолына тасбиық салынып, иығының астына матадан тігілген сөмке ілінеді [112, 15-94 б.].

Бұл киімдер мен барлық тиісті атрибуттар қайтыс болған адамның Будда болу үшін қажылыққа дайындығын көрсетеді. Айта кетерлік жайт, Жапонияда белгілі бір кісінің өлімі туралы айтқанда «Буддаға айналды» деген басқаша түрде айту түрі кең қолданылады. Сонымен бірге, жапондықтар арасында

зұлым рухтарды қорқыту үшін табытқа пышақ салынатын болған, ол қайтыс болған адамның бас жағына немесе кеудесіне қойылады.

Әрі қарай, бұрыннан қалыптасқан жапондық әдет-ғұрып бойынша ерекше түрде қабірдегі орын дайындалады, ол отбасылық құрбандық шалатын орынның қасына басымен солтүстікке қарай орналасады, ал қайтыс болған адамның беті батысқа қарай бұрылуы керек. Табыттың басында төңкерілген ширма мен хош иісті зат пен басқа да хош иісті түтікшелері бар арнайы үстелдің үстіне гүлдер, су мен күрішті шыныаяққа тігінен салынған таяқшалар қойылады. Кейде осындай үстелде күріш тоқаштарын да көруге болады. Қабырғаға қайтыс болған адамның суреті ілінеді. Сонымен қатар, жапондықтар жерлеу рәсімінде ешқашан фотосуреттерді пайдаланбайды.

Жапондықтардың жерлеу рәсімдері екі күн бойы өтеді. Бірінші күннің кешінде қысқа мемориалды рәсім (3 сағатқа созылады) орындалады, оның алдында қайтыс болған адамға өлімнен кейінгі есім – «кайме» беріледі [112, 50-79 б.]. Жапондықтардың сенімі бойынша қайтыс болған адам Будданың шәкірті, монахқа айналуына байланысты, оған өмірде қолданылған атынан басқа есім беріледі. Отбасына көңіл айтуға ниет білдірген адамдар бірінші қызметке қатысады.

Аталмыш рәсімнің соңында көңіл айту жеделхаттары оқылып, қатысушылар қайтыс болған адамдар туралы ойларымен бөліседі, содан кейін қысқа еске алу салты ұйымдастырылады. Дастарханда осындай шаралар барысында етті тағам қойылмайды, алайда әрдайым тәттілер, шай мен сакэ ұсынылады. Қазіргі Жапонияда түнде қайтыс болған адамның жанында болу шарт емес. Келесі күні жерлеуден бұрын ғибадатханада еске алу рәсімі өтеді.

Өлімнен кейінгі қойылатын аттар, яғни «окурина» алғашқы император Джиммудан (б.з.д. 660-585 жж.) бастап жапон билеушілерінде болған. Нара кезеңіне дейін қайтыс болған адамдарға (710-794 жж.) жапон құдайларының ежелгі атаулары сияқты «жапондық типті» көп атаудан тұратын есімдер берілген. Көп компонентті осындай есімдер басшыларға император Дзюннаға дейін (840 жылы қайтыс болған) дейін берілген. Кейіннен қайтыс болған адамдарға берілетін есімдерде көбінесе абстрактілі мағынасы бар екі белгіден тұратын қытайлық үлгідегі аттар басым болды [171, 213-226 б.].

Буддизмнің күшеюімен VII-VIII ғасырларда жерлеу рәсімдерінде өзгеріс енгізіле бастады. Буддистердің тәжірибесі бойынша, қайтыс болған адамның құрметіне қойылған сутралар құрбандық үстеліне әкелінді және моральдық-құқықтық құндылық белгілерінен тұратын буддистік «кайме» есімі қабірдің тасына жазылатын болды. Бұл есім мүмінге басқа әлемдегі болашақ жолын жарықтандыратын бағыт беруші жұлдыз ретінде қызмет етеді деп сенілген. Бүгінде қайтыс болғаннан кейін берілетін есім «кайме» арнайы ағаш тақтайшаға жазылады, ол қазір қайтыс болған адамның рухының бейнесі болып саналады және еске алу рәсімдері үшін үйдегі құрбандық үстеліне қойылады.

Архаикалық нанымдарға сәйкес, өлімнен кейін өмір жалғаса береді, бірақ қайтыс болған адам рухтардың арасында өзінің өлімнен кейінгі қойылған атын қолданған. Тірілер әлемінде де, өлілер әлемінде де, ең алдымен, адамның мәртебесі маңызды болған, сондықтан буддистік дәстүрде «жақсы» буддистік

ат қою арқылы марқұмның дәрежесін «көтеру» тәжірибесі кеңінен тарағаны таңқаларлық емес. Қайтыс болғаннан кейін қайтыс болған адамға қамқорлық жасау – бұл отбасының абыройы мен ата-бабаларға деген құрметтің көрінісі болып табылады.

Осылайша, өлім жапондықтар үшін адам өмірінің жаңа кезеңінің басталуы деп қабылданды, ол адамның ата-бабаларының қатарына қосылуы деп танылған. «Жердегі есімі» өзгертіліп, қайтыс болған адам көпшіліктің пікірі бойынша одан әрі жоғарылай түскен. Жапонияда ата-бабаларға табыну салтының негізі адамдардың өмірін олардың ұрпақтары жалғастырады деген сенімнен тұрады және ол ұрпақ жалғастығы бұзылған кезде ғана бұл байланыс үзіледі деп саналған. Кейіннен туыстық және қоғамдық байланыстардың біртіндеп әлсіреуіне байланысты, ата-бабаларға табыну салты негізінен мәдени норма ретінде қалыптасқан дәстүрге сүйенеді.

Жапондықтар өлімді сабырлықпен қабылдаған. Бұл жапондықтардың өлімнен қорықпайтындығын білдірмейді, тек жапондықтар батыстық мәдениеттің адамдарымен салыстырғанда өлім туралы ойлардан аса шошынбайды. Буддист және ұлтшыл идеолог Томомацу Энтай (1895-1973) былай деп жазған: «Тек өмір сүргісі келетіндер, өзін әлемнің орталығы ретінде қабылдайтындар және өмірден мүмкіндігінше көп нәрсені алуға ұмтылатын адамдар үшін өлім әрқашан қорқыныш туғызатын сезім болып табылады. Бүкіл еуропалық өркениет: «Не болса о болсын, тек өлім емес» деген ұранға бағынады. Бұл коконда жасырылған үңгір өркениеті».

Танымал самурай ұстанымына сәйкес: «Таңертең оянғанда адам өлім туралы ойлауы қажет». Жапонияның ұлттық мақалына сәйкес: «Өлімнен қорықпаған жан бәріне қол жеткізеді». Тіпті еуропалықтардың арасында алғашқы болып Жапонияға аттанған иезуиттер, ең алдымен жапондықтардың басты ерекшелігі – өлімге деген таңқаларлық жеңіл көзқарасын атап өткен. Сондықтан болар, жапонықтар «харакириді», яғни өзін-өзі өлтіру рәсімін эстетикалық деңгейге жеткізіп, оның философиялық ұғымын барынша жетілдірген жалғыз халық болып табылады.

Қазақ халқының ғұрыптық мәдениетінде адам қайтыс болғанда және оны жерлейтін кезде жасалатын рәсімдік шаралар негізінен мұсылман дінінің қағидаттарына бағынады. Қайтыс болған адамды о дүниеге шығарып салуға байланысты рәсімдер кешені келесі маңызды шараларды қамтиды: қазақ жайлы ағайын-жұртты естірту, рәсімдік тазаландыру, жаназасын шығару, жерлеу, жетісін, қырқын, жылдығын өткізу, Ас беру.

Рәсімдік жуындыруға қайтыс болған адамның жақындарының ішінен төрт адам қатысады. Төрт адамның әрқайсысының бірі су құйса, екіншісі марқұмның басын жуады, үшіншісі денесін, төртіншісі аяқтарын тазалап жуады.

Естірту айтылғаннан кейін алыс-жақыннан қайтыс болған адамның туысқандары мен дос-жарандары көңіл айтып жинала бастайды. Жерлеу рәсімінің келесі маңызды кезеңі жаназа шығару, бұл рәсім көпшіліктің алдында орындалады, қайтыс болған адамның денесін орап сыртқа шығарады.

Жалпы қазақтарда жерлеу рәсіміне тек қана марқұмның жақындары ғана емес, бүкіл қауым болып қатысады, өйткені бұл қайтыс болған адамды соңғы сапарына шығарып салу болып қабылданады. Айта кетерлік жайт, қазақ халқы қайтыс болған адамды оның ата-бабаларының жанына жерлеуге тырысқан. Егер де қайтыс болған адам өзі туған жерден шалғай жерге көшкен болса, оның мәйітін мүмкіндігінше рулық мәйітке жеткізіп жерлеуге тырысқан. Бұл жердің алыс-шалғайлығына қарамастан міндетті түрде орындалатын болған. Кей жағдайларда өмірден өтер алдында адамдар өздерін қай жерде жерлену қажеттігі бойынша өз қалауларын да айтып кетіп отырған жағдайлар да көптеп кездеседі. Қазақ әдебиетінен қайтыс болған адамды туған жеріне алып келу көрінісін бейнелеген тұстарды көптеп кездестіруге болады.

Қайтыс болған адамның ең жақын туыстары үй ішіне жиналып алыс-жақыннан көңіл айтып келген адамдарды күтеді. Сонымен бірге марқұмның туған-туысқандары жерлеу рәсіміне арнайы мал атап шараны атқаруға атсалысады. Бұл рәсім «аза тұту» деген атаумен белгілі. Марқұмды еске алу мақсатында арнайы мал сою шарт болған. Әдетте қазақ халқы қайтыс болған адамды жерлейтін күні таңертең мал соятын болған, ол ірі мал болуы шарт болған. Жерлемес бұрым марқұмның денесін рәсімдік талаудан өткізеді, бұл ғұрыптық рәсім «мейірім су, иман су» деген атаумен белгілі.

Осылайша, жапон халқы мен қазақтарда қайтыс болған адамды жуындыру ғұрпы ортақ болып келеді. Қазақтардың әдет-ғұрыптары бойынша қайтыс болған кісіні, әсересе түнде ешқашан жалғыз қалдырмаған. Өлген адамның жатқан жерінде қырық күн бойы жеті жерде май шырақ жанып тұруы тиіс.

Алыс-жақыннан көңіл айтып келген ағайын-жұртты қайтыс болған адамның туысқандары, негізінен ер адамдар, дауыс шығарып күтіп алған. Бұл ертеден қалыптасқан дәстүр. Қазақтың үйге қарай жүгіруге болмайды деген тыйымы осыған байланысты. Өйткені, қазақ халқы қандай да бір қаза туралы суыт хабарді естісімен, ағайындарына тезірек жетіп көңіл айтуға тырысқан.

Жоқтау айтып қайғыға батып отырған жандарға ағайындары мен достары келіп көңіл айтқан. Берік болуды тілеген. Негізінен көңіл айтуға келетін адамдар қайтыс болған адамның үйіне күндіз келген. Әдетте көңіл айтылғанда айтылатын сөздер «Иманды болсын, арты қайырлы болсын, жаны жәннатта болсы, топырағы торқа болсын». Көңіл айту барысында адамдар қайтыс болған адамның жақындарына тоқтау айтып, болашаққа үмітпен қарауға, көңілдерін басуға тырысқан.

Қайтыс болған адамның денесі ақ киізге салынып шығарылатын болған. Марқұмның денесін ақыретке орайтын болған, оны «кебін» деп те атайды. Ол қайтыс болған адамның ер немесе әйел адам болуына байланысты түрлі болып келеді. Мысалы үшін, қайтыс болған ер адамның ақыреті үш бөліктен, ал әйел адамдікі бес бөліктен тұратын болған.

Қазақ халқында қайтыс болған адамның киімдерін жақын туыстарына үлестіріп бөліп беру ғұрпы кеңінен таралған. Бұл ұлттық нанымдарға сәйкес сауап ретінде қарастырылған. Осындай кезде алынған киімді тозғанша киген болса, бұл қайтыс болған адамның жанын барынша жеңілдетеді деп қабылданған. Осыған байланысты қазақтарда жаңа киім алғанда айтылатын

тілектердің бірі «Өзің киіп, өзің тоздыр» деген тілек болған. Қайтыс болған адамды жерлемес бұрын арнайы рәсімдік тазалау ғұрпы, жуындыру қажет болған, одан кейін марқұмның денесі ақыретке оралатын болған. Қаза болған үйге туыс-жарандары ақшалай қолғабыс етіп, қайтыс болған адамды о дүниеге барынша қабылданған қағидаттар бойынша дұрыс жөнелту мақсатында ағайы-туыс, барла жамағат болып жұмылып, жерлеуге қатысты барлық қажетті ғұрыптық рәсімдерді атқарады. Бұр реттегі көмек тек рәсімдерді орындаудап қана қоймай, сонымен бірге қажетті шығындарды бөлісіп көтерісуде де көрініс табады

Жапондықтар мен қазақ халқының адамның қайтыс болуына байланысты дүниетанымдық көзқарастарының ұқсастығын аңғаруға болады. Қазақстардың «қайтыс болу» деген ұғымының өзі соның дәлелі болмақ. Сонымен бірге, қазақтар да қайтыс болған адамды атымен атаған емес, орнына «марқұм» деген сөзді пайдаланады. Бұған қоса, адам қайтыс болғанда орындалатын ғұрыптардың семантикалық мағынасы да ұқсас келеді, яғни, қайтыс болған адамды осы дүниеден о дүниеге аттандырудағы қалыптасқан жөн-жоралғылар мен ғұрыптар, атап айтқанда, символикалық жуындыру, ақірет киімін кидіру және т.с.с.

Жапондықтардың көпшілігі буддизм ілімін ұстануына байланысты міндетті түрде болатын самсараға, яғни қайтыс болған адамдардың рухтары алты әлемнің біріне қоныс аударады деп сенген. Осылайша, буддистік көзқарастар мен ғұрыптар жапондықтардың жерлеу рәсіміне үлкен әсер етті.

Сонымен қатар жапондықтардың жерлеу рәсіміне дәстүрлі жапондық синтоизм дінінің де ықпалы зор, олардың түсінігі бойынша табиғат жанды болып табылады, сонымен бірге жапондықтар өздерін қоршаған заттар мен істерді таза және арам деп бөліп отырған. Олардың көзқарастары бойынша өлім таза емес құбылыс ретінде қабылданған. Сондықтан, қайтыс болған адамды жерлемес бұрын тазарту керек, сонымен қатар тиісті жөн-жоралғылардан кейін жерлеу рәсіміне қатысушылар да өздерін символикалық түрде тазалау тиіс болған.

Жапондық отбасында біреу қайтыс болған жағдайда, марқұмның туыстары буддистік діни қызметкерін және тиісті агенттік өкілін үйлеріне шақыратын болған. Біріншісі қайтыс болған жанның қамын ойлауы керек болса, екіншісі – марқұмның денесін тиісті тазартудан өткізуі қажет болған. Алайда, бұған дейін жапондықтар «өлімнен кейінгі соңғы су» деп аталатын көне рәсімді өткізетін болған. Жапон мәдениетінде бұл ғұрып «мацуго-но мидзу» деп аталады [160, 51-75 б.].

Осы рәсімді атқару үшін отбасының барлық мүшелері, ең жақын туыстары ең алдымен, кезекпен марқұмның аузын таяқшаға оралған суланған мақтамен сүртетін болған. Әрі қарай марқұмның мүрдесін тазартуға арналған ғұрыптар орындалады. Ерте кездері бұл ғұрыпты марқұмның туыстары атқарған болса, қазір оларға көбінесе агенттік өкілі көмектеседі, тіпті кей-кездері бұндай жуу рәсіміне туыстары қатыспайтын кездер кездеседі.

Ерте заманда жапондықтар басқа теңіз халықтары сияқты жерлеу рәсімдерінде арнайы қайық қолданған. Кейіннен олар қорғандармен

алмастырылды, бірақ орта ғасырларда Күн шығыс елі тұрғындары буддисттік монахтар ұсынған марқұмның мүрдесін жағу рәсімінің артықшылықтарын түсініп, кейінірек бұл рәсімді кремациямен алмастырған. Бұл таңқаларлық жағдай емес, өйткені жапондықтар – арал тұрғындары, сол себепті жер олардың рационалды көзқарасы бойынша қайтыс болғандардан гөрі тірілерге қажет деп есептелінген.

Осылайша, Жапонияда жерлеу рәсімі белгіленген қатаң тәртіпте орындалады. Алдыңғы тараушада қарастырғанымыздай, ең алдымен, бұл рәсім қайтыс болған адамның аузын сулау және оның мүрдесін жуумен басталады; марқұмның құлағын, аузын және танау қуысын мақта кесектерімен жауып қояды. Қайтыс болған әйел адамдарға кимоно кидіріп, ал ер адамдарды көбінесе еуропалық үлгіде: костюм кидіріп жерлейді. Содан кейін зұлым рухтарды қуу мақсатында марқұмның кеудесіне пышақ салады. Марқұмның денесін құрғақ мұзға толы табытқа салып, онда қайтыс болған адамдардың сүйікті заттарын, о дүниеге арналған тиындар мен сандалдарды да салып қояды, ал марқұм жатқан төсектің тұсындағы үстелдің үстіне гүлдер, шамдар мен хош иістер жағып қоятын болған.

Жапонияда жерлеу рәсімі әдетте адам қайтыс болғаннан кейінгі екінші күні өткізіледі. Жерлеуге көп адам келсе, бұл жақсы белгі деп саналады. Жерлеуге қатысушы адамдар міндетті түрде қара түсті кимоно, көйлектер мен костюмдер киюлері тиіс. Келушілер ақшаны күміс өрнегі бар арнайы қағаздан жасалған конверттерге салып алып келеді. Бұл конверттер қара жіңішке ленталармен байланады.

Марқұммен соңғы қоштасу ғибадатханада арнайы қызмет жасалғаннан кейін өтеді, содан кейін табытты әдетте туыстары жауып, безендірілген катафалкіге қойып, жерлеу рәсіміне қатысушылар крематорийге бағыт алады.

Сонымен бірге, егер қайтыс болған адамның отбасы буддизм ілімін ұстанса, онда көңіл айтып келушілер әдетте «дзюдзу» деп аталатын тасбиықтар алып келеді. Марқұмға қаншалықты жақын болуларына байланысты келушілердің әкелетін сомалары да түрлі болады, және де олардың әл-ауқатына байланысты бұл сома 3000-нан 30,000 иенге дейін өзгеруі мүмкін. Жерлеу рәсіміне келушілер мен туыстар марқұмның жатқан жеріне жақын отырады, ал буддисттік діни қызметкер арнайы буддисттік сутрадан үзінді оқиды. Отбасының әрбір мүшесі марқұмның көзіне үш рет хош иісті ладан (шайыр) түтетеді, ал өзге келушілер бұл рәсімді өз орындарында орындайды. Дін қызметкері сутраны оқып болған соң рәсім аяқталады. Шақырылған әр келуші сыйлық береді, оның құны конвертке салынған ақшаның жартысын немесе төрттен бір бөлігін құрайды. Марқұмның жақын туыстары түні бойы ұйықтамай ғибадат етулеріне болады.

Жерлеу рәсімі қарсаңында орындалатын жаназа оқу рәсімі кезінде буддистер марқұмның басы батысқа немесе солтүстікке қарайтындай етіп табытты алтарьдің үстеліне қояды. Жерлеу рәсімі әдетте жаназа оқылғаннан кейінгі күні өткізіледі. Сондай-ақ хош иісті зат түтетіліп, діни қызметкер арнайы сутра оқиды. Рәсім барысында марқұмға жана буддисттік ат беріледі – каймё. Бұл марқұмның шын есімі аталған кезде оның рухын мазаламауға

мүмкіндік береді деп сеніледі. Берілген жаңа аттын ұзындығы мен мәртебесі қайтыс болған адамның өмір сүру ұзақтығына байланысты, алайда қазіргі уақытта ол көбінесе марқұмның отбасы тарапынан ғибадатханаға жасалған қайырымдылықтың мөлшеріне байланысты. Осылайша, қайтыс болғаннан кейін берілетін аттар миллион иен немесе одан да көп тұратын арзан және қымбат болып келеді. Сол себепті храмдарда марқұмдарға қойылатын аттардың бағасының жоғары болуы бүгінгі күнде Жапонияда жиі талқыланатын тақырып болып табылады, әсіресе кейбір ғибадатханалар көптеген отбасыларға қымбат есімді сатып алуға қысым жасайтын жағдайлар көптеп кездеседі. Негізінен қайтыс болғаннан кейін берілетін аттарға оқылуы қиын және әдеттегі аттарда қолданылмайтын көне иероглифтер таңдалады. Рәсімнің соңында, табыт безендірілген катафалкіге қойылып, крематорийге апарылмас бұрын, қонақтар мен туыстары марқұмның басы мен иығына гүл шоқтарын қоя алады. Жапонияның кейбір аймақтарында марқұмның жақын туысы балғаның орнына тас қолданып, табытты шегелеу рәсімдерін кездестіруге болады.

Кремация рәсімі бір-екі сағатқа дейін созылады, содан кейін туыстары күлді таяқшамен арнайы ыдысқа салып, оны зираттағы жалпы отбасылық қабірге жеткізеді.

Жапондықтар жерлеу рәсіміне қатысқан адамды кірленген деп санайды. Үйіне кірер алдында жерлеуге қатысқан адамдар иықтарна кішкене тұз себуі керек, сонымен қатар жерге де тұз сеуіп, сол жерді аяқтарымен басу керек, тек сол кезде ғана адамдар жоғары және төменнен тазаланды деп есептелген, сол себепті үйлеріне лас әкетпеулері үшін жерлеу рәсіміне қатысушылардың әрқайсысына үйлеріне кетер алдында бір дорба тұз берілетін болған. Зиратқа барған кезде мұндай рәсім жасалмайды, өйткені бұндай жерде адам ластанбайды деп есептеледі. Осылайша, жапондықтар арасында үйлеріне қайтар кезінде, әр қонаққа қайтыс болған адамды басқа әлемге шығарып салу кезінде пайда болған кірден тазарту үшін бір қап тұз тарату салты бар.

Сонымен қатар Жапонияда қос сатылы жерлеу рәсімі қалыптасқан, бұл жерлеу-мемориалдық рәсімдердің негізгі түрлерінің бірі болып табылады. Қос сатылы жерлеу рәсімі Жапонияның дәстүрлік, әлеуметтік, мәдени және көркемдік тәжірибесінде маңызды орын алады. Ежелгі Жапонияда уақытша жерлеу кезеңі мен таралу орны - қос сатылы жерлеу рәсімінің алғашқы кезеңі - VI-VII ғғ. «могари» рәсімінен көруге болады, бұл аймақтар шығармашылық және саяси орталықтарының бірі болған [178, 615-675 б.]. Могари салты жалпы жапон мифологиясының архетипі болып саналады, ол елдің көркемдік, идеялық және саяси мәдениетін анықтайды.

Бұл барлық Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне тән, мұнда түрлі екі сатылы жерлеу рәсімдері кеңінен таралған, ал олардың ішінде жерлеу-мемориалдық рәсімі Жапонияда қалыптасқан жерлеу рәсімдеріне көп ұқсас.

Жапондық археологиялық және этнографиялық еңбектерде «алғашқы жерлеу» (итидзимайсо:) деген терминмен қатар, «екінші» (нидзимайсо:) және «қос сатылы» (нидзю:со;) тіпті «көп сатылы жерлеу» (фукусосо :) ұғымдары кеңінен қолданылады.

Могари рәсімі VI-VII ғасырларда дәстүрлі және сырттан енген (негізінен қытай) мәдениеттердің, автохтондық (жергілікті Коми құдайларына табыну) және сырттан қабылданған (буддисттік) діни мәдениеттердің өзара әрекеттесу түріне айналды. Бұл салт Жапонияда көптеген мәдени және діни жүйелердің (ата-бабаларға табыну, синтоизм, жапондық шаманизм) қалыптасу көздерінің бірі болды. Бұл рәсімді өткізушілер мен оған қатысушылар арасында діни қызметкерлер пайда болды (синтоидтық діни қызметкерлер мен шаманистік қайраткерлердің кейбір түрлері), сонымен қатар алғашқы кәсіби шешендер, ақындар мен актерлер пайда болды.

Екі сатылы жерлеу рәсімі аясында пайда болған ырымдық мәтіндер жапон әдебиетінің алғашқы корпусын құрады. 7 ғасырға дейін «Жерлеу әндерінің» ерекше жанры болды, олар «Манъёсю» антологиясының арнайы бөлімдерін құрады, ал «жерлеу сарайы» ішінде және сыртында арнайы жерлеу әндерінің түрі (хинкю банка) әндері орындалды. Император отбасының генеалогиялық дәстүрлері марқұм билеушінің «жерлеу сарайында» айтатын «синобикото», яғни «жерлеу сөздері» жапон мәдениетіндегі ең алғашқы көне әдеби мәтіндердің, алғашқы жапондық жылнамалардың (мифтік жылнамалардың) прототипі ретінде қызмет етті. Могари және басқа екі сатылы жерлеу рәсімдері кезінде әртүрлі дәстүрлі театрлық, би-драмалық және ән-музыкалық формалар қалыптасты.

Жапонияда буддизмнің таралуына дейінгі ежелгі дәуірде жерлеудің екі негізгі әдісі болған: жер бетінде қалдыру (денені тауларға немесе басқа тұрғын емес аймаққа апарып тастау) және ингумация (жерге көму). Сонымен қатар, жер бетінде қалдыру қарапайым халық арасында кеңінен таралған, ал ақсүйектер арасында бұл марқұмның денесін уақытша көму ретінде қабылданған, яғни негізгі жерлеу алдында «Могари» деп аталатын жерлеу рәсімі, содан кейін тұрақты жерлеу ретінде жерге көму рәсімі орындалған.

Жапонияда кремация мен ингумация маңызды мәдени-тарихи бірлік ретінде қабылданады. Жапонияға буддизм енгеннен кейінгі алғашқы кезеңінде қарапайым адамдардың аз бөлігі ғана кремацияланатын болған; сонымен бірге ингумация дәстүрі өз жалғасын тапты. Сонымен қатар, жапондықтардың басым бөлігі қайтыс болған адамның денесін ашық түрде тастап кету дәстүрін 14 ғасырдың басына дейін қолданған. Жапонияда кремация алғашында континенттен келген иммигранттар, буддисттік монахтар, сонымен қатар ақсүйектер арасында тарады. Содан кейін буддизмнің қалың бұқара арасында таралуына байланысты «ауада жерлеу» біртіндеп толығымен жойылды, ал Жапонияның кейбір жерлерінде ингумация дәстүрі соңғы кездерге дейін жалғасты.

Кремация – Жапонияда ең танымал жерлеу әдісі болып саналады. Бұл рәсім барысында, қайтыс болған адамның туыстары көрші бөлмеде жиналып бір-біріне марқұмның өміріндегі қызықты және әсерлі оқиғалармен бөліседі. Содан кейін қайтыс болған марқұмның туыстары арасынан екі адам таңдалады, олар үлкен таяқтарды пайдаланып, сүйектерді күлден урнаға салады (немесе кейбір мәліметтер бойынша сүйектер алдымен таяқшамен екінші таяқша ұстаған адамға беріліп, содан кейін урнаға салынады). Бұл Жапонияда екі

адамның бір мезгілде бір затқа таяқшаларын тигізу жағдайы болып табылады. Қалған жағдайларда затты таяқшамен таяқшаға ауыстыру жапондықтарға жерлеу рәсімін еске түсіріп өрескел әдепсіздік ретінде қабылданады. Сонымен бірге урнаға ең алдымен аяқ сүйектері орналастырылады, ал бас сүйектері соңынан салынады, ал тіласты сүйек ең маңызды бөліктердің бірі болып саналады.

Жапонияда жерлеудің ең көп тараған түрі - отбасылық қабірлер. Ол жерлерде тас ескерткішінен басқа, гүлдер, хош иісті заттар, су және күлге арналған орын бар. Ескерткіштің жанына бейіт салынған күн мен оны сатып алған адамның аты жазылады. Марқұмдардың есімдері әдетте ескерткіштің алдыңғы жағына қойылады. Егер ерлі-зайыптылардың бірі бұрын қайтыс болса, онда тірі адамның есімі де қабірдің тасына жазылуы мүмкін, бірақ қызыл түсті иероглифтермен жазылады, бұл оның әлі тірі екенін білдіреді. Ол адам қайтыс болып жерленгеннен кейін қызыл сия жуылып тасталады.

Жапондықтардың ескерткіштері әрдайым тастан әдімілетіп жасалатын болған. Оларда портреттер жоқ – тек есімдер жазылған. Бірақ тастардың формалары әртүрлі болып келеді, оларда мүсіндік композициялар мен күрделі мемориалдық құрылымдарға дейін болуы мүмкін.

Ерте кезеңдерде Жапонияда өлі дене, әсіресе синто дініне сәйкес аса лас кірленген деп қаралған, сол себепті болар кремация дәстүрі, жалпы алғанда, Жапонияда оңай қабылданды. Сонымен, экскарнация (дененің босатылуы) қайтыс болған адамды кірден тазарту дегенді білдірген, осылайша «сүйектерге табыну» кремация дәстүрін қабылдау процесін тездетіп және осы ғұрыптың Жапонияда кеңінен таралуына негіз болды.

«Сүйектерге табыну» ортағасырлық Жапонияда буддисттік храмдарда өртелген сүйек қалдықтарын сақтау дәстүрі жалпы сүйекке табынушылық деп табылмаған. Сүйектер таза емес мәйіттен «марқұмның жаны ауысуы» үшін немесе қайтыс болған адамдарға бағыштап ғибатан ету рәсімдерін орындау үшін қолданылатын «қасиетті зат» ретінде қабылданған. Олар мәңгі жасыл бұтақтар сияқты құдайдың тұрақтайтын орны ретінде қызмет етті. Осылайша, «сүйектерге табыну» ата-бабаларға табынудың тағы бір көрінісі болып табылады.

Қос сатылы жерлеу рәсімдері кезінде (қайта жерлеу кезінде) марқұмның денесі мен оның қалдықтары Жапонияда мәдени символ ретінде қарастырылады: дененің тағдыры жан тағдырының үлгісіне айналады. Жапондықтар қайтыс болған адамның денесінің жойылу факторын марқұмдардың жандарының босатылуымен түсіндірген.

Жапон мәдениетінде ең маңызды оппозиция «пендешіл» / «қасиетті» емес, «кір, лас» / «қасиетті» деген оппозиция көрініс тапқан, яғни ритуалдық «тазалық» / «кірлеу» қағидасы. Қос кезеңді жерлеу рәсімінде өлім ластығы физикалық түрде жойылып, ритуалдық түрде өзгертіліп, «қайта қалыптасып» «қасиетті» (ата-бабалар мен құдайлар) бейнелері, символдар мен түсініктерге ауыстырылады; осыған байланысты қос кезеңді жерлеу рәсімі «кірлеуді» «қасиетті» қалыпқа өзгертудің мәдени үлгісі болып табылады.

Жалпы жапондық мәдениетті айқындайтын синтоизмнің діни-идеологиялық кешені өлімге тыйым салады, сол себепті ол мәдени тұрғыдан көрініс таппайды. Шындығында, жапон мәдениетінде, басқа мәдениеттердегідей, өлім – қасиеттің көзі болып табылады.

Осылайша, буддисттік тәртіпте жерлеу рәсімдері Жапонияда жиі кездеседі. Олар әдетте Сото-сю дзэн буддисттік мектебінде қалыптасқан және де олар көптеген жапондық буддисттік мектептерінде ұстанатын дәстүрлі жерлеу рәсімдерінің қалыптасуына алып келді. Дзэн буддисттік рәсімдер Жапонияға Қытай жеріндегі жерлеу рәсімдері арқылы келді, олардың тәртібі «Чаньюань цингуй» деген кітапта («Буддисттік монастырларға арналған нұсқаулықтар») егжей-тегжейлі жазылған. Ежелгі қытайлық Чань дәстүрлерінің жапондық дзэн жерлеу ғұрыптарынан басты айырмашылығы – жапон монахтары монахтардың монахтық жерлеу рәсімдері мен қарапайым адамдарды жерлеу қызметтерін бөлмеген.

Қазақ халқында қалыптасқан жерлеу рәсіміне келер болсақ, бұл ғұрыптық мәдениет қайтыс болған адамның туысқандарының ғана міндеті емес, төңіректегі түгел қауымның өлікке көрсететін соңғы құрметі екендігін бұған дейін атап өткен болатынбыз. Осы ретте, қазақ халқының дәстүрлі ғұрыптық мәдениетінде мұсылман дінінің ықпалымен өзіндік жерлеу ғұрпы қалыптасқан. Төменде аталмыш ғұрыптарға тоқталып өтеміз.

Қайтыс болған адамды арнайы матаға орап аяғымен қаратып шығарып, оны жаназа оқуға арнайы дайындалған жерге апарып жүзін күнбатыс жаққа қаратып қоятын болған. Сонымен бірге, айта кетерлік жайт, қазақ халқында жаназаға әйел адамдар қатыспаған. Жаназа міндетті түрде молданың қатысуымен өткізіледі. Осы рәсімнің барысында қайтыс болған адамды о дүниеге шығарып салуға арналған арнайы дұғалар оқылады. Имам жаназаны оқып болғаннан кейін сол жерде жиналған қауымнан осы қайтыс болған марқұм тірі кезіндегі күндері жайында сұрақтар қойып, баршадан қайтыс болған адамның өтелмей қалған қарызы жөнінде сұрайды. Аталмыш рәсімнен кейін марқұмды жоқтауға болмайды. Рәсім аяқталғаннан кейін марқұмның денесін көтеріп бейітке апарыды. Жерлеу барысында да тек ерлер болуы шарт. Жерлеуге әкете барар тұста, марқұмның туыстары, оның ішінде жұбайы мен әпке-қарындастары, қыздары жоқтап соңғы сапарына шығарып салады. Әдетте, қайтыс болған адам ата-бабасы жатқан жерге қойылатын болған.

Жерлеу барысында мүрдені міндетті түрде Меккеге қаратын оң жағымен жатқызатын болған. Қайтыс болған адамның денесі қабірге қойылғаннан кейін «жыртыс тарату» рәсімі орындалады. Бұл рәсімнің сонымен бірге «тәбәрік» деген атауы да кездеседі. Жерлеу барысында, қайтыс болған адамның арты қайырлы болсын деп қазақтар кейді қабірге бидай шашып жатады.

Қазақтар негізінен қайтыс болған адамды жерлеу барысында көбіне шарифат қағидаларын ұстанады. Халықтың о дүниеге өтуге байланысты жөн-жоралғыларды ұлттық дүниетанымы да көрініс табады. Жалпы жерлеу рәсімінің бүгінгі күнде өзінің бірыңғай өткізілу тәртібі бекітілген. Бұл, әрине, кейбір табиғат апаттары, не болмаса соғыс жағдайы, және де шақалақ күйінде қайтыс болған балаларды жерлеу жағдайларын ескермегенде, жалпы рәсімді

орындау тәртібі ортақ болып табылады. Ислам дінінің қағидаларына сәйкес, о дүниеге аттанар сәтінде адамды аяғын Меккеге қаратып жатқызатын болған, сонымен бірге Құран аяттарын оқып, о дүниеге аттанғалы жатқан адамға да барынша айтқызатын болған. Арнайы калима оқылғаннан кейін, «Иасын» сүресіне айтылады. Аталмыш қағидалардың орындалуы қайтыс болған адамның иманды болуын қамтамасыз етеді деп қабылданған. Қайтыс болған адамның кздерін мен бетін жауып қойып қояды. Жерленбес бұрын марқұмның денесін үш рет рәсімдік түрде жуындырады, денесін майлап, ауызына иіс су тамызады, денесін құбыла жаққа бағыттап орналастырады. Осындай рәсімдік таразту және дайындық шаралары өткізілгеннен кейін, қайтыс болған адамды кілемге жатқызып, бетін жауып жаназасын шығарады. Рәсімдік жуындыру және жаназадан өткізу рәсімдері белгілі бір тәртіпке негізделіп жасалады. Қайтыс болған адамның денесін аз дегенде төрт кісі көтеріп шығару шарт болған. Шариғатқа сәйкес, қайтыс болған адамды көп ұстамай жерлеу талап етілген. Бейіт Батыс тұсқа бағытталып жасалынуы шарт болған. Бейіттің формасы төртбұрышты болып келеді. Мұсылмандарда қазылатын қабірлердің түрі бірнеше болып келеді. Ол ішкі және сыртқы үй болып бөлінеді. Егер де қайтыс болған адамның денесі қандай да бір жағдайлармен бүтін болмаса оны табытқа орналастырып жерлейтін болған. Дегенмен, қазақтарда қайтыс болған адам негізінен табытқа салып көмілмейді. Марқұмның денесін қабірге орналастырған адам бас киім кимеуі шарт болған, және де қабірден шығарда қайтыс болған адамның аяқ тұсынан сыртқа шығуы қажет болған. Қабірге көмілгеннен кейін қайтыс болған адамның бас тұсына топырақ үгітіліп тасталатын болған [73, 57-90 б.]. Мәйіттің бас тұсы биігірек болып жасалынады. Бейіттің қақпасын жауып қояды. Бейіттің үстіне арнайы күмбез орнатылады. Марқұмның туған-туысқандары мен жақындары бейітке келіп үнемі Құран бағыштап отырады.

Қайтыс болған адамдар туралы естелікке қатысты ерекше назар әрбір халық үшін адамзат өмірінің қаншалықты маңызды екендігін, сондай-ақ өмір туралы түсінікті осы дүниеден тыс дамыту қажеттілігімен айқындалады. Өз кезегінде бұл көптеген мифтар, наным-сенімдер мен жанның мәңгі-бақилығына сену, жаңадан қайта дүниеге келу, ал бұрынғы заманда аруақтар дүниесі жайлы сенімдер мен философиялық ұғымдардың пайда болуына әкелді. Осындай өмір адамдардың санасында шынайы өмір үлгісінде құрастылып, осы дүние мен о дүние арасында белгілі бір күрделі байланыс бар деп қабылданған. Сонымен бірге аруақтардың жандары арттарында қалған ұрпақтарына қолдау көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ қайғы-қасірет әкелуі әбден мүмкін деп сенілген.

Жапонияда аруақтарды еске алуға арналған мерекелер діни сенімдерде ерекше орынға ие, және де қоғамның мәдени өмірінің қалыптасуына зор ықпал ететін болған. Бұл Жапонияның ұлттық діні болып саналатын синтоның негізінде табиғат пен аруақтар дүниесіне деген құрметпен түсіндіріледі, ал олардың осы өмірге ықпалы күнделікті өмірде сезіліп тұрады делінген. Аруақтарды еске алуға қатысты үлкен мерекелердің түрлері Жапонияға буддизммен қоса келіп, синтолық аруақтарды құрметтеу ғұрпымен өзіне сіңірген. Бұл көктемгі және күзгі күн мен түннің теңелу мейрамы, яғни

сәйкесінше Сюмбун-но хи және Сюбун-но хи, сонымен бірге қайтыс болғандарды еске алу күні – Бон болып табылады.

Сюмбун-но хи жыл сайын 21 наурыз күні аталып өтіледі, ал кібісе жылдарында 20 наурыз күні өткізіледі. Сюмбун – бұл ерте заманда бір жылды бөлетін 24 мезгілдің бірі болып табылған. Ай күнтізбесіне сәйкес, көктемгі күн мен түннің теңескен уақыт екінші айдың ортасына келіп тұрған, ал күн күнтізбесі бойынша бұл уақыт 30 күнге шегерілген. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін оны Сюнсэцу корэйсай деп те атаған, яғни көктемгі уақытта императордың ата-бабаларының аруақтарын еске алу салты болып табылған. Аталмыш ғұрыптың тағы бір атауы – «Тюнити», бұл сөз «ортаңғы күн» деген мағына береді. Бұл атау көктемгі күн мен түннің теңесуі аптаның ортасына келуімен байланысты болған, және де «хиган» деп аталынған, яғни «басқа жағалау» деген мағына береді. Буддистік наным-сенімдерге сәйкес жер бетіндегі өмір мен о дүние өзенмен бөлініп тұрады [179, 57-65 б.]. Ал өзен болса елестер, қызығушылықтар, қасірет пен қайғыға толы келеді деп есептелінген. Өмір жолында кездесетін осы аталған барлық алдамшы еліктіргіштерді жеңе білген адам басқа жағаға өтіп, сананың сергектіктігі мен айқындығына қол жеткізе алады деген сенім қалыптасқан. Ғалымдардың пайымдауынша «хиган» аптасы күн мен түннің теңесуіне орайластырылған болуы керек, өйткені дәл осы күні күн түнмен теңеседі.

Жапон халқының дәстүрлі мәдениетінде аруақтарға тағзым ету ғұрпының кең тамыр алуына конфуцилік ілім де өз ықпалын тигізді, өйткені аталмыш ғұрып осы ілімнің негізін құрайды. Синто діні негізінде тәрбиеленген жапондықтар конфуцилік ілімнің адамның басты міндеті – бұл балалардың ата-анасына деген құрмет көрсетуі мен аруақтарға, оның ішінде императорлық әулеттің ата-бабаларына тағзым ету деген басты қағидасын ерекше түсіністікпен қабылдап, кейін осы қағиданы мемлекеттік синтоның негізіне айналдырғаны белгілі.

Бон мерекесінің ғұрыптық тұсы ең алдымен келесі жағдаймен түсіндіріледі, ежелде жапондықтарда екі бейіт болған – денеге және жанға арналған. Дегенмен, ерте заманда бүгінгі заманда кездесетін бейіттер Жапонияда болмағанын айта кету керек. Ескі ғұрыптарға сәйкес қайтыс болған адамдардың денесін тауға алып кетіп, алыс аңғарларға апарып тастайтын болған. Бұлар таудағы бейіттер немесе қайтыс болған адамдардың тастанды бейіттері ретінде белгілі болған (яма-хака, немесе сутэ-хака, яма – тау, хака – бейіт, сутэ – тастап кету деген сөзді білдіреді). Аталмыш жерлер тауда кездессе де «тамұқ аңғарлары» деп аталған. Мысалға, Нара қаласының шығысында осындай аңғар бар, ал Киото қаласында Киемидзу храмының оң жақ тұсындағы жер Торибано деп аталады.

Қайтыс болған аруақтардың бұрын тұрған жерлеріне қайтып келеді деген наным-сенім синтоизмнің басты элементі болып табылады. Бон мерекесі күні әр отбасына қайтыс болған ата-бабаларының жеті буыны келіп қонақтайды деген сенім бар. Осындай наным-сенімнің болуы Бон мерекесі аясында синтоизм мен буддизмнің ғұрыптары аса үйлесімдік тапқанының айғағы.

Алайда, аруақтарды еске алу күні қайғылы мереке болғанымен, бұл шара негізінен аса қуанышпен, салтанатты түрде өткізіледі. Осы ретте Катаяма Сэннің ой-толғауын атап өту жөн, «бұл қуанышты жалпы халыққа ортақ мереке. Төңіректе жеңіл жарасқан әзіл мен мерген өткірліктің атмосферасын байқауға болады». Жапондықтардың наным-сенімдеріне сүйенсек, Бон мерекесі күні аруақтар өздерінің үйлері мен жанұяларын аралап бірге «қауышатын» болған [180].

Жоғарыда айтылғандай, бұл мереке әлі күнге дейін халық арасында кеңінен аталып өтіп, билік басындағылар тарапынан да кең қолдау табуда. Мереке үнемі тұлғаны отбасы деңгейінде болмасын, ұлттық макродеңгейде де әлеуметтендіру қызметін атқарып келеді. Токугава кезеңінде қоғамның негізгі бөлігі жанұя институтын (иэ) нығайту мақсатында, сонымен бірге жалпы қоғамдық иерархияны сақтау мақсатында фабрика, дүкендердің, тіпті үй қызметшілерін де Бон мерекесі мен Ябуири мейрамында үйлеріне, ата-аналарына оралуға рұқсат берілген (үй қызметкерлері үшін бұл мейрамдар жалғыз демалыс күндері болып есептелген, бұл демалыс бірінші айдың 15 күніне сәйкес келген). Алайда, Мейдзи үкіметі кезінде осы мейрамдар күндерінде демалыс беру дәстүрі жоққа шығарылған. Дегенмен, Жапонияның танымал зерттеушісі Янагита Кунионың пайымдауынша, «мейрам жыл бойында аталып өтілетін шаралардың ішінде Жаңа жылдық мерекелерден кейінгі ең маңызды орында болған». Қазіргі уақытта осы мейрамның ең соңғы күні жұмысшыларға арнайы бір күн демалыс беріледі, ал көпшілік қызметтегі адамдар болса туған жерлеріне барып ата-бабаларының аруақтарына тағзым жасау мақсатымен және де туған-туысқандарымен қауышып кездесу үшін өз демалыстарын осы күндерге орайластырып жоспарлайды. Бон мерекесі кезінде балалар әдетте мектептен босатылады. Осы күндері Жаңа жылдағыдай қызметкерлер мен жұмысшыларға арнайы сыйақылар төленеді. Ал туған-туысқандар болса бір-бірімен сыйлықтармен алмасады. Ең алдымен мейрам басталғанда бейіттерге барып, отбасылық мазарларды ретке келтіреді.

Бұған қоса қайтыс болған адамдардың жандары үшін арнайы тағам ұсынылады. Бұл жоғарыда аталып өтілген қайтыс болған анасын о дүниеде аштықтан құтқарған баланың ата-анасына деген құрметі туралы аңызбен байланысты. Әдетте сөренің алдына қайтыс болған адамдар ерекше жақсы көрген тағамдары қойылады, олар күнжіт майы қосылған картоп, моти, баклажан, қарбыз, асқабақ, тәттілер, және жеміс-жидектер болуы мүмкін. Осы ретте жапондықтарда «Жүз түрлі тағам мен бес түрлі жеміс» деген ұғым кеңінен тараған. Бон мерекесінің соңғы күні қоштасуға арналған данго тағамын дайындайды, бұл арнайы үзбе кеспе іспеттес тағам, және де ол қайтыс болған адамдардың жандары о дүниеге қайтар алдында күштерін жинап алсын деген ниетпен әзірленеді.

Мерекенің басты компонентін бонодори деген би құраған. Бұл би өз бетіне дербес мәдени және тарихи құбылыс болып табылады. Жапон халқының наным-сенімдеріне сәйкес қайтыс болған адамдардың жандары өздерінің жанұяларына келген кезде Буддаға үйлеріне жақсы қайтып оралғандары үшін ізгі ниеттерін білдіргілері келеді деп сенілген. Ал қайтыс болған адамдар

ниеттерін өздері білдіре алмайтын болғандықтан, олардың орнына туған-туысқандары би орындайтын болған. Осы биді орындау барысында жапондықтар оған тағы да бір мағына бере бастады, біріншіден олар би арқылы адамның еңбегіне деген си-құрмет білдіріп, құдай санатына қосылған ата-бабаларының рухтарына тағзым етіп бай егістікке жеткізуді сұрайтын болған. Жылда өткізілетін билер арқылы адамдар тыныш, қуанышқа толы өмірге деген, қоғамдағы береке-бірлік пен бейбітшілік және де ғасырлар ұштастығына деген ниеттерін білдірген.

Осылайша, жапондықтардық ата-бабаларды еске алып қастерлеген салт-дәстүрлерінің әрқайсысының өзіндік мән-мағынасы бар екендігі белгілі. Осындай ғұрыптардың қатарында қазақ халқының ұлттық мәдениетінде ерекше орны бар дәстүрлердің бірі – ас беру болып табылады.

Ата-бабаларға тағзым етіп, оларды еске алып арнайы Ас беру дәстүрі қазақ үшін аса маңызды шара. Бұл рәсімнің тәрбиелік мәні де зор. Ас беру рәсімі қазақ даласында үлкен той іспеттес қабылданған. Осындай игі шаралар барысында ежелде қазақ халқы той жасап, ат шаптырған. Ас беру рәсімі халық өмірінде үлкен рөл атқарған, ағайын-туыс арасындағы байланысты нығайтып, өрескел жастар үшін тәрбиелік үлгі берер шара ретінде қабылданған.

Бұл ретте айта кетерлік жайт, жалпы қазақтар тек қана өздерінің отбасында қайтыс болған адамдарды еске алып қана қоймай, бүкіл ел, халық және мемлекет үшін елеулі үлес қосқан, халық өмірінде маңызды рөл атқарған аса қадірлі халық өкілдерін, оның ішінде, батырлар мен билерді, атағы елге жайылған әншілер, жыраулар мен күйшілерді, сондай-ақ елге қадірлі болған хандарды еске алып ұлан-ғайыр той жасап, аймақтық, тіптен мемлекеттік деңгейде үлкен Ас беріп отырған.

Осындай жиындарға елдік түпкір-түпкірінен беделді өкілдер келіп, қатысып, еске алынып жатқан жандардың рухына тағзым етіп Асқа қатысатын болған. Ас беру дәстүрі қазақ халқында күні-бүгінге дейін мүлтіксіз сақталып, орындалып келе жатқан ғұрыптық дәстүрлердің бірі.

Ас беру шарасының қазақ халқының өмірінде қаншалықты маңызды болғанын еліміздің белгілі ғалымы Шоқан Уәлихановтың [80, 10-98 б.] қалдырып кеткен жазбаларанын аңғаруға болады. Аталмыш ғалымның қырғыз халқының бүкіл түркі әлеміне әйгілі «Манас» эпосын толық жазып қалдырғандығы баршаға мәлім. Осы эпостың бір тарауында «Көкетайдың асы» деген бөлім бар. Осы бөлімде көшпелі халықтардың, оның ішінде қазақтар мен қырғыздардың Ас беру салты жан-жақты бейнеленген. Осындай мысалдарды, тарихи жазбалар мен әдеби ескерткіштерден көптеп кездестіруге болады. Бұл дала аймақтарында өмір сүрген қазақ халқының өмірінде Ас беру салтының тек бір ғана әулет үшін ғана емес, тіптен бүкіл қоғам үшін аса үлкен маңызды шара екендігін айғақтайды.

Әбілхан Бөкейханов болса өзінің «О киркизских поминках» деген жұмысында Ас беру рәсімі көшпелі халықтар, оның ішінде қазақтар үшін аса қасиетті шара екендігін атап өткен. Сонымен бірге, этнограф ғалым Қ. Халидидың пайымдауынша, Ас беру салты қазақ халқының дәстүрінде ислам енгенге дейін қалыптасқан ғұрыптық рәсім болып табылады. Осылайша, Ас

беру салты үнемі салтанатты түрде, үлкен той ретінде өткізілетін болған, Ас беру барысында әдетте ат шаптырылып, күрес, бәйге ұйымдастырылатын болған. Бұл шараға бүкіл қоғам атсалысып, белсенді қатысқа.

Бұған қоса, ертеде осындай Ас беру рәсімдері барысында қазақ халқының атақты билері, қадірменді ақсақалдары мен батырлары бас қосып, ел өміріне қатысты маңызды мәселелерді талқылап, өзара ортақ шешімдер тауып, бір келісімге келіп, өзара ан берісетін болған. Сонымен бірге, Ас беру барысында тіптен елге хан сайлау шаралары да ұйымдастырылатын болған.

Мысалы үшін, жоғарыда аталғандарды Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында Ас беру рәсімдеріне қатысты сипаттаған түрлі оқиғалар тұстарынан да байқауға болады. Аталмыш эпопеяда, қазақ халқының тарихында орын алған маңызды Ас беру рәсімдері халық арасында үнемі айтылып, сақталып жүретіндігі аса шеберлікпен суреттелген. Осындай мысалдарды, қазақ халқының өзге де әдеби шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Оларды, «бәленшенің Асында, осылай болған еді, осындай келісімге келген едік, хан сайланған» деген сыяқты мысалдарды көптеп табуға болады [58, 428-432 б.].

Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ішінде осы дүниеден өткен ата-бабаларды еске алып, туған-туысқандары, сол марқұмды көзі көрген барлық ағайын жұрттың басын қосып үлкен Ас беру бұрыннан келе жатқан аса маңызды ғұрыптық шаралардың бірі болып табылады. Осы ретте, халқымыздың «Өлі разы болмай, тірі баймайды» деген нақыл сөзін атап өткенді жөн санадық. Ас беру рәсімі арқылы қазақтар ата-бабаларының атына арнайы дұға бағыштап, олардың артынан қалған үрім-бұтақтарының аман-есен болып, оларды қорғап-қоршап жүруді сұраған. Сонымен бірге, бұл шараның тағы бір маңызды тұсы, Ас өткізу арқылы туған-туыс пен жек-жаттың арасындағы өзара бірлік пен береке арта түскен. Осылайша, қазақ халқы Ас беру дәстүры арқылы ата-бабаларына құрмен көрсетіп, алыс жақын ағайын-жұрт арасындағы байланысты жаңғыртып, нығайтып отырған.

Осының барлығы, жапондарға ұқсас қазақ халқында да ата-бабаларды еске еліп, олардың рухтарына тағзым етіп, ұрпақтарына құрмет көрсету дәстүрінің аса дамығанын көрсетеді. Сол себептен; Ас беру тек қана қауымды жинап дастархан жаю емес, одан да үлкен әлеуметтік-қоғамдық мәнге ие аса игі үлкен шара болып қабылданған.

Осылайша, жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлері отбасылық ғұрыптар мен тұрмыстық мәдениетті қамтитын күрделі салт-дәстүрлер кешенінен тұрады. Екі елдің мәдени дәстүрлерін салыстырмалы түрде талдау негізінде, жалпы қай халықта болмасын дүниеге келгеннен бастап қайтыс болғанға дейін адамның бүкіл өмірі қатаң тәртіпке негізделген ғұрыптармен байланысты және көптеген ғұрыптық рәсімдермен айқындалатынын аңғаруға болады. Бұл жалпыадамзатқа тән құбылыс, дегенмен де, екі елдің мәдени дәстүрлерінде ұқсастықтар көптеп кездесетіні анықталды.

3 ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЕКІ ЕЛ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ САҚТАЛУ СИПАТЫ

3.1 Қазіргі заманғы жапон халқының қоғамындағы дәстүрлердің заманауи көріністері

Қазіргі жаһандану заманында әлеуметтік-мәдени салада ұлттық мәдениетке, кез келген елдің мәдениетіне әсер етпей қоймайтын айтарлықтай өзгерістер орын алуда. Жапон қоғамында Шығыс дәстүрлері мен Батыстың жаңашылдықтары үйлесімді біріктірілген.

Өз тарихи кезеңдерінде Жапония Қытайдың аймақтық ықпалында болып, қытай мәдениеті жапон қоғамының көптеген салаларын қамтыды.

Сонымен қатар, жапон еліндегі окшауланудың ұзақ кезеңдері Қытайдан енген мәдениеттің өзгеріске түсінуіне және оның одан әрі жетілуіне ықпал етті. Осылайша, Жапония өткен мен қазіргі уақыт арасындағы байланыс айқын байқалатын бірегей мәдени дәстүрді құра алды.

Жапондықтардың дәстүршілдігі – бұл ерекше құбылыс. Дәстүршілдік жапон ұлтының мінез-құлқы мен ойларына еніп, оның сипатының маңызды белгісіне айналды. Жапон қоғамында қалыптасқан дәстүрлер ұлттық, мәдени және тұрмыстық элементтерді нығайтатын қоғамдық өмірдегі сабақтастық идеясын ерекше айқын көрсетеді. Мәдени мұраны құрметтеу жапондықтарға тән. Жапонияда классикалық театр, шай ішу рәсімдері және икебана өнері әрқашан танымал. ХХІ ғасырдың серпінді қоғамында жапондар тұрақтылықты ұстанады және оны дәстүрлі өнер түрлерінен табады [181].

Қазіргі Жапонияда дәстүрлерге, өткен өмірлеріне, ежелгі ескерткіштерге үлкен мән береді. Жапондықтар өмір салтына мәдени мұра ретінде ұқыптылықпен қарауды көрсете отырып, алдыңғы ұрпақтардан мұра болған мінез-құлық нормалары мен мәдениеттің формаларын сақтап қалуға тырысты. Саяси ойлау жүйесіндегі де, жапондықтардың әлеуметтік мінез-құлқындағы дәстүрлердің өміршеңдігін елдегі қазіргі жағдай дәлелдейді.

Атап айтқанда, белгілі бір әлеуметтік топқа (отбасы, студенттік топ, еңбек ұжымы) мүшелік сезімі және оған деген жауапкершілік жапондықтар үшін әрдайым маңызды болып қала береді.

Бала кезінен бастап жапондықтар топтың мүдделері жеке мүдделерден басым болады деген ойға үйренген, өйткені олардың түсінігінше тағдырдың қиыншылықтарымен топпен күрескенде ғана төтеп бере алады.

Сонымен қатар, отбасынан басталып, еңбек ұжымымен аяқталатын әлеуметтік топтардың құрылымы, жапондықтардың пікірінше, үлкендерді құрметтеу және оларға бағынуға адамның ең маңызды моральдық міндеті болып табылады.

Жапондықтар өздерінің парызы санайтын «гири» түсінігін ерекше атап өткен жөн. Гири – бұл адамгершілік қажеттіліктің бір түрі, ол адамды кейде өз еркіне қарсы немесе өз пайдасына қарамай бір нәрсе жасауға мәжбүр етеді. Гири – абыройлы міндет, жақсылық пен жамандықтың абстрактілі түсініктеріне емес, белгілі бір жағдайларда тиісті әрекеттерді талап ететін адами қатынастарды қатаң түрде реттеуге негізделген [182].

Жапонияда жүргізілген сауалнамаларға сәйкес, жапондардың жұмыс орнындағы ең үлкен қысым компанияға деген моральдық жауапкершілік сезімінен туындайды. Көптеген қызметкерлер компанияға моральдық немесе материалдық шығын әкелетін қателік жіберуге қорқады [183].

Ұжымдық ойлау – жапон менталитетінің ерекшелігі. Көптеген жылдардан бері сақталып келген бұл дәстүр, жапондар үшін қазіргі топтың мәңгілік мүшесі болу сол жерге өз ізін қалдыруды білдіреді. Адамға жақын топ, әрине, отбасы. Сондықтан жапондықтар үшін берік отбасылық өмір салты өте маңызды.

Жапон қоғамындағы отбасының рөлі көбінесе жапондықтардың уақыт ұзақтығына деген көзқарасы «күш – тұрақтылықта» деген нақыл сөзімен айқындалады. Ұзақ уақытқа созылған нәрсе ғана шынымен мықты, өміршең және құрметке лайық.

Жапондықтардың негізгі ұстанымы адам өмірін олардың алдындағы адамдар бастаған жұмысты жалғастыруда көреді. Егер сіз оны дамытып, оны жоғары деңгейге көтере алсаңыз, жақсы, бірақ бастысы оны тастамау.

Дәстүрлер, әрине, жапон отбасында маңызды рөл атқарады және әр қазіргі жапондықтардың өміріне қатты әсер етеді. Алайда, жас ұрпақтың өсуімен жапон қоғамындағы кейбір өзгерістер әлі де жалғасуда, және оларды жапон отбасыларында жақсы байқауға болады.

«Жапон экономистері ел өзінің басты артықшылығын жоғалтып жатыр деп алаңдауда, жаңа заманның жұмысшылары бұдан бұрынғы адамдардай жұмыс істегісі келмейді, жапон әйелдері босанудан бас тартып, өмірлерін Батыс стиліне айналдыруға тырысады» [184].

Жапондықтардың қарым-қатынас этикетіне ерекше назар аудару керек. Жапонияға келген кез-келген шетелдік адамдар жапондықтар арасындағы қарым-қатынас басқа елдерден айтарлықтай ерекшеленетініне бірден назар аударады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас белгілі бір дәрежеде кез-келген қоғамда қалыптасқан, бірақ Жапонияда қарым-қатынас деңгейі тым жоғары. Әңгімелесу кезінде жапондар серіктесіне, ең алдымен, адам ретінде емес, белгілі бір мәртебеге ие топтың өкілі ретінде қатынас жасайды. Осыған байланысты дұрыс тон мен қатынас тәртібі таңдалады.

Ресми түрдегі көпшілікпен байланыс жағдайында жапондар өзін жайлы және сенімді сезінеді. Кез-келген жағдайға байланысты оларда алдын-ала дайындалған сөйлеу фразасы немесе стереотиптік мінез-құлық моделі бар. Әрбір ересек адам осындай қарым-қатынас өнеріне ие болуы керек. Бұл дәстүрлі қарым-қатынас этикеті Токугава дәуірінде дамыған және әлі күнге дейін жалғасуда.

Жапонияда сұлулықты сүю сезімі ғасырлар бойы қалыптасып келеді, нәтижесінде сұлулыққа табынудың шынайы дәстүріне айналып, халықтың барлық топтары арасында кеңінен таралды және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Жапондықтардың пікірінше, оларға тән сұлулыққа табыну сезімі – бұл олардың ұлттық қазынасы. Бұл жапондардың өмір философиясын анықтайтын эстетика деп айта аламыз.

Жапонияда дәстүршілдік – бұл ерекше құбылыс. Ол жапон ұлтының мінез-құлқы мен ойларына еніп, оның сипатының маңызды белгісі болды;

- жаһандану жағдайында да жапондар алдыңғы ұрпақтардан мұра болған мінез-құлық нормалары мен мәдениет формаларын сақтауға тырысады;

- жапондық ұлттық сипатта мыналарды бөлуге болады: жалпы этникалық ерекшеліктер (жоғары дамыған эстетикалық сезім, табиғатты сүю, еңбексүйгіштік, дәстүрді ұстану, қарызға бейімділік), топтық мінез-құлықтың ерекшеліктері (тәртіп, міндет сезімі, билікке берілгендік), күнделікті ерекшеліктер (нақтылық, сыпайылық, өзін-өзі бақылау) [185].

Дәстүр мен Жапония бір-бірімен тығыз байланысты. Жапондық дәстүрлі мәдениетте біз дәстүрге деген құрмет туралы терең идеяны көреміз. Мәдени мұра өте мұқият сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді, жас ұрпақ арасында оған деген сүйіспеншілік сезімін ояту үшін көлемді жұмыстар жүргізілуде. Жапонияның дәстүрлі өнерге деген ерекше қатынасы бар, ал қазір дәстүрлер ескіріп жатқан заманда, жапондықтар оны сақтау және қоғамда қалыптастыру әдістері туралы көбірек ойлана бастайды. Жапондықтар бұрынғы ата-бабаларынан қалған көне дүниелерге ерекше көңіл бөледі деп айтуға болады, және жапон қоғамында қабылданған мінез-құлық нормалары ерекше танылады, сонымен қатар осы күнге дейін сақталуда. Жапондық дәстүршілдік - бұл елдің қоғамдық-саяси өмірінің негізгі бөлігі. Қазіргі Жапония – бұл ең алдымен заманауи және дәстүрлі симбиоз [186].

«Жапондықтар бұрыннан өздерін қызықтыратын шетелдік мәдениет бөлшектерін өздеріне пайдаланған. Басқа елдерден алынған барлық мәдениет бөлшектері жапон ортасына ерекше бейімделіп, кейде түбегейлі өзгеріп отырады. Бұл процесті тек уақытша пайдалану ғана емес, қайта құру және Жапонияның қажеттіліктеріне толық бейімделу деп атауға болады. Жапондықтар этноцентризмге бейім, бұл ұлттық жапондық сипаттың басты ерекшелігі» [187].

Жапондықтар өздерінің айналасындағы өзгерістерге бейімделуге қабілетті болды, бұл оларға өз мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап қана қоймай, оларды қазіргі өмірге бейімдеуге көмектесті. Олар қалай жетістікке жетті, өз дәстүрлерін сақтауда жапондықтар бірінші кезекте не нәрсеге сүйенеді, мұндай қиын тапсырманы орындау үшін қажетті ресурстарды қайдан табады деген сұрақтар туындайды? Қалыптасқан ұлттық мінездің маңызды рөл ойнайтыны сөзсіз. Өйткені, мұндай жағдайда өз мәдениетін сүю ғана жеткіліксіз нәрсе. Сенім мен тәртіп, өзіндік мәдениетті сақтаудағы ең жақсы көмекшілер, жапондықтар бұған әрқашан күшті болды, өйткені ұрпақтан-ұрпаққа өздерінің мәдени дәстүрлерінің негізі өзгеріссіз сақталып жалғасуда. Ұлттық мәдениет қазіргі жапондардың ерекше психологиялық көрінісін қалыптастырады. Жапондық дәстүрлі мәдениет басқа елдердің мәдени дәстүрлерінен кем түспейді, ұлттық тарихқа, тілге және басқа да мәдени элементтерге негізделген. Басқа елдерден енген дәстүрлер қаншалықты мықты болмасын, олар дәстүрлі мәдениеттің терең негіздеріне сирек жүгінеді. Барлық осы ережелер жапондық концепцияға терең еніп, өмір бойы жапондықтармен ажырамай қатар өмір сүреді [188, 1-5 б.].

Жапондықтардың ұлттық бет бейнесі. Қазір Жапония - әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған ел. Әйгілі Киотоның Гион ауданынан басқа қаланың кең

көшелерінде дәстүрлі киімдер киінген жапондықтар мен гейшаны көре алмаймыз. Жапондар өздерінің кимоносын еуропалық костюмге ауыстырды, бірақ бұл ел өзіндік ерекшелігін жоғалтпады, жапондардың мәдени салт-дәстүрлері осы күнге дейін сақталды және белгілі бір мағынада одан сайын күшейе түсті. Жапондардың әлемде жетекші орынға ие болуына дәл осы қасиеттер көмектесті деп айтуға болады.

Олардың басқа елдерге қарағанда мұндай артықшылығы неде, бұл сұрақтың жауабын қайдан іздеу керек? Сірә, ол бұл елдің өзі қалай дамығанын және дамитынын, нені ұстанатындығын түсіну керек. Көптеген жылдар бойы жапондар үлкенді құрметтей отырып, үлкендердің үлгісіне еліктеп, оған барлық жағынан бағыну керек деген қағиданы ұстанып келді. Конфуцийшілдік жапон қоғамындағы мұндай қатынастардың негізіне айналды, ол патриархалды негіздерді бекітіп, отбасында барлық қатынастарды реттейтін иерархия орнатты. Топтық мүдделер жапондар арасындағы әрқашан бірінші орынға шығады, бұл әсіресе жапон қоғамына тән. Жапондықтар өмір бойы осы ережелерді ұстанып, оларды балаларына үйрету арқылы қоғамға жауапкершілік сезімін оятады [189, 35-56 б.]. Роберт Гийен Жапонияның «екі деңгейлі мәдениеті бар ел» екенін, онда жаңа және ескі мәдениет бірге өмір сүріп, бір-бірімен өзара әрекеттесетінін атап өтті. Ол жапондардың ежелгі салт-дәстүрлерге ерекше берілгендігі – бұл әлемдік сапырылыстан құтылу тәсілі, модернизацияның бақылаусыз процестеріне төтеп бере алатын ежелгі мәдениет қана, бұл «екі деңгейлі мәдениеттің» ұзақ уақыт бойына өмір сүретіндігін білдіреді. «Жапонияның жетістігі – бұл басқа артықшылықтар мен кемшіліктердің арасында өздерінің жұмысын сапалы түрде жасауға бейімді жапондықтардың сансыз көпшілігінің еңбегі» Роберт Гийен. Жапондықтардың ұлттық сипаты сырттан пайда болып, дамыған жоқ. Жас кездерінен жапон балалары дәстүрлі мәдениетті саналарына сіңіріп өседі. Олар өздерінің дәстүрлі көзқарастарын өз отбасыларынан жастайынан үйреніп, мәдени дәстүрлерді қазіргі өмірдің талаптарына сай үйлестіруге дағдыланды [190, 38-79 б.].

Жапондықтардың көп шоғырланған ірі қалаларынан да олардың ежелгі мәдениетінің көріністерін табуға болады. Жапонияда аниме жанры (жапондық анимация) бар, онда сіз бұрын-соңды болмаған, көркем фантастика, шебер технологиялардың кереметтігін, ол арқылы жоғары технологиялардың керемет дамыған кезеңінде болып жатқан жапон қоғамы мен қалыптасқан дәстүрлерін көре аласыз. Бұл жапондық дүниетанымның шешуші сәті, дәстүрлер мен инновациялардың шебер үйлесуі және олардың параллель өмір сүруі ғана емес, үйлесімді өзара әрекеттесуін көре аламыз.

Қазіргі кезде ескі мен жаңаның ортасында тұрған жапондық отбасының пайда болуы Эдо кезеңі деп санауға болады. Отбасы әрқашан жапон қоғамындағы ең маңызды элемент болған және оған дін ерекше әсер еткен. Жапонияның үш негізгі діні – синтоизм, буддизм және конфуциандық, бірақ, конфуциандық діннен гөрі адамдарды құрметтеуді үйрететін, өмірі үшін көптеген ережелер жиынтығы деп атауға болады. Жапондардың алғашқы діндерінің бірі – Синто. Көптеген ғалымдар, олардың ішінде В. Овчинников жапондықтарды әдемілік пен қарапайымдылыққа деген қатты сүйіспеншілікке

үйреткен Синтоны діні деп санайды. Буддизм жапондарға ерекше төзімділік берді. Конфуцийшілдік өз кезегінде үлкендерге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін оятады. Жапон халқы осы діндердегі ерекше ұстанымдарды оңай қабылдады және оларды ерекше жолмен жетілдіріп қолданып келеді. «Ежелгі уақытта жапондық отбасы «ути» – үй, ішкі кеңістікті де «ути» деп атайтын. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін әр отбасында, үйдің ішінде көптеген дәстүрлі ұстанымдар сақталынып келеді» [191].

Синтоизм, буддизм және конфуциандық жапондық дәстүрлі мәдениеттің біртұтас дүниетанымдық өзегін қалыптастырды, осы үштікте синтоизм басқа дүниетанымдық идеялардың негізі болды, жапон мәдениетімен басқа мәдени элементтердің өзара іс-қимыл тұрғысынан байланысуына үлкен мүмкіндік берді. Әр түрлі бөтен елдердің жаңашылдықтарын қолдану және оған бейімделу процестері ұзақ уақыт бойы агрессивті, салыстырмалы сипатта болды, олардың дәстүрлі мәдениетінің негізін сақтай отырып, мүмкіндігінше әртүрлі идеяларды сіңіруге тырысты. Осы күрделі өзара әрекеттесулер ескі мәдени элементтерді жоққа шығару жолымен емес, дәстүрлі өзекті жаңа мағынамен толтыру және қайта құру жолында өтті. Йотоки-дори процесі барлық осы процестерде үлкен із қалдырды, барлық жапон мәдени ойлауының негізін қалады, Жапонияны барлық шетелдік инновацияларға қарамастан өзін сақтай алатын нақты «шебер-қабылдаушы» етті [235].

Жапонияның мерекелік дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен рәсімдері ежелден қалыптасып осы күнге дейін дамып, тамырын кеңге жайған. Әрине, ғылым мен

техниканың дамуы дәстүрлі мәдениетке біраз өзгертулер енгізеді, бірақ бұл жапон халқының рухын жоя алмайды. Жапондардың барлық дәстүрлері болмаса да, көптеген дәстүрлері ерте кезден өзгеріссіз дамуда, тіпті күнделікті өмірдегі қолданыста жалғасып келеді. Дәстүрлі мәдениетті дәріптеуші түрлі клубтар, жарыстар, көрмелер мен байқаулар мемлекеттің қолдауымен және демеушілігімен құрылып, жұмыс істейді. Күнделікті өмірде өзектілігін жоғалтқан дәстүрлер Жапонияның ерекше белгісі болып қала беретіндігі сөзсіз.

Әр түрлі халықтардың күнделікті өмірінде, киім-кешек, тұрғын үй және т.б. нысандарына қарағанда, тамақтану мен тамақ тұтынудың сипаттамалары өте тұрақты. Уақыт өте келе, барлық халықтардың тамақтану рационында айтарлықтай өзгерістер пайда болды. Басқа мәдениеттердің ықпалы ХХІ ғасырдың кез-келген тұсында байқалады, тамақтану мәдениеті, мұндай ықпалдың жарқын мысалы болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта бұл тақырыпты зерттеу өзекті, және тұрақты. Өзінің мәдени дәстүрлерін түбегейлі сақтайтын Жапонияның тамақ түрлері өзінің ерекшелігімен, түр түрлілігімен әлемді қызықтырады деп айта аламыз. Бірақ біз дәстүрлі деп санайтын, жапон халқының ертеден қалыптасқан тамақ түрлерінен де біз басқа елдердің ықпалынан болған өзгерістерді байқай аламыз. Жапондардың тамақтануының негізі – күріш. Бастапқыда Жапонияда тамақ әртүрлі болған жоқ. Күріш тағамның негізі болды, қайнатылды және ұсақталды, тамақтанудың алуан түрін күріштен жасайды. Х-ХV ғасырларда Жапонияда Қытай және Корей мәдени дәстүрлері белсенді түрде ене бастады. Көкөніс дақылдары, сондай-ақ соя өнімдері көп мөлшерде пайда болды. Алайда, бұл күріш, жапондардың тамақтануының негізгі құрамдас бөлігі ретінде, бұл елде мәдени өмірдің қалыптасуына үлкен әсер етті. Жапонияда күріштен көптеген тағамдар мен сусындар дайындалады, мысалы, дәстүрлі күріш сусыны, бұл сусын синто рәсімдерінде дәстүрлі қасиетті сусын қызметін орындайды. Дәстүрлі өнімдердің қатарында мочи торттарын атап өтуге болады, олар әртүрлі тағамдарға қосылады. Жапондардың ажырамас тағамы болып табылатын «Удон» әдетте түскі асқа беріледі. Бұл тағам Қытайдан келді, ол егін жинау науқанында ұсынылды. Сондай-ақ, муси-соба, како-соба және тана-моно кеспелері бар. Жапон асханасының басты мақсаты – тағамнан ләззат алу, ол табиғи өнімдердің дәмін табиғаттан алынған түрінде сақтаған, мүмкіндігінше аз өңдеуді қажет етеді. Жапондықтар тамақтану дәстүрлерімен мақтанады. Көптеген жапон аспаздары көп уақытты пісіру техникасына емес, балғындық пен өзіндік дәмі сақталған астарды ерекше етіп дастарханға қоюға арнады. Шәй жапондықтардың ерекше сусыны. Шәй ішу дәстүрі «Тя-но-ю» Жапонияда ерекше құрметтеліп, әрқашан шет елдерде Жапонияның ерекше дәстүрлі өнер түрі ретінде танымал болған құнды дәстүр. Шәй ішу дәстүрі жылдың кез-келген уақытында жағымды тыныш отырып, жағымды әңгіме құру үшін жасалатын дәстүр. Шәй ішу кезіндегі отыратын орын мен ол жерде қойылған әрбір нәрсе кездейсоқтық емес. Заманауи жапондық тамақтану жүйесін дәстүрлі тамақтану және үйдегі тамақтану жүйесі мен сырттан енген тағамдар мен оларды әрлеу түрлері қамтиды. Дәстүрлі жүйе өте тұрақты және «бөтен» элементтермен үйлесімді түрде өмір сүреді, әдетте сырттан енген барлық нәрселерді «өзіне»

бейімдейді. Жапонияда жаңашылдықтың барлық түрі үлкен жылдамдықпен таралуда, бірақ бәрібір «бөтен» болып қала береді. Жапондықтар өздерінің дәстүрлеріне оралып, оны жаңғыртуға бейім, осы нәрселер оларды жапондықтар жасайды.

Шамамен XIX ғасырда Жапонияда сырттан тамақтану дами бастады. Сол кездері үйден сырт жерлерде тамақтануды білдіретін «гайшеку» термині қолданысқа енді. Гайшоку үйден тыс жерде тамақтануда таңғы асқа – «Бенто» қолдану, асхана – «Шекудода» және мейрамханалар – «Рерияда» тамақтану болып бөлінеді. Қазір олар негізінен дәстүрлі жапон асханалары болып есептелінеді. Жапонияда шетелдік мәдениеттің енгізілуімен тамақтану орындарының түрлері де кеңейде, олардың көпшілігі бастапқыда жапондықтарға онша танымал болмады. Көп ұзамай олар жапон халқының мәдениеті мен өміріне мықтап ене бастады. Жапондықтар еуропалық жаңалықтарға таң қалудан бас тартқан жоқ. Батыс мәдениеті элементтерінің жапондардың күнделікті өміріне ену процесі тамақ түрлерінде ғана емес, сонымен қатар жапон асханаларына да әсер етті. Дәл осы салада көптеген ескеретін жайлар пайда болған бейімделу процесі күрделене түсті. Жапондықтар әр түрлі елдердің бейтаныс тағамдарына үлкен қызығушылық танытады, бірақ сонымен бірге ежелгі рецепттер мен технологияларға сәйкес дайындалған тағамдарды артық көре отырып, өз дәстүрлерін айқын және қатал түрде сақтай білді. Жапондықтар шетелдік мәдени дәстүрлердің элементтерін үлкен құлшыныспен қабылдайды, кейде оларды танымайтын етіп өзгертеді, оны күріш сияқты дәстүрлі өнімді пайдалану кезінде де байқауға болады. Жапондық дәстүрлі тағамдардың бір түрі пісірілген күріш «гохан» деп аталады. Бірақ бірдей дайындалған күріш шыныаяққа салынып, жапон дәстүрінде, қарапайым табаққа салынатын бірдей күріш «райсу» деп аталады. Күрішті еуропалық тағамдарға – «ёшоку» қоспа ретінде немесе бөлек-бөлек ұсынуға болады, мысалы, үстелде салат немесе гамбургер де болады. Бұл жағдайда күрішті қасықпен немесе шанышқымен жеуге болады. Алайда, бүгінде жапон мейрамханаларында және жапон отбасыларында ұсынылатын көптеген тағамдар әр түрлі уақытта әр түрлі мәдениеттерден алынған тағам түрлері. Бірақ бұл тағамдардың атаулары және оларды дайындау әдістері де жапон қоғамына сай өзгерген, сондықтан бұл тағамдар Жапонияның дәстүрлі тағамдарында бұрын-соңды болмаған деп ойлау қиын. Дегенмен, жапондықтар шет елден енген тағам болсын, басқа да мәдениет түрі болсын оның шет елдік өзгешелігін сақтай отырып, өзгертуге тырысады. Рецептті өзгертудің жалғыз талабы – бұл тағамның күрішпен үйлесімділігі. Бірақ барлық жаңашылдықтарға қарамастан, жапон асханасы дәстүрлі болып қала береді. Заманауи жапон асханасы – бұл күрделі, жан-жақты құбылыс, онда дәстүрлер мен жаңашылдықтар жапондық тамақ дайындаудың ең маңызды міндеті таза, табиғи дәмді сақтау болып табылады. «Қазіргі заманғы технологиялар мен жаңа тамақ қоспалары және шетелдік тағамдар дайындайтын көптеген кафелер мен мейрамханалардың жапон асханасының бет-бейнесін өзгертуге әсер етеді. Жапондар қытай, корей, сонымен қатар еуропалық, ең алдымен итальяндық тағамдарды жеуге құштар. Бірақ, олардың өздерін жапондықтардың тамағына

ұқсастырып, жапондықтардың талғамына қарай жасайды» [236]. Тағамдардағы жаңашыл өзгерістерді Жапонияның кез-келген жерінде байқауға болады, бірақ іс жүзінде бұл жай сырт келбеті ғана, оны оңай алып тастауға болады және жапондық аспаздық дәстүрдің жүздеген жылдық қабатын байқауға болады. Жапондықтармен бірге тамақтану – бұл тек қарын тойдырып, жақсы уақыт өткізу әдісі ғана емес, сонымен бірге ұжымдағы адамдарды өзін-өзі танытудың бір көрінісі. Жапонияда ұжымның рөлі – тұрақты және әрқашан басты рөлге ие болды. Жапондықтардың көзқарасы бойынша кез-келген адам, ең алдымен, ұжымның мүшесі, содан кейін ғана жеке тұлға. Тамақтанудағы кез-келген «сәнді» өзгерістер негізі тағам ретінде күріштің басымдылығын есте сақтап, оған шебер бейімделуге тырысады. Бұл заманауи жапондық аспаздардың талабы, жаңа, сырттан енген тағам түрлері ертеден келе жатқан дәстүрге ыңғайланып қана өмір сүре алады. Сонымен бірге, қазіргі жапондық тағам - бұл дәстүршілдік басым көрінетін дәстүрлер мен жаңашылдықтардың бірлігі. «Қазіргі жапондық тамақтану жүйесінде көптеген компоненттер бар, олардың әрқайсысы жапон мәдениетінің әртүрлі салаларына, салт-дәстүрлерге, рәсімдерге, жыл сайынғы дәстүрлік мерекелерге, ұлттық ыдыс-аяқ пен қолданыстағы заттарға, декоративті-қолданбалы өнерге және т.б. қатысты. Сонымен қатар, бұл басқа мәдени құбылыстарда жоғалған көптеген мәдени және тарихи қабаттарды сақтайтын тамақтану жүйесі, мысалы, Бенто немесе Джубако дәстүрлері. Бұл жүйе жапондық дәстүрлі және қазіргі заманғы мәдениеттің маңызды элементі болып табылатындығы, оны зерттеу өткеннің бейнелерін қайта қалыптастыруға және келешекте жапон мәдениетінің дамуын болжауға мүмкіндік береді» [237]. Жапондықтар өздерінің дәстүрлі мәдениетін барлық күштерімен сақтайды, неге бұл процесті дәл байқай алатындығымызды тамақ мәдениеті мысалында да анық көрсетуге болады? Жауабын табу соншалықты қиын емес, жапондық тамақтану жүйесі тек сіңіп кететін тағам ғана емес, бұл ерекше мәдени орта, көптеген рәсімдер мен дәстүрлер жапондардың тамақтануымен байланысты. Балық болсын, күріш пе, шай болсын, мұның бәрі тереңде жатқан, қасиетті мағынаға ие. Еуропалық тағам дәстүрлерінің Жапонияға енуімен, елде әрине өзгерістер болды, өкінішке орай, жапондарға жат тағам түрлері жапон ұлтының денсаулық көрсеткіштерін нашарлатып, созылмалы және жүрек-қан тамырлары аурулары көп пайда бола бастады [185, 34-97 б.]. Бірақ, шет елдерден қаншама өзгерістер еңсе де Жапонияның ежелден келе жатқан дәстүрі мен ұстанымдарын басып оза алмайды. Осыған қарап, Жапон елінің салт-дәстүрлерге беріктіген айқын көре аламыз.

Жаһандану дегеніміз – алғашқы кездері тек әр елдің экономикалық жағдайынан тыс болған күрделі және жанжақты процесс болса, қазіргі заманда адам өмірінің барлық элементтеріне әсер етеді: әлемдік экономика, саяси құрылымдар, экологиялық өзара тәуелділік, ақпараттық кеңістік, рухани, мәдени, психологиялық шекараларды тез жоятын адам өмірінің құрамдас бөлігі. Жапония жаһандану мәселесін және оның өзгермелі әлемдік кеңістіктегі рөлін, сондай-ақ жаһандану процестері мен қоғамдағы патриоттық сезімдердің арақатынасын белсенді зерттейді. Жапондықтарды еуропалық «көзқарасқа»

толықтай айналдыру мүмкін емес, ол үшін жапондықтар өмірін, әдет-ғұрпын, салт дәстүрін, барлығын дерлік өзгертуі керек.

Жапондар храмдарға баруды және әртүрлі ұлттық, ғибадатханалық мерекелерге қатысуды ұнатады, көпшілігі ұлттық өнер түрлерімен айналысуға бейім, бірақ бұл әрдайым бос уақытты ала бермейді. Көпшілігі өткен мен қазіргі уақытты үйлестіреді. Сондықтан, осы елдің мәдениетімен өткеннен бөлініп бөлек танысу мүмкін емес. Жапонияда өткен уақыт қазіргімен теңеседі, олар бір-бірін толықтырады және шебер үйлеседі. Мәдени мұрамызды сақтау - қазіргі қоғамның басты мәселесі, дәстүрлі мен қазіргі заманның арасындағы алшақтық, өкінішке орай, едәуір кеңейді, және біз рухани мәдениеттің, өнердің, діннің және т.б. дәстүрлі нысандарын жоғалту қаупін тудырамыз. Айта кету керек, ұлттық мәдениетті сақтау контекстінде мәдени мұраны сақтау мәселесі тұрады. Алайда, дәстүрлі мәдениетті сақтау да маңызды мәселе болып табылады. Мэйжи дәуірінен бастап, жапондықтар еуропалықтардан сәттілік пен өркендеудің нышанын көрді, белгілі бір мағынада олар Батысқа бас иіп, соларға еліктеуге тырысты. Дәл осы процестер жапондардың кім екенін және олардың дәстүрі мен ұстанымдарының беріктігін көрсетті, олар қаншалықты еуропалықтарға ұқсауға тырысқан сайын, олардың даралығы мен мәдениеті соғұрлым күшті болды. Қазіргі жапон қоғамындағы адамдар ескі мен жаңаның арасында аздап өздерін жоғалтқандай сезімде жүр. Жапония үкіметі қазіргі кездегі басты міндеттердің бірі ретінде - білім туралы жаңартылған негізгі Заңды дайындау және қабылдауды қарастырып отыр. Ол білім беру міндеттерінің ішінде жастар мен аға буындардың өз Отанын сүйюін, мәдениеті мен дәстүрін құрметтеу қажеттілігін, тарихтағы процестер мен олардың себептерін түсінуді, сондай ақ дәстүрлі мәдениет түрлері мен мәдени құндылықтарды үйрететін сабақтарды басты пән ретінде енгізу қарастырады.

Йотоко-дори заманауи жапон қоғамының қалыптасуындағы негізгі тірек, жаңа технологиялар мен құндылықтар туралы ережелер осы қолайлы жерде оңай үйлесіп, бірге өмір сүрді. Жапонияда біз барлық жерде йотоко-дори үрдісін байқай аламыз, йотоко-дори жапондықтардың ерекше икемділігі мен конформизмінің себептері арасында бірінші орынға ие деп айтуға болады, алайда біз Жапонияда және бүкіл әлемде шетелдік мәдениеттің элементтерін тарту процестерін, сондай-ақ олардың адамдардың өміріне әсерін мұқият және терең зерттеуіміз керек. Жапондықтардың көпшілігі тез өзгертін әлемде адам үшін оның даралығы, өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігі негізгі тірек болып қала беретінін түсінеді. Ұлттың бірегейлігі оның сәтті дамуына қозғаушы күш болып табылады [237, 182-183 б.]. Пайда болған мәселені түсініп, Жапония үкіметі жастарды тек Жапон еліне лайықты жапондықтар ғана емес, сонымен бірге өз елі мен мәдениетін мақтан тұтатын адамдарды тәрбиелеу арқылы ұлттық өзін-өзі тануды күшейту шараларын қабылдауда. Өзіміздің мәдени мұрамыздан бас тарту болашақта үлкен проблемалар туғызады, біз өзіміздің кім екендігімізді білмейтін, қай бағытта қозғалу керектігімізді және қалай даму керектігімізді білмейтін ұлтқа айналамыз. Атап айтқанда, жапон үкіметі үшін ғана емес, сонымен бірге осы елдің ересек адамдары үшін үлкен міндет - балаларына рухани мәдениетті сіңіру, олардың қандай бай мәдениеттің бір

бөлігі екенін көрсету және айту, сонымен қатар олардың рухани және мәдени мұраларын мұқият сақтауға үйретуге бағытталған іс шаралар көп ұйымдастырылады.

Әрине, Жапония өзінің мәдени дәстүрін жоққа шығарып, шетелдік мәдениеттің элементтерін оңай пайдалана алар еді, бірақ кейін олар жапондық болып қала алар еді. Біз өз жұмысымызда жапон қоғамының негізгі мәдени қабаттарына қысқаша шолу жасай отырып, жаңа мәдени элементтерді алу қай жерде және қандай көлемде өтеді, олардың бейімделуі қалай жүреді және бұл Жапонияға қалай әсер етеді деген күрделі жалпыұлттық мәселелерді қарастырдық. Бұл процестер Жапонияға тек теріс әсер етті деп айту мүмкін емес, сайып келгенде, осы қажетті инновацияларсыз Жапония соғыстан кейінгі күйрегеннен шықпаған болар еді. Олардың дәстүрлері мен бейімделуге ыңғайлылығының арқасында жапондықтар бүкіл әлемнен өздеріне жаңашылдық пен жаңалықтар енгізе алды. Дәл осы процестің негізгі өкілдері жаппай жас жапондықтар болды, өткен дағдарыстарды онша сезіне қоймаған жаңа буын басқа елдердің дәстүрлері мен мәдениетін белсенді игере бастады. Олар оның негізгі тұтынушылары мен насихаттаушылары болды. Осылайша енді біз техникалық прогресінде көптеген басқа елдерден озып, робототехника саласында әлемде көшбасшы болып табылатын таңғажайып елді байқай аламыз. Алайда, бұл процестің жағымсыз жақтарын атап өткен жөн. Туу деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік тұрақсыздық, жапондықтардың ескі және жаңа ұрпағы арасындағы бөліну, бірақ барлық осы кемшіліктерге қарамастан, тіпті жастар да өздерінде қатысты желден қалыптасқан қағидаларды өзінен алып тастай алмайды. Жапонияда дәстүрліліктің мықтылығы соншалық, жапондықтар саналы түрде жапондық болып қала береді, ал қазіргі заманда, жаһандану дәуірінде бұл таңғажайып ұлттық қасиет Жапонияның дәстүрлі мәдениетін сақтап, оны одан әрі дамытуға түрткі бола алады.

3.2 Қазақ халқының ұлттық бірегейлігіндегі салт дәстүрлердің сақталу сипаты

Біздің өмір сүріп отырған кезеңіміз жалпы мәдениетке қауіп-қатер төндіріп отыр, соның ішінде, біздің ата-бабамыздың дәстүрлі көшпелі мәдениетіне қауіп-қатер төндіріп отыр. Шындығына келгенде, қазіргі уақытта ұлттың көп бөлігі дәстүрлі мәдениеттен тыс тіршілік етіп отыр. Егер біз дамыған әлемнің қалған-құтқан және қоқыстары жиналған орынға-ұлтқа айналғымыз келмесе, онда біз өзіміздің еркіндігімізді және рух еркіндігін сақтап, әлпештеп қана қоймай, дамытуымыз қажет. Ата-баба мұрасы – шаң басқан мұражай экспонаты емес. Бірақ, өмірден өткен, мән-мазмұны және тірі рухы жоқ дәстүрлі мәдениеттің формасын дәл сол күйде қайта жаңғыртуға тырыспау қажет. Дәстүрлі өркениеттің әлемінде абыройлы орынға ие болған дүниелер қарама-қайшылыққа толы қазіргі уақыт әлемінде өзінің байырғы абыройлы орнына ие болып, өмір сүруге қабілетті болуы мүмкін бе екен?! Кезінде біздің ата-бабамыздың соғыстағы ұраны мынадай болған еді: «Өлім жоқ, өмір әр уақытта бар!» Яғни, олар адам баласының денесі өлгенімен, оның жаны еш уақытта өлмейді деп сенген болатын. XX

ғасырда қазақ мәдениеті ажал құрсауында бірнеше рет болған болатын, бірақ оның рухы өлген жоқ. Біздің борышымыз – оның қайта-қайта жаңғыруына мүмкіндік жасап отыру. Сондықтан да, жаһандану кеңістігінде қазақ ұлты өз мәдениетін қастерлеп, қадірлеп өзге ұлт мәдениеттерімен еш қорқыныш-үрейсіз абыроймен өз бойын және негізгі принциптерін көрсетуі қажет.

Жаһандық даму заманында ұлттық бірегейлікті сақтаудың жолдары ретінде ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүр, атадан балаға табысталатын асыл қазыналарымыз салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды негіз етіп алатынымыз анық. Ұлттық дәстүр мен қалыптасқан мәдениетімізді тек аға буын өкілдері мен үлкен кісілердің ертеден келе жатқан тәжірибесінде ғана сақтап қоймай, кейінгі жастарға ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға тапсыру мәдени мұрадағы құндылықтарды жаңғыртады. Әрбір елдің тәуелсіздігінің, елдігінің мәңгілік болуы, рухани құндылықтар мен салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарымызды ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, сақтауымызғы байланысты болып тұр. Сондықтан еліміздің ұлттық бірегейлігін сақтау мақсатында ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғырту жүзеге асырылуда. Алдымен ертеден келе жатқан ұлттық мәдениеттің түпкі тамырын құрайтын ежелгі құндылықтарды жаңғырту, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық дәстүрді, ұлттық мәдениет пен тілді қайта жаңғырту үшін келесі мәселелерді қолға алу керек; ежелден сақталып келе жатқан, ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың асыл қазынасы – рухани құндылықтар мен салт дәстүр, әдет-ғұрыптарымызды белсенді түрде насихаттау, жастарға ұлттық намыс пен жігерді қалыптастыратын тәрбие беру, мәдени құндылықтар мен ұлттық дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз жалғасуын қадағалау. Мәдениеттегі салт-дәстүр ол елдің беріктігін білдіреді. Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол – халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. «Салт» сөзінің қазақша мағынасына келер болсақ, қатты, қатты болу, берік болу, төзімді болу дегенді білдіреді. Егер де, осы талдауларға сүйенер болсақ, онда «салт-дәстүр» ұғымының мағынасы – айнымайтын, берік қоғамның тұтастығы үшін жаратушы тарапынан жіберілген қағидалар жүйесі дегенді білдіреді. Елбасы айтқандай «Дәстүр мен мәдениет ұлттың генетикалық коды. Қазақстандық мәдениет еліміздің барлық азаматтары үшін патриоттықтың өзегі болуы қажет» [238].

Мәдени құндылықтар – барлық адамзат тарихының шығармашылық әрекетінің нәтижесі. Қазіргі адамзат мәдени құндылықтарды сақтау қажеттілігін мойындап отыр. Кез-келген мемлекеттің мәдени мұрасын сақтау ЮНЕСКО конвенцияларымен, халықаралық құқық нормаларымен реттеледі, өйткені әр елдің ұлттық игілігі әлемдік мәдени мұраның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Біздің еліміздің мәдени мұрасы өте бай. Мәдениет тарихы – тек өзгеру үрдісі ғана емес, өткенді сақтап, мәдени құндылықтарды мұра ету үрдісі. Мәдени мұра – ұлттың рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік капиталы. Табиғи байлықтармен қатар бұл әлемдік қауымдастық мойындайтын ұлт қадірінің негізі болып табылады.

Мәдени құндылықтардың жоғалуы қазіргі және болашақ ұрпақ өмірлерінің барлық салаларында әсері байқалады, рухани азғырып, тарихи жадының үзіліп, қоғамның кедейленуіне әкеледі. Бұл зардаптар қазіргі заманғы мәдениеттің дамуымен де, жана маңызды туындылармен де қалпына келмейді. Мәдени құндылықтарды жинау және сақтау – өркениет дамуының негізі.

Әлемдік даму қазіргі заманда жалпы дүниежүзі елдерінде жүріп жатқан процесс болып табылады. Біздің елімізде де жаһандану дәуірінде өзінің мемлекеттік және ұлттық бірегейлігін сақтап қалу басты мәселелердің бірі. Бұл арқылы мемлекетіміз әлемдік деңгейде өз орнын сақтап, дамыта алу мүмкіндігіне ие болады. Бұл қазіргі заманның барлық талаптарына мойынсынбай, Қазақстан өзінің даму стратегиясын өзгеше жүргізуі қажет деген сөз. Сонда ғана ұлттық және мемлекеттік бірегейлігімізді сақтап қала аламыз.

Егемендігіміздің беріктігі, ұлттық құндылықтарымызды сақтаған мемлекеттің дамуы қоғамдағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыруымен тығыз байланысты. Сонда ғана өз дәстүрлі мәдениетін берік сақтаған мемлекет ретінде ол осы мемлекет ішінде тұратын барлық өзге ұлт өкілдері мен ұлттық топтардың біздің мәдениетіміз бен құндылықтарымызға құрметпен қарауын талап ете алатын мемлекеттік саясатқа мықты ықпал ете алады.

Қоғамның бірлігі Қазақстандағы басты ұстаным. Егемен Қазақстанның саяси негізі осы болып табылады. Еліміздің және шет елдік саясаттанушылар, философтар, саясаткерлердің тұжырымдауынша, көпұлтты қоғамда ұлттық бірегейлікті қалыптастыру қиын нәрсе. Себебі өзге этникалық топтардың өкілдерінен және мемлекеттік бірегейліктен адамдардың этникалық бірегейлігі жоғары болып тұр. Осы ғалымдардың ойынша, біздің елімізде тек қазақ ұлты ғана бар, ал басқа ұлт халықтары Қазақстанда диаспора болып саналуы керек. Сондықтан Қазақстанның ұлттық идеясы, ұлттық қазақ идеясы болып есептеледі. Тамырлы этнос қоғамда және ғылымда осы бағытты ұстанушылардың пікірінше титулдық ұлт деген атаққа ие болады. Мұндай бағытты әдебиеттегі ұлттық мәселе бойынша «ұлттың этномәдени түсінігі» деп атайды.

Басқа көзқарастағы ғалымдардың пайымдауынша, көпұлтты мемлекетте ұлттық идея тек бір ұлт халықтарының идеясы болуға болмайды. Қазақстан Республикасында жалпы ұлттық көзқарас болуы тиіс. Бұл көзқарас халықтардың ұлттық топтасуына қарамай, еліміздегі барлық ұлт өкілдерін біріктіруге арналған. Қазақстан азаматтылағы тұтас халықтың жалпы негізі. Заманауи этносаясаттануда бұндай көзқарастағы бағыт «азаматтық ұлт» деп аталады. Қазіргі кезде осы екі басты бағыт ұлттық идеяны түсіндіруге негіз болып саналады. Азаматтық және этномәдени бағыттарда ұлттық идеяны түсіндірген кезде, қарама-қайшы көзқарастар туындайтынын ескере кететін жайттардың бірі. Осындай жайттардың нәтижесінде мемлекеттерге келесі мәселелерді көтеру қажеттігі туындап отыр: ұлттық идеяның, ұлттың және азаматтық пен этномәдени бағыттарының арасындағы қарама-қайшылықтарды шешіп бір жолға қою мәселесі.

Әр түрлі мемлекеттердің ұлттық құрылысының тәжірибесінің көрсетуі бойынша осы қайшылықтарды шешу барысында «немесе-немесе» бағытынан «және-және» принципі кең қолданыс тапты. Қазақстанның жалпы ұлттық идеясының қалыптасу жолында ұлт түсінігінің аталмыш екі бағыты – азаматтық және этномәдени – қолданылуы тиіс [239].

«Осы екі тұжырым арасындағы қайшылықтарды Қазақстанда қалай шешуге болады?» деген сұрақ туындайды. Бұл шешім қазақ этносында тұтас халықты азаматтық қоғамда қалыптастыру болып табылады. Осылай бір ұлтты қалыптастыратын тәсілді белгілі этносаясаттанушы Энтони Смит «доминантты этнос» моделі деп атайды [240].

Ұлттың этномәдени және азаматтық концепцияларының екеуі де Қазақстанда көпэтникалық қоғам ретінде объективтік қажеттілік ретінде қалыптасқан. Бұл концепциялардың объективті бағаланбуы, еліміздің ұлттық кеңістігіне зиянды әсерін тигізеді. Біріншіден, қоғамның тұрақтылығына және ішкі қауіпсіздігіне жол ашу үшін азаматтық ұлт идеясы бірінші орынға қойылған. Бұл дегеніміз этникалық топтардың қайшылықтарын жұмсартып, азайтуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, барлық қазақстандықтардың бірегейлілігіне жақсы жақтан әсер ететін нәрсе, Қазақстанда азаматтық ұлтты қалыптастыру. Олардың барлығы өзге ұлт екендігіне қарамастан, Қазақстан Республикасын өзінің елі, Отаны деп санайды.

Үшіншіден, Қазақстандағы азаматтық ұлттың қалыптасуының нәтижесі пісіп-жетілген азаматтық қоғам болуы тиіс. Азаматтық қоғам және азаматтық ұлт бір-бірінен өзге өмір сүре алмайтын бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар.

Қазақ ұлтының этномәдени концепциясының қажеттілігін Б.Е.Қолумбаев, М.М.Шуматова келесі себептермен айқындаған: біріншіден, мемлекет құрушы қазақ этносында қазақстандық халықтың ұлттық құрылысының моделі туындаса, онда өз-өзімен азаматтық ұлттық құрамында олардың айрықша орны айқындалады.

Екіншіден, біздің еліміздегі қалыптасып келе жатқан конституционалдық бекітілген халықтың сипатын есепке алу қажет. Мәселе мынада - қазақстандық халықты өзінің тарихи қалыптасқан әлеуметтік формасы бойынша эмигранттық ұлт қатарына жатқызуға болмайды, атап айтқанда Америкада, Австралия және әлемнің өзге елдерінде қалыптасқан үрдіс. Қазақстанда ұлттың этникалық және тарихи алғышарттары мен тамырлары анық және айқын көрініп тұр. Бұл қазақтарға тікелей қатысы бар. Осы этнотарихи аспект қазақстандық халықтың даму жолындағы жалпы ұлттық сипатқа ие болуы тиіс.

Үшіншіден, этномәдени аспект Қазақстанның жалпы ұлттық идеясының әдіснамалық концепциясын құруында орасан зор орын алады. Бұл концепция ұлттық идеяға конструктивтік, шығармашылық көзбен қарауға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, ұлттың азаматтық концепциясында конструктивтік бағытты да тым асырудың қажеті жоқ [241].

Кеңес одағының құрсауынан шыққаннан кейінгі еліміздің өзіндік бірегейлік үдерісін дамыту осы күнге дейін жалғасып келе жатқан дүние. Қазақстан Республикасы болашақта өзінің қалыптасып келе жатқан ұлттық

бейнесін сақтап қана қоймай, өзге елдермен тең құқылы дәрежеде жаһандану үдерісіне еніп келеді.

Б.Е.Қолумбаев, М.М.Шуматова өз мақалаларында Қазақстан Республикасындағы ұлттық бірегейліктің бес деңгейін көрсетуге тырысқан. Әр түрлі этностық топтардың ұлттық ұстанымдарын төмендегідей сипаттап, ұлт бірегейлігін зерттеушілердің кейбіреулері бұл жіктеумен келіседі дей келе:

1. Кейінгі уақытта саны азайып келе жатқан ұлттық, этностық әр түрлілікке мән бермейтін және өзінің де қай ұлтқа, этносқа жататынына назар аударғысы келмейтін адамдар. Бұл адамдар үшін ұлттық бірегейліктің маңыздылығы өте төменгі дәрежеде болып табылады.

2. Керісінше, кейінгі кезде саны көбейіп келе жатқан өз ұлтына, этносына баса назар аударып, оның дәстүрі мен тілін дамыту қажеттілігін үнемі еске салатындар. Объективті себептерге байланысты оларды түсінсек те, кейде олардан келесі топқа жататындар шығуы да мүмкін.

3. Ұлттық «байбалам салушылар». Бұл саны жағынан аз топ өкілдері өз ұлтына қауіп төніп тұр деп сезініп, саяси күштер арқылы қорғаныс жолдарын іздейді.

4. Космополиттер, этникалық құндылықтардан жеке адами, жалпы азаматтық құндылықтарды басым қоятын және мемлекеттік құндылықтардан ұлттық құндылықтарды басым қоятын азаматтық идеологияны жақтайтындар. Сондықтан бұл топ өкілдері алғашқы үш топтың кейбір элементтерін өзіне алған болып есептелінеді. Яғни, ұлттық идеяға немқұрайлылық, азаматтық қоғамды ұлттарға сыйластықпен қарау және ұлтаралық қатынастарға мән бере отырып, ұлтты сақтап қалуды көксейді.

5. Бесінші топ – салауатты, нақты дамыған ұлттық бірегейлілік. Ол басқа этностардың, ұлттар мен ұлыстардың мүдделерін жақсы түсінетін, сол мүдделердің қанағаттануын қажет деп санайтындар. Ол өз негізінде жалпыұлттық идеяны иеленген, өз ұлтының жағдайын ойлайтын, оның ерекшелігін, мәдениеті мен тілін дамытуды көздейтін, ата-баба тарихына ізетпен қарайтындар. Аталмыш топ Н.В. Романованың пікірінше Қазақстандағы барлық этностық топтар өкілдерінің ұлттық ділдерінің бірігуіне жағдай тудыра алады [241, 15-27 б.].

Ұлттық мәдениет – бұл адамзаттың біркелкі дамуындағы заңдылық деңгейі. Әлемдік мәдениет – бұл, алдымен, ұлттық мәдениеттер жиынтығы. Ұлттық мәдениеттердің жалпы адамзаттық идеалдарға ие ең жоғарғы жетістіктері және оларды бүкіл әлем мойындаған соң, ұлтаралық мәдениет құрамына енеді. Ұлттық мәдениеттер мәселелері, мән-мағыналары және құндылықтары, олардың өзара байланыстары қазіргі уақытта жаһандану кеңістігінде болып жатқан процестермен тығыз байланысты. Яғни, қазіргі кездегі өркениетті, ақпаратты, постиндустриалды деген қоғам осы кеңістік ықпалында өзгеріп отырады. Ежелден келе жатқан және жаңадан қалыптастасқан құндылықтарды қалыптастырудың өзі қазіргі кезде жаһандану илегінен өткізіп, қарастырмау сол құндылықтардың шынайы бағасын анықтауға талпынбаумен теңбе-тең.

Осыларды ескере келе еліміздегі мәдени, саяси әлеуметтік дамуында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жүйесі өзекті мәселелердің бірі болып есептелінеді. Осы мәселені тереңірек зерттеу үшін бүгінгі заманда осы тақырып маңайында кездесетін кейбір қиындықтарды ескеріп, тоқтала кеткен жөн.

Кез келген ұлттың ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың қиыншылығы мен ерекшелігі оның жан-жақтылығында. Сондықтан ол мәселені зерттеу кезінде белгілі бір жағдайлардың, саяси ұстанымдар мен, әртүрлі көзқарастардың, сезім мен әсердің жетегіне еріп кетуге болмайды.

Ескеретін жайт, ұлттық бірегейлік тұрақты сипатқа ие, бірақ кез-келген ұлттың қоғамдық-тарихи тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырғанымен, ол заман талабына сай өзгеріске түсіп отырады. Жаһандану кеңістігіндегі кез-келген ұлттың даму жағдайын қарастырар болсақ, ұлттың рухани мұрасы қаншалықты бай болса, соншалықты мәдени құндылықтарын сақтай алады. «Түркілер ұғымында Мәңгілік мақсатты көздемеген іс оңбайды, оны Тәңірі жарылқамайды» [242]. Сондықтан да, елдік пен бірлік жолында ерік-жігерімізді аямауымыз, мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды ету үшін барлық қажыр-қайратымызды салуымыз «Мәңгілік ел» жолындағы мақсат-мұрат, парызға деген адалдығымыз болмақ. Ата-бабаларымыздың тасқа таңбалап, мәңгіге жазып қалдырған кемеңгерлеріміз жалғастырып, дамытқан сан елдің өзара береке бірлігі мен татулығын, бейбітшілігін тілейтін іргетасы өзара түсіністікке негізделген «Мәңгілік ел» нысанасы, «кемел қоғам» ілімінің иісі түркі жұрты ғана емес, адамзат қоғамына берер тәсілі, тағылымы мол.

Ұлттық бірегейлік пен ұлттың бет-бейнесін айқындау қиын да жан-жақты құбылыс болып есептелінеді. Белгілі бір ұлттың табиғатын тану, тарихи жағдайы мен болмысын анықтау – ғылымдар үшін қиын да күрделі мәселе. Біз ұлт деген ұғымды тілі бір, дәстүрі мен мәдениеті бір тегі бір ұжымды, қауымды айтады деп түсінеміз. Миллиардтаған халқы бар ел де, жүздеген халықты ел де белгілі бір ұлтты, этносты құрайды. Әр елдің тарихи жағдайы мен олардың өзара байланысы қоғамда жан-жақты байқалады. «Ең бастысы – әр ұлттың, оның рухани мәдениетінің бағалы, өзіндік қайталанбас құбылыс екенін ескеру» дей келе Б.Е.Қолумбаев, М.М.Шуматова өз мақалаларында «Оны тек бір тілде сөйлейтін әлеуметтік топтардың бірлігі мен қарама-қарсылығы деумен шектелу оның терең дүниетанымдық тамырларын ескермеуге әкеледі. Ұлттық бірегейлікті бағытталған мемлекеттік идеология және мемлекеттік саясат арқылы өзгертуге болады, оның жақсы қасиеттерін басып-жаншып, жаман қасиеттерін әшкерелеуге де болады немесе, керісінше, мемлекеттің стратегиялық мақсатына жетуі үшін, салауатты мемлекеттік ұлттық идеяны қалыптастыру үшін ұлттық бірегейліктің жақсы жақтарын дәріптей отырып, жастарды жаңа сапалы рухта тәрбиелеуге де болады», деп ұлттық бірегейлікті сақтау жолдарын көрсеткен [241, 15 б.].

Саяси жағынан тұрақтаған, басқа да дамыған елдермен салыстырсақ елімізде ұлттық бірегейліктің дамуы және қалыптасуына жағдай жасау рухани қоғамға негіз бола алады, осы арқылы сол ел азаматтары өз-өздерін бағалай біліп, ұлттық қадір-қасиетті сезіне алады. Қазақтың ұлттық идеяға негізделген

төлтума мәдениетін қалпына келтіру үшін, ең алдымен оның дүниетанымдық негізін қалап алу керек. Бұл туралы белгілі философ М.С. Орынбеков былайша ой түйіндейді: «Бүгінгі күні қазақтың өзіндік санасының ішкі логикасын табу өзекті мәселеге айналды. Ал, негізгі мәселелердің қойылуы мен оған деген танымдық жолдарды іздестірудің және сана мәселелерін шешудің алдын алар еді. Бұл ізденіс нақты өмірде Батыс пен Шығыстың, дәстүршілдік пен қазіргі заман ағымының, мұра мен жаңашылдықтардың, жан дүние мен ақылдың, дін мен өмірдің, сенім мен атеизмнің арасындағы қайшылықтардың аясында өтіп жатыр. Ал, таным саласында бұл мәселе сенім мен білімнің, ой мен қимылдың, руханилық пен ақыл-парасаттылықтың, даналық пен құдіреттіліктің, адамның діни еркімен өзіндік еркі арасындағы қайшылықтардан көрінеді» [243].

Еліміздегі әр азамат өз халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеп, дәріптей білу керек, сондай-ақ қазақ халқының бір бөлшегі ретінде, еліміздің тарихы мен өткен өмірін біздің бүгінгі халымызбен, өмірімізге тығыз байланыста екенін түсіне білгенде еліміздің руханилығы мен құндылығы сақталады. Әр ұлттағы әрбір халық, әр адам, елдің рухани байлығын сақтайтын құндылық болып есептеледі, бір жағынан, әлемдік-тарихи үрдістің бөлігі ретінде саналса, екінші жағынан – өз ерекшелігімен қайталанбас құндылық. Н.Бердяев ол туралы былай деп айтқан «адам адамзат қауымына орыс, француз, неміс немесе ағылшын атауларына ие болған жай адам ретінде емес, ұлттық ерекшелігі арқылы енеді. Адам болмыстың толық бір баспалдағын аттап өтіп кете алмайды, олай болса, ол қайыршыланып, бос кеуде болып қалар еді. Ұлтжанды адам – жай адамға қарағанда жоғары, онда адамның тектік сипаты бар, тіпті сонымен бірге жеке-ұлттық белгілері де бар» [244]. Жеке бір ұлт адамзат қауымы құрамына қажеттілік ретінде енеді, онсыз қоғам толық емес немесе тіпті зиян да шегуі мүмкін. Әрбір ұлт, Бердяевтің ойынша, «күрделі иерархиялық баспалдақ, онда тарихи тағдырдың өткірлігі де ерекше көрініс тапқан. Мұнда табиғи нақтылық тарихи нақтылыққа айналады» [244, 25-58 б.].

Белгілі философ-ойшыл Т.Қ.Бурбаев былай деп жазады: «Мәмлелік тұрғысынан дүниемен қарым-қатынас орнату адамдардың көзқарасына ішкі болмыс дүниесіне, халықтың мәдени-рухани деңгейіне, ұстанымына, мақсат-мұраттарына да байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ менталитетіндегі мәмлелік ұғымының қалыптасу тарихы терен», – дей отырып, мәмлелік қасиетінің қазақ бірегейлігіне тән екендігін дәлелдейді [245]. Одан әрі ойын былай жалғастырады: «осындай тарихи-мәдени сұхбаттың, мәдени, менталдық алғышарттардың қалауы бүгінгі қоғамдағы азаматтық, ұлтаралық, дінаралық қатынастарды өркениеттік тұрғыдан шешуге жағдай жасауда».

Қоғамның барлық мүшелерінің жоғын жоқтап, бәрінің мүддесін бірдей қорғайтын идеялар мен көзқарастар ғана тұтастықты сақтауға көмектеседі. Көпэтносты Қазақстан жағдайында халықтың бірлігін сақтайтын, тәуелсіз мемлекет құру жолындағы олардың ерен еңбегін, қажымас жігерін тасытатын идеялардың бірі ретінде қазақ халқының рухани түлеу идеясының әуелетін пайдалануды ұсыну да осы талап-тілектен туған шаралар [246]. Бүгінгі таңда елімізде жүргізіліп отырған негізгі саясатта көпұлтты елдің бірлігі

негіз болып, рухани құндылықтар мен тарихи дәстүрлерімізді сақтау екінші орынға шығып отыр. Өйткені мемлекет жүргізілетін саясат пен оның ұйымдастырушылары ұлтаралық интеграцияға көп көңіл бөлуде. Оның да салдары көп, көп ұлтты мемлекет болғандықтан ертеден сақталып келе жатқан дәстүрлер араласқа түсіп өзгеруі мүмкін. Бұл туралы да Б.Е.Қолумбаев «біздің ойымызша, мемлекеттік билік мемлекеттің негізін құрайтын қазақ этносы ұлттық менталитетінің базалық құндылықтарына сүйене отырып, биліктің негізгі ресурсы ретінде өзінің маңыздылығын көрсетуі қажет. Олай дейтін себебіміз, қоғамдағы ұлтаралық келісім мен мәмлеліктің кепілі болып қазақ ұлтының өзіндік бірегейлігі саналады» деп ашып айта келе ұлтаралық мәмлелікке де сипаттама беріп өткен: «Мәмлелік ұғымының мағынасына тоқталсақ, «толерантность» («толеранттылық») сөзі латын тілінен француз тіліне, кейін еуропа тілдеріне енген. Оны «мәмлелік» деп аударып жүрміз [241, 17 б.].

«Шындығында, оның мәні қазақ тілінде терең: төзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін тану, келісім табу деп жалғастыра беруге болар», – деп жазады А.Айталы [247].

Ертеден сақталып келе жатқан ұлттық бірегейлікі сақтау үшін өзге ұлт өкілдеріне де еліміздегі рухани құндылықтар мен салт-дәстүрлерімізді, тілімізді мойындата білуіміз қажет. 2004 жылдың тамыз айында «Казахстанская правда» газетінде Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Ұлттық болмыстың негізі» деп аталатын көлемді ғылыми-көпшілік мақаласы жарияланды және бұл еңбекте ұлттық идея тілмен байланыстырылды. Автор бұл мақаласында мынандай ойлар түйіндеді: «Тіл қашанда ұлттық идеяның басты құрамдасы және мемлекеттік идеологияның негізі болды. Оның үлгілерін қазіргі заманғы тарихтан көптеп келтіруге болады. Адамзат тарихы әуел бастан және көптеген мысалдар барысында тілдің тек коммуникацияның жай негізгі құралы ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, әлеуметтік мәжбүрлеу мен бағындырудың қуатты құралы екендігін де дәлелдеп келеді. Тіл, ең алдымен, нақты бір ұлттың мәдени-тарихи тәжірибесінің жиынтығы, ерекшелік белгісі және атрибуты, күрделі бірегейлік рәміз және оның өзін-өзі өркениеттік анықтауының бастауы». Сонымен қатар автор еліміздегі мемлекеттік тілдің жағдайын талқылай отыра, тілді жаңғырту дегеніміз ұлтты жаңғырту екендігін, қазақ тілінің аясының кеңеюіне орай мемлекеттік тіл саясатын жүргізу қажеттігін айтты [248].

Мемлекет құруда тіл мен рухани тәрбие мәселесінің маңызы адамзаттың даму үрдісінде алатын орны ерекше екенін осыдан екі мың бес жүз жылдай бұрын өмір сүрген, әйгілі Дарий патша былай деп айтып кеткен: «Баянды мемлекет болу үшін халықтың бір тілде, бір дінде болуын қамтамасыз ету керек». Осы қағида тарихтағы және қазіргі кездегі мықты мемлекеттердің тәжірибесімен өзінің өміршең заңдылық екенін көрсетіп отырғанына ешкім күмән келтіре алмайды. Ол үшін экономиканың, саясаттың, ғылымның, технологияның, білім беру мен рухани тәрбие жүйесінің, ақпарат кеңістігінің қазақ тілінде сөйлеуін бірінші кезекте іске асыру қажет.

Ұлттық бірегейлікке қатысты ұғымдар мен құбылыстарды қарастыра келе айтарымыз, әр елдің салт-дәстүрлері мен рәсімдерімен тығыз байланыста тұрған ұлттық бірегейлік, көптеген сыртқы факторларға байланысты жан-жақты өзгеріске түсуі мүмкін, бірақ, заман талабына сай бейімделе отырып, өзінің түпкі тамырын сақтап, өзгеріссіз қалдыра алады. Бұдан түсінетініміз ұлттық бірегейліктің қорғағыштық қызметін байқаймыз. Жаһандану заманының талабына қарай ұлттың оған бейімделуін реттейтін осы бірегейліктің ерекшелігі [249].

Қазақ ұлттық бірегейлігін қазақ халқының өзіндік сананың, рухани дүниесінің сыртқы көрінісі ретінде қарастыра отырып, қазақтың ұлттық бірегейлігіне сипаттама бергенде біздің мақсатымыз басқа халықтарда жоқ қасиеттер, өз ұлтымызда бар деп айтудан аулақпыз. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі дүние жүзі халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрінен көп ілгері болып келді, оның тұнып жатқан асыл маржандарын толықтай жинақтап қазіргі жастарға жеткізу жаһандық өркениет аясында ұлттық бірегейлікті сақтайды. Ұлттық қасиеттер барлық халықтарда кездеседі, тек мәселе – ол қандай деңгейде көрсетілгендігі. Мысал ретінде өмір сүруге қабілеттілікті алсақ, ол барлық ұлттарға тән қасиет, тек кейбір объективті себептерге – халықтың маңдайына түскен қиын тарихи сынақтарға байланысты ол біздің ұлттық менталитетімізде, бірегейлігімізде қарқынды даму деңгейде кездеседі. Ұлттық рухын, ар-намысын асқақ та бекем ұстайтын халық қана біртұтас ұлт болып ұйысып, баянды болашаққа жол алмақ. Үш ғасырлық бодандық пен жетпіс жылдан астам уақыт кеңестік саясат кезінде жоғалтқан есеміздің орнын толтырып, рухани мерейімізді қандырып, қазақы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, әдеп пен иман секілді тектілік қасиеттерімізді жаңғырта дамыту – бүгінгі күннің басты талабы, Мәңгілік Қазақ елі болуының алғышарты.

Ұлт бірегейлігін зерттеген ойшылдардың атап кеткен ұлттық қасиеттер, әлеуметтік нақты өмірде көрініс тауып отыр, бұл жерден біздің көретініміз саналылықтан санасыздықтың басым тұрғаны; адамгершілік және рухани элементтердің мәнінің жоғарылығы. Әрбір ұлттық мәдениет өзінің дамуында руханият дүниесіне сүйенеді. Сол рухани інжу-маржандардың қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі күрделі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен жүйелі түрде бере білу өзекті сипатқа ие. Аталған істер жүзеге асырылған жағдайда ғана еліміздің Еуразия кеңістігіндегі өзіндік ерекшелігі бар халық ретіндегі мәртебесі өседі, басқа халықтар алдындағы құрметімізді асқақтата түседі [249, 1 б.].

ҚР Тұңғыш президенті «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды. Тәуелсіздік жылдарында жаһандану мен вестернденуге қарамастан, біздің мәдени іргетасымыз беки түсті. Қазақстан – бірегей ел. Біздің қоғамда

әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне бірі нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қойып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» деген болатын [40, 1 б.]. Сондықтан да егеменді ел болып, өз тіліміз бен дініміздің тізгіні өз қолымызға берілгендіктен, мәдениетімізді ата-бабаның салт-дәстүрімен суарып жандандыра алсақ қана оның ұлттық тарихи бейнесі сомдалмақшы. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі дүние жүзі халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрінен көп ілгері болып келді, оның тұнып жатқан асыл маржандарын толықтап жинақтап қазіргі жас буындарға жеткізу парыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жапон және қазақ халқының мәдени дәстүрлерін семиотикалық тұрғыдан салыстырмалы түрде талдау барысында екі елдің халықтарының мәдени дәстүріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталды.

Бұл ұқсастықтар мен айырмашылықтар негізінен екі елдің шаруашылық-мәдени типіне, дүниетанымдық, өркениеттік ерекшеліктеріне, сондай-ақ географиялық жағдайларымен негізделеді.

Сонымен бірге қарастырылған екі ел халықтарының мәдени дәстүрлерінде бірегей ұлттық дүниетанымға негізделген ерекшеліктер мен жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар тән екендігі анықталды.

Осы реттегі екі елдің ұлттық салт-дәстүрлерінде орын алатын ұқсастықтар тек жалпы адамзатқа ортақ құндылықтармен шектелмейтіні айғақталды. Өйткені, екі халықтың тілдері ортақ Алтай тілдері әулетіне, сонымен бірге ежелгі жапон тілі үндіеуропалық тілдермен қатар үлкен ортақ ностратикалық тілдердің макроәулетіне бірігеді. Бұл өз ретінде жапон және қазақ халықтарының ежелгі заманда мәдени кеңістігінің бірлігін аңғартады. Корей түбегі арқылы Жапонияға алтай және үндіеуропалық мәдени факторлардың ықпалы зор болған. Сол себепті, жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлерінде кездесетін ұқсастықтар жалпы адамзатқа ортақ дүниетанымдық құндылықтармен қатар, алтай және үндіеуропалық әулетке жататын көшпенді тайпалардың жапон аралдарындағы ежелгі тайпалармен өзара байланысынан бастау алған.

Сол себепті, мәдени дәстүрде анықталған ұқсастықтар екі елдің өзара лингвистикалық жақындығымен және ежелгі заманда жапон және қазақ халықтарының ортақ прототілінің болуымен байланыстырылады.

Ұқсас тұстар әсіресе мәдени дәстүрдің негізгі құрылымын құрайтын баланың дүниеге келуі, тәрбиесі, инициациядан өткізу, үйлену той, қайтыс болған адамды о дүниеге шығарып салуға қатысты рәсімдер мен ата-бабаларға тағзым ету рәсімдерінде көп кездесетіндігі анықталды.

Осылайша, жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлері отбасылық ғұрыптар мен тұрмыстық мәдениетті қамтитын күрделі салт-дәстүрлер кешенінен тұрады. Екі елдің мәдени дәстүрлерін салыстырмалы түрде талдау негізінде, жалпы қай халықта болмасын дүниеге келгеннен бастап қайтыс болғанға дейін адамның бүкіл өмірі қатаң тәртіпке негізделген салт-дәстүрмен байланысты және көптеген ғұрыптық рәсімдермен айқындалатыны айғақталды. Бұл жалпыадамзатқа тән құбылыс, дегенмен де, екі елдің мәдени дәстүрлерінде ұқсастықтар көптеп кездесетіні анықталды.

Екі елдің халықтарының ғұрыптық рәсімдерінде көрініс табатын мәдени дәстүрлеріндегі айырмашылықтар негізінен олардың шаруашылық-экономикалық құрылымындағы өзгешеліктерге, атап айтқанда, жапондықтарға отырықшы егіншілік, балық шаруашылығы тән болса, қазақтарға көшпенді өмір салты тән болған; діни наным-сенімдерінің айырмашылықтары – жапондықтарда негізінен синтоизм мен буддизм, ал қазақ халқында тәңіршілдік пен ислам дінінің басым болғандығымен, сонымен бірге аталмыш

халықтардың көршілес халықтармен байланысы мен табиғи жағдайларының ерекшеліктеріне негізделетіндігі айқындалды.

Екі халықтың мәдени дәстүрлерін семиотикалық талдау негізінде анықталған ұқсастықтар мен айырмашылықтар, жапон және қазақ халықтарының ғұрыптық рәсімдерінің мәндік-семантикалық және прагматикалық мазмұнының жақын болуымен (бала тәрбиесі, кәмелетке толу, үйлену, ата-бабаларға тағзым ету, жерлеу рәсімдері), және де кейбір ғұрыптық рәсімдердің (кәмелетке толу, неке қию, жерлеу және т.с.с.) құрылымындағы синтаксистік айырмашылықтармен түсіндірілді.

Жапондықтар мен қазақтардың, әсіресе, көне дәуірлердегі өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктерін салыстырмалы зерттеу, тек қана осы халықтардың мәдени дәстүрі мен тіліне қатысты емес, жалпы Еуразия елдеріне байланысты көшпелі халықтардың көне дәуіріндегі мәдениеті мен олардың өзге халықтармен арадағы байланысы, көшпелі халықтардың мәдениетінің таралуы мен ықпалын анықтауға негіз болатындығы айғақталды.

Ғаламдану үрдісінің күшеюімен жапон және қазақ қоғамдарында ғұрыптық мәдениеттің біршама әлсіреп жаңа заманауи элементтер қосылып, сонымен бірге технологияның дамуына байланысты, байырғы әдет-ғұрыптардың семантикалық мән-мағынасының әлсіреуі жалпы ғұрыптық мәдениеттің тәрбиелік мәнінің құлдырау қаупі бар екендігі анықталды.

Қарастырылып отырған халықтардың мәдени дәстүрлері күні бүгінге дейін аталмыш елдердің ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда ортақ жүйе құрушы механизм болып табылатындығы және жапон және қазақ қоғамдарында ортақ дүниетанымдық негіздер мен бірегей символикалық кешенінің қалыптасуына ықпал етуші негізгі құрал екендігі алға тартылды.

Жапондықтар мен қазақтардың мәдени дәстүрін салыстырмалы түрде талдау олардың ұлттық дүниетанымдық және ұлттық ерекшелігін сақтауға негіз болатын күрделі жүйе деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бұл халықтардың салт-дәстүрінде архаикалық элементтердің басым бөлігі сақталғандығы анықталды.

Жаһандық даму заманында ұлттық бірегейлікті сақтаудың жолдары ретінде ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүр, атадан балаға табысталатын асыл қазыналарымыз салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды негіз етіп алатынымыз анық. Ұлттық дәстүр мен қалыптасқан мәдениетімізді тек аға буын өкілдері мен үлкен кісілердің ертеден келе жатқан тәжірибесінде ғана сақтап қоймай, кейінгі жастарға ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға тапсыру мәдени мұрадағы құндылықтарды жаңғыртады.

Алдымен ертеден келе жатқан ұлттық мәдениеттің түпкі тамырын құрайтын ежелгі құндылықтарды жаңғырту, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық дәстүрді, ұлттық мәдениет пен тілді қайта жаңғырту үшін келесі мәселелерді қолға алу керек; ежелден сақталып келе жатқан, ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың асыл қазынасы – рухани құндылықтар мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызды белсенді түрде насихаттау, жастарға ұлттық намыс пен жігерді қалыптастыратын тәрбие беру, мәдени

құндылықтар мен ұлттық дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз жалғасуын қадағалау.

Елбасы айтқандай «Дәстүр мен мәдениет ұлттың генетикалық коды. Қазақстандық мәдениет еліміздің барлық азаматтары үшін патриоттықтың өзегі болуы қажет».

Мәдени құндылықтардың жоғалуы қазіргі және болашақ ұрпақ өмірлерінің барлық салаларында әсері байқалады, рухани азғырып, тарихи жадының үзіліп, қоғамның кедейленуіне әкеледі. Бұл зардаптар қазіргі заманғы мәдениеттің дамуымен де, жаңа маңызды туындылармен де қалпына келмейді. Мәдени құндылықтарды сақтау және оның сабақтастығын қамтамасыз ету – өркениет дамуының негізі.

